

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.1

Қолжазба құқығында

КАЙРАНБАЕВА НАЗЫМ НУРГЕЛЬДИЕВНА

«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі

8D02208 – Түркітану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент З. Шадкам

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор Н. Демир
Хаджеттепе университеті,
Анкара, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	11
1.1 Хазірет Әли туралы қиссалар мен жырлардың зерттелуі.....	17
1.2 «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының басқа нұсқаларымен салыстырмалы зерттеулері	23
1.3 «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының ішкі және сыртқы сипаттамасы.....	37
Түйін.....	47
2 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	50
2.1 Қолжазба тілінің орфографиялық-фонетикалық жүйесі.....	50
2.2 Қолжазба тілінің сөзжасамы.....	61
2.3 Қолжазда кездесетін сөз таптарының сипаты.....	72
Түйін.....	101
3 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ	103
3.1 Қолжазба тілінің түркі сөздері.....	105
3.2 Қолжазба тілінің араб және парсы сөздері	118
3.3 Қолжазбаның ономастикалық атаулары.....	136
Түйін.....	147
ҚОРЫТЫНДЫ	150
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	156
ҚОСЫМШАЛАР	164

АНЫҚТАМАЛАР

Бәйіт – діни өлең, жыр; араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең шумағы. Төрттармақ өлең екі бәйіттен тұрады.

Ғазауат (ар. غزوات «жорық, шабуыл») – дін жолындағы қасиетті соғыс. Мұхаммед пайғамбар бастаған мұсылмандардың Мәдина қаласына қоныс аударғаннан кейін (622 ж.) өздерін және жаңа қалыптасқан жас ислам қоғамын қауіп-қатерден қорғау үшін меккелік мүшрикер мен иахудиелерге қарсы жүргізілген соғыстары.

Джанкнаме – дін жолында шайқас пен ерлік туралы жырлайтын, поэзия, проза немесе аралас прозада жазылған әнгімелер мен дастандар. Джанкнамелер – Исламға дейінгі эпикалық дәстүр мен Исламнан кейінгі діни атмосфера қиылысатын, түркі, араб, парсы мәдениеттерінің бірігу нәтижесінде пайда болған шығармалар.

Әліпбилі-жиілік сөздік – белгілі бір зерттеуге алынған мәтін көлеміндегі сөздердің не олардың сөз тұлғаларының қолданылу жиілігі көрсетіле отырып, алдыңғы әріптері бойынша қатаң әліпби тәртібімен берілген, сондай-ақ грамматикалық тұлғалардың, буындардың, дыбыс таңбалары мен оның тіркестерінің қолдану жиілігі көрсетіліп берілген жиілік сөздіктің бір түрі.

Кодикология (латын тілінен *codex* (*genitive codicis*) – «кітап» + грек. λόγος - «сөз, ғылым») – қолжазба жинақтың жалпы сыртқы және ішкі ерекшеліктерін зерттеу негізінде оның шығу тегін нақтылаумен айналысатын арнайы тарихи пән.

Қисса – қазақ фольклорына үлкен әсер еткен шығыс (араб-парсы) әдебиетінің сюжеттеріне құрылған, тарихи оқиғалы поэтикалық шығармалар.

Қолжазба – автордың қолымен жазылған жазбаша шығарма.

Лингвостатистика – тілдегі құбылыстарды математика ғылымының сандық заңдылықтарына сүйене отырып, статистикалық әдістермен қарастыратын тіл білімінің саласы.

Метафора (грек. *metaphora* – «көшіру») – сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарлата түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

Синхронды зерттеу (грек. *synchronous* – «бір мезгілде») – тілдің белгілі бір кезеңіндегі қалпы және тілді сол қалыпта зерттеу.

Теңеу – жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін, ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттейтін тілдің көркемдегіш тәсілі.

Факсимиле (латын. *fac simile* – «ұқсас ет») – көп құжаттарға қол қоюшы лауазымды адамның қойған қолын қайталап көшіретін мөр, клише.

Харакат – араб жазуындағы қысқа дауыстыларды білдіретін дәйекше белгілер. Араб тіліндегі үш қысқа дауысты дыбыс харакаттармен белгіленеді.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

а – қолжазбаның а беті

ар. – араб тілі

б – қолжазбаның б беті

б. – бет

Қисса-и Джанкнаме – Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан

п – парсы тілі

т – түркі тілі

Хз. – Хазірет

с.а.с. – Саллаллаһу алейһи уа салләм (аудармасы - Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – Мұхаммед пайғамбардың атынан кейін жазылатын сөз

ӘӨИ – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК – Орталық Ғылым Кітапханасы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ислам діні қабылданғаннан кейін түркі халықтары үшін діни-қаһармандық хикаялардың маңызы артты. Олар араб әдебиетінде Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзі қатысқан жорықтарын баяндайтын хикаялар «газават-наме, футухат-наме, жиһад-наме» деген атаулармен белгілі болса, иран, түрік, түрікмен, әзербайжан, өзбек халық әдебиеттерінде «джанкнаме» деген атпен танымал болды. Қазақ жеріне Ислам діні енгеннен кейін, аңыз түрінде айтылып, тараған діни әңгімелер ұлттық эпикалық дәстүрді бірте-бірте бойына жинақтап, сіңіре бастады. Қазақ ауыз әдебиетінде «діни дастандар» болып кең таралды. «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында 65 діни дастан енгізілгені осыған дәлел.

«Кисекбаш кітабы», «Салсал-наме», «Зарқұм» сияқты қиссалары көп таралыммен басылып, дүниенің түпкір түпкіріне жайылып, Франция, Иран, Түркия, Өзбекстан, Ресей, Қазақстан т.б. мемлекеттерінің кітапханалары мен жеке қорларында сақталуда. Солардың бірі –зерттеу нысаны «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасы. Түркі халықтары арасында танымал болған «Салсал-наме» («Қисса-и Салсал») атты ортағасыр ескерткішінің толық нұсқасы ретінде қазіргі түркітану ғылымы үшін орасан зор қазына деп бағалауға болады.

Диссертацияда Алматы қаласының тұрғыны А. Невгодтың №261 нөмірінде жеке қолжазба қорында сақталып тұрған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» (бұдан кейін «Қисса-и Джанкнаме» деп беріледі) атты қолжазбасының кодикологиялық зерттелуі, транслитерациясы, қолжазба тілінің орфографиялық-фонетикалық жүйесі, грамматикалық құрылымы және лексикалық сөздік құрамы қарастырылып, қолжазбадағы түркі сөздерінің сөздігі жасалды. Сонымен қатар, аталған қолжазбаның басқа нұсқалары зерттеліп, олардың тіл ерекшеліктері көрсетілді.

Түпнұсқадағы «قصه جنك نامه رساله شاه مردان» ескерткіш атауы сөзбе-сөз «Жігіттер патшасының шайқастары туралы қисса» деп аударылады. «Рисале» мен «қисса» сөздері араб тілінен аударғанда «хат, жазба» деген бір мағынада беріліп тұрғандықтан аударылмады. Хазірет Әлидің лақап аттарының бірі «шаһ-и мардан» сөз тіркесі парсы тілінен аударғанда «жігіттердің патшасы» деген мағынаны білдіреді.

Тақырыптың өзектілігі.

Қазақ халқының ұлттық кодын сақтауда қолжазбаларды зерттеу өте өзекті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра», «Архив – 2025», «Рухани жаңғыру», «Халық тарих толқынында» сынды бағдарламалары жасалды. Қазақстанның ұлттық кітапхана қорларында сақталған қисса жанрдағы қолжазба мұралар сол дәуірдің тілінен қазақ тіліне аударылып, зерттеліп жатыр. Мысалы, мазмұны шығыс оқиғаларының желісіне құрылған «Қисса-и Тахир илән Зухра» (1876), «Қисса-и Зарқұм» (1877), «Қисса-и Салсал» (1879), «Қисса-и Жұм-жұма» (1881), «Қисса-и Анхэзрэт-и Рәсілнің миғражға қонақ болғаны» (1896), т.б. діни қиссалары сияқты көптеген фольклорлық мұралары бар. Соның

бірі – «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» жазба ескерткіші. Қазақстан территориясында әдеби мұраларды тауып, құнды қолжазбаларды оқып, транслитерациясын жасау мәселесі түркітану ғылымы үшін де, халқымыз үшін де аса қажет. Осыған орай алынып отырған диссертация тақырыбының өзектілігі бірнеше аспектілерге байланысты туындайды:

1) діни жырларда қазақ халқының діни танымы сақталды. Осындай діни дастандарды зерттеу арқылы қазақ даласында Ислам діні таралуы, рухани ортаның қалыптасуы, сол кездегі «дәстүрлі дін» деген ұғымды айшықтау аса маңызды. Халық арасында кең тараған жырларды жаңа көзқараспен, жаңа тұрғыдан зерттеу қазіргі заман талабы. Осыған дейін бұл шығармалар Кеңес үкіметі кезінде жабық тақырып болып келді және жазба деректерді зерттеу сол дәуірдің тілін білетін мамандардың тапшы болуымен іске аспады.

2) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – түркі халықтары үшін ортақ мұра. Түркі тілдес халықтардың басым бөлігі осы жырды бірнеше ғасырлар бойы жырлап келгені анық;

3) ортағасырдан бастап жырланған, Қазақстан аумағында көшірілген «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – ортағасыр түркі жазба тілінде прозамен жазылған туынды. Оның басқа нұсқалары жырмен таралып берілді;

Диссертациялық жұмыс Қазақстанда табылған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасы қыпшақ нұсқасы ретінде алғаш рет қарастырады. Қолымыздағы қыпшақ нұсқасының фонетикалық және грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері қазақ тілінің тарихын және сол дәуірдің тілдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нысаны – «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасы.

Зерттеудің пәні – «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасының тілі.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының материалы негізінде ХХ ғасырға дейінгі Орта Азия территориясының тілдік жағдайын зерттеу, яғни ортағасыр түркі тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сипатын анықтау, ғылыми теориялық тұрғыдан талдау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** жүзеге асырылады:

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана мұрағаттарында сақталған нұсқаларын анықтау;

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктерін айқындау;

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-фонетикалық жүйесін анықтау;

– қолжазба тілінің морфологиялық, сөзжасамдық талдау жасау;

– қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктері және семантикалық сипатын анықтау;

– қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздерін тақырыптық топтарға жіктеу және үлес салмағын көрсету.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Диссертацияда қазіргі түркітануда қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Диссертацияда деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық талдау; лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, статистикалық талдау, лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері кешенді түрде қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және әдіснамалық негізі. Тақырыптың зерттелу деңгейі. Ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық зерттеушілерден Т. Қордабаев [1], М. Томанов [2], І. Кеңесбаев [3], Ғ. Мұсабаев [4], Қ. Өмірәлиев [5], Ә. Құрышжанов [6], Б. Әбілқасымов [7], Р. Сыздықова [8], Ғ. Айдаров [9], Ж. Түймебаев [10], Б. Жұбатова [11], М.Б. Сабыр [12], А. Сейтбекова [13], т.б. ғалымдардың ғылыми-теориялық зерттеулері ғылыми жұмыстың әдіснамалық көздері болды. Шетелдік зерттеушілерден Я. Экманн (Венгрия) [14], А. Бодроглигети (Германия) [15], И. Четин (Түркия) [16], А.Б. Ерджиласун (Түркия) [17], А. Акар (Түркия) [18], Г. Гүнер (Түркия) [19], Х. Вурал (Түркия) [20], М. Аргуншах (Түркия) [21], т.б. ғалымдардың еңбектері маңызды үлес қосты. Сонымен қатар С.Е. Малов [22], А.К. Боровков [23], П.М. Мелиоранский [24], А.Н. Самойлович [25], А.М. Щербак [26], Э.Н. Нәжіп [27], Э. Севортян [28], Я.С. Ахметгалеева [29] т.б. орыс және кеңестік ғалымдардың зерттеулері қолданылды.

Хз. Әлидің қиссаларына зерттеу жасаған Р.Г. Салук [30], О. Айкач [31], Ө. Аслыхан [32], М. Аталан [33], И. Надир [34], Н.А. Өзалп [35], Н. Аслан [36], М. Кызылташ [37] т.б. сияқты шетелдік ғалымдардың ғылыми мақалалары қарастырылды.

М. Қашқаридің «Диуану лұғат ит-түрік» (А. Егеубайдың қазақ тіліне аудармасы) [38], Древнетюркский словарь [39], т.б. түсіндірме және аударма сөздіктер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысын жүргізу үшін дереккөз ретінде Алматы тұрғыны А. Невгодтың Ш.261 нөмірінде жеке қолжазба қорында сақтаулы араб әрпінде жазылған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба нұсқасы басшылыққа алынды.

«Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында №1371 нөмірімен сақтаулы академик Ә. Марғұланнның тапсырған «Салсал» қолжазба нұсқасы қосымша дереккөзі ретінде қарастырылды.

Хз. Әлидің джанкнамелерін зерттеген түркітанушы И. Четиннің «Hz. Ali senknameleği» атты кітабымен қатар, түрік, араб, қазақ тілі бойынша түсіндірме және аударма сөздіктері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Түркітану ғылымында алғаш рет «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбаның фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктері жан-жақты зерттеліп, қазіргі қазақ әдеби тілімен ортақ сипаттары айқындалды. Зерттеу нәтижесі ретінде төмендегі ғылыми жаңалықтар ұсынылды:

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқалары қарастырылып, Қазақстандық қолжазбаны қыпшақ қолжазбасы ретінде тану ұсынылды;

– қолжазба палеографиялық және кодикологиялық жағынан зерттеліп, жазылу орны, көшірушілер мен қолданушылар ортасы анықталды;

– қолжазба тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасалды;

– қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық және семантикалық сипаты анықталып, оғыз және қыпшақ тілдік элементтерінің ерекшеліктері көрсетілді;

– қолжазба тілінде кездесетін араб және парсы сөздері қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға талданып, статистикалық зерттеу жүргізілді;

– қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалды;

– қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі құрастырылып, қолдану жиілігі анықталды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы.

Диссертацияда қолжазбаны зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу пәніне өзіндік үлесін қоса алады. Осы жазба ескерткіштің тілі мен қазіргі қазақ тілінің арақатынасын анықтаудың түркітанушылар үшін теориялық та, практикалық та мәні бар. Фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар салыстырмалы грамматика, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізсе, лексикалық топтарға жасалған талдауды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарындағы «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы», «Шағатай тіліне кіріспе» сияқты пәндермен қатар, салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, ортағасыр түркі жазба тілінің сөздігін құрастыруда қолдануға болады. Жоғары оқу орындарындағы шығыстану, филология, түркітану, тарих және дінтану бойынша дәрістерде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылды:

1) «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – түркі халықтарының ортақ мұрасы, «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – түркі халықтарының ортақ мұрасы, Қазақстанда табылған қыпшақ нұсқасы ретінде танылады;

2) «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – Хз. Әли туралы ортағасырда жырланған «Салсал» («Қисса-и Салсал», «Салсал-наме») жырының прозалық жанрдағы үлгісі;

3) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – Қоқан хандығында Оңтүстік Қазақстан территориясында көшірілген қолжазба;

4) қолжазбадағы «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – қазақ тілі тарихында «кітаби тіл» деп қарастырылатын ортағасырлық түркі жазба тілінде жазылған әдеби ескерткіш;

5) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – діни қисса жанрындағы түркі әдеби тілінің даму кезеңін анықтайтын жазба дерек;

6) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы оғыз, қыпшақ тілдерінің элементтерін өзіне жиған сол дәуірдегі түркі тілдерінің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени дерек.

Зерттеу жұмысының апробациясы.

Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, ғылыми-теориялық конференцияларда апробацияланып, 8 мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 4 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекітілген тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала:

1. Kazak Sözlü Geleneğinde Hz. Ali Cenknâmeleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi /101 (2022): p. 169-186. DOI: 10.34189/hbv.101.007 (квартиль – Q-2, процентиль – 42). Индекс.: Scopus Arts & Humanities.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекітілген тізімге енетін журналдарда 3 мақала:

1. Шағатай тіліндегі сөздіктерінің зерттеулеріне шолу. // ҚазҰУ Хабаршысы, «Шығыстану» сериясы, №4 (91) 2019. – 61-67 б.

2. Хазірет Әли дастандарының Қазақстандағы нұсқалары. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №4 (74) 2020. – 237-243 б.

3. Analysis of anthroponyms in the manuscript «Qissa-yi Djenkname-yi Risale-yi Shah-i Merdan» // Bulletin of al-Farabi KazNU, Oriental Studies Series. No.2 (101) 2022. – p.52-62.

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері бірнеше отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда сыннан өтті:

1. The importance of studying Chagatai manuscripts within the framework of the “Spiritual Heritage” program. «Proceedings of the international conference "Fundamentals of Turkic writing" with the participation of Turkic-speaking countries. - Almaty: Akimat of Almaty c., Center of Language Development and Transition to Latin Graphics, 2019. 232 p. – p. 55-60.

2. «Шағатай тілінде «Қисса-и Джанкнамалар-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының сипаттамасы» // «Орталық Азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 19 қараша, 2019 ж. – Алматы, «Қазақ университеті», 2019. – 174-177 б.

3. Қисса мен діни дастандардың зерттеулеріне шолу. № 1(12). Ақпан, 2021. – Серия «филологические науки». («Жаһандық ғылым және инновациялар 2021: Орталық Азия». 4-том. Нұр-султан, 2021ж. – 142-145 б.

4. Some Of Onomastic Vocabulary In The Religious Manuscript "Qissa-yı Cenkname-yi Risale-yi Şah-ı Merdan" // International Archeology, Art, History and Cultural Heritage Congress. The Proceedings Book. November 13-14. – Adana, 2021. – 241-246 p. ISBN: 978-625-7464-49-9

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультеті Түркітану және тіл білімі кафедрасының ғылыми семинар мәжілісінде (2022 жыл, 1 шілде; №21) талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе, «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының зерттелуі», «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері», «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының лексикалық құрамы» деп аталатын үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Қосымшада «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы мен оның кейбір нұсқаларының факсимилиесі және қолжазбадағы түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі берілді.

1 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ дастандары – батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, солардың негізінде қалыптасып, қатар дамып отырған жанр. Осы тектес шығармалар Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары арасында кеңінен таралған. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қазақ халқы ғасырлар бойы араб, үнді, парсы, Орта Азия халықтарының елдерімен тығыз араласып, әдеби-мәдени салалар бойынша терең байланыстар орнатқан. Шығыс елдерінің қызықты аңыз-ертегілерінің желісіне құрылған жүздеген қисса-дастандар қазақ халқы арасында ауызша түрде және қолжазба күйінде таралды.

Герат, Самарқан, Бұқара, Тараз, Фараб, Отырар, Талғар, Алмалық, Сайран, Ордакент, Сауран, Сығанақ, Өзгент қалалары кезінде мәдениеттің үлкен ошағына айналды. Осы қалаларда ғылымның әр алуан саласынан мағлұмат беретін қолжазба кітаптар жинақталған әрі сақталған бай кітапханалар мен кітап сақтау орындары болды. Кітапханаларда жұмыс істеген ғылым мамандары, каллиграфтар, миниатюршілер, көшірмешілер қолжазбаларды көшірумен айналысты [40, б.7].

Қазақ даласында Ислам дінінің кеңінен қанат жаюына діни дастандардың үлкен әсері тиді [41]. Ислам дінін нығайту үшін жүргізілген күрес соңғы ғасырларда екі түрлі жолмен іске асырылып отырды: бірінші әдіс – Ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе салу т.б.) үгіт-насихат жүргізу арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне жыр сөздерімен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді.

Фольклортанушы, профессор Б. Әзібаева өзінің «Қазақ дастандары» атты кітабында діни дастандардың 1917 жылға дейін жарық көрген және қолжазба күйіндегі үлгілерін тақырып пен мазмұнына сәйкес келесідей топтастырады:

1. Ислам дінінің негіздері мен ұстанымдарын (діни ақиқаттар мен өсиеттер, Құран оқу шарттары, Құдайға құлшылық ету ережелері т.б.) дәріптеу және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар.

2. Мұхаммед пайғамбар мен «әділетті төрт халифа» жайлы дастандар.

3. Әр түрлі мұсылман батырлары мен әулие-әнбиелердің өмірі, жасаған ерліктері туралы шығармалар.

4. Ислам дінін тарату мен орнықтыру жолында дінсіздермен күресті суреттейтін туындылар [40, б.102].

Қысқасы, қазақтың діни дастандары – қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алған, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде ерекше қызмет атқарған фольклорлық жанр; қазақ ұлтының діліне, дініне қатысты рухани құндылықтарымыздың күрделі бөлігі.

Б. Әбілқасымов «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты кітабында діни дастандармен тең мазмұнды көркем әдебиеттің бір бөлігі болған қисса жанры туғанын айтады. Түркі халықтары арасында қиссалық әдебиеттің пайда болуы да тікелей араб әдебиетінің әсері тиді. Түркі

жазбаларында «қисса» деген сөзді алғаш рет XIV ғасырдағы Рабғузидің «Қиссасұл Әнбия» («Әулиелер тарихы») кітабының атынан кездестіруге болады [7, б.17].

Автор «Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі» атты тағы бір еңбегінде қиссалардың тілдік ерекшеліктері жағынан үш топқа жіктейді:

1) мазмұны, негізгі идеясы жағынан дінді, діни моральді уағыздайтын қиссалар;

2) шығыстық сюжетке құрылған, адамгершілік, махаббат, ерлікті жырлайтын шығармалар;

3) халық ауыз әдебиет үлгілері мен қазақ ақындарының төл шығармалары [42, б.26].

Академик Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты кітабында қиссалардың мазмұны мен мақсатына қарай екі топқа бөледі:

1. Шығыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақша жырланған туындылар («Шахнаме», «Жүсіп-Зылиқа», «Бозжігіт», т.б.);

2. Ислам дінін уағыздап, оның сахабаларын дәріптейтін дастандар («Салсал», «Жұмжұма», т.б.) [8, б.221].

Сонымен қатар, ғалым сол еңбегінде қисса жанрының басты ерекшеліктерін көрсетеді:

1) сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болуы;

2) араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынуы;

3) түркі тілінде, әсіресе грамматикалық тұлға-тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтық жазба дәстүр элементтерінің қатысуы;

4) жазба дүниелердің болуы [8, б.222].

XIX-XXғ. басы әдеби тілде жаңа дәуір – жазба тілдің ауызекі тілмен жақындасу дәуірі басталды. Халық тілінде көркем шығармалар пайда болып, қазақтың ескі әдеби нормаларынан ұлттық әдеби нормаларына көшу кезеңі басталды. Дегенмен көне түркі тілінің элементтері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздердің белсенді қолданған кейбір ақын-жазушылар ескі дәстүрді, яғни ескі кітаби стиліндегі дәстүрді жалғастырып, көптеген туындылар қалдырды [8, 223].

XIX ғасырдың II жартысында баспа бетін көрген қисса, аударма әдебиеттер, XX ғасырдың бас кезіндегі бірсыпыра ақындардың өлеңдерінің тілі «кітаби тілдің» үлгісі ретінде танылып жүр. Осы терминнің қалыптасуы туралы Н.Т. Сауранбаев, Б. Кенжебаев, М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, т.б. сынды қазақ ғалымдары өз пікірлерін білдірді.

«Кітаби тіл» терминін алғаш рет қолданған академик В.В. Радлов өзінің «Наречия тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінде қазақ халқының әдебиет туындыларын «халықтық сөздер» және «кітаби өлеңдер» деп екіге бөлді. Оның «кітаби өлеңдерді қазақтар жатқа айтпайды, кітаптан оқиды... Олардың сөз саптауында исламдық әдебиеттің немесе кітаби тілдің әсері анық байқалады...» айтқан пікірінде «кітаби тіл» дегені ортағасырлық түркі жазба тілі, ал «кітаби өлеңдер» деп отырғаны – сол тұста

қазақ жеріне кең тарай бастаған шығыс әдебиетіндегі мазмұнына құрылған «қиссалар» деп аталған өлең кітаптар мен сол шығыс әдебиетінің аудармалары деп түсінілуі керек [43, б.38].

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейін қазақ жазба әдеби тілін Н.Т. Сауранбаев [44] «Орта Азия түріктердің тілі», яғни «шағатай тілі» деп аталатын тілмен аралас деп айтып келе: «Қазақ арасындағы сауатты ақындар қиссаларды, кейбір әңгімелерді шығыс дәстүрі деп осы тілде жазған, бірақ қазақ тілінің ерекшеліктерін көп ендірген» деген пікір білдірді.

Ғалым Б. Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде сол дәуірде баспадан шыққан қазақ тілі кітаптарында араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек тілдерінің кірме сөздерімен аралас жазылғандықтан қарапайым қазақ халқы түсінбеген. Аты қазақ тілінде шығып жүрген кітаптар «түркі» тілінде басылып шығарылды [45, б.9].

Кейбір қазақ түркітанушы ғалымдар да (М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов) XIX-XX ғасырдың басында шығарылған қиссалар «бөгде сөздермен былғанған, қарапайым халыққа түсініксіз» қоспа тілде жазылғанын айтады. Ғалымдардың бұл пікіріне профессор Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» атты кітабында білдірген пікірі қайшы келеді. Оның айтуынша «...Орта Азия түркі халықтарында «шағатай» әдеби тілі деп аталатын кітаби тіл қолданылды. Бұл тіл қазақтың халық тілінен өзгеше болды. Соның өзінде халық тілінің негізі сақталады. «Кітаби тіл» қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды... өйткені кітаби тілдің негізі көне түркі тілі – қазақ халқына жат тіл емес» [46, б.58].

Р. Сыздықованың пайымдауынша: «Қиссалардың «шағатайшылап» берілуіне бірнеше фактор әсер етті. Біріншісі – жаңа жазба дүниенің авторлары өз туындыларын бұрынғы оқылып келе жатқандардан (шағатайша әдеби үлгілерден) тіл жағынан алшақтамағаны, екіншіден, қиссалардың тақырыбы мен сюжеті шығыс әдебиетінен «түркі» тіліндегі ескерткіштерден алынды». Шағатай тілінде өте сауатты, көзі ашық, мұсылманша жақсы хат таныған қисса авторларының тіліне сол «түркінің» сөз саптауы мен тіл машығы оңай оралып тұруы да себеп болды. Үшіншіден, Ә. Құрышжановтың айтуына қарағанда, «кітаби тіл» діни уағыздамалардың жаны болды, діни қисса өлеңдерді халық санасына жеткізуді «кітаби тіл» өз мойнына алды [8, б.223]. Қысқасы, ғалым XIX ғасырдағы қиссалар қазақтың ескі жазба тілінің үлгісінде, яғни қазақ тілінде жазылды, оның стильдік-тілдік ерекшеліктері бар бір жанрын құраған көркем әдебиет болғанын айтады.

Б. Әбілқасымов қазақ әдебиетіндегі «кітаби тіл» терминін екі түрлі мағынада қолданылып жүргенін айтады: біріншісі – шағатай немесе Орта Азиялық түркі әдеби тілінің (түркі) мағынасында; екіншісі – шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі [43, б.40]. Бұл терминді кейбір авторлар XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ шығармаларының тілін көрсететін атау ретінде пайдаланып жүр.

Жоғарыда айтылған пікірлердің негізінде келесідей Б. Әбілқасымовтың тұжырымына қосылуға болады. Қиссалардың тілінде емле, лексикалық қор,

морфологиялық тұлға-тәсілдерді қолдану «шағатай тілі», «кітаби тіл» сипатын алып, бірдей дәрежеде емес, «шағатай» элементтері бірінде аз, бірінде көп кездесіп отырған. Қиссалардағы шағатай элементтерінің азды-көптігі авторына байланысты болды [7, б.36]. Мысалы, М. Жұмашұлы жырлаған «Қисса-и Салсал» дастанының редакция тарапынан түркі сөздері қазақ тіліндегі сөздердің жазылу нормасына сай түзетіліп берілсе [47, б.294], А. Оразаев жырлаған «Бозжігіт» қиссасында өзге қазақ тілінде жырланған қиссаларға қарағанда, түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталды.

Шетел түркітанушылардың пікірінше, ортағасырлық түркі тілі ретінде санап отырған «шағатай тілі» XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы шығыс түркі халықтарының жазба және сөйлеу тілі болған. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханид тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қараханид мемлекеті ыдырағаннан кейін хорезм мен қыпшақ тілдері таралды. Әмір Темір билігі кезеңінен бастап түркі тайпалары шоғырланған аймақтарда дамыған мәдени-ғылыми ошақтарда кеңінен таралған ортағасырлық түркі жазба тілі, жан-жаққа шашырып кеткен түркі тілдерін біртұтас қалыпқа келтіріп, XX ғ. басына дейін қолданыста болған. Ортағасырлық түркі жазба тілі XV ғасырдан бастап Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қолданылған [14, б.6].

Қысқасы, ортағасырлық түркі жазба тілі – Хорасан, Ферғана, Шығыс Түркістан аймақтарындағы әдеби тіл ғана емес, Үндістан, Қазан, Қырым және Осман империясымен ресми қарым-қатынас жасау мақсатында «лингва франка» қызметін атқарған. Ал Самарқанд, Бұхара, Герат, Хиуа, Қоқан, Қашқар сияқты ірі қалалары ортағасырлық түркі жазба тілін («шағатай тілі») дін, әдебиет, фольклор және тарих тілі ретінде қолданылған мәдени орталықтар болды [48, б.55-56].

«Шағатай тілі» деген терминнің өзіндік мағынасы осы күнге дейін бір жүйеге келіп, дәл айқындала қойған жоқ. Алғашқы кездерде «шағатай әдебиеті» дегенге XI-XIX ғасырлардағы барлық түркі тілді әдебиеттерді түгел жатқызып келген болатын. Әбілғазы Баһадүр хан «Шежире-и Теракиме» шығармасының кіріспесінде Темір билігі кезеңінде араб және парсы сөздерімен аралас тілге «шағатай тілі» деген екен. Бұл атауды алғаш рет Х. Вамбери өзінің неміс тілінде жазылған «*Sagataische Sprachstudien*» (Шағатай тілі зерттеулері, Лейпциг, 1867) атты еңбегінде қолданған [49, б.79]. Осы еңбек Батыс Еуропа ғалымдарының арасында бұл терминнің кеңінен таралуына әсер еткен. Кейін Ж. Тюри, М. Хартманн, Я. Экманн сияқты түркітанушылар «шағатай» терминін қолдап, біраз еңбек қалдырды. Е.М. Кватремере, А. Павет де Куртеиль, Ю.Т. Зенкер сияқты француз ғалымдары «шығыс түркі тілі» деген сөз қолданып, «шағатай тілі» деген терминнің синонимі ретінде қарады [3, б.122]. Дегенмен зерттеуде «ортағасырлық түркі жазба тілі» терминін қолданылатын болады.

Қолжазбаның тілдік ерекшеліктерін анықтау үшін оның жазылған дәуірі ескерілуі тиіс. Осыған байланысты зерттеу нысаны болған қолжазбаның тілдік ерекшелігін белгілі бір кезеңге жатқызу мақсатында отандық және шетелдік

ғалымдардың ортағасырлық түркі жазба тілі және оның даму кезеңдеріне [50] шолу жасалынды.

Шетел түркітану ғылымында «шағатай тілі», «шағатай әдебиеті» термині туралы түрік зерттеушісі Ф. Көпрүлү ортағасырлық түркі әдеби тілінің дамуын 5 кезеңге бөлген [51, б.270]:

1. Ерте шағатай кезеңі (XIII-XIV ғ.);
2. Классикалық шағатай кезеңнің басы (Науаиге дейін, XV ғ. бірінші жартысы);
3. Классикалық шағатай кезеңі (Науаи кезеңі, XV ғ. екінші жартысы);
4. Классикалық шағатай кезеңінің жалғасы (Бабыр және Шайбанилар кезеңі, XVI ғ.);
5. Құлдырау және күйреу кезеңі (XVII – XIX ғ.).

Шағатай тілін зерттеуде маңызды рөл атқарған ғалымдардың бірі Я. Экманн шағатай тілінің дамуын үш кезеңге жіктейді [7, б.21]:

1. Ерте классикалық кезең (XVғ. басынан Науайдің 1465 ж. шыққан алғашқы диван жүйесі дейін). Бұл кезең көне түріктердің бірқатар ерекшеліктері сақталған өтпелі кезең. Оның негізгі өкілдері: Секаки, Лүтфи, Атайи, Сейид Ахмед Мырза, Хайдар, Хорезми, Жүсіп, Әмири, Яқини, Ахмеди және Гедаи;

2. Классикалық кезең (1465-1600 ж.). Оның негізгі өкілдері: Хамиди, Шейбани, Үбейди, Мухаммед СӘлих, Меджлиси, Бабур, Байрам хан, т.б.;

3. Классикалық кезеңнен кейінгі кезең (1600-1921 ж.). Бір жағынан Науаи тіліне еліктеушілік, екінші жағынан өзбек тілі элементтерінің ықпалы байқалады. Оның негізгі өкілдері: Әбілғазы Баһадүр хан, Баба Рахим Мешреб, Шайқали, Суфи Яр, Тұрды, Хувейда, Мүнис Харезми, Мухаммед Рыза Агани, Өмер Хан, Надире, Махмур, Үбейдуллах Зевки, Осман Ходжа т.б.

Я. Экманның классификациясы негізінде зерттеу нысаны болып отырған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасын классикалық кезеңінен кейінгі кезең деп атауға болады.

Ескі түркі әдеби тілінің даму тарихы бойынша шетел ғалымдары айтылып жүрген болжамдар кеңес түркітану ғылымында жасаған тұжырымдардан өзгешелеу болып келеді.

Кеңес түркітанушылардың бірсыпырасы «шағатай» сөзінің орнына шағатайдан кейінгі кезеңді қамтитын «ескі өзбек тілі» терминін қолдана бастады. М.А. Щербак «ескі өзбек тілі» X ғасырдан бастау алып, үш кезеңге жіктейді [26, б.317]:

- I. Алғашқы кезең (X-XIII ғ.ғ.),
- II. Екінші кезең (XIV-XVII ғ.ғ.)
- III. Үшінші кезең (XVII-XVIII ғ.ғ.).

Осыған ұқсас В.В. Решетов «древнеузбекский» және «староузбекский» деп екі терминді қолданады [52]. Бір топ кеңес түркітанушылар аталған терминдерге қарсылық білдіріп, «шағатай тілі», «шағатайша» терминдерін қолдануға ұсынған.

Кеңес Одағында «шағатай тілі – көне өзбек тілі» деген ұғым қалыптасқан болса да, қазіргі таңда ол ғасырлар бойы өмір сүрген Орта Азияның түпкі

тұрғындары, яғни қазақ, қырғыз, түрікмен, татар сияқты түркі халықтарына тән ортақ мұра екенін түркітанушылар тарапынан толыққанды қабылданып жатыр [53, б.62].

«Шағатай» сөзі Шыңғыс ханның Шағатай есімді екінші ұлымен тығыз байланысқан. Ол Мәуренахр (Хорезмнен басқа), Жетісу мен Шығыс Түркістан аймақтарында билік жүргізген адам ретінде тарихтан белгілі. Шағатай тілі алғашқы кездерде Шағатай ұлысына бағынатын түркі тайпаларының тіліне байланысты пайда болды [54, б.164]. Кейіннен Әмір Темірдің үстемдігі орнаған кезде бүкіл Орта Азия тұратын түркі халықтардың жазба әдеби тілі дәрежесінде айтылып кеткен. Осыған орай А.Н. Самойлович, П.М. Мелиоранский сияқты орыс түркітанушылары шағатай тілін түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай ескі түркі тілін жіктеген төрт топтың бірі деп есептейді [26, б.23]:

1. Қараханид түркі тілі (XI-XII ғ.);
2. Қыпшақ-оғыз түркі тілі (XIII-XIV ғ.);
3. Шағатай тілі (XV-XIX ғ.);
4. Өзбекше (XIX ғ.).

Осы классификация негізінде «шағатай» сөзінің мағынасы тарылып, тек «Темір билеген дәуірдегі әдеби тіл» ретінде қолданылған.

В.Д. Артамошинаның пікірінше, А. Науаиге дейінгі мен оның замандастарының тілін «Тимуридтер дәуіріндегі ортаазиялық әдеби тіл» деп, ал XV ғасырдың бірінші жартысындағы «Орта Азия түркі тілі» деген атау қолданған. Орыс түркітанушылары (В. Радлов, Ф.Е. Корш, т.б.) көне ұйғыр тілінен кейінгі Орта Азияның жәдігерлеріне сілтеп, «Шығыс түркі тілі» терминін қолданған [14, б.18]. А.К. Боровков Орта Азиялық «Тэфсирге» арналған жұмысында «шағатай дәуіріндегі ескі өзбек тілі» деген терминді қолданған, А.М. Щербак Орта Азиядағы түркі тілді халықтардың сөйлеу формасын «шағатай тілі» деп атауды ұсынған. А.Н. Баскаков XIII-XIV ғасырдағы Орта Азиялық түркі тілді әдебиеттер тілін шағатай тілі, XV ғасырдан бастап ескі өзбек тілі болған деп санайды [3, б.120].

Түйіндей келгенде, ортағасыр түркі жазба тілі (шағатай тілі) – қазақ халқының ішінде сауатты ұрпақтарына таныс болған, белгілі дәрежеде нормаланған, жазу мәдениетінде біршама уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде пайдаланған түркі тілдес халықтарының ортақ тілі еді. Бұл тіл әр түрлі кезеңдерде өзгеріп отырған. Сондықтан бұл аталған әдеби тілдің әр кезеңдегі сипаты мен атаулары жайлы шетел және кеңес түркітану ғалымдар арасында әр түрлі пікір тудырды. Осыған орай, Р.Сыздықова мен Б. Әбілқасымовтың пікірлеріне қосыламыз: «Шамамен XV-XVI ғасырлардан бастап тайпалардың өз алдына жеке халық болып қалыптасуына, территориялық жіктелуіне байланысты түркі әдеби тілінің жергілікті нұсқалары пайда болды. Қазақ авторлары да шағатай аталған тілді пайдалана жүріп, өз шығармаларына қазақтың ауызша әдеби тілінің элементтерін (лексика, грамматика) молынан кіргізіп отырды» [3, б.124-125].

1.1 Хазірет Әли туралы қиссалар мен жырлардың зерттелуі

Қазақ ақын-жыраулары, жыршылары осы бағытқа ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан кейін ғана айрықша назар аударып, халыққа бейтаныс көптеген шығармаларды дүниеге келтірді. Соның негізінде Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта мазмұны шығыс оқиғаларының желісіне құрылған қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын «Қисса-и Тахир илән Зухра» (1876), «Қисса-и Зарқұм» (1877), «Қисса-и Салсал» (1879), «Қисса-и Жұм-жұма» (1881), «Қисса-и Анхэзрэт-и Рәсілнің миғражға қонақ болғаны» (1896), «Қиссасұл Әнбия», т.б. көптеген фольклорлық мұралары сақталған. Ондаған назиралық шығармалар жарыққа шығып, алғаш қазақ оқырмандарының назарына ілікті және рухани мұраларды толықтырды [55, б.5].

«Қисса» араб сөзі болғанымен, ертедегі араб әдебиетінде Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзі қатысқан жорықтарын баяндайтын хикаяларды «газават-наме, фетхия, жиһад-наме» деген атаулармен белгілі болды.

Қисса жанры түркі халықтары әдебиетінде кең тараған. Алғашқы қиссалар мұсылман дінін уағыздайтын шығыс әдебиеті сюжетіне құрылған көлемді, уақиғалы шығармалар еді. Олар түрік, әзербайжан, түрікмен халық әдебиеттерінде «джанкнаме» деген атымен танымал болды.

Парсы әдебиетінде пайда болған «джанкнаменің» түркі әдебиетінен бірсыпыра айырмашылығы бар. Парсы халқы арасында таралған бұл жанр тек дін үшін күресті суреттейтін тарихи туынды болса, түркі әдебиеттерінде «джанкнаме» дін үшін соғыс және қаһармандық оқиғаларын мифологиялық кейіпкерлермен аралас баяндайтын жыр, проза немесе аралас прозамен жазылған. Бұл жанр туралы түрік зерттеушісі И. Топрак «Ислам дәуіріндегі түркі эпикалық дәстүрінің туындысы болып табылатын джанкнамелер мұсылмандар мен дінсіздер арасындағы соғыстар туралы хикаялар» [56, б.7] деген пікірін білдірді. Аталған пікірлерге қосыла отырып, «джанкнаме – Исламға дейінгі эпостық дәстүр мен Исламнан кейінгі діни атмосфера тоғысқан шығарма, яғни түркі мәдениетінің араб және парсы мәдениеттерімен қосылуы нәтижесінде пайда болған туынды» деген анықтама бере аламыз.

И. Четин джанкнамелерді мазмұнына қарай үш бөлімге жіктейді: кіріспе, негізгі бөлім, соңғы бөлім. Ислам тақырыбында жазылған жалпы әдеби жанрлардың алғашқы бөлімі Аллаһқа зікір айту, Мұхаммед пайғамбарға салауат пен дұға ету туралы кіріспе бірнеше беттерге созып жырлау дәстүрі қалыптасқан. Джанкнаме жанрының ерекшелігінің бірі – Аллаһқа мақтау мен мадақтауға арналған кіріспе бөлімі бірнеше жолдарды жырлаумен созылады. Негізгі бөлімде оқиға Мұхаммед пайғамбар мен Оның серіктерінің айналасында басталып, белгілі бір мәселенің пайда болуы, дінсіздерді Ислам дініне шақыратын хат не елші жіберуі, сахабалардың жолға шығуы, дінсіздермен соғыстың өрбуі, шайқастың сипатталуы сияқты оқиғалармен жалғасады. Джанкнамелердің соңғы бөлімі мұсылмандардың жеңісімен аяқталады. Жаулап алынған жерлердегі пұттардың ғибадатханалары қиратылып, мешіттер салынып, Ислам ілімі оқытылады [16, б.98-99].

Түрік әдебиетінің ғалымдары «джанкнамелерді» Хз. Әли туралы қиссаларға арналған туындылармен тікелей байланыстырады. Хз. Әлидің діни-қаһармандық хикаялары түркі халықтардың дүниетанымының өзгеруіне үлкен әсер қалдырды. Олар XIII-XIV ғасырдан бері аудару, өзгеру, көшірілу арқылы түркі халықтарының әдебиетіне еніп, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Түркі дастандарымен тығыз байланысқан «джанкнамелер» түркі тілдес халықтар арасында, әсіресе әзірбайжан, өзбек, түрікмен халықтарының әдебиеттерінде жиі кездеседі.

Джанкнамелердің басты кейіпкері – Хз. Әли. Ол – мұминдердің әміршісі, Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі, Пайғамбардың (с.а.с.) күйеу баласы, «Аллаһтың арыстаны», «ғылым қаласының қақпасы» ретінде танылған төртінші халифа. Ислам тарихының деректеріне сүйенсек, Бәдір, Ухуд, Хендек және Хайбар, т.б. сияқты шайқастарға қатысқан Әли өз ерлігі мен батылдығы арқасында мұсылман халқы арасында дастандар арқылы танымал болды. «Саңлақ сахабалар» атты кітапта ол туралы былай айтқан: «Оның шыншылдығы, батырлығы, Расулаллаһқа жақындығы, тақуалығы мен парасаттылығы кейінгі ұрпаққа өнеге. Бойындағы өшпес иманы мен мұқалмас жігері жағынан да сахабалардың арасында орны ерекше. Пайғамбарымыздың ғұмыр кешкен уақытындағы маңызды соғыстарға қатысып, сайыпқыран батырлықтың үлгісін көрсетті» [57, б.103].

Хазірет Әли ибн Әбу Талиб 598-661 жылдар аралығында 63 жыл өмір сүрген, сүнниттердің де, шииттердің де құрметпен еске алатын халифасы. Осыған байланысты Хз. Әли джанкнамелері мұсылман халықтарының оқитын және сүйетін хикаялары болды. Мұндай шығармалар халықтың ортақ сезімін, арман-тілегін ерлікпен бейнелеген, мұсылман халқының ерекше сүйіспеншілігіне ие болды [31, б.34].

Түрік тарихындағы Хз. Әли туралы қисса-дастандар түркі халық әдебиетінің шығармаларында кеңінен насихатталып, оны қалың бұқараға сіңіру мақсат етілді [58]. Осындай қиссалар барлық мазһабтарға бірдей көзбен қарайтын діни қағидалары алға жылжыту мақсат етілген. Бұл еңбектерде Құрандағы бұйрықтар мен тыйымдар негізге алынып, фанатизмнен арылу үшін мазһабтық элементтер ескерілмеді. Хз. Әли туралы қиссалар Орталық Азия, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары арасында кеңінен таралған, жылдар бойы оқылған, уақыт өте қысқартылған, кейбір бөліктері өзгертілген, тіпті қайта жазылған болса да, белігілі бір мазһабтық элементтері кездеспеді. Бұл пікірін айта келе түрік зерттеуші М. Аталан былай дейді: «Cenkânâmelerde, mezheplere göre değişmeyen ve hepsinin üzerinde birleştiği, Kur'an'ın emrine ve Peygamber'in Sünneti-ne dayanan asgari müştereklerden oluşan özgün bir Müslümanlık vardır. Bu eserlerde ön planda tutulan dinî motifler, bütün Müslümanların üzerinde ittifak ettiği inanç esaslarıdır. Yani bu cenknâmeler, okunup da incelendiğinde, içinde yazıldığı kültürün mezhebî bir hüviyete sahip olduğu izlenimini vermemektedir» [59, б.24].

Ұзақ уақыт бойы тарихи үрдісте мұсылмандар тарапынан жарылқаған Хз. Әли – өте бай теологиялық және мифологиялық наным-сенімдерге ие болған ерекше тарихи тұлға [60].

Хз. Әли туралы қиссалар (джанкнамелер) түркі әлеміне танымал болып, күні бүгінге дейін әлемнің түпкір түпкірінде табылып жатыр. Дүниежүзі кітапханаларының қорларында сақталып тұрған нұсқалары түркітанушылар тарапынан зерттеліп, оқырмандарға ұсынылып отыр. Олар – «Хз. Әли мен Ифрит есімді кәпірдің күресі туралы», «Хазірет Әлидің хикаялары», «Әзірет Әлидің соғысы», «Қисса-и Салсал», «Қисса Хазірет Әлидің Сараң байды жолға салғаны», «Асад пен Шах-и Марданның шайқасы», «Хз. Әли мен Мәліктің соғысы», «Кесикбаш кітабы», т.б.

«Хз. Әли мен Ифрит есімді кәпірдің күресі туралы» атты қиссаны И. Четин [16], М. Күчүк [61], О. Айкач [31] сияқты түрік ғалымдары өздерінің зерттеулерінде толық мәлімет берген. Бұл қиссаның төрт нұсқасы бар. Оның үшеуі Түркияның Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Олар: 1) 06 Mil Yz B 274 мұрағат нөмірімен тіркелген 303 бәйіттен тұратын «Қысса-и Ebu'l-'Aşere ve Hażret-i 'Alīniñ Gelin Olduđı Çengidür» атты қолжазбасы; 2) 06 Mil Yz A 1132» мұрағат нөмірімен тіркелген 338 бәйіттен тұратын «Хазә Kitāb-ı Ğzavāt-ı 'Alī Rađiyallahü 'Anh» атты қолжазбасы; 3) 10 Hk 1199 нөмірімен тіркелген 370 бәйіттен тұратын «Назә Dāsitān-ı Hażret-i 'Alīniñ Gelin Olduđı» атты қолжазбасы. Төртінші нұсқасы 229 бәйіттен тұратын, авторы, жазылған жылы белгісіз, Түркия азаматы М. Өзалптың жеке кітапханасында сақталып тұр [35, 9].

«Хазірет Әлидің хикаялары» атты қолжазба 06 Mil Yz A 7837/1 нөмірімен тіркелген Анкара қаласының Ұлттық кітапханасында сақталып тұр. Қолжазба 2b-10a беттер арасын қамтиды. А. Өзтүріктің зерттеулеріне қарай көшірме хижра жыл санауы бойынша 1259 жылы (1843 ж.) көшірілді. Әңгіме Хз. Әлидің Йемен жеріндегі бір қаланың халқын Ислам дініне шақыру үшін Мұхаммед пайғамбардан рұқсат сұрауымен басталады [32, б.315].

«Асад пен Шах-и Марданның шайқасы» атты мәтін Түркияның Ұлттық кітапханасында 06 Mil Yz Cönk 221 мұрағат нөмірімен тіркелген. Насх жазуымен жазылған, 39a-40a парақтан, яғни 65 беттен тұратын, авторы белгісіз, қашан және қайда көшірілгені туралы дерек жоқ. Проза мен өлең аралас. Мәтіннің мазмұны бойынша Хз. Әли мен Асад атты дінсіз арасындағы күрестің болуы, оны Зүлфиқар арқылы жеңіп шығуы туралы баяндалады [30, б.77].

«Хз. Әли мен Мәліктің соғысы» атты қиссаның бірнеше нұсқалары Түркияның Ұлттық кітапханасында сақталуда. Олардың бірі – 06 Mil Yz A 6933 мұрағат нөмірімен тіркелген. Барлығы 227 бәйіттен тұратын қолжазба 87b-95a беттер арасын қамтиды. Қолжазбаның колофонында нұсқаның көшірілген күні туралы екі мерзім берілген. Біріншісі – хижра жыл санауы бойынша 1226 жылдың 25 Мұхаррам айы (1811 жылы 19 ақпан), екіншісі – хижра жыл санауы бойынша 1227 жылдың 25 Мұхаррам айы (1812 жылдың 9 ақпаны). Осы қиссаны зерттеген түркі зерттеушісі М. Кызылташ бірінші күн шығарманы көшірудің басталуы болса, ал екінші күн шығарманы көшіру аяқталған күн деп есептейді.

Шығарманың авторы болған Хусейн Бин Монла Халил харакаттарды белгілеп, насх жазуымен жазған. Шығарманың әр бетінде 15 жолды қамтиды [62, б.60].

«Кесикбаш кітабы» – түркі халқының әр түрлі топтары арасында бұрыннан кең тараған ортағасырлық дастан. Қазан төңкерісіне дейін татар медреселерінде оқулық ретінде пайдаланылған бұл кітаптың қазіргі таңда онға жуық нұсқалары Ресей мемлекетінің кітапханаларында сақталып жатыр. Ол туралы Ресей қолжазбаларымен айналысқан Л. Дмитриева: «Исследование языка памятника представляет особый интерес для изучения истории татарского языка, так как «Кисекбаш кітабы» относится к источникам, язык которых отражает переходный этап от древнетюркского языка народов Поволжья к языку татарской народности» [63, б.97] деген пікір қалдырды. «Кесикбаш кітабы» дастанын Г. Рахим, Х. Вали, М. Гали, Я. Ахметгалеева, М. Аргуншах, т.б. зерттеген [64, б.207].

Қазақ діни дастандарының ішінде Хз. Әли туралы қиссалардың орны ерекше. «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық жинағында 10-16-том арасында тек діни тақырыпта 65-ке жуық дастандар топтастырылды. Соның ішінде Хз. Әлидің жорықтары мен ерлігін жырлайтын «Дариға қыз» [65], «Үшбу қисса Зенгір жүһүд» [65], «Бозторғай» [66], «Әзірет Әлидің соғысы» [47], «Қисса-и Салсал» [47], «Қисса Хазірет Әлидің Сараң байды жолға салғаны» [67], «Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы» [67], «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені» [67], т.б. қисса-дастандар. М. Жұмашұлы, Қ. Бағдатұлы, Ж. Шайхысламұлы, Қ. Шаһмардан, Ә. Найманбаев т.б. ақын-жыршылар аталмыш еңбектерді Омбы, Түмен, аймақтарынан жинап, жүйелеп, кей тұстарын өзгертіп жариялаған [68, б.239]. Олардың Қазақстан кітапханаларында сақталған, араб жазуымен жазылған баспа үлгілері мен қолжазбаларының түпнұсқаларымен мүмкіндігінше алып, танысуға тырыстық.

«Бозторғай» атты дастан 1870 жылы белгілі шығыстанушы, зерттеуші В.В. Радловтың «Образцы народной литературы Тюркских Племен, живших в Южной Сибири и Джунгарской Степи» кітабының үшінші томында жарияланған. Автор мәтінді кім, қашан, қайда жазғанын көрсетпеді [55, б.416]. Бұл қиссаның араб, латын және кириллица әрпімен басылған даналары Алматы қаласындағы ӘӨИ-дің Қолжазбалар бөлімінде сақтаулы. «Бозторғай» дастаны Мұхаммед пайғамбарға бір кедейдің келіп, бір адамға әділетсіз қарыз болғанын айтуымен басталады. Хз. Әлидің көпірлер еліне барып, әділдікті жүзеге асыру үшін Пайғамбардан рұқсат алып, өткір тілімен Исламға әкелуімен жалғасады. Бұл дастан айтысқа құрылған, диалог тәсілімен жазылған [66, б.304].


«Дариға қыз» – қазақ арасында ең танымал эпостардың бірі. Эпостық мәтінді халық арасынан (қоғам аузынан) жинап, алғаш рет 1897 жылы Мәулекей Жұмашұлы Қазан қаласында басып шығарды. Кейін мәтін 1901, 1902 және 1913 жылдары қайта басылды [55, б.416]. Хикаяның ортасында Исламның құтқарушысы Махдидің тікелей әкесі ретінде Хз. Әли көрсетілген. Бұл дастан екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде – ерлікпен үйлену мотивінің классикалық үлгісі пайдаланылады: Хз. Әли еш уақытта, ешкімнен жеңілмейтін батыр, алып қыз Дариға туралы хабар алуы, оның еліне келуі мен екеуінің жекпе-жегі,

батырдың қызды жеңуі, үйленуі, мерзімді өткен соң ұл тууы әңгімеленеді. Дастанның екінші бөліміндегі оқиғалар тікелей Маһдиге (Мәди) байланысты өрбиді. Б. Әзібаева өзінің «Қазақ дастандары» атты кітабында бұл дастан жайлы былай дейді: «Маһди – шығарманың негізгі және басты кейіпкері. Дастан оқиғасы «жоғалған имам» туралы мұсылмандық аңызға құрылған, мұнда имамның жоғалуының себебін – «өз әкесімен білмей соғысып, соған қатты ұялғандықтан жер астына кіріп кеткен» деп түсінуі керек» [40, б.96]. «Дариға қыз» дастанының араб, латын және кириллица әрпімен басылған тоғызға жуық көшірмелер Алматы қаласының ӘӨИ-дің қолжазбалар бөлімінде сақтаулы [65, б.302].

«Мұхаммед-Ханафия» дастанының бас кейіпкері Хз. Әлидің соғыста грек жерінің патшасын өлтіріп, сұлу қызы Ханафияны тұтқындап, Мұхаммед Пайғамбардың алдына әкелуімен басталады. Мұхаммед Пайғамбар Ханафия ханшайымын Исламға шақырады, бірақ қыз өзінің үш шарты бар екенін айтады: біріншісі – Хз. Әлиге үйленіп, ұл тууы, екіншісі – Хз. Фатима рұқсат беріп, ұлының атын Мұхаммед-Ханафия деп қоюы, үшіншісі – Фатимамен дос, әрі тең болғысы келетінін айтқан кезде оқиға жалғасады. «Мұхаммед-Ханафия» дастанының араб, латын және кириллица әрпімен басылған тоғызға жуық көшірмелер Алматы қаласының ӘӨИ-дің қолжазбалар бөлімінде және ОҒК-нің Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақтаулы [65, б.316].

Осы екі дастан жайлы Хз. Әли қиссаларын зерттеген И. Четин былай дейді: «Хазірет Әлидің Түркістан аймағында үйленуі қазақ-қырғыз эпостарында кездеседі. Әли дастандарында хазірет Әлидің Дариға есімді палуан қызға үйленуі және осы некеден Мұхаммед-Ханафия есімді бала туылуы кеңінен суреттеледі» [16, б.160].


«Қисса Хз. Әлидің Сараңбайды жолға салғаны» атты дастан қазақ ауыз әдебиетінің құрастырушысы атақты ақын Жүсіпбек Шейхисламұлы (1857-1937) жазып, 1913 жылы Қазан қаласында басылды (сурет 1). «Бабалар сөзі» кітаптар топтамасының 16-томына енген бұл әңгімеде Хз. Әли садақа, зекет бермейтін Сараңбай деген байды хақ дінге шақыртып, мұсылман болғаны айтылады. Бұл дастанның араб әрпімен басылған нұсқасы Алматы қаласындағы ОҒК-нің Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде 839-В нөмірімен тіркелген [55, б.415].



Сурет 1 – «Қисса Хз. Әлидің Сараңбайды жолға салғаны» атты қиссаның басталу жолдары [69, б.176]

«Қисса-и Хазірет Әлидің Барбарға құл болып сатылғаны» атты дастан М. Чирков балаларының баспаханасында 1896, 1901, 1907, 1916 жылдары және

1913 жылы Қазан университетінің баспасында басылды (сурет 2). Бұл дастанның араб әрпімен басылған нұсқасы Алматы қаласындағы ОҒК-нің Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында 839-В, 387-В, 2041-В нөмірлерімен тіркелген [55, б.416].



Сурет 2 – «Қисса-и Хазірет Әлидің Барбарға құл болып сатылғаны» атты қиссаның басталу жолдары [69, б.177]

«Үшбу қисса Зеңгір жүһүд» атты қолжазбасының көшірмесі Алматы қаласындағы ӘӨИ-дің Қолжазбалар бөлімінде Ш:885 (2-дәп.) нөмірімен тіркелген. Қолжазбаны Шығыс Қазақстанның тұрғыны, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы С. Сауытбеков тапсырған [40, б.112]. Эпостың басқа нұсқасы немесе қайта басылған нұсқасы табылмады. «Бабалар сөзінің» 10-томында кирилл әрпімен басылған. Дастандағы оқиға – мұсылмандардың жауы Зеңгір жүһүд есімді дұшпан Әлидің батылдығы мен әділдігін естіп, Мәдинаға келіп, онымен шайқасуға келгенде басталады. Зеңгір жүһүдтың қызы Зейнеп Хз. Әлидің ұлы Хз. Хасанды түсінде көріп, ғашық болып, Ислам дінін қабылдаумен оқиға желісі өрбітеді. Қызының мұсылман екенін білген Зеңгір жүһүд бұл жағдайға ашуланып, мұсылмандарға қарсы шығады. Нәтижесінде жеңілген Зеңгір Жухуд өз халқымен бірге Ислам дінін қабылдап, Хз. Хасан мен Зейнептің тойы өтеді [40, б.113].

«Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені» атты дастан Қазан қаласында 1899 жылы М.А. Чирков балаларының баспаханасында Кашафиддин бин Шахмардан басып шығарды [67, б.279]. Осы дастандағы оқиға; Жанәділ қаласының әміршісі Хз. Әлиді өлтіруге, басын кесуге Қабыл деген палуанды жібереді. Жолда Кабыл сахабалардың бірі Ахтамды кездестіреді. Ахтам Қабылдың бұл ниетін білгенде, өзін Хз. Әли деп таныстырып, оның орнына өзін құрбан етеді. Хз. Әли Қабылдан кегін алу үшін ол Жәнәділ қаласына келіп шайқасып жеңеді. Бұл дастанда хазірет Әлидің соғыстағы ерекше қаһармандығы, батылдығы мен батырлығы баяндалады. «Бабалар сөзінің» 16-томында кирилл әрпімен басылған бұл дастан 1899 жылғы Қазан үлгісінен алынған. Бұл әңгіменің басқа нұсқасы немесе қайта басылған нұсқасы табылмады [67, б.280].

«Қисса Мәлікаждар» атты қиссада араб тайпаларының ішіндегі Карыс (Харис) деген ауқатты адамның үш ұлы бар. Солардың ең кенжесі – жастайынан жауынгерлігімен, қайсарлығымен көзге түскен Мәлікаждар есімді жігіт. Бір күні оның екі ағасы Мекке мен Мәдина арасындағы мұсылмандардың керуен

жолдарын басып алып, мұсылмандардың тауарларын ұрлап, қиратады. Мұны естіген Хз. Әли Дүлдүлге мініп, Зульфикарын алып, мұсылмандарды қорғауға аттанады. Ол төбелесіп, Мәлікаждардың екі ағасын өлтіреді. Мәлікаждар ағаларының кегін алу үшін жолға шығады да, Хз. Хасан мен Хз. Хусейнді тұтқынға алады. Жағдайды біліп, Хз. Әли онымен соғысып, ақыры жеңіліске ұшыраған Мәлікаждар Аллаға жалбарынып, мұсылман болады [67, б.286].

«Хазірет Әлидің соғыстары» атты қисса «Бабалар сөзі» жинағының 15-томына енген. Араб әрпінде жазылған қисса ӘӨИ-дің қолжазбалар бөлімінде Ш.128 нөмірімен тіркелген. «Қолжазба өте ескі, қағазы тозып, жыртыла бастаған, оқуы өте қиын; өшіп қалғаннан кейбір сөздер танылмады» [47, б.302]. Бұл қиссаның авторы – ХІХ ғасырдың аяғында Омбы облысында тұратын қиссашы Қыпшақбай Бағдатұлы. Оқиға сахабалардың бірі Садуақас өз ұлының сүндет тойына Хз. Әлиді шақыруымен басталады. Садуақастың баласына сыйлық іздеп кеткен Әли дінсіздердің жерінде төрт жыл соғысқаннан кейін қайтып оралады. Қиссада Сүлеймен пайғамбар заманынан қалған Уалия қаласы, Қаққа патша, Мұхсин Батыр және Джамнун кейіпкерлері де кездеседі.

1.2 «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының басқа нұсқаларымен салыстырмалы зерттеулері

Хз. Әли туралы қиссалар мен қолжазба мәтіндерін зерттеу нәтижесінде «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы академик Ә. Марғұланның тапсырған, халық арасында «Салсал» деген танылған.

«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасы – түркі тілдес халықтары арасында, әсіресе қазақ даласына танымал болған «Салсал» дастанының ортағасырлық түркі жазба тіліндегі жазылған бір үлгісі. Сондықтан «Салсал» («Қисса-и Салсал», «Салсал-наме») дастанының отандық және шетелдік нұсқаларын мүмкіндігінше тауып, олардың зерттеулеріне шолу жасау қажеттілігі туындалады.

Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кең етек алған діни дастандардың бірі – «Салсал» дастаны. «Салсал-наме» (صلصل نامه) дастаны түркі халқы арасында ауызекі әдеби туынды болғандықтан, алғаш рет кімнің тарапынан, қашан жазылғаны жайлы нақты мәлімет жоқ. Осы шығарма жайлы алғаш рет түрік ғалымы М.Ф. Көпрүлү өзінің «Türk Edebiyatı Tarihi» атты кітабында сөз қозғайды: «Сейіт Хамза есімді ақынның поэзия жанрымен жырлаған Хазірет Әлидің Салсал атты алыппен шайқастарын суреттейтін әйгілі «Салсал-намесі»... тарихи дереккөздері арқылы белгілі болған шығарма» [70, б.335]. «Салсал-наменің» жазылуы ортағасырдан бастау алатын болжамдар да бар. Түрік ғалымы З. Коркмаздың «Оғыз түрік тілінің дамуы» атты еңбегінде «...бар болғанын жазба дереккөздердегі мәліметтерінен білетін ХІІІ ғасырдан кейін көшірілген Шейят Исаның «Салсал-намесі» [71, б.81-82], – деген сөздермен селжүк дәуіріндегі оғыз жазба тілінің қалыптасуына негіз болған еңбектердің қатарына осы еңбекті жатқызады. Алайда, ғалым шығармаға қатысты басқа мағлұмат бермейді. Тек нұсқаның көшірмесі Мәдениет министрлігінің қолжазбалар қоры мен Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорында сақталып тұрғаны мәлім. Түрік


зерттеушілері З. Коркмаз және М. Өзкан да осы шығарманың авторын Шейят Исаны көрсетеді: «Мысалы, Шейят Иса, Хз. Әлидің Салсал есімді алыппен шайқасын баяндайтын өлең мен проза араласқан «Салсал-намесі»... сияқты шығармаларды тарихи деректерде бар екені анық, бірақ бізге жете алмаған шығармалар қатарына жатады» [72, б.62-63].

Құран тәпсірлерінде адамның күйдірілген балшық сияқты саздан жаратылғаны айтылады. Құран Кәрімнің «Хыжыр» сүресінің 26, 28, 33-аяттары мен «Рахман» сүресінің 14-аятында кездесетін «салсал (صلصال)» сөзі «...сыңырлаған құрғақ топырақ...», «қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағаны...» деген мағынада аударылды [73]. «Салсал-намедегі» алыпты «Салсал» деп атауы да адамның топырақтан жаратылғанымен қатар, оның адами құндылықтан алыс бос өмір сүріп, Исламды қабылдамағанының белгісі ретінде меңзейді [34, б.1911].

Қолжазбаның шетелдік нұсқалары:

1. «Салсал-наме» дастанының ең көне нұсқасы 1571 жылы Ибн Жүсіп тарапынан жазылған көшірмесі Париж қаласының ең көне кітапханасында сақтаулы. Қолжазбаны алғаш рет итальян түркітанушы Альдо Галотта (1941-1997) өзінің «II Salsal-nāme» мақаласында [74] таныстырған. Қазіргі таңда қолжазба электрондық кітапханасында қолжетімді [75].

Аталған нұсқа 3-суретте көрсетілгендей «Hikāyet-i Şalşāl Ğazāvat-ı ‘Alī Kerremallahu Veçheh» атты қызыл сиямен жазылған атауымен басталады. Бұл қолжазбаны зерттеу нысаны ретінде түрік ғалымы Н. Ильхан [34] мен И. Каяокай зерттеген болатын [76].



Сурет 3 – «Хазірет Әли ғазуатарынан Салсал хикаясы»

Қолжазба Париж қаласындағы Франция Ұлттық кітапханасының (фр. Bibliothèque Nationale) Қолжазбалар қорында «Қосымша түркі әдебиеттер (Supplément Turc)» бөлімінде №1207 нөмірімен тіркелген.

Қолжазбаның сыртқы көрінісі. Сыртқы сипаттамасына тоқталатын болсақ, кітаптың сырты қара былғарыдан жасалған, қағазбен қапталған және картон тігілген [34, б.1910].

Қолжазбаның ішкі сипаттауы. Оғыз тілінде жазылған шығарма 73b-97a беттер арасында, яғни 25 парақтан (48 бет) тұратын толық емес мәтін болып табылады. Қолжазбаның әр беті 15 бәйіт және шетіндегі алты жолды өлеңнен тұрады. Шетінде жазылған бәйіттер мәтіннің жалғасы ретінде жазылған (Қосымша А). Қолжазба беттерінің көбі 21 бәйітті (15 бәйіт + 6 бәйіт) қамтиды, бірақ кейбір беттерінің тұрақсыздығын байқауға болады. Мысалы, 84b, 90a, 91b беттерінде төртінші бәйіт бос қалдырылғандықтан (14 бәйіт + 6 бәйіт) 20 бәйіт, 90a бетінде 22 бәйіт (16 бәйіт + 6 бәйіт) бар. Қорыта келгенде, барлық мәтін 1007 бәйіттен тұрады.

Қолжазбаның ішкі мағлұматтары. Қолжазба басқа да Хз. Әли джанкнамелері тәріздес Алланың есімін мадақтаумен басталады. Шығарманың бастапқы жолдары төмендегідей:

*Evvel Allāh adını başlayalum
Her işi anı ögüb işleyelüm*

*Allāh adı oldu çünkü zikrümüz
Görelüm ki neye irer fikrümüz (73b/ 1-2 бәйіт)*

Алланың есіміне мадақ айтылғаннан соң, Мұхаммед пайғамбарды еске алу мен салауат айтуға 2-3 бәйіт арналады:

*Vācib oldur imdi anı añalum
Muştafānuñ rūhını şād idelüm*

*Ol ḥabībdür aya beñzer yüzi
Yarın ol dileyiser Ḥaḳdan bizi*


*Ol ḥabīb-çün yaratdı ‘ālemi
İns ü cin dīv ü peri vü ādemi (73b/ 6-8 бәйіт)*

Н. Ильханның зерттеуі бойынша, Мұхаммед пайғамбар басқа сахабаларымен бірге отырған кезде дүниеде көпті көрген «ақылды және тәжірибелі» тұлға ретінде бейнеленген Хз. Өмерден әңгіме тындағысы келуінен басталады [34, б.1912]. И. Четин Хз. Өмерді «Амр» деп атап, оны Ибн Умайя эз-Зазми атымен танымал екенін айтады [77, б.9]. Хз. Өмер (Амр) Салсал есімді дінсізді келесі бәйіттермен сипаттайды:

*Bir kişi gördüm cihānda seh-m-nāk
Kim iderdi na ‘rası zühreyi çāk*

*Adı şalşāl ol anuñ kendi pelid
Nefesinden bağlanur gökde bulid (74a/3-4 бәйіт)*

Хз. Өмер Хз. Әлидің өтінішімен Қам-ы Құм деген жеріне келіп, жау әскерінен өтіп, Салсалдың шатырына келеді. Салсалды келесідей бәйіттермен сипаттама береді:




*Taht üstünde oturmuşıdı şalşalı
Bir çınar şahına benzerdi kolu*

*Başı bir günbed bigi kaddi menar
Gözleri küllhan demi bigi yanar
Şöyle heybetle oturırdı özi
Gördi kullar arasında kendözi (77b/1-3бәйт)*

Хз. Әли Салсалды дінге шақыруға, иман келтірмеген жағдайда оны өлтіруге Мұхаммед пайғамбардан рұқсат алып, жолға шығады. Шығарма Салсал Хз.Әлимен бірге шайқасқанда оның қолынан қаза табуымен аяқталады.

Париж нұсқасының соңғы бетінде шығарманың кімнің және қашан жазылған мәліметтері анық көрсетілген. Қолжазбаның соңғы бетінде (97a) шығарманың авторы ретінде Шейяд Иса делінген:




*Hem Şeyyād 'İsa eyitmiş bu sözi
Hoş ğazavatdur ki şerh etmiş özi (97a/1бәйт)*

Шығарманың соңғы бетінде, шығарманы қайта жазған Ибн Жүсіп өзін үшінші жақта «дәмсіз тағамды дәмді ететін адам» ретінде сипаттағанын баяндайды [34, б.1915]:



*İbni Yūsuf bilimez geldi ilerü
Tizcek aldı ħalvānuñ tuzın gerü*

Шығарма Ибни Жүсіп тарапынан жаңадан көшірілген күні келесі бәйіттерде көрсетілген:



*Şubḥ iden cemādil iki hem idi
Hicretüñ tārīḥi şād kāf cim idi (97a/ 12 бәйт)*

Осы мысалдың екінші жолында *şād kāf cim* әріптері шығарманың жазылу тарихын меңзейді. Қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылған осындай құпия шифрлау түрін әбжад жүйесі деп атайды. Әбжад (араб.: أبجد) дәстүрлі араб әліппесінің ескі тәртібінен *elif, ba, cim, dal* дауыссыз әріптерінен құралған жазу жүйесі. Әбжад деп әліппенің санау жүйесін пайдалана отырып, сөздердің, сөз тіркестерінің немесе сөйлемдердің сандық мәнін есептеу және олардан мағыналарды шығару үрдісін айтады [78, б.27]. Сонымен осы жүйе бойынша *şād=90, kāf=20, cim=3* сандары шығады. Н.Ильхан шығарма авторы сандардың қосындысын (113-ке тең) емес, сан бірліктерінің қатар келіп, 923 санын көрсеткісі келгенін есептейді. Жоғарыдағы бәйіттің бірінші жолындағы

cemādil iki тіркесімен бірге, шығарма Хижра жыл санағы бойынша «923 жылы Жұмадәл әууәл айының екінші күнінде, яғни григориан жыл санағы бойынша «1517 жылдың 23 мамырына» сәйкес келеді [34, б.1915].


Шығарманың кейбір тілдік орфографиялық ерекшеліктері:

1) мәтінде барыс септігінің тұлғасы ретінде оғыз тілінің ерекшелігі болып табылатын *-a/-e* түрінде қолданылған:

Tahti üstinde oturmuşdı Şalşāl
Bir çınar şāhına benzerdi qol (77b/ 1 бәйіт)


‘Aqıbet irdük Cebelqā şehrine
İntiqām almağa düşmān qahrına (85a/ 8 бәйіт)

2) Көне түркі жазбаларынан келе жатқан *-ğaru/-gerü* барыс септік жалғаулары *-ğ-* дыбыстың ықшамдалуына байланысты оғыз тілінде *-aru/-erü* түрінде жұмсалады. *-eri* тұлғасы қазіргі түрік тілінде қолданыста бар.



Geldi ilerü tıtdılar kullar anı
Didiler kimsin şorar bu şāh seni (77b/6 бәйіт)

3) Шығармада *η* қосымшасы әрқашан *ك* дауыссыз дыбыспен беріледі:



Ol habıbdür aya beñzer yüzi
Yarın ol dileyiser Haқdan bizi (73b/7 бәйіт)

4) Оғыз тілінің ерекшелігі болған *d* дауыссыз дыбыс бұл қолжазбада жуан т әрпімен беріліп отыр: *tolmuş, tolu, toқınur, tağ, tağladum*, т.б.

5) Жіктік есімдіктерінің III жақ көпше түрі *anlar, anları, anlara* формаларымен қолданылады. Бір ғана мысалда *olar* сөзі қолданылған.

«Салсал-наменің» ең көне нұсқасы Париж қаласындағы Франция ұлттық кітапханасында сақталған 1571 жылы Ибн Жүсіп көшірген оғыз-қыпшақ тіліндегі Шейяд Исаның *Hikāyet-i Şalşāl Gazāvat-ı ‘Ali kerremallāhu veçhe* атты қолжазбасы деп түйіндеуге болады.

2. «Салсал-наме» дастанының тағы бір нұсқасы Түркияның кітапханаларынан табылған. Ол – Шылдырлы Ашық Шенлік (1850-1913) тарапынан жырланған көшірмесі. Қолжазбаның бұл көшірмесі Түркия Республикасының Ұлттық кітапханасы Қолжазбалар қорында 06 Mil Yz A 7522/1 нөмерімен тіркелген. Қолжазба 173 парақтан (346 бет) тұрады, 1a бетінен басталып, 172b бетімен аяқталады. Әр бетте 14 қатар жазу бар.

Қолжазбаның сыртқы сипаты. Кітаптың сыртқы өлшемдері: ұзындығы – 205 мм, ені – 155 мм. Қағаздың абади (жібектен жасалған, жартылай күңгірт, жұқа

немесе қалыңдау қағаз түрі) деген түріне түсірілген. Жиектері қара былғарыдан, қағазбен қапталған, картоннан тігілген.

Қолжазбаның ішкі сипаты. Жазуы ірі әріптермен, насх стилінде (араб әліпбиінің баспада және жазуда ең көп қолданылатын түрі) жазылған. Ішкі өлшемдері: ұзындығы – 165 мм, ені – 115 мм. Шығарма қарапайым аруз өлең өлшемімен жазылған әңгіме.

Түркия Мәдениет және туризм министрлігіндегі Қолжазбалар қорының сайтында осы көшірмеге мынандай сипаттама береді: «Бұл көшірме Хз. Әлидің соғыстары, Хауаран шахтары, Джемшид, Кубат және Тахмасин хикаялары және Хз. Әлидің Салсалмен шайқастары сияқты оқиғаларды қамтиды. Түркияда алғаш рет пайда болған «Салсал-наме» нұсқасы. Шығарманың қағаз түрі және жазу ерекшеліктері оның XIII ғасырда жазылғанын көрсетеді» [79].

Қолжазба мәтіні келесі бәйіттермен басталады:

*Kimse kılıçla yanına gidemez
Varuban anuñ ile ceng idemez
Oda beñzer her neye degse yaқar
Her tarafdan yıldırım gibi қақar [34, б.1913].*

Ашық Шенліктің «Салсал» дастаны туралы И. Четиннің мақаласынан біраз ақпарат алуға болады. Мысалы, дастанның бұл нұсқасында Салсалдың бағын келесі өлең жолдарыменен сипаттама беріледі:

*Salsalın baғına uғrayanda yol,
Bahdı ki hoş oynar gül ile bülbül
Şiddeti müzeyyen, menevşe sünbül
Sanarsın açılıf faslı növbahar*

Шенліктің дастанында Хз. Әлидің Дүлдүл атты жылқысы туралы былай суреттеледі:

*Bu haber Salsala yetişen uahtı
Gergedana mindi şehrinden çıhdı
Şah-ı Merdān gördü ayaға galhdı
Dedi ki Dүldүl'ü getisin Gamber*

Түрлі сиқырлы жарақтарымен қаруланған, «басы күмбездей», «бойы мұнарадай», «көздері пештің отындай» болған Салсалдың қаруын келесі өлең жолдармен суреттейді:

*Salsal bir oh atdı gasıt kütaha
Sonrasın semadan emdi eşderha
İslam olan tüştü feryada aha
Paralandı sengi, bölündü seçer*

*Ol gürzünü birgaç pehlivan tutdu
Güç ile Haydar'ın gatına yetdi
İslam olan bütün taaccüp etdi
Dediler, yardım et ya Gani Settar*

Салсал өзінің ұлылығын қаруы арқылы көрсетуі, мұсылмандардың абдырап қалуы жырланады. Сиқырмен қоршалған Қаф тауын, Дал патшалығы мен Салсалдың барлық сиқырларын Құдайдың көмегімен жеңген Хз.Әлидің осы қыры келесі өлең жолдарымен таныстырылады:

*Salsal dedi, sen miydin şehirlere acan
Mancılığa minip havaya ucan
Davud-u Şāye 'yi dü pare bicen
Sen mi fetheyledin Gale-yi Hayber*

Қолжазбада Салсалдың діні сиқыр діні, ал өзі от табынушы мемлекеттің патшасы ретінде суреттеледі:

*Salsal dedi , yahşisan değılsen yaman
Men san bu geder etmezdim günam
Gel oda secde gıl gulun olum men
Bize yardım etsin mabudumuz nar*

*Haydar dedi, nera inanma eyle
Yanar yanar döner türaba küle
Mabud ona derim ber-garar ola
Daima ebedül ebed mugadder.*

Дастанның бір бөлігі екі батырдың соғысына арналады. Қолжазбаның басы мен соңғы беттері жоқ. Сондықтан қолжазба аяқталмағаны Салсал мен Хз. Әлидің арасындағы шайқастың өрбуін соңғы беттен көруге болады.

*Şenlik der halgayı bödüler elde
Nisfi Salsal'da galdı nisfi Haydarda
Ne geder meleh var tasnifi dilde
Sed aferin dedi ey Şah-i Merdān*

– деген өлең жолдарымен бітеді.

«Салсал-наме» дастаны туралы И. Четин Шенліктің «Салсал» атты дастаны бір жағынан діни, бір жағынан батырлық, бір жағынан адамгершілік мәселелерін қозғайтын шығарма екенін қабылдай отырып, тақырыбы жағынан толығымен «батырлық жырларға» енгізеді. Сонымен қатар, «XIII ғасырдаға жазылған «Салсал-наме» мен XIX ғасырда қайта жырланған Шенликтің «Салсал-намесі» кездейсоқ емес», – дейді түрік ғалым,– «XIII ғасырда түркі халқының


қаһармандық рухын көтеретін мұндай шығармалардың қажеттілігі Шенликтің көзі тірісінде де сөз болды. Шенликтің жырлары сол дәуірдің қаһармандық рухты қайта жандыруға өз үлесін қосты [77, б.13]».

3. «Салсал-наме» дастанының тағы бір нұсқасы Қазан қаласындағы М.А.Чиркова балаларының баспаханасында Ш. Хұсайынов балаларының бастыруымен 1906 жылы жарық көрді. Қазіргі таңда «Салсал» атымен Қазан қаласының Ұлттық кітапханасында №1522045-ИТ (индекс: Ә-С18) нөмерімен тіркелген [80].

Қолжазбаның отандық нұсқалары.

4. «Салсал-наменің» Қазақстанда табылған нұсқаларының бірі Алматы қаласы, Орталық Ғылыми кітапханасында №1371 нөмерімен тіркелген. Қолжазбаны академик Ә. Марғұлан 1951 жылы басқа да қолжазбалармен бірге кітапханаға тапсырды. Қолжазбаның сыртқы көрінісі бойынша қолжазба реставрациялаудан өткен, мұқабамен қапталып, жақсы сақталған. Түсі – қою жасыл (Қосымша Ә). Қолжазбаның ішкі сипаттауы бойынша қолжазба 1b-94b беттер арасында, яғни 94 парақтан (188 бет) тұрады. Жазу стилі – талик, мәтін толық емес. Әр бет көбінесе 15 жолдан тұрады. Бірақ кейбір беттерде жол саны тұрақты емес. Мысалы, бірінші беті (1b) 9 жол, екінші беті (2a) 12 жол, ал ортаңғы беті (86b) 16 жолды қамтиды. Қолжазбаның соңғы беттері болмағандықтан мәтіннің кімнің тарапынан, қайда жазылғаны немесе кімнен көшірілгені жайлы мағлұмат берілмеген.


Қолжазба қара және қызыл сиямен жазылған. Аллаһ және оның есімдерін, Мұхаммед пайғамбар есімін, оның эпитеттері мен салауаттарын, Хазірет Әли есімі мен оның лақап аттары, бір оқиғадан екінші оқиғаға көшу үшін «el-qıssa, ..söz işitiñ» сияқты сөз бен сөз тіркестері қызыл сиямен жазылды:



leşker birlen evvel tağni aylanıp tüştü endi şah-ı merdāndın söz işitiñ ol zamānki şalşal şah-ı merdānnı qoya bër- (87a/5-7)

Екінші бетінің (2a) шетіндегі жазулары бар. Тек қана *ħazret-i peyğamber 'aleyhi...* деген жазуды оқи алдық.

Қолжазбаның ішкі мағлұматтары. Қолжазбаның алғашқы жолы Аллаһның атымен басталса, кейінгі жолдары парсы тілінің өлең жолдары жазылған:



(dā)stān bustāne köhen va ħuše-i canāne ħarmane soħen nazm goft ki söhen rābbe söhen zam koned pare-i azħun-i ciger kem köned (1b/3-4)

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында сияқты, оқиға Мұхаммед пайғамбардың сахабалар арасында отырған кезде, киік етін жегісі келуімен басталады:

hazret-i peygamber sallāllāhu aleyhi ve sellem bir kün mescidde oturup ērdiler aydılar hiçkim bolğay mu ki mēni könlüm keyik güşti heves qılır anı kim keltürgay dēp sedā qıldılar yārānlar (1b/5-8).

Қолжазбаның соңғы беті болмағандықтан, дастан аяқталмады. Көшірмені кімнің тарапанынан, қашан тіркеліп, жазылғаны туралы мәлімет берілмеді. Соңғы беті сахабалардың Салсалды жеңіп, үлкен олжамен Мединаға оралуы, Мұхаммед пайғамбармен қауышуы, оларды құшақ жая қарсы алуы жазылады да, келесідей жолдармен бітеді:



an hazret sallāllāhu 'aleyhi ve sellemni ayağlarığa tüşüp mübarek ayakların tutup nur-ı hüdāğa müşaraf boldılar firuz şahni mirza zinhar şahni ve cem'leriğa resül-ı ekrem sallāllāhu 'aleyhi ve sellem minbar üzere çıqıp (94b/11-15)

Лексикалық құрамында екі нұсқада да біраз ерекшеліктер байқалынады. Бір нұсқаның кейбір сөзі бір тілде болса, екінші нұсқада сол сөздің сол тілдегі синонимдік бірлігі не болмаса түркі тіліндегі аудармасы беріледі.



Мысалы, Ә. Марғұланның тапсырған көшірмесіндегі: *ebu'l-mu'accen va sa'd-vaqqas çüst ü çabuk yerleridin turup bul hizmetni bizler qılalı dēp şilahları kiyip ve atlarığa minip çıqıp ērdiler (2a/1-4)* – деген сөйлемі «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында мынадай баламамен беріледі: *derhāl hazret-i ebu'l-mu'accen birle hazret-i sa'd-ı vaqqas çüst ü çālāk cāylaridin turup qadd ü qāmet rāst qıldı bu hizmetni qılalı dēp yarağlarını özlerige üstüvār qılıp hazret-i resül-ı ekrem şallallāhu 'aleyhi ve sellemdin icāzet tilep atlarığa minip rūy bicānib-i biyābān qılıp yürür ērdiler (92b/8-11-93a/1-5).*

«Салсал-наменің» екі нұсқасында берілген осы сөйлемдерді талдасақ, парсы тілінен аударғанда «тез, жылдам» деген мағынаны білдіретін бірінші нұсқасының *çüst ü çabuk* сөзі екінші нұсқада *çüst ü çālāk* деп сөз тіркесі беріледі; *yer* түркі сөзі екінші қолжазбада *cāy* парсы сөзінің синонимі қолданылады; араб тілінен аударғанда «қару-жарақ» мағынасын білдіретін *şilah* сөзі екінші нұсқада *yarağ* түркі сөзімен беріледі.

Тағы бір мысалда Ә. Марғұланның нұсқасындағы *āsmān birle berāber qıbla serīdin bir çārbāğ kördiler (2a/7-8)* деген сөйлемінде парсы тілінің *serī* сөзі «Қисса-

и Джанкнаме» нұсқасында *taraf* түркі сөзімен беріледі. Осы сөйлемдегі  *çārbāğ* сөзі «Қисса-и Джанкнаме» нұсқасында  *çālbağ* (93b/4) сөзі берілді.

Екі нұсқадағы кейбір кейіпкерлердің есімдеріне жазылған эпитет өзгеше келіп тұр. Мысалы, бірінші нұсқада *baba 'ömer* болса, «Қисса-и Джанкнамеде» *h'āci 'ömer*, ал тағы бір мысалда *şamāte* деген есімді адамды екінші нұсқада *şamāte nigār* деп толық аты беріледі. Мысалы: *baba 'ömer şamāteni qoyup özü kāfir artınca bardı* (Ә. Марғұланның нұсқасы, 86b/11); *h'āci 'ömer birlen şamāte nigār bir bülend tağ üstige çıqıp fellahmān atar ērdiler* (Қисса-и Джанкнаме, 243b/9-11).

Орфографиялық ерекшеліктерінен, «тау» сөзі Ә. Марғұланның тапсырған нұсқасында  *taqqa* (2a/4-5) сөзі *q* дыбысымен берілсе, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында *g* дауыссыз дыбысымен  *tagga* (93a/8) сөзі беріліп тұр.

Екі нұсқаның грамматикалық сипаты ұқсас. Қолжазбада өткен шақтың *-di/-di/-ti/-ti* тұлғасымен қатар, *-ar/-ur+érđi*, *-ip+yürür+érđi*, *-ip+dur*, *-qan/ğan turur* сияқты күрделі шақ формалары кездеседі. Мысалы: *bir tā-qqa çıqtılar nāgāh av avlap yürür érdiler* (2a/4-5); *güller açılır bülbüller sayrap çeşmeler her tarafqa aqqan turur* (2a/9-11); *şah-ı merdān üstige taşlap çıqıp ketti* (86b/3); *her urğanda on kāfirni sernigün qılır érdiler* (87a/3-4).

Кірме сөздеріге тіркесіп, күрделі етістік құрайтын *ér-*, *qıl-*, *bol-* көмекші етістіктері қолданылады. Мысалы: *hazır érdiler*, *tagžim qıldılar*, *şad-mānliq qılıp*, *mest bolup*, *kör boldı* т.б.

Етістіктің қалау рай түрін жасау үшін көпше түрінің I жағы *-alı/-eli* жұрнақтары арқылы жасалған тұлғасы көзге түсті. Мысалы: *ābu’l-muheccen va sa ‘d-vaqqas cüst-i çabuk yerleridin turup bul hizmetni bizler qılalı* (2a/1-3).

Қорыта келгенде, «Салсал-наменің» екі нұсқасының ерекшеліктеріне қарамастан, Ә. Марғұлан тапсырған бұл қолжазба зерттеу нысаны болған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының аяқталмаған нұсқасы деп есептеуге болады.

5. «Салсал-наме» дастанының Қазақстанда табылған баспа нұсқаларының бірі – араб графикасымен қазақ тілінде жазылған «Қисса-и Салсал» туындысы (Қосымша Б). Бұл шығарманың алғашқы басылымы 1879, 1883 және 1888 жылдары Қазан қаласында басылды. Кейін патшалық Ресей тыйым салған «Қисса-и Салсал» 1906 жылы қайта басылып шықты. Кейіннен тағы бес рет шығарылды. Төрт басылымның жалпы таралымы – 23200 дана. Академик Ә.Марғұлан өткізген «Қисса-и Салсал» кітабы ОҒК-ның Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде Ш.8501 нөмерімен тіркелген. Еш түзетусіз кирилл әрпімен басылған бұл көшірме Бабалар сөзінің 15-томында былай деп жазылған: «Мәулекей жырлаған «Салсал» дастаны, яғни Қазан қаласында (1909) басылған мәтін 6321 жолды құраса, Марғұланды 2000-нан сәл-ақ асады, әрі бұл қолжазба әбден тозған, оқылуы қиын. ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақталған қолжазбаның жағдайы да осы тектес» [47, б.293]. Дастанның араб әрпімен 1909 жылы басылған нұсқасы ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында Ш.1089 нөмірімен тіркелген.

М. Жұмашұлы бұл дастанды Орта Азия мен қазақ мәдениетіне сай домбыра, қобыз, бөрі, орыс, т.б. сияқты ұғымдарды қолданып, өзінше жырлады.

Орта Азия жыршыларына тән бір ерекшелігі – Аллаһ атымен мадақ пен мақтауға арналған бірнеше жолдан кейін бірден өзінді таныстырып кететін дәстүрі ерекше көзге түседі:

*Әуелде жад етемін Тәңірім атын,
Сұрасаң, Мәулекей-дүр – менің атым.
Түмен менен Омбы арасында,
Неш адамнан кем емес салтанатым [47, б.9].*

Жырдың сюжеті Мәдина қаласындағы мешіттен бастау алады. Бір күні Пайғамбар Мұхаммед, Әбубәкір, Омар, Осман, Әли, азаншы Біләлменен басқа

отыз үш сахабамен бірге намаз оқып отырған кезде Пайғамбар Мұхаммедтің киік етін қалағанын айтады. Жырдың 165-тармағында былай делінген:

*– Жараңдар тыңдап отыр айтқан сөзім,
Аз-маз сөз алып жүрсең өсиетім.
Кім қылар осы айтқан бір қызметім,
Көңіліміз тілеп отыр киік етін [47, б.14].*

Шығыс дастандарында жырланған қазақ халқына тән теңеулер мен етістіктер, ұлттық нақыштағы символдар немесе қазақтың дәстүріне сай әрекеттерді байқауға болады. Мысалы, автор мұсылман батырларын түркі халықтарының символы болған «бөріге» теңейді:

*Кәпірлер – қой, бұлар қырды аш бөрідей,
Кәпірлер – қамыс, бұлар – от секілді [47, б.32].*

Тағы бір мысалда автор сол дәуірдің саяси идеологиясына байланысты дұшпанын «орыс» деп атап, салыстырады:

*Он екі мың ләшкердің бәрі де орыс,
Кәпір өскен жер екен, қылып қуаныш [55, б.92].*

Қазақтың ұлттық аспаптарын да дастанда төмендегідей өлең-шумақтармен жырлайды:

*Өлеңші домбырасын тартып отыр,
Ер Әлиді көп мақтап айтып отыр.
Арыслан мұны естіп тыңдап тұрды,
Батырға уайымды артып отыр [47, б.227].*

Тағы бір мысалда автор Қатаруль Айн патшалағын сипаттағанда домбыра, сырнай, қобыз сияқты қазақтың ұлттық аспаптарын тартып отырғанын жырлайды.

*Көп жасаған ішінде кәрі де бар,
Мың түрлі бұлбұлдардың әні де бар.
Өлеңшілер, домбыра, сырнай, қобыз,
Жер жүзіндегі ойынның бәрі де бар [55, б.84].*

Қазақ халқына тән қасиетті «жеті» санын жырда жиі кездестіруге болады:

*Шақырған соң жетіп келді Омар Бабаң,
Жеті пайғамбарға қызмет қылған тамам.
Жеті пайғамбардан жеті түрлі үлес алған,
Баба Омар айтайын жайын саған [55, б.213].*

Күллі мұсылмандардың діни мейрамдарымен қатар, Мәулекей жыраушы түркі халықтарына ортақ көктемнің Өз-наурыз мейрамын да өз жырында келесідей жырлайды:

*Қуанып Лат, Манатты жад қылады,
Айт, наурыз келгендей шаттанады.
Шаттыққа толғаннан Жәмшид патша,
Қуаныш барабанын қақтырады [55, б.232].*

Наурыз мейрамының шығу тегіне байланысты толық зерттеулер жасалынбады. Бұл мереке парсы елінен Орталық Азияның түркі халықтарына сіңген ортақ «жаңа жыл» мерекесі екені белгілі. Дегенмен қазақ халықтарының дәстүріне сіңіп кеткен мерекені жырға қосып жырлауы – қазақ жыршыларына тән қасиет.

М. Жұмашұлы қазақ даласының Ресей Патшалығының қоластында болғандықтан кейбір тұстарында орыс сөздерін қоса жырлағанын 2743-тармағында байқауға болады:

*Мәлікаждарды сөгеді Жәмшид патша,
“Келгенде “здрaсти!” демедің”, - деп [47, б.95].*

Дастанның соңғы шумағында орысша сөздерді қоса отырып, дастанның 1879 жылы мамыр айында жазылғанын көрсетеді:

*Болды мың сегіз жүз жетпіс тоғыз
Май числоға болды зой тамам отыз [55, б.296].*

«Салсал» дастанының сюжеттік желісіне шамамен VII-VIII ғасырларды мұсылмандардың ислам дінін тарату мақсатымен өзге халықтармен жүргізген үлкенді-кішілі соғыстары арқау болған. «Салсал» дастанындағы соғыс қимылдарының бәрі де Иран мен Орта Азия өлкелерінде өтеді. Бұған дастанның өн бойында ұшырайтын кісі есімдері мен жер-су атаулары да куә. Мәселен, Жәмшид, Рүстем мифтік кейіпкерлерімен қатар, шығармада жиі аталатын Науадир, Хиуаран, Хауарзамин, Сейілзамин, Нажум секілді топонимдік атаулардың түп-төркіні де ежелгі Хорасан, Мары, Мәуренаһр жеріндегі халықтар мен патшалықтардың тарихынан хабар береді [47, б.295].

6. Хз. Әли туралы қиссаларының бірі, Қазақстанда алғаш рет зерттеліп жатқан «Салсал-наменің» бір үлгісі – **«Қисса-и Жанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан»** қолжазбасы. Қолжазба авторы белгісіз, қарапайым ауызекі тілімен, араб графикасымен (яғни талиқ жазуымен), проза жанрымен жазылған. Шығарма тілі ортағасыр түркі әдеби тілінің соңғы кезеңіне жатады. Шығарма 92а беттен басталып, 260b бетте аяқталған, 168 парақтан (337 бет) тұратын «Салсал-наме» дастанының толық шығармасы. Аталған қолжазба Алматы тұрғыны А. Невгодтың Ш. 261 нөмірімен жеке қолжазба қорында сақтаулы.

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы жайлы ешкім зерттемеген. Мәтіннің мазмұнына қарғанда «Қисса-и Салсал» нұсқасының мазмұнына ұқсас келеді, тіпті оның жырмен жазылған бір үлгісі деп айтуға болады. Екі еңбектегі ерекшеліктерінің бірі де осы. Алғашқысы прозамен жазылса, екіншісі – дәл сол нұсқаның өлең-жырмен жазылған нұсқасы.

Аталмыш қолжазба Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) намаз оқып, батиқасын бергеннен кейін, киік етін жегісі келуімен басталады: *ḥazret-i resūl-ı ekrem şallallāhu ‘aleyhi ve sellem yārānlarge baqıp aydılar kim bu kün könlüm keyik gūşti tileyidür kimdür maṇa keyik alıp kēlgey dēdiler* (92 b/2-7).

Қолжазда Хз. Әлидің мұсылмандарды зұлымдықтан құтқаруы, дінсіздермен, диюлермен, екі басты айдаһармен, сиқыршы қызбен, т.б. шайқастары баяндалады [82, б.176].

Академик Р. Сыздықова қисса жанрын басқа жанрлардан айырмашылығын негізгі белгілеріне сүйене отырып [8, б.227], «Қисса-и Джанкнаме» шығарманың белгілерін төмендегідей көрсетуге болады:

1) Лексикалық белгісі, яғни кітаби тілдік үлгілердің құрамында қазақ тіліндегілерге қарағанда, араб және парсы сөздері сан жағынан басым болуы, яғни қарапайым халық тіліне енбеген бейтаныс шығыс сөздерінің болуы.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі нағыз қиссалар «қоғамның мәдени-рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді», «сол замандағы сөйлеу тілін, оның ерекшеліктерін хатқа түсіріп, алуан түрлі сөздермен байытып отырды» [3, б.127] сияқты белгілер арқылы қазақ әдеби тілінің дамуында белгілі рөл атқарғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар қазақ тіліне көркем шығыс әдебиетінің кейбір бейнелерін қосты, Сол образдар арқылы жеке сөздер мен тұлғалар енгізді (*қаһарман, бұлбұл сайрау, жер-жиһан, дүлдүл, гауһар*, т.б.).

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында араб-парсы сөздері сан жағынан түркі сөздеріне (қыпшақ, оғыз тілдері) қарағанда басым болып тұр: *āfat* (апат), *aḥbār* (хабар), *bāzlıq* (ойын), *bed-baht* (бақытсыз), *beyān qıl-* (баяндау), *keselmend bol-* (ауырып қалу), *maşlahat qıl-* (жиналу), *meşhare qıl-* (жариялау), *peydā bol-* (пайда болу), *ārāste qıl-* (әшекелену), *aṭ qoy-* (атқа міну, шабуылдау), *āyīn bağlap toy bër-* (әшекелендіріп, той жасау), *tir-i bārān qıl-* (оқтан жаңбыр құйдыру). Сонымен қатар кірме сөздерден *güya*, *kibi* шылаулары жұмсалады. Ортағасырлық түркі жазба тілінің белгілерінен *kiçik* «кіші», *tirik* «тірі», *türlük* «түрлі» *andağ*, *andak* «андай», *uyqıda êrdiler* «ұйқыда еді» сөздері кездеседі.

2) Грамматикалық белгісі, яғни қазақтың жалпы халықтың тіліне тән немесе кейбір морфологиялық тұлғалардың актив қолданылуы. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында ортағасырлық түркі жазба тіліндегі морфологиялық тұлғалары актив қолданылады: а) есімдіктердің септелу модельдері ортағасырлық түркі жазба тіліне тән: *aṇa* (оған), *maṇa* (маған), *andın* (одан), *alarge* (оларға), *bizlerni* (біздерге), *biziñ/ bizniñ* (біздің); ә) етістік тұлғаларында: өткен шақ есімшенің -*ğan* жұрнақты формасына *turur* тұлғасымен тіркесіп жұмсалады (*bitilgen turur*, *bağlangan turur*); *-ıp/-up+yürür+êrdi* күрделі тіркестің қолданылуы: *temāşā qılıp yürür êrdiler*, *otlap yürür êrdi*; келер шақ *-ğay/-gey* тұлғасымен беріледі (*feth qilğay*,

müslümān bolğay); көсемшенің *-ğaç/-geç* жұрнағы XIX ғасырға дейін қолданылды (*körgeç, degeç*); б) мен, менен септеулік шылаудың орнына *birle, birlen, bile, bilen* тұлғалары жиі қолданылады.

3) Орфографиялық белгісіне қазақ сөздерінің сингармонизм заңына сәйкес фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-жұрнақтарды бір вариантта жазу, әріптердің өзгеруі не қосылып жазылуы, не түсіп қалуы, араб-парсы сөздерін қолжазбасында сияқты жазу, т.б. ерекшеліктер кіреді [8, б.170]. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында ортағасырлық түркі жазба тілінің емле тәртібін сақталғанын ашық көруге болады: а) сөз басында *ж* дыбысы келетін орындарда у таңбасы жазылған: *yağ-* «жағу», *yaman* «жаман», *yan-* «жану», *yaruş-* «жабысу», *yalguz* «жалғыз», *yağşı* «жақсы», *yaryl-* «жарылу», *yarağ* «қару-жарақ», *yarqıra-* «жарқырау», *yetim* «жетім», *yiber-* «жіберу», *yigirmi* «жиырма», *yuqarı* «жоғары», т.б. Сонымен қатар, *b<m, p<b, ş<ç, s<ş* алмасулары жиі ұшырасады: *taşqarı* «тысқары», *çadır* «шатыр», *elçi* «елші», *qiçağ* «құшақ», *birneçe* «бірнеше», *çap-* «шабу», *çare* «шара», *boyun* «мойын», *burun-* «мұрын», *eşik* «есік», *iş* «іс», *kişi* «кісі», *koşul-* «қосылу», *kümüş* «күміс», *piş-* «пісу», *ağz* «ауыз», *barça* «барша», *barmaq* «пармақ» т.б. Бұл көрсетілген орфографиялық белгілер жүйелі түрде қатаң сақталмаған.

Қорыта келгенде, «Қисса-и Салсал» ежелгі және архаикалық аңыздарды, мотивтерді, ортағасырлық хикаяларды, қазақтың эпостық жырларын, исламдық, тарихи кейіпкерлердің өмір оқиғаларын, жорықтар мен ерліктерді жырлайтын тарихи-діни эпопея деуге болады.

«Салсал» – фольклорлық шығарма. Тарихи дәлдік сақталмауы, шын өмірде болған адамдар мен олардың басынан өткен түрлі оқиғалардың бір-біріне қайшы болуы, Жәмшід, Рүстем сияқты мифтік кейіпкерлердің болуы оған дәлел бола алады. Фольклор тарихи оқиғаларға тікелей не жанама түрде байланысты болуы, фольклор халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтуы жайлы профессор С. Қасқабасов айтқан [83, б.51].

«Салсал-наме», «Қисса Салсал», «Салсал», т.б. атауларымен шыққан қиссалардың нақты санын айту қиын. Мысалы, діни эпостың жариялануын зерттеген М. Әбдуов бойынша, діни жырлаушылардың бірі Ә. Найманбаевтың «Салсал» атты дастанын жырлаған [81, б.99].

Қисса жанрының тілі жайлы айта келе, «Салсал» қиссасын мысал ретінде келтірген Б. Әбілқасымов: «бұл аталған қиссалардың («Салсал», «Зарқұм», т.б.) мазмұнынан да, өлеңдік құрылысынан да қазақ табиғатына тән ешнәрсе көре алмаймыз. Тек лексикасы ғана қазақша, бірақ орфографиясы мен грамматикалық құрылысында түркі әдеби тілінің әсері күшті... Олардың лексикасында араб, парсы сөздері молынан кездеседі, грамматикалық құрылысы мен орфографиясында түркі әдеби тіліндегі формалар толығынан сақталып отырады» – деген пікір білдірді. Әрине, құрамында кірме сөздердің қолданылуы, орфографиялық, грамматикалық құрылысынан түркі әдеби тілінде жазылуы басым болғанмен де, «Қисса-и Джанкнаме» немесе «Салсал» шығармаларының тілі – ортағасырлық түркі әдеби тілінің қазақ топырағындағы көрінісі деп қабылданылуы қажет. Осыған байланысты Р. Сыздықова сол дәуірдің

қолданылған тілін «бір кезде қазақтардың ата-бабаларына ортақ болған, кейіннен ресми эпистолярлық көне іс қағаздары стиліне сақталған орта азиялық әдеби тілдің (түркінің немесе шағатай тілінің) ізі, сарқыншағы немесе тікелей ықпалы деп тануымыз керек [43, б.42]» деп көрсетеді.

1.3 «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының ішкі және сыртқы сипаттамасы

Қолжазба кітап – материалдық және рухани мәдениеттің тоғысқан жерінде орналасқан және ортағасырлық қоғам өмірінің көптеген қырларын көрсететін күрделі, көп қырлы мәдени мұра. Қолжазба кітап – бір немесе бірнеше қолөнершілер, кейде көрнекті суретшілер еңбегінің жемісі. Ғасырлар бойы кітаптар бір иесінен екіншісіне өтіп, үлкенді-кішілі тарихи оқиғалардың үнсіз куәгерлеріне айналды, олардың ізін мұқият зерттеуші қолжазба беттерінен жиі таба алады. Осындай қолжазба кітаптарының құрылу тарихын, жазылу ерекшеліктерін зерттеу кодикология ғылымы айналасады. Оның этимологиясына назар аударатын болсақ, «кодикология» термині латын тілінің «codex» сөзі «кітап», ал «logos» – «сөз» деп аударылып, «кодекстерді зерттеу, үйрену» деген мағынаны білдіреді [84, б.11].

Кодикология ғылымы палеография, деректану, археография, мәтінтану және басқа да бірқатар көмекші пәндермен тығыз байланысты. Кодикологияны «кітап археологиясы» деп атайды. Кодиколог кітаптың қолжазбасындағы, жазбаларындағы, жазуларындағы, заттаңбалары мен шифрларын зерттей отырып, кітаптың құрылу тарихын анықтауға ұмтылады. Кодикология деп қолжазба жинақтың жалпы сыртқы (сақтау орны, парақтар саны, пішімі, мұқабасы, сақталуы, белгілері т.б.) және ішкі ерекшеліктерін (құрылымы, тақырыптары, дәптерлердің нөмірленуі, парақтардың нөмірленуі, мәтіннен тыс жазбалар, қолтаңбалар т.б.) зерттеу негізінде оның шығу тегін нақтылаумен айналысатын арнайы тарихи пән. Қолжазбаның шығу тегі мәселесін кең (тарихи-мәдени мағынада) және тар (қай скрипториумда, қай хатшы(лар), қашан, кімнің тапсырысымен, қолжазба қандай мақсатта қайта жазылды; оның парақтары қалай бүктелді, түптелді т.б.) түрде қарастыруға болады [85, б.29].

Орталық Ғылыми Кітапханасының Сирек кездесетін мұражай қызметкерлері қолжазба кітаптың кодикологиялық ерекшеліктерін көрсету үшін бірнеше әдістерін қолданады. Қолжазба кітапқа кодикологиялық сипаттауды үш кезеңге бөлу арқылы зерттеуге болады: сыртқы көрінісі, ішкі көрінісі және кітаптың ішкі мәліметтері. Бірінші кезеңінде қолжазбаның сыртқы көрінісі беріледі, яғни экспонаттың ұзындығы, ені, қалыңдығы өлшенеді; өлшемі сантиметрмен көрсетіледі және миллиметріне дейін нақты саны беріледі. Екінші кезеңінде қолжазбаның ішкі сипаттамасы туралы мәлімет жазылады: жәдігердің ішкі беттерінің сақталуы, зақымдалуы, зақымдалған жағдайда себебінің (су, зеңгір, тозаң, т.б.) анықталуы, беттегі жыртылған парақтың көлемінің көрсетілуі, қағаз өлшемінің алынуы, мәтін көлемінің өлшемі, жол сандарының көрсетілуі аса маңызды. Үшінші кезеңінде қолжазбаның ішкі мағлұматтары қамтылады: жазба мұраның таралу ауқымын көрсету, экслибристтер мен мөрлерді зерттеу,

жазба мұраның авторы, жазылған жері, жылы, басылып шыққан орны және тапсырыс беруші, көшіруші, жазылу себебі (шығыстық қолжазбаларда ол көбінесе автор тарапынан көрсетіледі) қолжазба мәтінен қарастырылады. Осы мәліметтер көбінесе жәдігердің кіріспесі мен соңғы бөлімінде беріледі [86, б.229].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының кодикологиялық және палеографиялық ерекшеліктерін көрсету үшін кодикологияның дәстүрлі әдістеріне сүйене отырып, зерттеу жүргізілді. Қолжазба үш мәтіннен тұрады: бірінші мәтін «уа Нақл қылубтурлар Хазрет-и Қади Арифуд-дин» атты (1а-91b), екінші мәтін «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» (92а-260b) және үшінші мәтін он парақтан тұратын соңғы беттері жоғалған медициналық мәтін.

1. Бірінші кезең – қолжазбаның сыртқы сипаттамасы.

Қолжазба кітаптарының құрылу тарихы оның сыртқы түрінен, яғни кітаптың мұқабасынан басталады. Қолжазба кітаптың мұқабасын сақтау өте қажет болды. Орта Азия халықтары арасында қолжазба кітаптар ұзақ ғасырлар бойы үлкен сұранысқа ие болған. Бұл «қоғамдық» үлкен сұраныс шебер түптеушілерді тудырған және кітап түптеу әулеттік кәсіпке айналғаны белгілі. Соның нәтижесінде Орталық Азияда кітап түптеудің, сыртқы мұқабасын безендірудің өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан. Мысалы, раушан гүлі пішінінде мұқабаға турундж салу, сол турундждер ішіне шебердің атын жазу осы өңірдің өзіндік ерекшелігі ретінде бағалауға болады. Ортағасырларда кітап түптеушілерді «саххаф» хас шеберлері деп атаған. Олар өз дәуірінде танымал еді. Мысалы, Түркістан өңірінде өмір сүрген Мұхаммед Ибраһим факир сынды саххаф шеберлердің дайындаған мұқабалары қазіргі таңда экспонат ретінде де, ғылыми дерек ретінде де қолжазба құнын арттырмақ. Әдетте, қолжазба кітаптың сыртқы безендірілуі мен түптелуі тұтынушылардың сұраныстарына байланысты болды. Бұл жағдайда түптеулер көбіне былғарыдан жасалды [86, б.229].

Орта Азиядағы түптеудің негізгі орталықтары Бұхара, Самарқан, Қоқан, Ташкент және Хиуа қалалары болды. ХІХ ғ. екінші жартысында үздік түптеушілер атына қоқантықтар ие болды. Түптеушілерді саххаф немесе муқаууасаз деп атады. Кейде түптеу ісімен кітап сатушылар да айналысты. Көптеген түптеушілер өздерінің дүңгіршіктерін базарларға орналастырған. ХVІІІ ғ. бастап Орта Азияда жасалған түптеулердегі пальметталар мен картуштарда түптеу жасаған шеберлердің «осындай түптеуші жасады» деген формада есімдері берілді. Мұсылмандық қолжазба кітаптың көлемі 8-12 парақты құрайтын дәптерлермен (курраса) есептелінді [88, б.190].

ХІХ ғасырда Орталық Азияда жартылай былғары қаптау түрі кең таралған, оның картон жабындары түрлі-түсті (жасыл, бургундия, қара немесе сары) қағазбен жапсырылған, ал мұқабалардың шеті мен жиегі былғарыдан жасалған. Қақпақтар ойылған былғары бедерлі медальондармен, кейде қарама-қарсы түсті бұрыштармен безендірілген. Сартурунж медальондарының белгісінде өз есімі мен жылын көрсету сол кездегі Орталық Азиялық шеберлердің арасында кең тараған [89, б.74].


Ортағасырдан келе жатқан дәстүр бойынша қолжазба кітаптың жылтыр сырмен қапталған мұқабалардың үстінде суреттермен безендіріледі. Олар көбінесе ортаңғы медальон (*šamsa және turunj*), кіші медальон (*sarturunj*), өрім түрінде жақтаулармен (*zanjira*) әшекейленген. Ортаңғы медальон, бұрыш сияқты сәндік элементтерінде гүл оюлары, жануар мен құс бейнелерімен безендіру әдісі XV ғасырдағы Тимуридтер дәуірінен бастап кең таралған. Ол туралы көбірек мағлұматты М. Пелевин береді: «Наиболее распространенным способом украшения переплетов на протяжении многих веков было тиснение различных декоративных узоров на кожаном покрытии при помощи фигурных штампов. Более ранние переплеты имеют неглубокий рельеф тиснения, для них характерно преобладание узелкового и геометрического орнамента, абстрактных фигур» [89, б.71]. Түптемелер қолжазбаның жазылу тарихымен сәйкес келмеуі мүмкін, сондықтан бұл олардың зерттелуі мен мерзімін анықтауға қиындатады. Дегенмен, бедерлі (тисненные крышки) және лакпен қапталған мұқабаларда шеберлер кейде өздерінің есімдері мен мұқаба жасалу тарихын жазып қалдырған.

Жоғары айтылған ерекшеліктерді ескере отырып, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының сыртқы сипаттамасын келесідей береміз:

– Қолжазба мұқабасы бедерлі жасыл былғарымен қапталған. Кітаптың сыртқы өлшемдері: ұзындығы 26 см, ені 15 см, қалыңдығы 5 см-ді құрайды;

– Қолжазба кітаптың мұқабасында үш медальон (орталық турунж бен екі сартурунж медальоны) орналасқан. Барлығы гүлді ою-өрнектермен безендірілген. Мұқабалардың бірінде турунж медальоны түсіп қалса да, ою-өрнегінің іздері қалды;

– Турунж медальонының бірінде 4-суретте көрсетілгендей мұқабаны жасаған шебердің есімін *'Abd-ul mulla a'ttar* деп оқыдық, ал медальонда көрсетілген мұқаба жасалу тарихында хижра бойынша 1324 жыл деп көрсетілген тәріздес. Қазіргі жыл санауымен есептегенде 1906 жылға сәйкес келеді.



Сурет 4 – Қолжазбаның сыртқы мұқабасындағы ортаңғы турунж медальоны.

– Қолжазбаның парақтары өз қалпын жоғалтып, парақтардың қырлары жемірілгенін көруге болады. Іші қағазбен қапталған (Қосымша В).

2. Екінші кезең – қолжазбаның ішкі сипаттамасы.

Қолжазба кітап үш мәтіннен тұрады: бірінші мәтін «уа Нақл қылубтурлар Хазрет-и Қади Арифуд-дин» атты (1а-91b), екінші мәтін «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» (92а-260b) және үшінші мәтін он парақтан тұратын соңғы беттері жоғалған медициналық мәтін. Зерттеу нысаны болған «Қисса-и Джанкнаме» мәтіні қолжазба кітаптағы үш мәтіннің бірі болғанмен де, жалпы кітаптың ішкі сипаттамасы туралы мәлімет беру – зерттеудің міндеті болып табылады.

Араб каллиграфиялық жазуының классикалық қолжазбасын дамытып, жетілдіруге Иран текті ғұламалар белсене атсалысты. Осы жүйенің шеңберінде стандартты жұптар әзірленді, олар кейіннен «алтылықты» (араб. *al-aqlām as-sitta*, парсы тілінен *sitta* немесе *šiš qalam*) құрады: мухаккак (*muḥaqqaq*), райхан (*rayḥān/rayḥānī*), тәуқи' (*tawqī'*), рика' (*riqā'*), сулс (*suls*), насх (*nash*) [89, б.52]. XIV ғасырдың соңына дейін жазылып, осы күнге жеткен парсы қолжазбаларының басым көпшілігі *насх* жазуымен көшірілді. Классикалық «алтылықтың» қалған жазулары (почерк) сәндік элементтер ретінде парсы қолжазбаларында кеңінен таралған. XIV ғасырдың II жартысында Иранның батыс аймақтарындағы парсы тіліндегі қолжазбаларында насх жазуындағы бірқатар әріптердің пішіні біртіндеп өзгеріліп, насталиқ (*nasta'liq*) жазуы пайда болады. Бұл туралы Акимушкин былай дейді: «Изменения происходят в сторону большей плавности, курсивности; при этом каллиграфы стараются, чтобы текст оставался легко читаемым. В дальнейшем новый тип почерка был осмыслен эстетически с позиции принципов гармонии и пропорциональности, характерных для искусства арабской каллиграфии. Так завершается формирование нового почерка, применяющегося почти исключительно для начертания персидских текстов — наста'лика» [90, б.351].

Насталиқ термині *насх* және *талиқ* атты екі жазу атауларының қысқаруынан пайда болды. Талиқ (*ta'liq*; л. «ілулі») — әріптер бір-біріне жалғанған курсивпен жазылған хатшылық жазу түрі. XV ғасырдан XX ғасырға дейін Иранда парсы тіліндегі мәтіндерді насталиқпен, ал арабша мәтіндерді насхпен көшіру үрдісі байқалды. Иранның басқа наста'лик жазуы Үндістан, Орталық Азияда, Осман империясында сияқты парсы тілінен көшіру аймақтарында танымал болып, кеңінен қолданылды. Бұл аймақтарының барлығында жазу стилі уақыт өте келе өзіне тән белгілерге ие болды, сондықтан қолжазбалардың каталогтық сипаттамаларында «үнділік» немесе «Орталық Азия насталигі» сияқты анықтамаларды табуға болады [89, б.58].

Жоғары айтылған ерекшеліктерді ескере отырып, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының ішкі сипаттамасы төмендегідей берілген:

1) оқуға ыңғайлы *насталиқ* жазу стилімен жазылды (Қосымша Е). Қағазы жұқа, жақсы сақталған қолжазба әр бетінде он бір жолды (шамамен 5-6 сөйлем) қамтиды. Ә. Марғұланның нұсқасына қарағанда, «Қисса-и Джанкнамеде» қатаң тәртіп болғаны көрініп тұр. Негізінен, шығыстық қолжазбаларда мәтін нақты бірдей жолмен және бір өлшеммен жазу сақталуы тиіс. Жол сандарының көрсетуі




арқылы кодикологқа жоғалған мәтін көлемін, тіпті сөз санын да анықтауға мүмкіндік береді.

2) Қолжазба 92а бетінен басталып, 260b бетімен аяқталады. Дегенмен 257а - 260b бет арасы орындары ауысып кеткен. Жалпы көлемі 169 парақтан, яғни 338 беттен тұрады. Кітаптың ішкі өлшемдері: ұзындығы 18 см, ені 9 см құрайды.

3) Кейбір парсы қолжазбаларында сюжеттік бейнелерімен безендіреді. Олар мәтіндегі көріністерді бейнелейтін миниатюралар және сәндік композицияларды суреттейді. Зерттеп отырған қолжазбада осындай сюжеттік бейнелер мен жақтаулар жоқ.

4) Ортағасыр қолжазба кітаптарда абзацтардың қолданылуы кездеспейді. Мәтінді бөлу қызметінің тәсілі ретінде сия түстері (ең алдымен қара және қызыл) қолданылды [89, б.60]. Мәтіндерді бөлу қызметімен қатар түрлі түсті сия қолдану қолжазбаның безендіру тәсілі болған. Жоғарыда айтылған Ә. Марғұланның тапсырған «Салсал-наме» нұсқасында Аллаһ және Оның көркем есімдерін, Мұхаммед пайғамбардың есімін, Оның эпитеттері мен салауаттары, Хз. Әли есімі мен оның лақап аттары, бір оқиғадан екінші оқиғаға көшу үшін «el-qıṣṣa, ..söz işitiñ» сияқты сөз бен сөз тіркестері қызыл сиямен жазылғаны туралы айтқан болатынбыз. «Қисса-и Джанкнаменің» мәтінде де дәстүрлі қара түсті сия қолданылды. Дегенмен қызыл сияның қолданылуында бірізділік жоқ: *yine bir kelīme söz* (207b/5-6, 210b/10, 216a/5, 222b/6) «тағы бір әңгіме», *derhāl* (219a/8) «бірден», *el-qıṣṣa* (218a/2, 219a/2, 219b/6) «әл-қисса», *andağ* (219b/2) «сондай» сияқты қызыл түспен кездескен сөздер немесе сөз тіркестері біресе мәтінді ажырату үшін, біресе шылауларды көрсеткенде қолданылды. 1-кестеде көрсетілгендей *derhāl*, *andağ*, *yine* және *el-qıṣṣa* деген сөздер қызыл сиямен берілген.

Кесте 1 – Қызыл сиямен жазылған сөздер

		
<i>derhāl</i> (219a/8)	<i>andağ</i> (219b/2)	<i>yine</i> және <i>el-qıṣṣa</i> (219b/4-5)

Бұл автордың өзіне маңызды жерлерді көрсету немесе көшірген уақытта тоқтап қалған жерлерді белгілеу үшін жазған деп есептеуге болады. Мұндай ерекшеліктер қолжазбаны көшіруші адамға байланысты болған.

5) Қолжазбада аталған белгілер мен постскрипттерден басқа, кітап иесінің өмірбаяны, ырымдары, күнделікті өмірі мен дүниетаным жайлы кодикология үшін құнды ақпаратты бере алатын бірқатар басқа жазбаларды табуға болады. Кейбір қолжазбалардың соңғы парақтарында дұғалар, хадистер, танымал авторлардың өлеңдерін кездестіруге болады. Орталық Азияның кітап иелерінің бір ерекшелігі – «олар кітаптың соңғы парақтарында дәстүрлі медицина рецептерін, дуа сөздерін, қарызға алған немесе қарызға берген сомаларын жазған болатын» [89, б.81]. Мысалы, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының соңғы он парағы аяқталмаған медициналық мәтіннен тұрады (Қосымша Г).

зерттеу деп те атайды. Оның ішіне кітаптың колофондары, артқы жазулары, мөрлері және басқа белгілері кіреді.

Қолжазбаның жасалған жері мен уақыты, автордың аты-жөні, кейде хат алмасуға қатысты нақты мәліметтерді колофон (*anjāma*) арқылы анықтауға болады. Колофон (көне грек тілінен κολοφών, κολοφῶνος «шыңы, аяғы, бітуі») мәтіннің аяғында орналасқан, көне қолжазба немесе басылымның авторлық атын, басылымды көшіріп жазушының және басылымның уақытын көрсететін мәліметтер [91].

Колофондарды құрастырудың қатаң ережелері болған жоқ, бірақ көп жағдайда хатшылар немесе көшірушілер кейбір стандарттарға сүйенген. Парсы тіліндегі қолжазбалардың көпшілігі араб тілінде немесе араб және парсы сөз тіркестерінен жасалған колофондармен аяқталған. Колофонның басы әдетте «кітап аяқталды» деген мағынаны білдіретін араб тіліндегі *tamma-l-kitāb* немесе парсы тіліндегі *tamat šud kitāb* тіркесі жазылады. Одан кейін шығарманың атауы кейде қайталап жазылуы мүмкін. Көбінесе араб тіліндегі *tamma-l-kitāb bi-‘avni-l-malik al-vahhāb* («Кітап Садақа беруші Патшасының көмегімен аяқталды») рифмалық сөз тіркестері жазылған. Жазушы өз атын «күл», «күнәһар», «кедей» т.б. эпитеттерімен сүйемелдеген. Кітапты аяқтаған жылын сандармен немесе сандардың толық жазылуымен, кейде жазумен бірге сандармен қайталаған [89, б.75-76].

Зерттеу нысаны болып отырған қолжазбаның колофоны түркі, араб және парсы тіліндегі тіркестерден құралған:

bu yērde vāq ‘a cenknāme-i risāle-i ḥazret-i ḥaydarı kerār va allāh-u ‘alem bi aṣṣavāb sene bir min üç yüz yigirmi dördüncü yılında cemād-u sâni ayında perşenbe gūyande tamām taptı şud bi-tavfīq ḥudāyı layınam ayın kitābat rüz perşenbe tamām şallallāhu ‘ali ḥayri ḥalqıḥı muḥammed vālihi ve aṣḥābihi ecma ‘in bi raḥmatika yā ar-rahmanir-rahim tamma-l-kitāb bi-‘avni-l-mālik al-vahhāb tammāt (256b/1-11)

«...осы жерде Хз. Хайдар-ы керрардың соғыстары туралы оқиғасы жыл бір мың үш жүз жиырма төртінші жылында Жұмадә сани айында бейсенбі күнінде аяқталды Құдайдың қолдауыменен аяғына жетті» деген мағына білдіреді.

Осы мысалда жоғарыда айтылған колофондардың ерекшеліктерін көруге болады:

– *cenknāme-i risāle-i ḥazret-i ḥaydarı kerār* «Хазірет Хайдар-ы керар шайқастарының әңгімесі» деген мағынадағы сөз тіркесі *qıṣṣa-yı cenknāme-i risāle-i ṣāh-ı merdān* эпостың атауын қайталап тұр;

– *sene bir min üç yüz yigirmi dördüncü yılında cemād-u sâni ayında perşenbe gūyande tamām taptı* «жыл бір мың үш жүз жиырма төртінші жылында Жұмадә сани айында бейсенбі күнінде аяқталды». Бұл сөйлемде «жыл» сөзін әрі парсы, әрі түркі тілінде берілген. Шығыстық қолжазбаларда көбіне аяқталған жылы мұсылмандық хижра жыл санауымен беріледі. Қазіргі жыл санауымен есептегенде 1906 жылы шілде немесе тамыз айына сәйкес келеді;

– шығарманың аяқталуын парсы тілінде беруі: *şud bi-tavfīq ḥudāyı layınam ayın kitābat rüz perşenbe tamām*;

– шығарманың аяқталуын араб тіліндегі дәстүрлі *tamma-l-kitāb bi-‘avni-l-mālik al-vahhāb tammat* сөз тіркестерімен бітуі;

– шығарманың қай жерде, кімнің жазғаны, кімнен көшірілгені жайлы мағлұмат берілмеген.

Кітап авторлары колофон мәтінін көрнекі түрде көрсету үшін әр түрлі әдістерді қолдануға тырысты. Кейде колофон мәтіні негізгі шығармадан басқа жазу стилімен жазылды. Зерттеу нысаны ретінде алынған қолжазбада колофон мәтіні шығармада қолданылған жазу стилінен ерекшеленбейді (Қосымша Е).

Кейде қолжазбаның алғашқы не соңғы беттерінде кітап иесінің немесе қордың жеке мөрін кездестіруге болады. Кейбір иелер бірінші парағын ғана емес, кітаптың ортасындағы бірқатар беттерінде және колофонның қасында мөр басатын [89, б.79]. Зерттеу нысаны болған қолжазбада ешқандай мөр байқалынбады.

Қорыта келгенде, кодикологиялық зерттеулер жүргізудің басты мақсаты – қолжазбаның қай өңірден көшірілгендігін анықтау. Жоғарыда жасалынған кодикологиялық ерекшеліктер бойынша «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы Орта Азиядағы Қоқан хандығының территориясында Оңтүстік Қазақстан өңірінде жазылған қолжазба ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Сондықтан кодикологиялық ерекшеліктеріне қарай бұл қолжазба Оңтүстік Қазақстан аймағында жазылды деп болжауға болады.

Қолжазбаның қысқаша мазмұны:

«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасы бірінен соң бірі жалғасып келе жатқан оқиғалардың жинағын құрайды. Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) Медина қаласындағы мешітте сахабаларымен бірге отырып, киік етін қалайды. Сахабалардың қатарында болған Әбілмәжін мен Сәдуақас батасын алып, жолға аттанады. Жолда киікті кездестірмей, бірнеше күннен кейін бір тауға тап болады. Тауға шықса, алдарынан жұмақ тәріздес бір бақ көрінеді.

Бақта жеміс пен жұпар иісті гүлдер өсіп тұр, бұлақтары ағып, түрлі бұлбұл құстары сайрап, ортасында алтыннан жасалған ыдыс-аяғы бар дастарханы тұр екен. Екі сахаба бұлақтан дәрет (таһарат) алып, намаз оқиды. Осы мезетте екі жүз атты әскер келіп, осы бақтың иесі Науадир атты қаласының патшасы Қатаруль Айн олармен кездескісі келіп, патшаға апарады. Патша екі батырдың денелі, батылды екенін бірден байқап, оларға екі мың әскермен бірге Әлиді тірідей, не өлідей әкелуге ұсыныс береді. Өздерін «Науадир-дүр» және «Һуман» деп таныстырған екі сахаба келісіп, жолға аттанады. Екі күндік жолда кәпір әскері Медина қаласынан келе жатқан бір керуенді көреді. Кәпір әскері оларды бас салып, мал-мүлкін тартып алғысы келеді. Мұны көрген екі батыр оларға қарсы шығады. Кәпірлер олардың мұсылман екенін түсініп, Қатаруль Айн патшасына жеткізеді. Мұны естіген патша қатты ашуланып, оларды тұтқындауға тағы үш мың әскер жібереді. Кәпір палуаны Шимрүк пен Садуақастың шайқасы күндерге созылады. Осылайша барлық кәпірді жеңгеннен кейін, алыстан бір әскер тобы көрінеді. Кәпірлерге тағы он екі мың әскер қосылады. Қатты жарақаттанған (жетпіс жерден) Сәдуақасты тұтқынға алып, Қатаруль Айн патшаның қаласындағы зынданға тастайды. Оның қару-жарақтарын көрген, Диляфруз атты

патшаның қызы оған ғашық болады. Ол Пайғамбар (с.а.с.) Садуақас екеуінің некесін қиюға бұйырғанын түсінде көреді.

Шайқаста жалғыз қалған Әбілмәжін сегіз мың кәпірді жеңіп, Сәдуақасты құтқаруға Қатаруль Айндың қаласына келеді. Әбілмәжінді көрген Диляфруз оның алдынан шығып, мұсылман болуына лебізін білдіреді. Мән-жайын анықтаған соң, екеуі зынданға барып, Сәдуақасты құтқарады. Өз қызының мұсылман болып, батырлармен бірге ергенін естіген Қатаруль Айн патша жан-жақтан әскер қолын жинап, оларды ұстауға бұйрық береді.

Осы мезетте Мұхаммед пайғамбар киікті іздеп кеткен сахабаларын уайымдап, керуенмен келген халықтан сұрайды. Кәпірдің зардабына ұшыраған керуеннің бір адамы шығып, олардың кәпірлермен шайқасқанын, оларға көмектескенін, батырлығын баяндайды. Мұхаммед пайғамбар оларды тезарада табуға Әлиге бұйырады. Әли Зұлпықар қылышын алып, Дүлдүл атына мініп, Қанбармен бірге жолға аттанады. Бес күндік жол жүріп, бір тауға кезігеді. Таудың артынан бұлақты көреді. Бұлақтан дәрет (таһарат) алып, намаз оқиды. Кейін Әли бір тауға барып, Қанбармен сол жерде күтуге келіседі. Тауда айдаһар мен оның бір тамшы қанынан пайда болған жүз диюлармен соғысқан Әли қайтып келсе, Қанбарды жау әскері тұтқындап әкетіп жатыр. Сөйтіп Әли Қанбарды іздеуге кетеді. Жолда Әбілмәжінді кездестіреді. Әбілмәжін Сәдуақас пен Диляфрузды Науадир қаласында қалдырып, көрші шаһарға барды. Қаладағы тұрғындар оның шоқпарын көре сала, Ислам дінін қабылдайды. Әли мен Сәдуақас Науадир қаласына келсе, кәпірлер қаптап, оларды ұстап алады. Әлидің Науафил деген кәпірмен шайқасуын сипаттайды. Ақыры Қатаруль Айн патшаны өлтіріп, оның әскері де, қала тұрғынадары да иман келтіреді. Медресе салып, дін үйретеді. Сарманд деген уәзірді патша қылады.

Төртеуі отыз түйе алып, Қанбарды іздеуге тағы жолға шығады. Бір күннен кейін бір шаһарды көреді. Оған жету үшін тағы үш күн кетті. Шаһарға келсе, халқы жоқ, алтын мен күміске толы бір қала екен. Біраз тынығып, жолға шықса, алдынан Мұсайып ғазы деген батыр шығады. Онымен шайқасып, тұтқындап, бесеуі жолға шығады. Он алты күн өтіп, Хиуаранның шаһарына келеді. Хиуаранның әскерлері оларды көре сала, патшаға апарады. Патшаның алдында Әли өзін Қашымшым атты саудагер деп таныстырады. Әлидің құлын ұстаған патша оны растау үшін Қанбарды көрсетеді. Екеуі бір-бірін танығанын кәпірлерге білдіртпейді. Қанбарды зынданға тастайды. Той тойлап жатқанда, патша әскері Қашымшымның жылқысы жетпіс кісі өлтіріпті деген хабар береді. Оны естіген патша Әлиден тұлпарын сатуға сұрайды. Әли Дүлдүліне жоспарын айтып, сыбырлайды да, бір дорба алтынға сатады да, Әбілмәжін мен Сәдуақасқа барады. Дүлдүл шаһардың ішін ойран салып, 170 кәпірді өлтіреді. Патша атын иесіне қайтарады. Кейін қылышы мен Дүлдүлімен бірге Қанбарды құтқару үшін Әли зынданға жалғыз барады. Екеуін сыртта қалдырып, өзі зынданға кіреді. Әбілмәжін аңға кетеді. Осы сәтті Хиуаран патшаға Деляфруздың сұлулығы хабар келеді. Патша Әбілмәжіннан сұлу қызды сатуға ұсынды. Оның қарсылығын естіген кезде, 7000 әскер тартып алуға жібереді. Кейін тағы 20000 әскер жібереді. Екеуі соғысқанда, байлаулы болған Мұсайып ғазы иманға келіп,

мұсылман болады. Деляфруз оны босатып, үшеуі соғысады. Кәпірлер үшеуін ұстап алады да, патша қызбен оңаша қалады. Пайғамбардан көмек сұраған Деляфруздың тілегі қабыл болып, бір айдаһар пайда болады. Патша қашып кетеді де, от жағып, табынатын пұттардан көмек сұрайды. Оттан бір дауыс шығады да, үшеуін дарға асуға бұйырады.

Қанбарды зынданнан шығарып алған Әли сыртта қалдырған аты мен қылышы ғайып болғанын көреді. Сол кезде Фируз, Нәһар, Жәмшід деген патшалар аң аулап жүреді. Нәһар мен Жәмшід ат пен қылышты көргенде, алмақшы болады. Сол кезде Дүлдүл Зүлфиқарды тістеп, көкке ұшып кетеді. Бір жерге қонған Дүлдүл Зүлфиқарды қойып, өзі жайлап жүреді. Сонда аң аулап жүрген Фируз патша қылышты алып кетеді. Түнде ұйықтап жатқанда, Фируздың түсіне Әли кіреді. Сөйтіп, ол түсінде иман келтіріп, мұсылман болады. Қанбар мен Әли қаладағы бір дауыс естиді. Деляфруз, Сәдуақас пен Мұсайыпты дарға асайын деп жатқан еді. Әли қаһарланып айғай салғанда, Дүлдүл Зүлфиқарын тістеп, он екі күндік жерден ұшып оған келеді. Әлидің айқайын диюлармен соғысып жүрген Әбілмәжін де естиді. Дарға асайын деп жатқан достарын Әли мен Әбілмәжін құтқарып босатады. Хиуаран патша Қашымшымды ұстау үшін 40 күн бойы жан-жақтан әскер жинайды.

Мәлікаждарды көшбасшы етіп, Әлиге көмекке барсын деп Аллаһның бұйрығы Жәбірейіл періште арқылы Пайғамбарға уахи келеді. Хиуаранның үстіне барып, Ахан Руба деген тауда Хауарзамин шаһарының патшасы Жәмшід патшаны диюлар азғырып жатыр, Жәмшідті мұсылман қылып, оның шаһарын алсын деген бұйрық келеді. 40 мың қол жинап, Мәлікаждар атты сахабаны Әлиге көмекке жібереді.

Хиуаран патша өз ағасы Жәмшід патшадан көмек сұрайды. Жәмшід Имлақ батырын басшы етіп, екі жүз мың палуанмен бірге жібереді. Мирзинһар шах, Фируз, Шаһаур патша Ислам қабылдап, Жәмшід шахқа қарсы соғысады. Фируз патшаның Самандүр деген палуаны болады. Кәпірден Сәмәнт деген кісі шығады. Оны да өлтіреді. Мұсылмандардан 3000 әскер шаһид болады. Мұсылмандардың жағдайы қиналып кеткенде, Пайғамбардың көмекке жіберген Мәлікаждар қырық мың әскерімен бірге қосылады. Сөйтіп мұсылмандар жеңеді. Хиуаран патша Имлақпен бірге кемеге мініп, Жәмшідтің қаласына қашады. Ертеңгі күні Хиуаран қаласының тұрғындары дінді қабылдайды.

Хиуаран патша Жәмшід шаһқа қашады. Әли мен басқа сахабарлар оның артынан барады. Теңізден өту үшін кемелерге отырып, жолға шығады. Теңіздің ортасынан бір толқын ұрып, көбісі суға батады. Тек Әли, Деляфруз және бір топ әскер жағаға шығады. Әли бір тауды көреді. Таудың жартысы өшпейтін (асты) от болса, жартысы (үсті) ерімейтін қар екен. Ол дұға оқып, тауға шықпақшы болады. Оттың ыстығы етін күйдірсе, қардың суығы сүйекке дейін өтеді. Әли Аллаһтан жәрдем сұрағанда, бір дауыс естиді. «Бұл таудың аты – Бұлұр. Бұрын Рүстем батыр келген екен. Ол Әли сияқты жалбарынып дұға етті. Оған да сенен кейін Әли деген батыр келеді» делінді. Таудың шыңына жеткенде бір көл көрінді. Көлдің үстінде бір көпір бар. Оның үстінде оны өлтірмекші болған сиқыршы қыз бар еді. Зүлфиқарын алып, қызбен шайқасады. Қыз бен

диюлармен шайқасқаннан кейін, үстінде алтыннан жасалынған күмбезді көреді. Күмбезді Зульфикармен де, шокпармен де ұрады. Бірақ сындыра алмайды. Ясин сүресін 7 рет оқып, күмбезді сындыруға бел буады. Сындырғаннан соң, бір күн-түн ессіз таңып қалады. Көзін ашса, қар, от, қыз, күмбез ғайып болады.

Бұлұр тауында Фируз, Мирза Зинхар, Хиуаран патшалары, Әбілмәжін мен Садуақас өз әскерменен, Мәлікаждар мен Мұсайып ғазы өз әскерімен қауышады. Үш күн жол жүреді. Төртінші күні бір құдыққа тап болады. Ол құдықтан жан-жаққа айыратын бес бөлек жол бар еді. Құдықтың басында жазуды оқиды. Бұл жолдың біреуі аман, қалғандары жаман деп делінген. Бес жолға бөлінген сахабалар әр түрлі оқиғаларға тап болады. Кейін қайтадан бас қосып, Жәмшід патшаға қарсы шығады. Жәмшід Ытай-и һутен қаласының патшасы Салсал шахтан көмек сұрайды. Жәмшідке көмекке жіберген Керафил мен Сарубал атты ұлдарын жіберген Салсал кейін өзі Әлимен жекпе-жекке шықпақшы болады. Ақыры жеңілген Салсал «мұсылман» болуға уәде берсе де, іштен кек ұстайды. Салсалдың екіжүзділігі айқындалғаннан кейін Әли оны өлтіреді. Әли Ахен Руба тауындағы диюлармен соғысып, Жәмшідті азғырып отырған оттан босатады. Соңында Жәмшід шах жеңілгенін мойындап, иман келтіреді. Барлығы үлкен олжамен Мәдина қаласына оралып, Пайғамбармен қауышады.

Түйін

1-тарауды қорытындылай келе, мынадай түйін жасауға болады:

1. Қисса жанры түркі халықтары әдебиетінде кең тараған. Алғашқы қиссалар мұсылман дінін уағыздайтын шығыс әдебиеті сюжетіне құрылған көлемді, уақиғалы шығармалар еді. Олар түрік, әзербайжан, түрікмен халық әдебиеттерінде «джанкнаме» деген атымен танымал болды. Парсы халқы арасында таралған бұл жанр тек дін үшін күресті суреттейтін тарихи туынды болса, түркі әдебиеттерінде «джанкнаме» дін үшін соғыс және қаһармандық оқиғаларын мифологиялық кейіпкерлермен аралас баяндайтын жыр, проза немесе аралас прозамен жазылған. Аталған пікірлерге қосыла отырып, «джанкнаме – Исламға дейінгі эпостық дәстүр мен Исламнан кейінгі діни атмосфера тоғысқан шығарма, яғни түркі мәдениетінің араб және парсы мәдениеттерімен қосылуы нәтижесінде пайда болған туынды» деген анықтама бере аламыз.

Хз. Әлидің діни-қаһармандық хикаялары түркі халықтардың дүниетанымының өзгеруіне үлкен әсер қалдырды. Олар XIII-XIV ғасырдан бері аудару, өзгеру, көшірілу арқылы түркі халықтарының әдебиетіне еніп, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Түркі дастандарымен тығыз байланысқан джанкнамелер түркі тілдес халықтар арасында белгілі. Олар әсіресе әзірбайжан, өзбек, түрікмен халықтарының әдебиеттерінде жиі кездеседі.

2. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басталуы, өрбитін оқиғалар желісі мен кейіпкерлердің есімдері, топонимикалық атаулары жағынан түркі халықтары арасында кең тараған «Салсал» («Салсал-наме», «Қисса-и Салсал») дастанының бір үлгісі. Сондықтан зерттеудің нысаны болған қолжазба XX

ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса жанрының тілдік ерекшеліктерін зерттеуге таптырмас дерек ретінде құнды.

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқаларымен салыстырмалы зерттеулері негізінде, зерттеп отырған қолжазбамен қатар, шетелдік және отандық кітапханалар мен жеке қорларынан бес нұсқасы қарастырылды:

1) Шетелдік нұсқаларынан ең көнесі – 25 парақтан (48 бет) тұратын толық емес мәтін 1571 жылы Ибн Жүсіптің қолымен көшірілген, Париж қаласындағы Франция Ұлттық кітапханасында Қолжазбалар қорында «Қосымша түркі әдебиеттер (Supplément Turc)» бөлімінде №1207 нөмерімен тіркелген «*Ḥikāyet-i Şaṣāl Ġazāvat-ı ‘Alī Kerremallahu Veçeh*» дастаны. Қолжазба туралы итальян түркітанушы А. Галотта, түрік ғалымдары Н. Илихан мен И.Каяокай өздерінің зерттеулерінде таныстырған.

2) Екінші нұсқасы – XIX ғасырда А. Шенліктің қолымен көшірілген 173 парақтан (346 бет) тұратын «Салсал-наме» үлгісі Түркия Республикасының Ұлттық кітапханасы Қолжазбалар қорында 06 Mil Yz A 7522/1 нөмерімен тіркелген.

3) Үшінші нұсқасы – Қазан қаласындағы М.А. Чиркова балаларының баспаханасында Ш. Хұсайынов балаларының бастыруымен 1906 жылы жарық көрді. Қазіргі таңда «Салсал» атымен Қазан қаласының Ұлттық кітапханасында №1522045-ИТ (индекс: Ә-С18) нөмерімен тіркелген.

4) Төртінші нұсқасы – Алматы қаласы, Орталық Ғылыми кітапханасында №1371 нөмерімен тіркелген, 1951 жылы академик Ә. Марғұлан тапсырған, 94 парақтан (188 беттер) тұратын аяқталмаған «Салсал-наме» дастаны.

5) «Қисса-и Салсал» кітабы Қазан қаласында 1879, 1883 және 1888 жылдары басылған басылымның жалпы таралымы – 23200 дана. Бесінші нұсқасы да 1909 жылы басылған М. Жұмашұлы тарапынан көшіріліп, өз бетінше жырлаған «Қисса-и Салсал» кітабы. Қазіргі таңда Ш.1089 нөмерімен ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақталуда. Бабалар сөзінің 15-томында еш түзетусіз кирилл әрпімен басылды. Дастанның басқа «Салсал-наме» үлгілерінен ерекшеліктерінің бірі – қазақ мәдениетіне сай домбыра, қобыз, бөрі, орыс, т.б. сияқты ұғымдар мен фразеологизмдер мен теңеулердің қолданылуы.

6) Алтыншы нұсқасы – Ә. Марғұлан тапсырған «Салсал» дастанымен мазмұндас, зерттеу нысаны болып отырған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасы. Алматы тұрғыны А. Невгодтың Ш. 261 нөмірімен жеке қолжазба қорында сақталған бұл шығарма араб графикасымен (яғни талик жазуымен), проза жанрымен, ортағасыр түркі әдеби тілінде жазылған. Шығарма 92а беттен басталып, 260b бетте аяқталған, 169 парақтан (337 бет) тұратын «Салсал-наме» дастанының толық шығармасы.

3. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасына жасалынған палеографиялық және кодикологиялық зерттеулердің нәтижесінде келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

– қолжазбаның сыртқы сипаттамасы: қолжазба мұқабасы бедерлі жасыл былғарымен қапталған. Кітаптың мұқабасында үш медальоны (орталық турунж бен екі сартурунж медальоны) орналасқан. Барлығы гүлді ою-өрнектермен

безендірілген. Турунж медальонының бірінде *'Abd-ul mulla a 'ttar* жазуы бар, ал сартурунж медальонында хижра бойынша 1324 жыл (1906) деп мұқаба жасалу тарихы көрсетілген.

– қолжазбаның ішкі сипаттамасы: қолжазба оқуға ыңғайлы *насталиқ* жазу стилімен жазылды; әр бетінде он бір жолды (шамамен 5-6 сөйлем) қамтиды; *ṣāh* (127b/10), *ḥal* (176b/3), *qız* (140b/9) сияқты кейбір сөздері қайталанып жазылған; шығармада тыныс белгілері қойылмағандықтан, жалқы есімдердің барлығы кіші әріптермен көрсетілді; мәтінде кейбір жерлерден басқа харакаттар қолданылмайды;

– қолжазбасының ішкі мағлұматтары: соңғы он парағы аяқталмаған медициналық мәтін жазылған; қолжазбаның колофоны түркі, араб және парсы тіліндегі тіркестерден құралған; қолжазба Орта Азиядағы Қоқан хандығының территориясында Оңтүстік Қазақстан өңірінде жазылған қолжазба ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

2 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Араб жазуымен жазылған түркі жазба ескерткіштерінің графикалық белгілерін фонологиялық тұрғыдан түсіндіру түркі тілдерінің тарихи фонологиясының күрделі міндеттерінің бірі болып табылады.

Ислам діні мен ғылымының өркендеуіне ортағасырларда Орта Азияға араб жазуының енуіне себеп болды. Сол заманның ғұламалары ана тілдерімен қоса араб тілін жақсы меңгеріп, шығармаларын араб жазуымен жаза бастады. Дегенмен араб әліпбиі түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін анық бере алмайтынын түркітанушылар әрдайым көрсетіп отырады. «Насколько недостаточны графические средства арабского алфавита, для передачи тюркских звуков вообще, можно судить хотя бы по тому обстоятельству, что в арабском алфавите существует только три знака для гласных один знак для *к* и *г*, и не всегда передается различие между *ч* и *ж*, *п* и *б*» [92, б.64]. Мысалы, түркі тіліндегі /к/ мен /г/, /р/ мен /б/ дыбыстары араб жазулы қолжазбалар мен басылымдарда көбінесе бір таңбамен беріледі [93, б.50].

Қолжазбадағы дауыссыз дыбыстарды жеткізу үшін араб әліпбиінің барлық әріптері мен парсы тіліндегі /р/ және /ç/ әріптері қолданылады. Осылайша кейбір қосымша белгілерді енгізу арқылы түркі халықтары араб әліпбиін ана тілінің берілуіне бейімдеген.

Ескі жазба мәтіндерді оқудағы практикалық дағдылармен қатар, зерттеушіден ең алдымен графика теориясының бірқатар мәселелерін шешу, әсіресе бір тілдің әліпбиін екінші тілдің сұранысына бейімдеу талап етіледі.

Біріншіден, шет тілінің әліпбиін ала отырып, жазушы әдетте өз ана тілінің фонологиялық жүйесіне және дыбыстық ассоциацияларға сүйене отырып, жеке графемаларды таңдайды. Бірақ бұл графемалар дыбыстық құрамға толық сәйкес келмейді, яғни бір белгі бірнеше графофонемаларды білдіре алады [94, б.281].

Екіншіден, жазудың фонетикалық принципі дыбыстарды неғұрлым адекватты беру үшін екі немесе бірнеше графемаларды біріктіру арқылы бір фонеманы белгілеуді көздейді [94, б.284].

Зерттеу нысаны болған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы харакатсыз жазылған әрі кейбір әріптер жүйесіз түрде хатқа түсірілген. Дауысты дыбыстардың ашық не қысаң деп оқуына біраз қияншылық туғызды. Сонымен қатар ортағасыр жазба ескерткіштері сияқты қолжазбаның емле тәртібі барлық жерде қатаң сақталып отырмағандығын ескере айту керек.

2.1 Қолжазба тілінің орфографиялық-фонетикалық жүйесі

Вокализм. Көне түркі тілінде 8 дауысты дыбыс болған. Ал жалпы түркі тілінде 8-11 дауысты дыбыс бар екені белгілі. Ортағасыр жазба ескерткіштерінде сияқты зерттеп отырған қолжазба мәтінінде де 9 дауысты дыбыс бар. Олар: /a/, /e/, /è/, /u/, /i/, /o/, /ö/, /u/, /ü/. Сонымен қатар, кейбір жерлерде араб пен парсы

тіліндегі сөздерді созылыңқы /ā/, /ī/, /ū/ дауысты дыбыстары және тек парсы тіліндегі сөздерінде қолданылатын /ō/ дауысты дыбысы қолданылады.

Араб графикасында дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелерінің өз алдына жеке таңбасы жоқ. Сондықтан араб әліппесімен ертеде жазылған еңбектерден ол заманда дауысты дыбыстар үндестігінің бар-жоқтығын, егер бар болса, оның қандай сипатта болғандығын айқындау қиын [2, б.7].

Қолжазба мәтінінде жіңішке және жуан дауысты дыбыстардың үндестік заңы көбінесе сақталған. Дегенмен кейбір сөздерде үндестік заңының сақталмағаны байқауға болады: *şehriğa* (132a/11), *öziņa* (187b/1), *kāfirlerğa* (122a/8), *alarge* (156b /10), *hüşleriğa* (247a/7), т.б.

/a/ – ашық, жуан, езулік фонемасы. Сөз басында /a/ дауысты дыбысы түркі тілдеріне тән сөздерде *ālin* (ا) немесе созыңқы *ālin* (ā) , ал кірме сөздерде тек қана созыңқы *ālin* (ā) арқылы берілген. Сөз ортасында кездескен жағдайда кейде *ālin* (ا) түрінде көрсетілсе, кейде ешқандай белгімен көрсетілмейді. Сөз соңында кездескен жағдайда, кейде *ālin* (ا) арқылы, кейде жіңішке *he* /ه/ әріптерімен көрсетіледі. Мысалы: *aydı ki* (95a/2), *av avlap* (93a/9), *aṭlarığa*, *asman* (93a/11), *atımız* (97a/5), *anı* (97a/1), *qayda* (96b/2), *bolsa* (96b/9).

/è/ – ашық, жіңішке, езулік фонемасы. Мәтінде көбінесе *ālin* (ا) әрпімен таңбалаған. Тек қана түркі тілдерінде кездесетін жабық *e* /è/ дыбысы сөздің басында немесе алғашқы буынында кездеседі. Бұл дыбыс сөз басында *ālin+üe* (اى) әріптерімен, ал сөз ортасында *üe* (ى)-мен жазылады. Мысалы: *erte* (99b/4), *èrdi* (99b/9), *kèçe* (104a/8), *yètmış* (99b/1), *yèrge* (237b/9), *bèl* (234b/11), *kèstiler* (104b/6), *èşik* (94b/7), *dèdi* (94b/10).

Осы әріп туралы отандық әрі шетелдік түркітанушылардың әр түрлі пікірлері бар. Түрік зерттеушілер бұл әріптің жазба ескерткішінде ешқандай таңбамен берілмегендіктен, оны /e/ дауысты дыбысымен оқыған дұрыс деп есептейді. Енисей ескерткіштерін алғаш оқып зерттеген Дания ғалымы В. Томсен ескерткіште бірен-саран сөздерде жабық қысаң дыбысталатын /è/ дыбысы қолданылған деп есептейді [95, б.26]. Т. Қордабаев араб әрпінің дауысты дыбыстар таңбасына кедейлігін, бір таңбаның контекске қарай әр түрлі дыбыстың орнын жүретінін айтты [1, б.3].

/e/ – ашық, жіңішке, езулік фонемасы. Мәтінде *ālin* (ا) әрпімен таңбалаған. Сөздің бірінші және кейінгі буындарында, сондай-ақ қосымшаларда кездеседі. /e/ дауысты дыбысы сөз ортасында *ālin* (ا) , жіңішке *he* (ه) немесе ешқандай таңба көрсетілмей жазылған: *eger* (126b/10), *iberdi* (95a/6), *dègen* (105a/10), *kirdiler* (106a/3), *köylek* (236b/8), *kerek* (243b/1), *köterdiler* (246a/1). Сөз соңында кейде *ālin* (ا) арқылы немесе жіңішке *he* (ه) әріптерімен көрсетіледі: *yigirme* (98b/1), *kèmege* (260a/9).

/l/ – қысаң, жуан, езулік фонема. Сөз басында *ālin+üe* (اى) әріптері арқылы таңбаланады: *lssig* (142b/7). Сөз ортасында немесе соңында *üe* (ى) әрпімен немесе ешқандай таңба көрсетілмей, көбінесе қосымшаларда қолданылады. Мысалы: *qılıp* (143a/9), *bir qız* (144a/11), *qılıç* (100a/10), *çıqtı* (102b/8),

başını (104b/5), *qızını* (104b/8), *qıldılar* (105a/8), *çıqmadı* (107a/2), *uyqıda* (108b/9), *atıñıznu* (110b/10).

/i/ –қысаң, жіңішке, езулік фонема. Сөз басында *əlin+üe* (اى) әріптерімен берілген: *iberdi* (95a/6), *içkeri* (102a/1). Сөз ортасында немесе соңында *üe* (ى) әрпімен немесе ешқандай таңба көрсетілмей жазылған: *yigirme* (98b/1), *yigit* (96b/11), *iştān* (236b/8), *öziñ* (115a/5), *iki miñ kāfir* (116a/3), *ādemni öligidin* (116b/3), *istep* (117b/3), *içidin* (118a/1), *eşikidin* (121b/3).

/o/ – ашық, жуан, еріндік фонема. Басқа дауысты дыбыстардан айырмашылығы – /o/ әрпі сөздің тек алғашқы буынында кездеседі. Мәтінде сөз басында *əlin+yau* (او) әріптері арқылы, ал сөз ортасында *yau* (و) әрпімен таңбаланған. Мысалы: *olturupdur* (144a/11), *sovuq* (144a/6), *on iki miñ* (97a/7), *ot* (98a/1), *qoşuldı* (101a/10), *oq* (101b/7), *toqsan oğlıdın* (209b/3), *yoq* (224a/5), *boynını* (121b/6). Түркі тілдерінде /o/ дауысты дыбысы сөз соңында кездеспейді.

/ö/ – ашық, жіңішке, еріндік фонема. Сөз басында *əlin+yau* (او) әріптері арқылы, ал сөз ортасында *yau* (و) әрпімен таңбаланған. Қолжазба мәтінде сөздің алғашқы буынында кездеседі. Мысалы: *ötkizgen* (151b/11), *köñlüñde* (156a/2), *özge mü* (121a/2), *söz* (102a/8), *közleriğa* (102b/6), *körse* (127b/11), *öligi* (129a/1), *köp* (129b/9), *görüştiler* (130a/1), *tört* (132b/6).

/u/ – қысаң, жуан, еріндік фонема. Мәтінде сөз басында *əlin+yau* (او) әріптерімен, ал сөз ортасында немесе соңында *yau* (و) әрпімен таңбалады. Сөздің барлық буындарында, әсіресе қосымшаларда кездеседі. Мысалы: *uyquğa* (147b/2), *qarangı* (241b/8), *olturupdur* (144a/11), *urup* (137b/2), *sugurup* (140a/5), *buzup* (260b/3), *burun* (143a/4), *quduqqa* (147a/5).

Түркітану ғылымында /u/ дыбысы бірде дауысты, бірде дауыссыз болып саналғанмен, оның даму жолына, этимологиясына көңіл бөлінбеді. Түркі тілдерінен жүйесі бөлек тілдерде таза /u/ дауыстысы бар екені белгілі. Ал қазақ тілінде таза айтылатын /u/ дауыстысы жоқ [12, б.14]. Кейбір кірме сөздерінде /u/ дауысты дыбысы /i/-ге болып өзгеретінін М. Томанов «и» дифтонг дыбысының қазіргі тілде монофтонгиге айналу процесі деп атаған [2, б.47].

/ü/ – қысаң, жіңішке, еріндік фонема. Мәтінде сөз басында *əlin+yau* (او) әріптерімен, ал сөз ортасында немесе соңында *yau* (و) әрпімен таңбалады. Мысалы: *üyge* (149b/2), *kündüz* (150a/11), *bülbüller* (93b/7), *güller* (93b/7), *kirsün* (147b/7), *tüş kördiler* (147b/4), *üçüncü* (156a/7).

Вокализмдердің өзгеруі мен түрленуі. Түркі тілдерінің үндестік заңы (сингармонизм заңдылығы) көне жазбаларда қатаң сақталған. Көне түркі сөздері бірыңғай жуан немесе жіңішке жазып отырған. Дегенмен ортағасырда көптеген тайпа одақтары мен халықтар тілдерінің дамуы әсерінен сингармонизм заңына бағынбай жазылған [46, б.76]. Осындай ерекшелік ортағасырлық түркі жазба дәуірінің соңғы кезеңіне, яғни XX ғасырдың басына дейін көрініс табады. Зерттеп отырған қолжазба тілінде үндестік заңы басқа ескерткіштер тілінде сияқты бір сыпатты емес. Кейде сөз басындағы *a*, *e*, *ы*, *i* дауысты дыбыстарынан кейін езулік қысаң дыбыстарымен қатар еріндік ашық, еріндік қысаң дауыстылар айтылуы мүмкін: *altun* (117b/9), *ayturlar* (205a/2), *azgurur* (205b/10), *bildürmeý*

(236a/7), *boyunge* (196b/4), *çapsunlar* (202b/6), *bolgeymen* (108a/10). Бұл фактілер қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерінде еріндік гармония жағынан бірыңғай болмағандығын көрсетеді [2, б.38].

1) Дауысты дыбыстардың өзгеруі

– /o/ > /u/ және /ö/ > /ü/ өзгеруі;

Араб әріптерімен жазылған мәтіндерде /o/, /ö/, /u/, /ü/ дауысты дыбыстары *alin* (ل) және *уay* (و) әріптерімен жазылған. Талдап отырған қолжазба мәтінде де осындай өзгеріс байқалады. Мысалға, *اووشگون* *oşol* (170a/8, 170b/4) сөзі «Оғызнаме» ескерткішінде *oşul* деп берілген: *oşul oşulnuñ öñlügi çirayı kök erdi* – сол ұлдың беті көк еді [39, б.372].

– /e/ > /ü/ өзгеруі;

Сөздің алғашқы буында /e/ дауысты дыбысы /ü/ дауысты дыбысына өзгіріліп, *alin+уay* (و) әріптері арқылы беріліп тұр. Мысалға «Күлтегін» ескерткішіндегі *eb* сөзі қолжазба мәтінде *اوی* *üy* (103b/4) сөзімен сәйкес келеді: *kültegin ebig başlaju qitimiz* – Күлтегін үйіне (?) жібердік [39, б.162]. «Оғызнаме» ескерткішінде де *ij* сөзі қолданылған: *kenä jolda bedük bir ij kördi* – жолда бір үй көрді [39, б.623].

– /ı/ > /u/ және /i/ > /ü/ өзгеруі;

Ортағасыр ескерткіштерінде *-dir* жалғауының дауысты дыбысы езулік болып келеді. Бұл жалғаудың еріндік түрі оғыз тіліндегі ескерткіштерінде кездеседі. Мұндай ерекшелік талдап отырған қолжазба мәтінде бар. Мысалы: *qıldır* > *qıldur-* (182b/6), *tanır* > *tanur* (120b/6), *yarış-* > *yaruş-* (161a/9).

– /u/ > /a/ өзгеруі;

Махмұт Қашқаридің сөздігінде, «Құдатғу Білік» ескерткішінде *tolu* деп берілген сөз уақыт өте өзгеріске ұшырып, *tola* деп қолданылып, *he* (ه) әріптерімен көрсетілген: *tolu* > *توله* *tola* (117b/7).

– /ü/ > /e/ өзгеруі;

Ортағасыр жазба мұраларында /ü/ дауысты дыбысы «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында /e/ дауысына өзгерілгенін байқауға болады: *kötür-* > *کوتاریب* *köter-* (258b/11).

– /ü/ > /i/ өзгеруі;

Ортағасыр ескерткіштерінде қолданылған /ü/ дауысты дыбысы /i/ дауысына өзгерілді: *berü* > *beri* (153a/1), *ilgerü* > *ilgeri* (142b/3). Дегенмен бірінші мысалда екі сөз де қолданылғанын көруге болады. Мысалы, «Диуани лұғат ат түрік»-те *berü* сөзі: *ol berü kelimisindi* – «ол бері келгендей болды» [39, б.96]; «Алтын яруқ» ескерткішінде *beri* сөзі: *nom eşişkâli bери tегingäj biz* – «заңды тындау үшін мында келеміз» [39, б.95].

2) Дауысты дыбыстардың түсуі. Қазақ тілінде сияқты ортағасыр түркі тілінде де екпіні жоқ орта буынды дауысты дыбыстар көбінесе түсіп қалады. Талдап отырған қолжазба мәтінде дауысты дыбыстың түсіп қалуы келесідей мысалдардан көруге болады: *ağız* > *ağıza* (111b/11), *könül* > *könlüm* (92b/5), *könül* > *könlünde* (156a/2), *oğul* > *oğlunı* (217b/9), *orın* > *orınge* (205a/8), т.б.

3) Дауысты дыбыстардың туындауы (түрленуі). Қолжазба мәтінде сөздің соңғы буындағы дауысты дыбыстың туындауы аз да болса кездеседі. Оған *sora-*

сөзі мысал бола алады: *sor-* > *sor-a-*: سورادى *soradı* (96b/1). Бұл етістіктің екі варианты да кездеседі: سوردى *sordı* (162b/4). Ортағасыр жазба мұраларында *eşit*-етістігі қолжазба мәтінінде еш өзгеріссіз қолданылған: eşitip (217b/4). Қазіргі қазақ тілінде /i/ дауысты дыбыстың түсіп қалған.

Консонантизм. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында жазылған араб әліпбиіне дауыссыз дыбыстар дауыстыларға қарағанда толығырақ көрініс тапқан. Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болса, ортағасырда дауыссыздар қатары толысқаны байқалады. Зерттеу нысаны болған мәтінінде ортағасыр түркі тілдерінде сияқты 31 дауыссыз дыбыстың барлығы көрініс табады. Олар: /b/, /c/, /ç/, /d/, /f/, /g/, /'/, /ğ/, /h/, /ħ/, /h̄/, /k/, /l/, /m/, /n/, /ŋ/, /p/, /q/, /r/, /s/, /š/, /s̄/, /ş/, /t/, /t̄/, /v/, /y/, /z/, /z̄/, /z̄/.

Мәтінде үш түрлі *c* әрпі (/s/, /š/, /s̄/), екі түрлі *m* әрпі (/t/, /t̄/), төрт түрлі *z* әрпі (/z/, /z̄/, /z̄/, /z̄/) жеке-жеке қолданылғандықтан, әрбіреуін жеке алып, өзіне тән ерекшеліктері көрсетіледі.

/b/ – ұяң, ерін дауыссыз. Мәтінде *bā* (ب) әрпімен таңбалаған. Сөздің басы мен ортасында келеді: باغلا *bağlap* (220a/7), بارماق *barmaq* (225b/1). Сөз басындағы /b/ дыбысының айтыла бастауы түркі негіз тілінің соңғы дәуірлерінде, сөз басындағы қатаң /p/ дыбысының фразалық екпін салдарынан ұяңдауының нәтижесінде орныққан. Қолжазбада /b/, /p/ дыбыстары негізінен арнайы әріппен ажыратылмай көбіне /ب/-мен берілген. Белгілі түркітанушы Н.А. Баскаков /b/, /p/ дауыссыздары туралы былай жазды: «Фонетическая дифференциация согласных *b* и *p* реализуется взаимодействующих арабских и персидских словах... В наиболее ранний период губные согласные были представлены только одной фонемой (*p*) с соответствующими аллофонами, как для анлаута, так и для ауслаута, т.е. имели следующий состав аллофонов: *p* ~ *b* ~ *f* / *v* ~ *w* ~ *m*» [96, б.37]. Демек, /p/-дан өзге дауыссыздардың басында фонологиялық қасиеттері болмағанмен, ғасырлар бойы даму барысында жеке-жеке фонема болып қалыптасқан. Қолжазба тіліндегі сөз басындағы /b/ дыбысы қазақ тілінде /m/ дыбысына ауысқан: *nebèresi* (209b/3), *boynğa* (197a/7).

/c/ – ұяң дауыссызы. Мәтінде *джім* (ج) әрпімен берілген. Көбінесе сөздің басы мен ортасында кездеседі. Көбінесе кірме сөздерде қолданылады: *cān* (181b/2), *cebrā'ıl* (181b/10), *cenāze* (192a/10), *ħancarın* (193a/4), *ikinci* (203b/6), *sevāb* (97a/6), *marcān* (247b/2), *qılıc* (97b/10), *tāc* (187a/11). /c/ фонемасының көне түркі тілінде болуы, болмауы жайындағы мәселе түркітануда әлі шешілмеген. Кейбір түркітанушылар сөз басындағы /y/-дің өзгерісін *y*>*c*>*j* тізбегімен түсіндіре келіп, көне дәуірде түркі тілінде ж дыбысы болмаған деп түсіндірсе, Ғ. Мұсабаев *дж* дыбыс *ч* дыбысымен шатасып жүргенге ұқсайды дейді [12, б.18].

/ç/ – ұяң дауыссызы. Мәтінде *джім* (ج) және *дж* (چ) әріптермен берілген. Сөздің барлық позициясында кездеседі: چاقىردى *çaqırdı* (140b/4), كۇچاغلار *kuçağlar* (180b/8), اچ قاپتوردى *aç çapturdı* (105a/9), چاقماق چاقىلپ *çaqmāq çaqılıp* (207b/4), تان اچقنچا *tañ atqınça* (170a/3), *üç* (203b/7), *bıçāq* (214a/7), *çāresi* (214a/10). Мәтінде бір сөздің немесе қосымшаның жазылуында *ç* немесе *ч* әріптері қолданылатын жағдайлар бар. Бұл дыбыстардың ауызекі сөйлеуінде ерекшеленбеген деп болжауға мүмкіндік береді.

/d/ – ұяң дауыссызы. Мәтінде дәл (د) әрпімен берілген. Мысалдардың өте шектеулі санында көбінесе кірме сөздердің басында кездеседі: *deryā* (247b/9), *dīdār* (251a/6), *dūzahqa* (251b/7), *dūldūldin* (254a/8), *dostlar* (256a/10), *meydān* (250a/8), *pādiṣāh* (248b/7). Типтік позиция – сөздің ортасы: *qadam* (143a/1), *dēdiler* (143a/6), *munda* (95a/2).

Түркі тілдерде сөздің аяғында *d* әрпі кездеспейді. Араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздерінде د әрпі кездеседі. Қолжазба мәтінінде *t-d* сәйкестілікті байқауға болады: *tört* (99b/8), *kemend* (101b/3), *meded* (251a/6), *murādım* (96b/8), *maqṣūdларыңыз* (96b/9).

/f/ – қатаң, тіс пен ерін дауыссызы. Мәтінде фә (ف) әрпімен белгіленген. Бұл әріптің түркі тілінде пайда болуы араб, парсы тілдерінен енген сөздермен байланысты болу керек. Зерттеу нысаны болған мәтінде тек кірме сөздердің құрамында кездеседі: *fermān* (127a/5), *zū'lfīqār* (127b/6), *giriftār* (128b/2), *fiḡān* (142a/2), *feryād* (192b/5), *fırṣat* (242b/6), т.б. Профессор М. Томанов қыпшақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды зерттей келе, былай деп жазды: «Көне түркі тілімен салыстырғанда, қыпшақ тілі консонантизм ыңғайында біраз «жаңартылғандығын» көруге болады: *ж, х, һ, ф* дыбыстары көне түркі тілінде қолданылмаған. Қыпшақ тілінде *х, ф, һ* дыбыстарының қолданылуы басқа тілдермен қатынасқа түсудің, тілдік байланыстың нәтижесі болу керек» [2, б.38]. Мәтінде *p-f* сәйкестігі көрініс табады: *feriṣte* >періште, *ferzent* 213a/3 > перзент, *fil* 125b/11 > піл, т.б. Негізінен сөздің ортасы мен аяғында қолданылады: *köfürük* (144a/10) > *köpürük/g* > көпір; *kāfir* (99a/2) > кәпір, *ṭaraf* (99a/4) > тарап; *namāz-ı ḡuften* (102b/2) – құптан намазы; *filān cāydā* (110b/6) > пәлен жерде; *fātiha al-* (111a/6) – батика алу.

/g/ – ұяң, тіл ортасы дауыссызы. Қолжазбада /g/ дыбысы кәф (ك) әрпімен берілген. Араб және парсы кірме сөздерінің басында, түркі сөздерінің ортасында келіп, сөз соңында кездеспейді. Мысалы: *تөгүп* *tögüp* (198a/9), *گۈللەر* *güller* (93b/7). Ортағасыр ескерткіші мен қазақ тіліндегі сөздердің абсолют басындағы /g/ дыбысы сыртқы әсерден, әрі басқа тілдерден кірген сөздердің ықпалымен қалыптасқан дыбыс.

/ʕ/ – көмейден шығатын араб тілінің дыбысы. Мәтінде 'айн (ع) әрпімен берілген. Негізінен араб тілінен енген сөздердің басында кездеседі. Сөз ортасы мен соңында өте сирек ұшырасады. Мысалы: *na're* (115a/8), *'alemdār* (116b/6), *qal'a* (117a/7), *ṭal'at* (123b/9), *sa'ādet* (123b/10).

/ḡ/ – ұяң, тіл арты дауыссызы. Мәтінде *ḡayn* (غ) әрпімен таңбаланған. Көбіне сөздің ортасында келіп, сөз соңында өте сирек қолданылады: *غایب* *ḡayıb* (245a/4), *ولغاندیلار* *uyḡandılar* (245b/11), *توراغ* *tofraḡ* (247b/3), *baḡlap* (108b/3), *suḡurup* (100b/7). «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы мен қазіргі қазақ тіліне ортақ элементтерді өзара алмасуының негізінен болғаны байқалады. Сөз басы мен сөз аяғында ḡ дыбысы q дыбысына келеді: *bul bāḡ* (95a/10) – бұл бақ, *ḡayret* (97b/9) – қайрат, *ayaḡlarıḡa* (103b/7) – аяқтарына, *taḡqa* (111a/9) – таққа, *ḡam yemegil* (113a/7) – қам жемендер.

/h/ – қатаң, тіл арты дауыссызы. Мәтінде *he* (ه) әрпімен таңбаланған. Араб және парсы тілдерінен енген сөздерде қолданылады: *pehlevān* (94b/5), *pādiṣāh*

(94b/9), *hemme* (100b/5), *hem* (167b/6), *her* (116a/8), *nāgāh* (108b/8), *hiç* (110a/3), *fātiha alıp* (111a/6), *hayrān* (112b/2), *hayqırıp* (112b/7), *şehriğa* (132a/11).

/h/ – қатаң, тіл арты дауыссызы. Мәтінде *xā'* (ح) әрпімен таңбаланған. Көбінесе араб және парсы кірме сөздерінің басында келеді: *hamle* (131a/2), *hazret* (167b/7), *maşlahat* (135a/2), *cerāhat* (137b/9), *āhir* (140b/8), *hayrān bolup* (141b/11), *puṭhāne* (260b/2), *hikāye* (260b/6), *hāzır* (217b/2), *huner*-өнер.

/h/ – қатаң, тіл арты дауыссызы. Мәтінде *xā'* (خ) әрпімен таңбаланған. Мәтінде тек екі сөзде ғана кездеседі: *halā'iq* (252b/6) – «халайық», *tahte* (142a/9), *dūzah* (164a/9), *haber* (168a/8).

/k/ – қатаң, тіл ортасы дауыссызы. Мәтінде *kəf* (ك) әрпімен таңбаланған. /k/ дыбысы барлық позициясында кездесе береді. Мысалы: *körgeli* (224b/10), *kün* (92a/10), *könlüm* (92b/5), *kördiler* (93a/11), *bir kēçe ve күндüz* (93b/1), *kirdiler* (93b/6), *körfe* (94a/5), *kümüş kāse* (94a/7), *kilim* (94a/4), *kirip keldi* (94b/8), *teşik* (96a/6), *kēstiler* (104b/6).

/l/ – үнді, тіл ұшы дауыссызы. Мәтінде *lām* (ل) әрпімен таңбаланған. Бұл дыбыс сөздің ортасында және соңында қолданылады: *yol* (142a/11), *qılıp* (142b/3), *boldı* (142b/5), *kelgēy* (143a/5), *bul* (143a/10), *ol* (143a/8), *alıp* (144a/2), *qolı* (144b/9), *saldı* (145a/8). Араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер ғана *l* дыбысымен басталады: *leşker* (147b/10), *lātmanāt* (182b/6). Ортағасыр жазба ескерткіштерінде сияқты қолжазба мәтінінде «oltur-» етістігінің /l/ дыбысы түсіп қалып, қазіргі қазақ тілінде «отыр» етістігінде кездеседі. Сондықтан оны тарихи тұрақсыз дыбыс деп атайды.

/m/ – мұрын жолды, ерін дауыссызы. Мәтінде *mim* (م) әрпімен белгіленген. Бұл әріп сөздің басында, ортасында, соңында да кездесе береді: *minip* (93a/5), *kümüş* (94a/7), *murādım* (96b/8), *hem* (100a/7). Б. Сағындықұлы: «*m* дыбысын *n~η~m* сәйкестігінің қатарына қосып, алдымен *b*, *p* фонемаларының *n* дыбысымен комбинаторлық, позициялық тығыз байланыста болғандығынан *m* аллофоны өмірге келген [96, б.15]» дейді. Мысалы: *boyun* (131a/4), *āsmān* (93b/3), *saqal burun* (198a/7).

/n/ – үнді, тіл ұшы дауыссызы. Мәтінде *nun* (ن) әрпімен таңбаланған. Сөздің барлық позициясында кездесе береді: *mundağ* (104b/10), *anda* (104b/11), *kündüz* (105a/11), *menim* (115a/9), *körsün* (121a/1), *on* (105b/6), *sensin* (115a/8), *körgen* (121a/5), *seksan* (121a/10). Сөз басында көбінесе сұрау есімдіктерінің құрамында айтылады: *nēme* (96b/2), *ne* (96b/9), *nēçe* (100a/9). /n/ дыбысы араб және парсы сөздерінің басында жиі келеді: *neyze* (99a/6), *nār* (126b/4), *na're* (135a/6), *nāme* (135b/11), *nişāne* (137a/3).

/ŋ/ – ұяң, тіл арты дауыссызы. Ортағасыр жазба ескерткіштерінде сияқты мәтінде *nun+kəf* (نك) қосынды әріптермен берілген. Көбінесе түркі тілдерінің ілік септік жұрнағында, жіктік пен тәуелдік жалғауларында, шақтардың жекеше түрі II жақ формасында кездеседі: *könlige* (252a/4), *maña* (92b/6), *oñ* (95b/10), *aña* (95b/9), *meniñ* (96b/7). /ŋ/ дауыссыз дыбысы сөздің басында қолданылмайды. Көбіне сөздің ортасы мен соңында келеді: *miñ* (105b/2), *tañ* (113b/2), *köñilleride* (163a/4). Екінші жақтың жекеше түрі аффиксінде *n - ŋ*

ауысуы белгіленеді: *cānin* (101a/3), *sensin* (115a/8), *nāzenin* (103a/11), *merdligiḡni* (122a/9), *alınlar* (124b/5).

/p/ – қатаң, ерін дауыссызы. Мәтінде /p/ дыбысы көбінесе *ба* (ب) әрпімен жазылады. Дегенмен /p/ дауыссыз дыбысы аз да болса *pe* /پ/-мен жазылғанын байқауға болады. Мысалы: *yapuṣtılar* (161a/8), *çapturdı* (105a/9). Әріптің сөз басында келуі тек кірме сөздерге ғана тән: *pādiṣāh* (95a/5), *pehlevān* (94b/8), *peydā*, *parmaq*, *parvāz*, *panā*, *pelenkdēk*, *pergāle*, *pelīd*, *perverdigar*. Түркі тілдеріндегі *-ip/-ip/-p* көсемшелері әрқашан /b/ әрпімен беріледі. Мысалы: *olturupdur* (144a/11), *qaytip barıp* (110a/1).

Көне түркі тілінде сөз басындағы қатаң дыбыстар болған дейтін теория бойынша, /p/ қатаң дыбысының ұяңдауының нәтижесінде сөз басында /b/ дыбысы пайда болған. Бұл құбылыс «Қисса-и Джанкнамеде» байқалады: *bıçaq*, *bayrāq*, *baş*, *barmaq*. /p/ мен /b/ дауыссыздарының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі фонологиялық қызметінің соншалық елеулі еместігі, әрі олардың сөздің барлық позициясында бірін-бірі оңай алмастыруы сияқты белгілері – сөз жоқ бұл дыбыстардың әуелде бір фонемадан өрбігендігінің нышаны [97, б.131].

/q/ – қатаң, тіл дауыссызы. Мәтінде *қаф* (ق) әрпімен таңбаланған. Сөздің барлық позициясында қолданыла береді: *qadd ü qāmet* (92b/11), *qıldı* (93a/1), *qal'a* (93a/10), *qible* (93b/3), *aqıp* (93b/10), *zevq* (93b/10), *lāyıq* (95b/10). Көне түркі тілінде қолданылған *q* дауыссызы ортағасыр мұрасының тілінде де, қазақ тілінде де сөз басында қолданылады: *qoyıp* (94a/2), *qulaqlarıǵa* (94b/2), *qaradılar* (94b/4), *qılıç* (97b/11), *qaçıp qutuldu* (98a/10). Қазіргі қазақ тілінде сөз соңында қолданылған *q* дауыссызы *ğ* әрпіне ауысатын болса, қолжазба тілінде ұяңдамай сол қалпында жазылды: *qaqıp* (99a/3) қағып, *baqıp* (92b/4) – бағып, *çiqar* (96a/6) – «шығар», *bāqa çiqıp* (97b/2) – «баққа шығып».

/r/ – үнді, тіл алды дауыссызы. Мәтінде *ра* (ر) әрпімен таңбаланған. Араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздерінің басында келеді: *rām* (164b/3), *resūl* (165a/7), *rızā* (165a/9), *rāst bol-* (166a/1), *revāne bol-* (168a/3). Түркі сөздерінің ортасы мен соңында кездеседі: *orın* (163a/8), *yarıłǵan* (163b/1), *kerek* (163a/6), *bēr-* (163a/3), *bir* (162b/10), *barursın* (162b/6). Ортағасыр жазба ескерткіштерінде сияқты *birle* (169a/7), *birlen* (180a/10) септік шылауларында *-r* әрпінің түсіп қалып, *bilen* (172b/10) шылауының қолданылғаны байқалады.

/s/ – қатаң, тіс дауыссызы. Мәтінде *син* (س) әрпімен таңбаланған. Сөздің барлық позициясында кездеседі: *selāmetliklerin* (180b/4), *pāsbān* (181a/9), *serāperde* (181b/1), *sāz* (181b/5), *sözümge* (182a/4), *kēsermin* (182b/11), *bir kēse su* (183b/7), *üstige* (188a/1), *saqāl* (188a/7). Әсіресе түркі тілінің *kēs-*, *bas-*, *as-*, *tüs-* сияқты бір буынды етістіктерінде соңында қолданылады. Тәуелдік пен жіктеу есімдіктері мен олардың жұрнақтарында, бұйрық райдың жұрнақтарында, ауыспалы осы шақтың болымсыз *-mas* тұлғасында үш «с» әріптерінен *син* (س) әрпімен берілген /s/ әрпі қолданылады.

/ş/ – қатаң, тіс дауыссызы. Мәтінде *çād* (ص) әрпімен таңбаланған. Бұл дыбыс араб және парсы сөздерінде ғана кездеседі. Мысалы: *qişsa* (92a/2), *şofalar* (94a/3), *şoradılar* (95a/8), *şilāh* (95b/1), *maqşūd* (96b/9), *maşlahat* (100b/5), *şāhipqırān* (103b/7), *şabāh* (104b/6), *şadaqat* (110b/5), *qaşd qıl-* (116a/10).

/s/ - қатаң, тіс дауыссызы. Мәтінде *сақау сә* (ث) әрпімен таңбаланған. Алғашқы екі «с» әрпіне қарағанда, бұл дауыссыз дыбыс қолжазбаның шектеулі сөздерінде ғана қолданылады. Олар араб және парсы сөздерінің басында және ортасында ғана кездеседі: *mişl* (119a/8), *āsār* (92a/4), *eşeri qalması* (112a/10), *şenā ayt-* (115a/2), *eşer qıl-* (144a/6).

/ş/ – қатаң, тіл алды дауыссызы. Мәтінде *шин* (ش) әрпімен таңбаланған. Бұл дыбыс сөз басынан гөрі сөз ортасы мен сөз соңында жиі айтылады: *taşladı* (121b/2), *işitildi* (94b/3). Араб және парсы сөздерінің басында келеді: *şāh* (92a/2), *şirīn* (92a/8), *şīr* (122a/5), *şehirini* (122b/10). Қолжазбада s–ş сәйкестілігі байқалады: *kümüş* (94a/7), *eşikdin* (94b/7), *tüşüp* (94b/10), *yağşı* (120b/10), *yaşları* (121a/7), *yêtmiş* (121b/5), *iş qıl-* (122a/4), *qaşlarığa* (123a/9), *taşqarığa* (123b/4).

/t/, /t/ – қатаң, тіс дауыссызы. Мәтінде *тә* (ت), *тә'* (ط) әріптерімен таңбаланған. Жіңішке /t/ әрпі сөздің барлық шенінде келеді: *tag* (93a/8), *teşik* (96a/6), *erte* (100a/1), *köterip* (101b/8), *temāşā* (102a/1), *tag éteğide* (111a/10), *tarttı* (111b/9), *uıqıtalmaу* (113a/1). Көне түркі тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де /t/ дыбысы сөздің барлық позициясында келе береді. Қолжазба тіліндегі /t/ дыбысының қазақ тілінде ұяндағаны байқалады: *toldı* (114b/10). Жуан /t/ әрпі тек кірме сөздерінде кездеседі: *tarafıda* (93b/4), *ta 'āmları* (94a/8), *taḥāret* (94b/1), *taḥl-ı cenk* (115a/2).

/v/ – ұяң, тіс пен ерін дауыссызы. Мәтінде *уау* (و) әрпімен берілген. Сөздің барлық позициясында кездеседі: *vaqt* (208a/5), *va 'de* (228a/2), *havāge* (201a/1), *ikevleri* (229a/11), *evvelkidin* (181a/5), *sovuq* (144a/6), *birev* (202a/1), *dīv* (205b/9).

/y/ – үнді, тіл алды дауыссызы. Мәтінде *йе* (ی) әрпімен таңбаланған. Сөздің барлық шенінде кездеседі: *herqaysıları* (137a/11), *aytdı* (137b/4), *ayağlarığa* (139a/1), *qayttılar* (140a/9), *aṭqoydılar* (141a/6), *ḥayrān* (141b/11). *Й* әрпі көне түркі дәуірінен келе жатқан түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде үлкен рөл атқарған дыбыс. Түркі негіз тілінде болған дауыссыз дыбыс бір буынды сөздің басында қазақ тілінде *ж*-ға, тува, хақас тілдерінде *ч*-ға, чуваш, якут тілдерінде *с*-ға, басқа тілдерде *й*-ге айналған [12, б.19]. Талдап отырған мәтінде сөз басында келетін /y/ дыбысына қазақ тілінде *ж* дыбысы сәйкес келеді: *yiber-* (124a/7) – «жіберу», *yêti yêrdin* (125a/6) – «жеті жерден», *yüz* (124b/11) – жүз, *yigirme* (125a/3) – «жиырма», *yoq* (125b/4) – «жоқ», *ot yaq-* (126b/3) – «от жағу», *ğam yê-* (126b/9) – «қам жеу», *yön-* (137b/3) – «жөнелу», *yigla-* (257b/3) – «жылау», т.б.

/z/ – ұяң, тіл алды дауыссызы. Мәтінде *зәйн* (ز) әрпімен таңбаланған бұл дыбыс көбінесе бітеу буынның соңында кездеседі: *ارزیزار* *arz érür* (185a/3), *özi* (178b/1), *siz bizge* (184b/5), *toquz* (180b/5), *yüz* (180b/9), *söz* (182a/4), *ziyāret qıl-* (184a/10).

Ортағасыр жазба ескерткіштерін зерттеген түркітанушылар *зә'* (ظ), *зал* (ذ), *zad/dad* (ض) әріптерінің түркі тілінде баламасы жоқ болғандықтан бәрі де з дыбысы ретінде оқылып, транскрипцияда бір таңбамен белгілеген. Зерттеп отырған қолжазба тілінде әр әріпке жеке белгі беріліп, бөлек қарастырылды. Мәтінде осы үш әріп ұяң, тіл алды дауыссыздары болып, санаулы сөздерде ғана кездеседі: /z/ әрпі мәтінде *зә'* (ظ) әрпімен таңбаланған: *ارز* *'arz* (161b/10), *'azim* (142b/5), *'azāları* (145a/1), *derğazab* (145a/3), *muntazar* (158b/3); /z/ - мәтінде

zad/dad (ض) әрпімен таңбаланған: *ḥazret* (185b/6), *zārb* (113a/8), *tezarru* (257a/9), *riżā* (174a/7), *ḥāzır* (92b/8); /z/- мәтінде зәл /ذ/ әрпімен таңбаланған: *ḥizmet* (93a/1), *zevq* (93b/10), *zū'lfıqār* (112a/1), *'uzr* (113b/6).

Қазақ тілінде кездеспейтін көптеген араб тілінің дауыссыз дыбыстары бар. Олардың қатарына ت, ط, ظ, ص, ح, ع әріптерді жатқызуға болады. Т. Қордабаев осы дауыссыз дыбыстар туралы былай дейді: «Бұл таңбалар шежіреде жалпы түркі түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән қолтума сөздерді жазуға да қолданылған. Бірақ бұлардың қолданылысында бір ізділік жоқ: бір сөздің өзін бір жерде жоғарыда айтылған таңбаларды қолданып жазса, екінші бір жерінде олардың орнына басқа әріптер қолданылады» [1, б.8].

Сөзде дауыссыз дыбыстардың жеке таңбамен белгіленбейтін кездері бар. Мұндай құбылыс бір дыбыс қосарланып екі рет келген жағдайда болады, ондайда екі дыбыстың біреуі ғана жазылып, екі дыбыс болып оқылады. Мысалы: *yettäler* (93a/8), *tarttılar* (107a/3), *ellik* (140b/2), *hemme* (250b/11) деген сөздерде қатар келген екі /t/, /l/, /m/ дауыссыздардың бірі ғана таңбаланған. Бірақ мәтіннің кейбір жерінде қос дауыссыз дыбыстың таңбаланып, үстінде шадда (◌ْ) белгісі қолданылған. Мысалы: *ammā* (92a/4), *Allah* (100b/8), *el-qıssa* (112b/2), *cehennem* (99b/2), *kerrār* (112b/8), т.б.

Ортағасырлық түркі жазба тілінде кейбір сөздерде метатеза «орын алмастыру» деген үдеріс байқалады. Мысалы, *örketip* сөзі «үйрету» мағынаны білдіреді: *'alim oqur müslümānçılıq örketip ḥaq-ı te'ālānıñ zikriğa meşgül boldılar* (260b/4-5); *küfürkin* сөзі «кірпік» мағынаны білдіреді: *saqal burunlarını tiraşlap qaş küfürkin zırnıq birlen tögüp yüzün yüz türlü renk birle boyadı* (198a/9).

Мәтінде харакаттар тұрақты қолданылмайды. Тек қана олардың кейбір сөздерде қолданылғаны анықталды. Харакаттар тек қана кірме сөздерде қолданылады. Мысалы: *Allah* (109b/2), *ḥürrem* (110a/2), *el-qıssa* (112b/2), *düldül* (112b/3), *umerā* (121b/8), *bey'at* (260b/1), *oqur* (260b/4) т.б.

Қорыта келгенде, түркі тілдерінің фонетика мәселесі әлі жетілмеген, шешуді керек ететін күрделі мәселелер бар. Олардың бәрі тарихи грамматиканың міндеті емес. Қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстардың бәрі дерлік көне дәуірден бері келе жатқан дыбыстар екенін түркітанушылар дәлелдеді. Бірақ олардың бәрі бірдей айтылмады. Осы мәселеге байланысты Ғ. Мұсабаев былай дейді: «Қазіргі ж дыбысы орнына дж аффрикаты айтылған, бертін келе бұл аффрикат екіге айрылып, д мен ж ажыраған, сөйлеу тілінде елеусіз қалдығы ғана сақталған. Дыбыс жүйесі бірімен-бірі байланысып, буын құрау, олардың үндесулері тарихи кезеңдерге сай дамып отырған. Бұл дыбыстардың жасалуы, дамуы, шыққан тектері туралы айтылады. Бұл сияқты шешуді керек ететін шығыстық көлемдегі мәселе зерттеуді қажет етеді» [46, б.87].

Дауыссыз дыбыстардың өзгеруі

– /b/ > /m/ өзгеруі;

Ғалым М. Томанов /b/ > /m/ өзгеруі жайлы былай дейді: «Бұл ауысу, яғни соңында н, ң дыбыстары айтылған сөздің басында б дыбысының м-ға ауысуы кейінді назализацияның (мұрын жолды дыбыстардың кейінді ықпалы) нәтижесі»

[2, б.37]. Көне түркі тілдерінде сөз басында *б* дыбысы ортағасыр түркі тілінің алғашқы кезеңінен бастап *м*-ға ауысқанын көруге болады. Көне түрік дәуірінен бері келе жатқан бұл өзгеріс қолжазбада да байқалады. Мысалы: *bën, boyun*, т.б.

– /p/ > /f/ және /b/ > /f/ өзгеруі;

М. Аргуншах осы сәйкестілік туралы мынандай ой білдіреді: «Ол – шағатай түркі тіліндегі маңызды фонетикалық ерекшеліктерінің бірі. Ерін дауыссызы /п/ бірнеше жерде /ф/ тіс-ерін дауыссыз дыбысына айналады [21, б.93]». «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында осындай өзгеріс келесідей мысалдардан көруге болады: *topraq > tofraq* (182b/9), *batiqa > fātiḥa* (256a/7), *köpür > köfür/ köfürük* (144a/10), *körpe > körfe* (94a/5), т.б.

– /b/ > /v/ > /i/ өзгеруі;

Я. Эрманн /b/, /w/ дауыссыз дыбыстары шағатай тілінде /v/ болып өзгерілді дейді [14, б.115]. Зерттеу нысаны болған қолжазба мәтінде әрі /v/, әрі /i/ дыбыстарымен берілген. Мысалы: *tebe > tive > tüye*: تۈيۈگە *tivege* (117b/2), تۈيۈلەرگە *tüyelerge* (248b/5).

– /q/ > /ğ/ өзгеруі;

Сөз басында мен сөз соңында көрінетін бұл өзгеріс аз да болса көрінеді: *andağ* (186b/2), *mundağ* (182b/4), *qarangı* (125a/5), *qattıraq* (161a/5), *ayağlarıge* (190b/1).

– *-ağı > -av* өзгеруі;

Бұл өзгерістің мысалдары өте аз: *biregü > birev: birevni* (202a/1), *ikegü > ikev: ikevleri* (112b/10).

– /b/ > /y/ өзгеруі;

Бұл өзгерістің мысалдары көп емес: *eb > üy: üyge* (149b/2).

– /d/ > /y/ өзгеруі;

Көне түркі тіліндегі сөз ортасы /-d-/ және сөз соңы /-d/ жалғасып, /y/ дауыссыз дыбысына айналған: *adaq > ayaq; ayağlarığa* (103b/7), *qod- > qoy-; qoyunlar* (106b/5), *ked- > kiy-; kiyip* (124b/10).

– /q/ > /h/ өзгеруі;

/q/ дауыссыз дыбысы да үздіксіз болып, /h/-ге ауысады: *oqşa- > oḥşa-; oḥşar* (259b/11), *aqşam > aḥşam* (331b/12), *yaqışı > yaḥşı* (120b/10).

Дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы

– /r/ дауыссыз дыбыстың түсіп қалуы; Мәтінде созылыңқы /r/ дыбысының түсіп қалғанын көруге болады. Мысалы: *emes* (103a/11), *eken* (95a/4). Бірақ *ér-көмекші* етістігі көп жерде қолданылады: *érdiler* (97b/5), *érür* (102b/10).

Ортағасыр жазба ескерткіштерінде сияқты *birle* (169a/7), *birlen* (180a/10) септік шылауларында *-r* әрпінің түсіп қалып, *bilen* (172b/10) шылауының қолданылғанын көруге болады.

Дауыссыз дыбыстардың түрленуі

– /n/ дауыссыз дыбыстың түрленуі;

Тәуелдік жұрнаққа септік жалғаулары жалғанғанда, /n/ дауыссызы екі жұрнақтың арасында жасалады. Бұл туынды ортағасыр түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Зерттеп отырған қолжазба мәтінде /n/ дауыссыз дыбыстың түрленуі байқалады: *başlarını* (169b/3),

turnaqlarını (169a/2), *cāyında* (171a/9), *vaqıtında* (193b/11). Кейбір мысалдарда қолданылмағаны көрінеді: *arasıge* (176a/3), *arasıda* (214b/8), *başığa* (99a/9), *qaşlarığa* (169a/10). Бұл – ортағасырлық түркі жазба тілінің ерекшеліктерінің бірі.

– /y/ дауыссыз дыбыстың түрленуі. Зерттеп отырған қолжазба мәтінінде /y/ туындысы түркі тектес сөздерден ғана емес, шет тілден енген сөздерде де анықталған. *igit* > *yigit* (254a/5), *qā'im* > *qāyim*; *qiyāmet qāyim* (136b/8-9), *ıgla-* > *yıgla-*; *yıglap* (108b/7), *ıraq* > *yıraqdın* (93a/10), *ıber-* > *yıber-*(124a/7).

2.2 Қолжазба тілінің сөзжасамы

Ортағасырлық түркі жазба тілінің морфологиясы бойынша отандық түркітану ғылымында елеулі зерттеулер жасалынды. Кеңес ғалымдарынан А.М. Щербактың «Грамматика староузбекского языка», Э.И. Фазыловтың «Староузбекский язык Хорезмийские памятники XIV века», қазақ ғалымдарынан Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі», Б. Әбілқасымовтың «Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі», М. Сабырдың «Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты», шетел ғалымдарынан Я. Экманнның «Narezm, Kırçak ve Çağataı Türkçesi üzerine arařtırmalar», М. Аргуншахтың «Çağataı Türkçesi», Г. Гүнердің «Kırçak Türkçesi» атты еңбектерінде морфология тақырыбы кеңінен қарастырылды.

Сөздің құрамы мен құрылымын, сөзжасамды зерттеу тіл білімінің морфологиялық саласының ең негізгі міндеттерінің бірінен саналады. Сөздің құрамы мен құрылымы туралы мәселе түркітану ғылымында алғаш рет XX ғасырдың бас кезінде В.В. Радловтың зерттеулерінен бастау алады. Сөздердің морфологиялық құрамы негізгі екі элементтен тұрады: түбір (негіз) мен жұрнақтар. Түбірлер мен жұрнақтар туралы тұжырымдарды кеңес түркітанушылары Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Ә.Т. Қайдаров, А.М. Щербак сияқты ғалымдардың зерттеулерінен кездестіруге болады.

Қолжазба тіліндегі сөздердің морфологиялық құрамын, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшаларды зерделегенде Э.В. Севортянның: «для морфологического строения слова в тюркских языках в момент наблюдения не имеет значение историческое прошлое морфем, входящих в состав грамматической части слова. Для выяснения морфологического строения слова необходимо знать его продуктивные в момент наблюдения элементы: реальную лексическую основу – единицу определенной части речи и состав, а также в заимоотношения продуктивных грамматических морфем образующих грамматический сектор слова» [98, б.105] – деген пікірі негізге алынды. Сондықтан зерттеу жұмыста қолжазба мәтінін транскрипциялағанда сөз қалай жазылса, сол күйінде алып қаралды.

Қолжазба тіліндегі сөздердің формалары өзінің лексика-грамматикалық сипатына қарай қазіргі түркі тілдерінде сияқты негізгі түбір сөздерден (түбір тұлғалар мен негіздерден) бастап жаңадан сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздер, функционалдық-грамматикалық сөз түрлендіруші жұрнақтар мен әр алуан жалғаулар қосылып айтылу арқылы жасалған сөз

қолданыс формаларын түгел қамтыған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында 2000-нан астам дара және күрделі сөздер қолданылған. Ол сөздер шығармада айтылу мақсатына қарай бірнеше түрлі формада, яғни сөз қолданыста айтылған. Олардың ішінде түбір негіздерден бастап, туынды негіздер мен сөз түрлендіруші жұрнақтар қосылып айтылған және сөз бен сөзді байланыстырушы жалғаулар арқылы жасалған сөз қолданыс формаларының неше алуан құбылып айтылған түрлері кездеседі. Бұл сөздер тек қана «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасында ғана емес, осы кезеңдегі жазба жәдігерлердің көбінде ұшырасады.

Қолжазбадағы қосымшалардың жасалу жолдары

Жұрнақ өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертіп, жаңа сөз тудырады және өзі жалғанған сөздің рең мәнін түрлендіреді. Жұрнақ сөз тудырушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтар деп екіге бөлінсе, оның өзара есім жұрнақтары мен етістік жұрнақтары деп қарастыруға болады.

Есім жұрнақтары. Түркі тілдерінің тарихында «есімдер» деп аталатын топқа тән сөздердің грамматикалық көрсеткіштері бір-бірімен тығыз байланыста дамыған. Есім сөз таптарын, оларға тән категориялар мен тәсілдерді диахрондық тұрғыдан қарастырғанда тарихи даму өзегі бір екені аңғарылады.

Қолжазба тіліндегі зат есімдер қазіргі қазақ тіліндегі сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді. Қолжазба тіліндегі жұрнақтарды есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар және етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар деп бөліп қарастырылды.

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар:

-l_{iq}/-lik/-luq/-lük жұрнақтары ерте заманнан бері келе жатқан және қазіргі түркі тілдерінде кең тараған есім сөздерге жалғанып зат есім тудырушы жұрнақтар. Қолжазба тілінде буын үндестігіне сәйкес әр түрлі фонетикалық формалары жұмсалады. Сондай-ақ **-lik** жұрнағы көп мағыналы жұрнақтар қатарына жатады. Негізгі қызметі есім сөздерден мекен-орын, құрал, жалпылама және абстракт зат есімдер және сын есімдер жасайтындығын белгілі. Ә. Кәрімұлы бұл жұрнақтың ортағасырлық қыпшақ ескерткіштерінде кездесетін жеті түрлі мағынасын көрсетеді [99, б.10]: 1) абстракт ұғым; 2) адамдардың атқаратын қызметін, кәсібін, мамандығын білдіретін зат есімдер; 3) конкретті заттың аты; 4) мезгіл, өлшем мағынасы; 5) заттың өсетін, өнетін орны; 6) бір елге не жерге тәндікті білдіретін қатыстық сын есімдер; 7) заттың тұратын, сақталатын, орнын білдіреді.

-l_{iq} жұрнағының генезисі жайында екі түрлі пікір айтылып келе жатыр. А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев, Э.В. Севортян, Н.А. Баскаков сияқты ғалымдар **-l_{iq}** сөзінің постпозициялық қолданысынан қалыптасқан десе, Дж. Рамстедт бұл аффиксті **-l+q/ğ** деп бөліп, алғашқысын септік жалғауы, соңғысын сын есім жасайтын қосымшалар дейді.

Қолжазбада бұл жұрнақтар есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар ретінде көрініс тапқан. Өзі тудырған сөздерге әр түрлі мағына беріп отырған: а) жұмыс, қызмет атауларына жалғана отырып, деректі зат есім тудырушы жұрнақ: *gerd içidin iki yüz atlıq çıqtı* (150b/2) – тозаң ішінен екі жүз атлық шықты; *put-pereslik*

āteş-perestlikdin tövbe qılsun (182a/7) – пұт табынушыдан отқа табынушылықтан тәубе етсін; ә) белгілі бір заттық не адамның қандай елге тән екенін түсіндіру үшін қолданылады: *cemşīdke ‘arz qıldı kim çin medīnaluq harāb qıldı* (163b/2), *bu kēce şād-mānluġ qılıp* (243a/4); б) сапа, сипат мағынасындағы зат есім тудырушы жұрнақ: *dār üstinde iki bāġlāqluq ādem kördiler* (109a/8) – дар үстінде екі байлаулы адамды көрді, в) уақыт ұзақтығын көрсететін сөздер тудыратын жұрнақ: *h‘āci ‘ōmer toquz ayliq yolnu toquz күnde aldılar* (180b/5), *h‘āci ‘ōmer çüst ü çālāk uçar quşdek altı ayliq yolnu altı күnde basıp* (253a/8).

-çu/-çi жұрнағы белгілі мамандық иесін көрсететін немесе белгілі бір жұмысты тұрақты жасайтын адамды білдіретін есім сөздерді тудырады. Бұл жұрнақ қимыл-қозғалыс, наным-сенімге, мінез-құлықты білдіретін сөздерге жалғана отырып, атқарушы мен орындаушыны көрсететін сөздер тудырады. Мысалы: *sāzandiler sāz qılıp tuġbeçiler nāz qılıp* (181b/5), *yüz yigirmi elçi birle nāme yiberdi* (210a/10), *miñ ġamze birlen ve oyunçılarnı alıp* (153a/11), *yılandın qamçı qılıp qīslāqīs dep hevāge uçıp* (194b/1).

-çılıq (*çi-liq*) құранды жұрнағы кәсіп иесін білдіретін зат есім тудырады: *‘alim oqup müslümānçılıq örketip haq-ı te ‘ālāniñ zikriġa meşġül boldılar* (260a/4), *alhāl şehr-i çümde ferāġatçılıq dur gülçehre birle şehr-i çümge bargayıl* (158a/7).

-ġu/-ġi жұрнақтары қазіргі қазақ тілінде *-қы/-ғы/-кі/-гі* фонетикалық варианттарында кездеседі. А. Ысқақов өз зерттеуінде оның мынадай бірнеше қасиетін көрсетеді: «Бұл форма арқылы тек етістіктен туынды зат есімдер жасалып қана қоймайды (бұрғы, жүлқы, атқы), етістіктен сын есімдер (жинақы, бұралқы), есімдерден туынды сын есімдер (күзгі, қайдағы) жасалады» [100, б.220]. Аталмыш жұрнақтардың қалыптасуы да көне ескерткіштер тіліндегі сындық мәнде айтылған *-ġu/-ġü* жұрнағының әсерінен болған. Мысалы қолжазба мәтінінің *cihān-ı ‘alem qaranġı boldı* (202a/4) деген сөйлемінде *qaranġı* сөзінің ортағасыр ескерткіштерінде *qaranġu* формасы қолданылған.

-qa/-ge есімнен есім тудырушы жұрнақтар. Зерттеп отырған қолжазба мәтіннің кейбір сөздерінде қолданылғандығын көруге болады: *‘alīniñ qulı tu yā özge mü yā özge bolmasun deġeç* (121a/2), *sanāçqa qılıp* (207b/4).

-sız/-siz жұрнағы есім сөздерге жалғанады. Сын есім тудыратын бұл жұрнақтың ортағасырлық жазба ескерткіштерінде төрт түрлі варианты кездеседі. Түркі әдебиеті ескерткіштеріндегі сөз жасайтын жұрнақтарды зерттеген ғалым Ә. Керімұлы бұл тұлға туралы былай дейді: «*-сыз* жұрнағы арқылы жасалған сын есімдердің басым көпшілігі абстракт және конкретті зат есімдерге жалғану арқылы жасалған. *-сыз* жұрнағы есім сөздерге жалғанып, түбірде аталған заттың, құбылыстың жоқтығын білдіреді» [99, б.17]. Қолжазба мәтінде келесідей мысал келтіруге болады: *hemmeleri riżā cigersuz qız érdi ammā mālīk-i ejderniñ közleri bir qızge tüşti* (150b/4). Т. Қордабаев бұл жұрнақты тек жеткіліксіз деген мағынаны, болымсыздық қана емес, сонымен қатар шексіз молдылықты білдіріп, олардың қайсысын білдіруі қосылатын сөзінің лексикалық мағынасына да байланысты екенін ескертеді [1, б.24]. Мысалы: “*gerd içidin sansız qurtlar çıqtı*” (148b/3-4) – «ішінен сансыз құрт шықты».

-dek/-tek жұрнағы – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында өте көп кездесетін элементтердің бірі. Бұл аффикстер әр түрлі сөз табына қосылады да, оларға салыстыру, теңдестіру, ұқсастыру тәріздес мағыналар береді. Қазіргі қазақ әдеби тілінің *-дай, -дей* жұрнағының мағынасына келеді. Бұл жұрнақтың уақыт өте *қ, к* қатаң дауыссыздардың ұяндап, кейін *-й* дауыссыз дыбысқа жіңішкергені көрініп тұр. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесінің заңдылығына сүйенсек сөз аяғында *q, ğ, y (қ, ғ, й)* дыбыстарының алмасуы барлығы байқалады. Кейбір түркітанушылардың пікірі бойынша «тег» сөзінің ең алғаш мағынасы «шығу тегі, сойы» болса, кейін келе «ұқсас, сияқты» деген мағынаға өзгерген [12, б.159].

Ұқсату мәні бар қосымша бола тұрса да, бұл форма қолжазба тілінде түрлі сөздерге жалғанады:

1. зат есімдерге: *fīl-i mestdek bolup* (154a/10) – мас пілдей болып; *hemme mūr-melaḥdek ḥazret-i ebu'l-mi'accenge yapuṣtilar* (161a/8) – бәрі құрт-құмырсқадай Хазірет Әбілмуджанға жабысты; *nerre-i şirdek* (162a/2) – еркек арыстандай; *deryā-yı 'azīmdək* (171a/10) – үлкен теңіздей; *mişl-i şir dek ğurullap* (173a/10) – мас арыстандай ғұрылдап; *yılandek* (187a/4) – жыландай; *kağazdek* (188a/5) – қағаздай, *düldül havāge quşdek uçup bardı* (201a/1) – құстай ұшты, *tagdek titredi* (210b/6) – таудай дірілдеді; *ağzi ğārdek* (224a/11) – аузы үңгірдей, т.б.;

2. есімдіктерге жалғанады: *eger senindek pehlevānnı körse mehrībānlıq qılır dēp beyān qıldı* (150a/6-8) – егер сендей батырды көрсе...; *melīke-i dilefrüz aydı la'net seniñdek atağa* (105a/2) – Мәліке Деләфруз айтты лағнет (болсын) сендей атаға;

3. есімше формаларына жалғанады: *ġūyā qoyge böri körgendek* (148b/6-8) – қойға бөрі шапқандай; *qol uçıge alıp bir almanı alıp oynagāndek oynap oynap cemşīd şāhni aldığa alıp bardılar* (156a/8-10) – қолдың ұшына алып бір алманы алып ойнағандай Жәмшід шахтың алдына алып келді; *qalğan kāfirler ḥazret-i asrāfil 'aleyhi's-selām şūr tartqandek bī-hūş bolup yattu* (236b/4-6) – қалған кәпірлер Хз. Ысрафил алейхис селам сүр тарқандай ессіз талып жатты; *ikni közidin çıqandek ot çıqar* (240a/1-2), *ġūyā bir almanı atqandek nāpadid bolup ketti* (172b/6) – бір алманы лақтырғандай жоғалып көрінбей кетті, т.б.

-q/-k/-aq/-ek етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар құбылыстың атын, іс-әрекеттің орнын, нәтижесін білдіреді. Мысалы: *çıraq* (212a/10), *çızıq* (227b/11) сөздерде кездеседі. Ортағасыр түркі жазба тілінде осы жұрнақтың *-ğ/-g, -iğ/-ig, -uğ/-üğ, -uq/-ük* түрлері де кездесіп, кейде түрлі мағынадағы сын есімдер де тудырушы қызметі байқалады. Мысалы: *ağriğ/q* – «ауыру» (<*ağrı* - «ауыру» -*ğ*), *bilig* – «білім» (<*bil*- «білу» -*ig*), *örtüg* – «жамылғы» (<*ört*- «жабу» -*üg*) [101, б.33]. Қазіргі қазақ тілінде бұл аффикстің қолданылу аясы кең. *Кесік, тесік, пышақ* т.б. сөздер етістік түбір мен осы аффикстің қосындысынан жасалған [2, б.172].

-daki/-taki жұрнағы есімнен есім тудыра алады да, әрі етістіктен есім тудырушы жұрнақ бола алады. Зерттеп отырған қолжазба мәтінінде тек бірінші құбылысы кездеседі: *müslümānlar havādaki yulduz gibi tururlar* (176b/2) – мұсылмандар аспандағы жұлдыз сияқты (көп) болды.

Мәтінде есімнен есім тудырушы араб және парсы жұрнақтары да орын табады. Кейбіреулері қазіргі қазақ тілінің кірме сөздерінде әлі де қолданыста жүр. Мәселен, *eu ḥarāmzādeler* (222b/11) сөзіндегі *-zāde* жұрнағы қазақ тілінде «ханзада» сөзіндегі парсы тілінің *-zāda* жұрнағы; *puṭḥāne* (260b/02) сөзінің парсы тілінен келген *-ḥāne* жұрнағы қазақтың тіл мәдениетінде қалыптасқан *асхана*, *кітапхана*, *аурухана* сөзінің белгілі бір орынды, ғимаратты білдіретін *-хана* жұрнағы.

Етістік жұрнақтары. Етістіктер лексикалық мағынасы қимыл мен әрекетті білдіретін сөздердің грамматикалық тобы ретінде есімдерден айрықшаланып тұрады. Оларды етістіктен етістік тудырушы жұрнақтар мен есімнен етістік тудырушы жұрнақтар болып екіге бөліп қарастыруға болады.

Зат есім, сын есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар ескерткіш тілінде көп болмаса да, кездеседі. Олар:

1) есімнен етістік тудырушы *-la/-le* жұрнақтары – түркі тілдерінде ежелден етістік жасайтын аффикстердің бірі. Мәтінде жиі қолданылып, бағытты, белсенді әрекетті білдіреді. Қолжазба тілінде мынандай мысалдар кездеседі: *bağladı* (196b/8), *taşladılar* (98a/3), *saqladı* (113a/9), *bağışladım* (123a/7), *ḥ'āhladılar* (141b/4), *uğladı* (194b/6), *başladılar* (201a/8), *'urulap* (192a/1), *tıraşlap* (198a/8), *tişlep* (199a/1), *uşlap* (200a/9), *oğurlap* (211a/10), *sıylap* (220b/2). Кейбір сөздерде *-l* дауыссыз дыбысы түсіп қалды: *cönediler* (222b/03).

2) *-la* жұрнағы мен *-n* етіс қосымшасының бірігуімен қалыптасқан *-lan/-len* жұрнақтары арқылы жасалған етістіктер де кездеседі. Олар белгілі бір қалыпқа, қасиетке өту немесе қандай да бір қасиеттің, сапаның пайда болуы сияқты мағыналар береді. Мысалы *aṭlandılar* (259b/8) етістігі *aṭ* зат есімге *-lan* жұрнақты жалғай отырып, «аттану» мағынасын білдіреді. Профессор М.Томановтың пікірінше: «Бұл аффикстер түркі тілдерінің ертедегі дәуіріне қатысты жазбалар тілінен де ұшырасады. Соған қарағанда, есімнен етістік жасайтын *-la* қосымшасы мен етіс қосымшаларының бірігуі түркі тілдерінің жаңа дәуіріне емес, аса ежелгі кезеңіне қатысты құбылыс» [2, б.258].

3) *-qar/ger* жұрнағына жасалған етістіктер нәтижені білдіреді. Қазақ тілінде *-қар/-кер/-zar/-ger* варианттарында қолданылады: басқару, ескеру, аңғару, т.б. Мәтінде *qutqardı* (197b/9) етістігі мысал бола алады.

4) *-laş/leş* жұрнағынан жасалған етістіктер қол жеткен сапаны білдіреді: *vedā 'laş* (235b/11) «қоштасу», *uğlaşur* (236a/2) «жыласу». Қазақ тілі тұрғысынан бұл құранды жұрнақ *-ла* және *-с* қосымшасынан құралып, біреумен санасу, бірігу мағыналы етістіктер тудырады.

5) *-ar/-er* жұрнағынан туындаған етістіктер белгілі бір сапаға ие болуды білдіреді. Мысалы: *çıqar-* (104b/11) «шығару», *aqar-* (101b/2) «ағару».

6) *-a/-e: titrep* (188a/5).

7) *-iq* жұрнағы қолжазбада *yol* сөзінен *yoluq-* (150b/3) «жолығу» сөзін тудырып тұр. Қазақ тілінде *-ық/-ік* көне жұрнағы есімнен де, етістіктен де туынды етістік жасайды. Мысалы *аш-ық*, *жаб-ық*, *бір-ік* [12, б.172].

Сөз түрлендіруші функционалды жұрнақтар етістіктің етіс категориясын жасайды. Талдап отырған ескерткіште қазіргі қазақ тілінде орын алып тұрған ырықсыз етістен басқа барлық етістің түрлері көрініс тапқан.

Өзгелік етіс туралы сөз етсек, өзгелік (каузативтік) етіс біреудің қимыл-әрекетіне басқа бір субъектің кірісуін көрсетеді, бірақ та бұл кірісу кең түрде қабылданады – екпінді бұйрықтан индифференттік сілтеулерге дейін, орысшадан аударып айтқанда: оларды «бағындыру, бұйыру жетелеу, рұқсат беру, енгізу, бір нәрсені істеуге мүмкіндік беру» [102].

Өзгелік етіс жұрнақтардың қатарына:

-dur/-dir/-dür/-t: *öldürdiler* (125a/1) «өлтірді», *aylanturup* (237b/8) «айландырып», *keltürdiler* (204b/11) «келтірді», *bildürmey* (236a/7) «білдірмей», *örgetip* (238b/9) «үйретіп», *qızdurup* (243b/05) «қыздырып»;

-qız/-qız: *yatqızsa* (187a/1) «жатқызса»;

-n: *bağlangan* (198b/7) «байланған», *köründü* (240b/05) «көрінді»;

-l: *yıqıldı* (186a/6) «жығылды», *çaqmaq çaқılıр ot yaқılıр* (207b/3) «найзағай шағылып, от жағылып», *tögülünler* (214a/11) «төгіліңдер», *qoşuldı* (216a/09) «қосылды»;

Ортақ етіс *-ı/-i* аффикстер арқылы жасалынып, қолжазба мәтінінде сирек кездеседі. Мысалы: *yapıştılar* (216b/6) «жабысты», *tutuştılar* (237b/2) «тұтасты».

Ырықсыз етістің жұрнақтары қолжазба мәтінінде кездеспеді.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар. Сөз түрлендіруші жұрнақтарға көптік, септік және тәуелдік жалғауларды жатқызып, қолжазба мәтінінде кездесетін ерекшеліктерін көрсетуге болады.

а) Көптік жалғау. Қолжазбада есім сөздерде көптік жалғаулары *-lar/-ler* қолданылады. Бұл жалғаудың этимологиясы туралы В.А. Богородицкий, Т. Ковальский, Н.А. Баскаков, Б.А. Серебренников сияқты орыс түркітанушылар пікірлер айтқан. Ежелгі көптік көрсеткіші *-ла* болса, оған *-р* көрсеткіші жалғанып, *-лар* көрсеткіші жасалған да, кейінгі замандарда көптік ұғым беретін негізгі жалғау ретінде қалыптасқан [12, б.203]. Зерттеп отырған қолжазба тілінде көптік жалғаулар қолдану мақсатына қарай екі түрлі қызмет атқарады: 1) есім түбірлерге тікелей жалғанады. Көптік жалғауларының құрылым жүйесі бойынша егер көптік жалғау есім сөздердің түбірлеріне жалғанса, тәуелдік, жіктік, септік сияқты жалғауларының алдында ғана орналасады. Мысалы: *aтлар* (93b/11) «аттар», *yaraғларını* (93a/2) «жарақтарын», *оқ yaуларın* (101b/7) «оқ-жебелерін»; 2) Етістік түбірлі, етістіктің функционалды жұрнақтарынан кейін жалғанатын болса, сөздің соңында қолданылады. Қысқасы, етістік, оның рай категорияларынан, шақтардан, есімше функционалды жұрнақтарынан кейін жалғанады. Мысалы: *yол bastılar* (93a/7) «жолға шықты», *алыңлар* (106b/6) «алыңдар», *şıқтılar* (105a/7) «шықты», *aт qoydılar* (107a/8) «атқа мінді».

Араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздерде көбінесе *-lar/-ler* көптік формаларының жалғанғандығын байқауға болады. Мысалы: *cāylar* (92b/11) «жерлер», *destūrḥānlar* (94a/9) «дастархандар». Дегенмен кейде араб және парсы тілдерінің грамматикасына қарай сөздің көптік формасы да қолданылған. Мысалы: *ab – ābhā* (98b/6) – судың көпше түрі, *ḥāl – ḥālat* (240b/1) «күй, хал»

сөздерінің көпше түрі, *merd – merdān* (244b/6) «жігіт, батыр» сөздерінің көпше түрі, *yār – yāran* (131b/9) «дос, жар» сөздерінің көпше түрі, *kāfir – kaffār* (116b/10) «кәпір, дінсіз» сөзінің көпше түрі. Араб тілінің көптік формасынан кейін *-lar/-ler* формасы қолданылған варианттар да кездеседі: *yārānları hemme hāzır ērdiler* (92b/7) – жолдастары бәрі дайын болды; *hazret-i resūl-ı ekrem şallallāhu ‘aleyhi ve sellem yārānlarge baqır aydılar* (92b/2-4) – Хз. Расуллах (с.а.у.) достарына қарап, айтты; *ey hālā’iqlar bu ne vaq’a boldı* (183a/7) – уа халайық, қандай оқиға болды.

ә) Тәуелдік жалғау. Толықтауышқа немесе анықтауыш сипаттағы есім сөздерге жалғана отырып, толықтауыш иесінің жағы мен санын көрсететін жалғауларды тәуелдік жалғаулар деп атайды. Тәуелдік жалғауы жекеше мен көпше түрлердің III жақтарынан тыс кездері көбінесе езулік-еріндік үндестігіне бағынбайтынын көруге болады.

1-жақ жекеше түрі: ***-m, -im/-im, -um/-üm***

Дауыстылардан кейін *-m* жалғауы қолданылса, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасында көмекші дауысты дыбыс келеді. Мысалы: *pādişāhim* (94b/9) «падишахым», *murādım* (96b/8) «мұратым», *mēniñ qudretim* (202b/6) «менің құдіретім», *köñlüm* (92b/5) «көңлім», *maqsūdum* (126b/5) «мақсатым», *cuftım* (131b/1) «жұбайым», *mülküim* (136a/1) «мүлкім», *ömrüm* (143b/7) «өмірім», *başım* (143b/8) «басым», *közüm* (188a/2) «көзім», *tāç tahtım* (189a/9) «тәж-тағым».

2-жақ жекеше түрі: ***-ñ, -iñ/-iñ, -uñ/-üñ***

Дауыстылардан кейін *-ñ* қолданылып, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арқылы көмекші дауысты дыбыс қосылады. Мысалы: *atañ* (220b/8) «атаң», *seniñ saqalıñ* (198b/10) «сенің сақалың», *arqañ* (221a/7) «арқаң», *qoluñ* (225a/8) «қолың», *közüñ* (234a/11) «көзің», *ferzentiñ* (234b/3) «перзентің».

3-жақ жекеше түрі: ***-ı/-i, -sı/-si***

Дауыссыз дыбыстардан кейін *-ı/-i* қолданылып, дауысты дыбыспен аяқталған сөздердің түбірі және туында сөзден кейін *-sı/-si* формасында қолданылады. Мысалы: *bārgāhı* (95b/8) «мекені», *anıñ laıyıqı* (96a/10) «оның лайығы», *cādūniñ boynı* (196b/4) «айлакердің бойы», *hudāniñ fermānı* (200b/11) «құдайдың бұйрығы», *künniñ tutulğanı* (202a/9) «күннің тұтылғаны», *anıñ toqsan oğlı bar* (209b/1) «оның тоқсан ұлы бар», *medīnanıñ ‘ālisi* (210a/3) «Мәдинаның Әлиі», *köñli* (212a/10) «көңілі», *şāhniñ oğlı* (216a/6) «шахтың ұлы», *şalşal-ı la ‘ınniñ oq yāuı* (224b/2) «Салсал лайынның оқ-жебесі», *anıñ qolı* (241a/10) «оның қолы», *anıñ demi* (241b/5) «оның демі», *hudā-yı te ‘ālāniñ nūrı* (255a/2) «Құдай Тағаланың нұры», *yüzü* (188a/7) «жүзі», *aynesi* (188a/8) «айнасы», *arqası* (190a/10) «арқасы», *pādişāhni bir qızı* (102a/2) «падишахтың бір қызы».

1-жақ көпше түрі: ***-mız/mız, -ımız/-imiz***

Дауыстылардан кейін *-mız/mız* қолданылып, дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына көмекші дауысты сөздердің түбірі және туынды сөз арасына көмекші дауысты дыбыс қосылады. Мысалы: *atımız* (96b/4) «атымыз», *üstimiz* (107b/11) «үстіміз», *bizni hālimiz* (190a/2) «біздің халіміз», *biziñ cemşid birle işimiz* (220b/10) «біздің Жәмшідпен ісіміз», *birimiz*

(96b/3) «біріміз», *putlarımız* (151a/3) «пұттарымыз», *hānımız* (184a/3) «ханымыз», *qanımız* (210a/9) «қанымыз», *qaysımız* (221b/4) «қайсымыз».

2-жақ көпше түрі: **-ңыз/-ғыз, -іңіз/-іңіз, -уңыз/-үңіз**

Дауыстылардан кейін *-ңыз/-ғыз* қолданылып, дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына байланыстырушы дауысты қосылады. Мысалы: *maqsudlarıңыз* (97a/2) «мақсаттарыңыз», *hudānıız* (202b/2) «құдайыңыз», *sizlerniң qollarıңыз* (108a/5-6) «сіздердің қолдарыңыз», *sizlerni tubārek atıңызnı* (110b/10) «сіздердің қасиетті атыңызды», *hızmetiңыз* (161b/10) «қызметіңіз», *yarıңыз* (224b/8) «досыңыз».

3-жақ көпше түрі: **-лары/-лері**

Көне түркі тілінен бері ешқандай өзгеріске ұшырамаған көптік жалғауға жекеше түрдің 1-жақ жұрнағы жалғанып қолданылады. Мысалы: *namāzları* (94b/3) «намаздары», *şilāhları* (95b/1) «қарулары», *mālları* (97b/1) «малдары», *közleri* (199b/10) «көздері», *şīr-i hudāniң aldıları* (212a/6) «Құдай арыстанының алдылары», *yaraları* (102a/11) «жаралары».

б) Септік жалғау. Көне қазақ тілінің грамматикалық құрылымын зерттеуде септік категориясы маңызды рөл атқарады. Ол сөйлемде сөздерді байланыстыратын негізгі грамматикалық көрсеткіш. Септік категориясын жалпы тіл білімінде морфологиялық тұрғыдан Ф.Ф. Фортунов, В.В. Виноградов, синтаксистік тұрғыдан А.А. Шахматов, Е. Курилович, ал семантикалық қырынан А.А. Потенбя зерттеді. Түркі тілдері бойынша септік категориясын Э.В. Севортян, Н.З. Гаджиева, А.М. Щербак, Н.А. Баскаков еңбектерінде қарастырған. Септік жалғаулары қазақ тіл білімінде де біршама зерттелді. С. Аманжоловтың «Септік жалғауларының қызметі» атты мақаласында олардың мағыналық қатынасын зерделеді [103, б.24]. Морфолог ғалымдар А. Ысқақов, С. Исаевтың септеу жалғауларына байланысты еңбектері қарастырылды.

Қазіргі түркі тілінде, солардың бірі қазақ тілінде қолданылатын септеу категориясы Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде септелудің үш түрлі жүйесі болған еді. Олар: жай септеу, тәуелдеулі сөздердің септелуі және есімдіктердің септелуі. Көне түркі тілінде ілік, табыс септіктері ыңғайында зат есімдер мен есімдіктер септелуінің арасындағы айырмашылық, табыс, барыс септіктер ыңғайында жай септеу мен тәуелдеулі септеу арасындағы айырмашылық байқалады. Алайда сол дәуірде-ақ, яғни көне түркі дәуірінде бұлардың арасындағы, әсіресе, зат есімдер мен есімдіктер септелуіндегі шектеу жойыла бастаса керек. Сол жазбалардың тілінде де зат есімге жалғануға тиіс жалғаудың есімдіктерге не керісінше қолданылуы ұшырайды. Екінші сөзбен, сол тілде-ақ жоғарыда айтылған айырмашылықтар жеке-жеке өз аясында қалмай, бірінің юелгісі екіншісіне ауыса, араласа бастауы байқалады [2, б.147].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында қазіргі қазақ тіліндегі жеті септіктің барлығы қолданылған. Атау септігінен басқалары арнаулы қосымшалары арқылы жасалады. Дыбыс үндестігіне қарай әрбір жалғау бірнеше фонетикалық варианттарда жалғанады. Ортағасыр жазба мұраларының тіліндегі септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері де бар.

Атау септігі. Атау септігінің жай септеуде де, тәуелді септеуде де арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ. Дегенмен атау тұлғасының басқа септік түрлерінің орнына қолданыла алады. Оны тек сөйлемнің мағынасына қарай ажыратуға болады.

Атау септігінің қолданылуы:

1) бастауыш қызметін атқарады: *ferişteler alarnı oqların qaytarıp tururlar* (109a-109b) – «періштелер олардың оқтарын қайтарып тұрды», *tağ itegide bir çeşme bar* (111a/10-11) – «тау етегінде бір бұлақ бар», *vezîr-i serhindüni pâdişâh qılıp otuz tüyege mâl yüklep* (117b/1-2) – «Серхундин уәзірін патша қылып, отыз түйеге зат жүктеп», *keme таууър қıldилар* (260b/8) – «кеме аттанды», *ay kün tutuldu cihân-ı alem qaranğı boldı* (202a/3-5) – «ай-күн тұтылды, барлық әлем қараңғы болды», *çare yoqtur* (242b/3) – «шара жоқ».

2) толықтауыш қызметін атқарады: *mâllarını târâc qılıp aldılar* (97b/2-4) – «малдарын тас-талқан қылды», *tüş kördiler* (147b/ 2-4) – «түс көрді».

3) адамға үндеу беретін *eu, yâ* негізгі одағайдан кейін қолданылады: *eu qaşımşım bu aṭnı bizge satur mu-sen* (122a/2) – «Әй, Қашымшым! Бұл тұлпарыңды бізге сатасың ба?», *eu yârânlarım sizler bu yêrde bir nêçe vaqt dem alıñlar* (123a/9-10) – «Әй, достарым! Сіздер мында біраз демалыңдар!», *eu bedbaḥtlar* (124a/11) – «әй, бақытсыздар!», *yâ pehlevân* (103b/8) – «уа, батыр», *hây hây ḥānımız keldiler* (184a/3-4) – «уа! Ханымыз келді».

Ілік септік. Ілік септік тұлғасының көне жазбалар тілінде *-iñ/-iñ/-uñ/-üñ/-niñ/-niñ* сияқты фонетикалық варианттары кездеседі. Зерттеушілердің бірсыпырасы «-ың» және «-ның» болуына, яғни аффикстің ең басында *n* дыбысының бар немесе жоғына қарай, ілік септік қосымшасы екі түрлі болған деген жорамал айтады [2, б.148].

Зерттеу нысаны болған қолжазбада тек *-niñ/-niñ* түрлері ғана кездесіп, сөздің соңғы дыбысына қарамастан ешқандай жұрнақтар кездеспейді. Мысалы: *qatârü'l'aynıñ bârgâhı* (95b/7) – «Қатаруль Айннің шатыры», *'alîniñ qulı* (121a/1) – «Әлидің құлы», *pâdişâhniñ êşigi* (121b/2) – «патшаның есігі». Осындай көріністі XIII-XIV ғасырдың «Кисекбаш кітабы» жазба ескерткішінде де байқауға болады [29, б.78].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде ілік септігінің қолдануында төмендегі ерекшеліктері бар:

1) Кейде кейбір түркі тілдерінің диалектілерінде сияқты *-niñ/-niñ* орнына *-ni/ -ni* жұрнағы қолданылады: *düzḥanı êşigi* (145a/8) – «тозақтың есігі», *şehrini ayın bağlap* (117a/8) – «қаланың бауын байлап», *'alîni qulı* (120b/8) – «Әлидің құлы», *qaşımşımni aṭı* (121b/4-5) – «Қашымшымның аты», *pâdişâhni bir qızı* (102a/2) – «патшаның бір қызы», *ḥâzret-i şâh-ı merdânnı qaşları* (169a/8-11) – «Хз. Шах-и Марданның қасы».

2) Ілік септігі кейбір жерлерде мүлдем қолданылмаған. Ілік септік өзімен тіркескен сөздің тәуелдік жалғаулы болуын талап етсе, кейде тәуелдік жалғауынсыз меншіктілікті мән бере алады [1, б.96]. Мысалы: *cihân taḥtı* (119b/1) – «әлемнің тағы», *ḥ'ârân ḥalqı* (119a/3-4) – «Хауаран халқы», *zindân tikiğe tüşüp*

(127a/10) – «түрме түбіне түсіп», *zindān eşiği* (127b/4) – «түрме есігі», *sāyeleri üy içige tüşüp erdi* (103b/3-5) – «көлеңкелері үй ішіне түсіп еді».

3) Ілік септігі кейде басқа септіктердің орнын алмастырып қолданылады. Мысалы: *qattār-ul ‘aynnuḡ neyze birlen urdılar ki sīnesidin ötüp arqasıdın çıqtı* (116b/8) – «Қитар-уль Айнды найзаменен ұрып, кеудесінен өтіп, арқасынан шықты»; *hiç kim mēni aldım̄da mundağ sözni aytqan ērmes* (182b/3) – «ешкім менің алдымда мұндай сөзді айтқан емес». Соңғы сөйлемде *mēn* жіктеу есімдігіне ілік септігінің орнына табыс септігінің жұрнағы жалғанған.

Барыс септігі. Ескерткіш тілінде *-ga/ge/-қа/-ке* аффикстерінің айқын басымдылығымен оғыз тілінің формалары да қолданылады, бұл басқа қыпшақ-оғыз тілдеріндегі ескерткіштеріне тән [104, б.113].

Қазіргі қазақ әдеби тілінде сияқты қолжазба тілінде барыс септігінің *-ga/ge/-qa/-ke* жұрнақтары кездеседі. Мысалы: *üç kēçe kündüzğa* (105a/11) – «үш түн мен күнге»; *öz atığa tabl-ı cenk qaqturup* (105b/11) «өзінің атына соғыс дабылын қақтырып»; *murdār cāni sehennemge ketti* (106a/8-9) «жаны Жаһаннамға кетті», *qolğa tüstiler* (107b/2) «қолға түсті»; *bular dār üstide hūdāğa munācāt qılıp* (108b/3-4) «дар үстінде Құдайға мінажат қылды»; *otuz tüyege māl yüklep* (117b/2) «отыз түйеге мал жүктеп»; *dūzahqa* (122b/7) «тозаққа»; *تاغقا taqqa* (111a/9) «тауға»; *bendke tarttılar* (134b/9) «арқанға тартты»; *مملکت memleketke* (185a/2) «отаныңа» т.б.

Қолжазба мәтінінде барыс септігінің жұрнақтарын алмаған, бірақ мағынасына қарай барыс септігін қажет ететін сөйлемдер де бар. Мысалы: *iki rek ‘at namāz bedergāh-ı hūdā bāniyāz edā’ qılıp du ‘ā qıldılar* (111b/1-2) – «екі ракаат намаз Құдай алдына тілек айтып, дұға етті».

Көне түркі жазбаларының *-geri/-keri/-eri/-arı/-ru/-ra* барыс септік жалғаулары да «Қисса-и Джанкнамеде» ұшырасады. Мысалы: *qal‘adın içkeri kirdiler* (95b/3-4) – «қорғанның ішіне кірді»; *sizdin ilgeri bir pehlevān keldi* (162b/10) – «сізден бұрын бір батыр келді»; *zulumāt içire qaldılar* (202a/6) – «зұлымдықтың ішіне қалды»; *bend içire körüp könlide müslümān boldı* (217a/5-6). Соңғы мысалдағы *іçre* сөзінің құрамындағы *-re* тұлғасы барыс септік тұлғасы. Кейбір түркітанушылардың пікірлері бойынша бұл тұлға кейінгі жазбаларда сөз құрамындағы «өлі» қосымша ретінде кездеседі [1, б.105].

Шетел түркітанушылар (Я. Экмман, Г. Гүнер, М. Аргуншах) *-ru/-ra, -ğarı/-geri/-qarı* жалғауларын барыс септігінен тыс «бағыттаушы септік» ретінде қарастырады. Орхон жазбаларында істің бағытын, мекенін білдіруге барыс септігінің *-ğaru/-geru* тұлғасы қолданылған [1, б.103]. Қолжазба тілінде мекен үстеуі болып кеткен *taşqarı* (105a/6), *içgeri* (120a/5), *ilgeri* (142b/3), *yuqarı* (244b/8) сөздері жиі кездеседі.

Табыс септігі. Табыс септік жалғауы қазіргі түркі тілдері грамматикаларында тура толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші ретінде қолданылады. Бұл табыс жалғауының грамматикалық қызметі мен оның мағынасынан белгілі. Мысалы: *yaralarını huşk bend qılıp ve bir qulannı kebāb qılıp yep tahāret tāze qılıp namāz-ı huftenni oqup libās-ı şeb rūyni derber qılıp nevādır qal‘asığa barıp* (102a /9-11) деген сөйлемде *yaralarını, huftenni, rūyni* сөздерінің табыс септігінің жұрнақтарын алған.

Табыс септік жалғауының пайда болуын бірсыпыра зерттеушілер ілік септіктің тұлғасымен байланыстырады. А.Н. Кононов табыстың көне түркі тіліндегі тұлғасы -*э* ілік септік жалғауы құрамындағы мұрын жолды *н* дыбысының «ын» өзгеруінен шыққан деп шамалайды [105, б.96]. М. Томанов бұл мәселені былай түсіндіреді: «табыс жалғауының қалыптасуы бір кезгі тәуелдік жалғаудың есімдіктерге жалғанып, морфологиялық ығысу процесіне ұшыраудың нәтижесі болып шығады. Ал ілік жалғауы болса, осы жалғаудың морфологиялық ығысуға екінші рет ұшыраудың нәтижесі» [2, б.155].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде табыс септігінің қолдануында өзіндік ерекшеліктері бар:

1) Табыс септігінің жұрнақтары *-ni/ni* екені белгілі болса да, қолжазба тілінде көбінесе *-niḡ/-niḡ* жалғаулары кездеседі. Мысалы: *haq-ı te 'ālāniḡ zikriḡa meṣḡül boldıar* (260a/5) – «Хақ Тағаланы зікір етті»; *ḡazret-i ebu'l-mu 'accen zindānbānniḡ müḡkem baḡlab* (168b/1-2) – «Хз. Әбілмәжин түрме қараушысын қатты байлап»; *mālların yüklep* (97b/1) – «малдарын жүктеп», *közleri uyquḡa bardı ḡazret-i resül-ı ekrem şallallāhu allāhu 'aleyhi ve sellemniḡ tüş kördiler* (147b/2-4) – «көздері ұйқыға барды, Хз. Аллах Елшісін (с.а.у.) түсте көрді»; *cemşid şāh hümānniḡ kördi ki* (157b-158a) – «Жәмшід шах Хуманды көрді»; *on beş nāmdār pehlivānniḡ bendge tarttilar* (139b/4-5) – «он бес палуанды арқанға тартты».

2) Қолжазба тілінде табыс септік жалғауын алмаған күрделі етістіктер кездеседі. Мысалы: *baş qoy-* (103b/8) «басын қою»; *deşnām bér-* (105a/5) «сөгіс беру»; *ḡabl-ı asāyış ur-* (106a/11) «жеңіліс дабылын ұру»; *ḡa 'ām ye-* (110a/1) «тағамды жеу»; *fātiḡa al-* (111a/6) «бата алу»; *qol uzat-* (126a/11) «қол ұзату»; *kişi çaptur-* (119b/4) «адамды жіберу»; *cān bér-* (160a/2) «жан беру», *ḡabl-ı cenk qaḡ-* (219a/9) «соғыс дабылын қағу». Мұндай құбылыс Т. Қордабаев өз еңбегінде көне түркі ескерткіш тілінде (V-VIIIғ.) тура толықтауышты өзіне бағындырып келетін етістіктерді көрсетеді [1, б.101]. Кейбір сөйлемдерде табыс септігі түсіп қалып қолданылған: *emlāq zūd öldürgeyler* (141b/6) – «Имлақты тез өлтіріндер».

3) Табыс септігінің орнына басқа септік жалғауы қолданылғаны байқалады: *ḡazret-i sa 'd-ı vaqqāşdın köterip yeḡge andaḡ urdılar* (106a/6-7) – Хз. Садуақасты көтеріп, жерге сондай ұрды.

Жатыс септігі. Жатыс септік қолжазбада мынадай мағыналарды қолданылады:

а) орын-мекенін білдіреді: *quduq aḡzıda bir senge-i 'azīm köründi* (147a/5-6) – «құдықтың аузында үлкен тас көрінді», *āhen-rübāda tört yüz lāt manāt putlarımız bar turur* (151a/1-2) – «Ахен рубада төрт жүз Лат манат пұттарымыз бар», *bāzārda seyr étip yürür érdiler* (160b/3-4) – «базарда қарап жүрді», *pehlevān üşbü zindāndalar mu* (168a/6-7) – «палуан зынданда ма»;

ә) себебін білдіреді: *ḡazret-i 'alī hem her qılıç urgende iki miḡ kāfirni helāk qıur érdiler* (116a/7-9) – «Хз.Әли қылыш ұрғанда, екі мың кәпірді жоқ қылатын»;

б) уақытты, мезгілді білдіреді: *kāfirler şirīn uyqıda érdiler* (164a/5-6) – «кәпірлер тәтті ұйқыда еді», *gecesi vaq 'ada* (128a/6) – «кешкі уақытта», *şul vaqıtta* (141b/7) – «сол уақытта».

Жатыс септігінің жалғауы тәуелдік жалғауының 3-жағын алған кезде, өзінің алдына *-n* дыбысын қосып, *-nda*, *-nde* болып жалғанады. Қолжазба тілінде бұл заңдылық тұрақты еместігін байқауға болады. Мысалы: *dār üstinde iki bāglāqlıq ādem kördiler* (109a/7-9) – «дар үстінде екі байлаулы адамды көрді», *alarnı içinde iki sergerdesi bar iken* (110b/8-9) – «олардың ішінде екі басшы бар екен», *tag itegide bir çeşme bar* (111a/10-11) – «тау етегінде бір бұлақ бар», *ayağıñ yèti qat yèrni astında mu* (155b/9-10) – «аяғын жеті қабат жердің астында ма».

Шығыс септігі. Шығыс септік тұлғасының қазіргі түркі тілдерінің бірсыпырасында тек *d* дыбысынан, кейбірінде тек қана қатаң *t* дыбысынан, қазақ тілінде *d*, *t*, *n* дыбыстарынан басталатын алты түрлі варианты ұшырасады. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба мәтінінде ортағасыр ескерткіштерінде сияқты шығыс септігінің тек қана *-dın/-din* түрлері кездеседі.

Шығыс септік қолжазбада келесідей қолданылады: а) *keyin*, *soñ* шылаулары өзімен бірге тіркесіп тұрған зат есімге жалғанып қолданылады: *bēş күndin keyin bir tağqa yèttiler* (111a /9) – «бес күннен кейін бір тауға жетті», *selāmdın soñ aydılar* (132a/8-9) – «сәлемнен соң айтты», *andın keyin ḥazret-i sa ‘d-ı vaqqāşını suradılar* (113b/7-9) – «одан кейін Хз. Садуақасты сұрады»; ә) мекен пысықтауыш мағынасын білдіреді: *‘amūdnu qoludın tartıp alıp* (155b/3) – «қаруын қолынан тартып алып», *zū ‘lfiqārnu niyāmidin sugurup* (144b/7) – «Зүлфиқарды қабынан сұғырып», *irāqdın bir gerd peydā boldı* (146b/2) – «алыстан бір шаң пайда болды»; б) табыс септігінің орнына қолданылады: *bir nēçe altun kümüşdin alıp yolğa revāne boldılar* (117b/8-10) – бірнеше алтын-күмістен алып, жолға аттанды.

Я. Экманн барыс септігінен кейін *-ça* жұрнағын алған *-ğaça* тұлғасы шағатай тіліне тән бір жұрнақ екенін айта келіп, оны «теңдік септігі» деп атайды [14, б.80]. Мысалы: *tā vaqt-ı seherğaça* (259b/4) – «таңғы уақытына дейін», *tā namāz-ı digergäça* (107a/10) – «түскі намазға дейін», *üç kēçe күndüzğaça* (160a/4) – «үш күн-түнге дейін», *bèllerigäça* (228b/5) – «белдеріне дейін», *tā qiyāmetğaça* (232b/8) – «қияметке дейін».

2.3 Қолжазбада кездесетін сөз таптарының сипаты

Зат есім. Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды. Зат есімдер тілдегі өзге сөздердің барлығына әрі ұйтқы, әрі өзек болып қызмет атқаратындықтан, әдетте, сөйлемнің барлық мүшелері ретінде қолданыла береді. Зат есімдер сапаны, сынды, белгіні, санды, әр түрлі қатынасты білдіретін анықтауыштармен ғана емес, иелікті, тәуелдікті білдіретін анықтауыштармен де талғамай үнемі тіркесе береді [106, б.118].

Есімдер тобындағы сөздердің ішіндегі дербес қолданылатын сөз табы – зат есім. Оның лексикалық құрамы бай, грамматикалық құрылысы күрделі. Қазақ тіл білімінде зат есімді арнайы қарастырған Ә. Төлеуов, К. Ахановтармен бірге, көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, А.М. Щербактың кітаптарынан зат есімге байланысты тұжырымдарын кездестіруге болады.

Зат есімдердің қай-қайсысы болсын заттық ұғымды білдіретіндіктен, олар біркелкі болғандарымен іштей нақтылық және абстрактілік, жалпы және жалқы, даралық және топтық сияқты семантикалық категорияларды қамтиды [106, б.119]. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында қолданылған зат есімдерді мағынасын қарай деректі және дерексіз деп қарастыруға болады. Мысалы, қолжазба тілінде *aş* «ас, тағам», *altun* «алтын», *av* «аң», *ay* «ай», *çadır* «шатыр», *tauaq* «таяқ», *yük* «жүк» тәрізді сөздер көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын нақтылы, деректі заттармен байланысты ұғымдарды білдірсе, *'afu* «ғафу, кешірім», *aḥbār* «хабар», *'ālem* «әлем», *amān* «аман, саулық», *'aql* «ақыл», *'ār* «ар», *'arż* «арыз», *dünyā* «дүние», *ni'met* «нығмет», *nūr* «нұр», *āfat* «апат» секілді сөздер ойлау, топшылау қабілеттері арқылы танылатын абстракті (дерексіз) заттармен байланысты ұғымдар кездеседі.

Қолжазба тіліндегі зат есімдер қазіргі қазақ тілінде сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді. Қолжазба тіліндегі зат есім жасалу жолына тоқталатын болсақ, есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар (*-lıq/-lik/-luq/-lük; -çı/-çi; -çılıq; -ğv/-gi; -qa/-ge; -hāne* жұрнақтары) және етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар (*-q/-k/-aq/-ek*) деп бөліп қарастыруға болады.

Сын есім. Есімдер деп аталатын сөздердің ішіндегі зат есімнен кейінгі маңызды сөз табы – сын есім. Семантикалық жағынан зат есім әр алуан заттық ұғымдарды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы болса, сын есім неше алуан сыр-сипатпен байланысты ұғымдарды білдіретін сөздердің, лексика-грамматикалық тобы ретінде бөлінеді. Сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін) және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтады [106, б.166].

Қолжазба тілінде түркі сөздермен қатар, араб және парсы тілдерінен енген сын есімдер көп қолданылды. Мысалы, түркі тілінен негізгі түбір сын есімдер қатарына *türlük* (153b/3) «түрлі», *aq* (144a/9) «ақ», *ala* (239b/8) «ала түсті», *ıssıg* (142b/7) «ыстық, ыссы», *qızıq* (157a/10) «қызық», *qattıgraq* (161a/5) «қаттырақ», *tirik* (106b/5) «тірі», *yalguz* (200a/7) «жалғыз», *yaman* (150b/10) «жаман», *yeni* (144b/8) «жаңа», *yalañ yërde* (108b/1) «бос жерде», т.б. сөздерді жатқызуға болады. *'ādil* (182a/2) «әділ», *alvān* «алуан» сияқты кірме сөздер қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылады.

Араб және парсы тілдерінен енген сын есімдер көп қолданылады. Мысалы: *serdāri leşker* (97a/8) «мықты әскер, күш», *'azīm kervān* (98a/6) «үлкен керуен», *tubārek atıñız* (110b/9) «қасиетті атыңыз», *ebr-i nevbāhar* (114a/7) «көктемнің бұлты», *şükr-i bisyār* (114a/10) «көп шүкіршілік», т.б.

Араб тілі грамматикасының сөз тіркесі (изафеті) де қолданылады: *şīr-i ḥudā* (97b/7) «Құдайдың арыстаны», *ṭabl-ı cenk* (99a/3) «соғыс дауылы», *namāz-ı digerğaça* (107a/10) «бесін намазы», т.б.

Қолжазба тіліндегі туынды сын есімдердің жасалу жолына тоқталатын болсақ, *-dek/-tek; sız/-siz; -lıq; -daki/-taki* сияқты зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды кездестіруге болады.

Сан есім. Түркі халықтарының тіліндегі сан есімдердің пайда болуы және қалыптасу жүйесі жайында айтылған пікірлер өте көп. «Қисса-и Джанкнаме»

жазба ескерткішінің мәтінінде кездесетін натурал сандар (*bir, iki, төрт, jeti* және т.б.) қазіргі түркі халықтарының әдеби тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де кездесетін сандық және реттік сан есім жүйесін білдіреді. Талдап отырған еңбекте сан есім өте көп қолданылады. Олардың ішінде есептік, реттік, топтық, жинақтық, болжалдық сан есімдері кездеседі.

Қолжазбада ең көп тараған түрі – **есептік сан есім**. Есептік сан есім бірліктерді, ондықтарды, жүздіктерді, мыңдықтарды белгілейді: *bir qal'a* (93b/2) – бір қорғаныс; *otuz iki saz* (96a/5) – «отыз екі саз»; *on iki miñ leşker* (97a/7) – «он екі мың әскер»; *üç kün yol* (93a/7) – «үш күн»; *tört pehlevān nāmdāri* (99b/8-9) – «төрт палуаны»; *tört yüz miñ leşker birle bēş yüz pehlevān* (141b/7-8) – «төрт жүз мың әскерменен бес жүз палуан»; *altı aylıq yolını altı күnde* (253a/8-9) – «алты айлық жолын алты күнде»; *dūzahni yēti eşiği* (193b/7) – «тозақтың жеті есігі»; *yēti ıqlım* (150a/2) – «жеті климат»; *yētmış miñ ehl-ī hukmet* (150a/3) – «жетпіс мың үкім»; *yüz miñ pādişāh* (150a/2) – «жүз мың патша»; *tört yüz lāt manāt putlar* (151a/1-2) – «төрт жүз мың Лат-Манат пұттары». Есептік сан есімдер заттың сандық мөлшерін білдіре отырып, зат есімдермен байланысып келеді.

Қолжазба тілінде *жиырма* санын қазіргі қазақ тілінен өзгеше *yigirmi* сөзі қолданылды. Мысалы: *bir miñ üç yüz yigirmi törtinci yılında* (256b/3-4) – «бір мың үш жүз жиырма төртінші жылында»; *yine yigirmi miñ kişi yiberdi* (136b/5) – «тағы жиырма мың кісі жіберді», т.б.

Елу сан есімі көне ескерткіштер тілінде және қазіргі кейбір түркі тілдерінде *elik/elig* түрінде дыбысталады. Зерттеп отырған қолжазба тілінде де *elig* түрінде кездеседі. Мысалы: *şol yerde elig kişini falīd cānın dūzahqa yiberdiler* (166a/7) – «сол жерде елу кісінің жаман жанын тозаққа жіберді»; *yüz kēz behresinisi elig kēz her barmaqı* (223b/9) – «жүз кез кеудесі елу кез әр пармағы» т.б.

Қолжазбада **реттік сан есімдер** заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады: *ikincide hem redd qıldılar üçüncüde hem redd qıldılar* (100a/7-8) – «екіншіде оқты қайтарды, үшіншіде оқты қайтарды»; *ikinci zūr qılıp başlarığa köterip üçüncü zūr qılıp qol uçıge alıp* (156a/6-7) – «екінші рет айқайлап, басына көтеріп, үшінші рет айқайлап қол ұшына алып»; *törtüncü kün tabl-ı cenk urup meydānğa yürüş qıldılar* (218a/ 5-6) – «төртінші күні соғыс дауылы ұрып, соғыс алаңына барды». Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге *-inci, -nci, -uncu, -üncü* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар түркі тілдерінде сонау ерте заманнан бері қолданып келе жатқан есептік сан есімдерден реттік сан есім тудырушы өнімді жұрнақ.

Топтық сан есімдер қолжазба тілінде қазақ тілінде сияқты біркелкі заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін топтап көрсетеді. Мысалы: *birin qorqsañ onlap kēl onun qorqsañ yüz yüz kēl eger yüz yüz qorqsañ miñ miñ kēl eger miñ miñ qorqsañ hemme birdin kēl dediler* (135a/7-10) – «біреуің қорықсаң, ондап кел, оның қорықсаң, жүз-жүз [болып] кел, егер жүз-жүзден қорықсаң, мың-мың [болып] кел, егер мың-мыңдап қорықсаң, барлығың бірден кел деді».

Қолжазбада **жинақтық сан есімдер** қазіргі қазақ әдеби тілінде сияқты сан есімдерге *-ev/-av* жұрнағы жалғану арқылы жасалады: *birev birevni tutup* (202a/1)

– «біреу-біреуін ұстап»; *birev birevni körmediler* (232a/8) – «біреу біреуін көрмеді»; *yine birev keldi* (173a/8) – «тағы да біреу келді»; *ikevleri bir biriğa andağ uruş qıldılar* (112b/10-11) – «екеулері бір-біріне қатты ұрды»; *hazret-i 'alī şīr-i hūdā h'āci 'ömer ikevlen qılıç urdılar kim sansız köştedin pöşte qıldılar* (200a-200b) – «Хз. Әли мен Хажы Өмер екеулері қылышпен ұрды да, өліктен төбе жасады»; *şalşal hazret-i şāh-ı merdān ikevleri kirdiler birbirige neyze havāle qıldılar* (229a-229b) – «Салсал Хз.Шах-и Мардан екеулері [алаңға] кіріп, бір-біріне найза лақтырды». Сонымен қатар, жинақтық сан есімнің тәуелді формада айтылып отырған түрін де кездестіруге болады: *anı hem muhkem bağlap ikisin leşkerge yiberdi* (230a/8-9) – «оны да қатты байлап, екеуін әскерге жіберді»; *birdin ikisini öldürdi* (122b/5) – «бірден екеуін де өлтірді»; *ikisi birbirige neyze havāle qıldı yigirmi otuz tiğ redd ü bedel boldı* (191a/8-9) – «екеуі бір-біріне найза лақтырып, жиырма отыз оқты қайтарды»; *ikisi birlen andağ tutuştılar tā kün batqunça tutuştılar* (237a-237b) – «екеуі күн батқанша күресті».

Қолжазбада **болжалдық сан есім** түрі сирек кездеседі: *yēti sekiz gürz redd ü bedel boldı murād hāşil bolmadı* (173b/4-6) – «жеті-сегіз найза лақтырылды, мұратқа жетпеді».

Есімдіктер. Талданып отырған еңбекте есімдіктің мынадай түрлері кездеседі: 1) жіктеу, 2) сілтеу, 3) белгісіздік, 4) болымсыздық, 5) жалпылау, 6) өздік, 7) сұрау.

1. Жіктеу есімдіктері – *mēn, sēn, ol, biz, bizler, siz, sizler, alar*. Қолжазбада жіктеу есімдіктерінің барлық түрі де кездеседі. Тек жіктеу есімдігінің I жақ жекеше оғыз тілінің *bēn* варианты кездеспеді. Мысалы: *mēn leşkerni saqlarmin* (197b/10) – мен әскерді қорғаймын; *sēn şul yērde turgıl* (111b/3) – «сен осы жерде тұр»; *sēn kāfirlerğa merdligiñni bildürgin* (122a/8) – «сен кәпірлерге жігіттігіңді көрсет»; *ol ebu'l-mi'accen érđi* (113a/7) – «ол Әбілмәжін еді»; *bu hizmetniñ biz qılalı* (163b/7) – «бұл қызметін біз қылайық»; *alar sizlerni mubārek atıñızni işittiler* (110b/9) – «олар сіздерді мүбәрәк атыңызды естіді».

Жіктеу есімдіктерінің жалғаулар арқылы өзгеруінде өзгешелік бар. 2-кестеде көрсетілгендей шығарма мәтініндегі жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесі толық қамтылған.

Кесте 2 – Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесі

Жекеше түрі	I ж.	II ж.	III ж.
Ілік септігі	<i>mēniñ qudretimni tamāşah qılsunlar</i> (202b/7) – менің құдіретімді тамашаласын	<i>sēniñ zārb-ı destiñdin amān saqladı</i> (113a/8) – сенің қол соққысынан аман сақтады	<i>her kim anıñ cemālini körse</i> (124a/2) – әр кім оның әдемілігін көрсе
Барыс септігі	<i>mağa lāt manāt yētkörđi özüim barıp seni körmaqçı érđim</i> (226b/7-9)	<i>sēn müslümān bol barça sağa bolsun dediler</i> (238a/9)	<i>ağa bir hıle qılmaq kerek dep aydılar</i> (243b/1)
Табыс септігі	<i>ey pehlevānlar mēni h'āci 'ömer alıp ketti</i> (193a/1)	<i>andın soñ sēni çıkarayın</i> (166a/2)	<i>anı körüp h'āci 'ömer aydılar</i> (224a/8)
Жатыс септігі	<i>mēnde bir gürz bar</i> (226b/10)	<i>bu saltānatnı sēnde kördüm</i> (152a/9)	<i>anda bir hağ bar</i> (147a/7)

Кесте 2 – жалғасы

Шығыс септігі	<i>məndin qutulmaq ister</i> (197a/4)	<i>mendin ayتماق sendin işitماق</i> (165b/9)	<i>andın ötüp qaıtār-ul ‘aynnıñ neyze birlen urdılar</i> (116b/6)
Көпше түрі	I ж.	II ж.	III ж.
Ілік септігі	<i>bizniñ cemşīd birle işimiz bar ěrди bizniñ üstümüzge</i> (220b/9-11)	<i>sizlerniñ qollarıñızge helāk qılurmen</i> (108a/5)	<i>alarnıñ eřrāfin basıp tüştiler</i> (133a/8-9)
Барыс септігі	<i>bizge leşker bėriñ bu hizmetniñ biz qılalı dėdiler</i> (163b/7); <i>bizlerge on bėş kün muħlat bėrsünler</i> (177b/10)	<i>sizge köp dünyā bėremин dėdi</i> (163a/2)	<i>alarge ta‘īn qıldı ki sizler barıp fālen tağde turuñlar</i> (156b/3)
Табыс септігі	<i>bizni ĥarāb qılğuçı</i> (183a/9); <i>bizlerni ve leşkerni helāk ve nābūd qılır</i> (242a/9)	<i>sizni pādīşāh çarlaydur</i> (119b/5); <i>sizlerni munda kėlgenleriñizni baba-yı bağbān körgen</i> (95a/2)	<i>alarnı tutup öldürdiler</i> (249b/8)
Жатыс септігі	–	–	<i>mur melāħda san bar alarda yoq</i> (114a/5)
Шығыс септігі	<i>lāt manāt bizlerdin rāzı bolsun</i> (195b/2)	<i>sizdin ilgeri bir pehlevān keldi</i> (162b/10)	<i>şīr-i ĥudā alardın ötüp içkeri kirseler</i> (244b/3)

Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде мынадай белгілерді айтуға болады: жекеше *mən, sən, ol* есімдіктері барыс септігінде *maña, saña, aña* болып келеді. Бұл қолжазбада *η* дыбысы *нун+кәф* (نك) таңбасымен берілген. Шығыс септікте есімдіктер, зат есімдер сияқты, *-din/-din* жалғауымен тұлғанады: *mendin, sendin, andın, bizdin, bizlerdin, sizdin, alardın*. Ілік септіктегі тұлғасы кейбір жерлерде соңғы *-η* дыбысы түсіріліп (*meniñ bir murādım bar* (96b/7)), кейде толық *-niñ/-niñ* жалғаулары жалғанған түрінде де (*meni atım melīke-i dilefrūz dur* (104a/7)) кездеседі. Мұндай грамматикалық құбылыс Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтер» тіліне тән құбылыс [107, б.135].

Ol есімдігінің септелу барысында түбірі өзгеріп, кейбір қазіргі түркі тілдеріндегі сияқты *a(n)* болады: *anı, аға, ани, anda, andın*. А.М. Щербак ол туралы былай дейді: «При местоимение 3-го лица единственного числа совмещает значения личного и указательного местоимений. Можно предположить что последнее значение было доминирующим. Характерно, что падежные формы этого местоимения образуются от другой основы: *аға, аны* и т.д., которая по-видимому, и являлась первоначально исходной формой местоимения 3-го лица» [92, б.132].

2. Сілтеу есімдіктері. Қолжазба тілінде сілтеу есімдіктерінен *bu* (*munda/mundağ*), *ol* (*anda/andağ*), *şul* (*uşul*), *hembu* есімдіктері кездеседі.

Алғашқы екі сілтеу есімдіктерінің айырмашылықтарын Н.К. Дмитриев мынадай фактілерімен түсіндіреді [108, б.19]. Мысалға, *bu* (бұл) есімдігі – қасында, жанында тұрған, көрініп тұрған затқа арналып айтылады: *bu sözge hemte āferīn oqudılar* (153a/3). *ol* (ол/анау) есімдігі – алыста, көрінбейтін, бірақ

бар екендігі анық зат деп пікірін білдіреді: *ol ebu'l-mu'accen êrdi* (113a/7) – «ол Әбілмәжін еді». *bu* есімдігінің *bul* болып тұлғаланған түрі де кездеседі: *bul sevâbnı aydı* (143a/10) – «бұл (мына) жауабын айтты». Қыпшақ тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, қазіргі жазба әдеби нормада *bul* тұлғасы негізгі болғанымен, әсіресе ауызекі сөзде, *bu* варианты да қолданыла береді [107, б.135]. Сонымен қатар *bu* вариантынан негіз тапқан *munda* (мұнда) мен *mundağ* (<мұн-тағ – мұндай, бұндай, бұлай) сілтеу есімдіктері кездеседі. Мысалы: *şāh-ı merdān kēlgünçe munda bolmaq kerek* (153a/6) – «Шах-и Мардан келгенше мында болу керек»; *sizlerni munda kēlgenleriñizni baba-yı bağbān kōrgen iken* (95a/3) – «сіздердің мында келгендеріңізді бақташы көрген екен»; *hīç kim mundağ nāzenīn kōrgen ve işitken imes* (103a/10) – «ешкім мұндай жастықты көрген және естіген емес»; *seni kim mundağ qıldı* (198b/8) – «сені кім мұнда әкелді».

«Мұнда» сілтеу есімдігінің ерекше қолданысы келесі сөйлемдерде байқалады: *ne muña zafer ve ne anda hafer* (173b/6) – «не мұнда жеңіс, не анда қатер». Осы сөйлемнің барыс септігімен жасалынған варианты да кездеседі: *ne aña zafer ve ne muña hafer* (231b/2) – «не оған жеңіс, не бұған қатер».

Ol жіктеу, сілтеу есімдігімен түбірлес *a* дыбысымен келетін варианттың да ескі жазбалар тілінде ізі бар. Олардың қолжазба тілінде *-da* жатыс септігінің жұрнағы арқылы түрлендірген *anda* (сол жерде) мен *andağ* (<ан-тағ – андай, сондай) және *ança* (<ан-ча – анша/ мұнша) түрлері кездеседі. Мысалы: *anda şāh-ı merdān 'alīni ve qulni kōrgen-men* (120b/6-7) – «анда Шах-и мардан [айтты] Әлиді және құлын көргенмін»; *anda ot içidin şeytān-ı la 'īn çıkıp aydı* (108a/3) – «анда от ішінен шайтан-и лағын шығып айтты»; *andağ cenk mağlūbe boldı ki gūyā āhīr zamān boldı* (216b/6) – «ақыр заман болғандай сондай шайқас болды»; *andağ bolsa ebū'l hākīmni öldürğan sen musın* (226a/7) – «олай болса, Әбұлхакимді өлтірген сенсің бе?»; *başıge andağ urdı kim kerābfıl şehīd boldı* (231a/6) – «басына ұрғаны соншалық, Керабфиль шахид болды»; *ança alğan mälların külbāriğa salıp* (185b/5) – «соншама алған малдарын қоржынға салып»; *ança sıhur aytar cihān-ı 'alemni su qılır* (200b/8) – «соншама сиқыр айтып, бүкіл әлемді су басты».

Ol мен *bul* сілтеу есімдіктерінің шығу тегі жайлы М. Томанов мынандай пікір қалдырған: «*Ol* мен *bұл* есімдіктерінің арғы түрі қандай болған, яғни, соның құрамындағы *-л* дауыссыз дыбысы о баста түбір құрамында болған ба, әлде кейін қосылған қосымша ма дейтін мәселе түркітанушыларды көптен ойландырып келеді. Оған себеп болатын осы сөздің сөз тіркестері құрамында кейде соңғы *-л*-сіз айтылуы» [2, б.213].

Белгілі бір қашықтықта орналасқан, бірақ көрініп тұрған затқа сілтеп отырған *şul* (сол) есімдігі де зерттеп отырған қолжазба мәтінінен жиі кездестіруге болады. Мысалы: *meniñ bir murādım bar şul murādımge yētkürinñizler* (96b/7) – «менің мақсатым бар сол мұратыма жеткізіндер»; *şul saat kāfirlerdin yētmış miñ kişini nābūd qılıp* (138b/4) – «сол сағатта кәпірлерден жетпіс мың кісіні жойды». *Сол* сілтеу есімдігінің прототипі қазіргі қазақ тілінде басқа қарақалпақ, ноғай тілінде де кездеседі. Бір-бірінен мағыналық айырмашылығы жоқ, тек дыбыстық қана ерекшеліктері бар бұл сөздердің жалпысына ортақ түбір мен жасалу, қалыптасу жолын айқындауда *oşol/uşul* тұлғасы басты тірек болып тұр

[2, б.216]. Қолжазба тілінде де осы вариант кездеседі: *el-qışsa uşul kün yēti pehlevān-ı nāmdārni şehīd qıldı* (170a/8-9) – «әл-қисса сол күні жеті палуан шахид болды»; *el-qışsa uşul kün yētmiş kāfirni murdār cānın cehennemge yiberdiler* (170b/4-5) – «әл-қисса сол күні жетпіс кәпірдің жанын Жаһаннамға жіберді»; *ḥazret-i şāh-ı merdān uşul yerge tüştiler* (242a/2) – «Хз. Шах-и Мардан сол жерге келді».

Сілтеу есімдіктерінің қазақ тілінде *осы уақытта, мына кез* тәрізді тіркестер құрамында да олар бір-бірінен алшақ кетпейтін уақыт кезеңдерін білдіреді [2, б.212]. Мысалы: *ol ḥālde dīv ḡayıb boldı* (244b/3-4) – «сол кезде дию ғайып болды»; *el-qışsā şul kēçe kāfirlerdin miñ kişini nābūd qıldılar* (105a/7) – «әл-қисса сол кеш кәпірлерден мың кісі жойылды»; *şol vaqıtta ḥ'ācı 'ömer bir ođlan şüretinde bolup* (187a/4) – «сол уақытта Хажы Өмер бала кейпінде болды».

Ортағасыр түркі жазба тіліне тән сілтеу есімдіктерінің тағы бір түрі – *hembu* сөзі. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба мәтінінде бұл сілтеу есімдік кейде көрініс табады. Мысалы: *sarübāl hembu 'azımet leşkerni körüp taḥsīn āfarīn qaldı* (220b/2-3) – «Сарубал сол әскердің көлемін көріп, таң қалды»; *alīni özi hembu kün yā tañ birle kēlür leşker ṭayyār qıldı* (223a/3) – «Әлидің өзі сол күні не ертеңгі таңменен келіп, әскерді әзірледі».

Үшбу қазіргі қазақ тіліндегі *осы, бұл, ол* сілтеу есімдіктерін білдіреді. Қазақ ақын-жазушылар бұл есімдікті жиі қолданылған. В. Радлов қазақ тіліндегі осы сөзді *ош+бу* деп этимологиясын түсіндіреді. Ал М. Томанов: «Егер қазақ тіліндегі осы сөзді В. Радлов көрсеткендей *ош+бу* деп қарағанда, ортаңғы -б дыбысының түсіп қалуын ешбір заңдылыққа сыйғызуға болмас еді. Ош сөзімен о сілтеу есімдігінің тіркесуінен құрылған қырғыз тіліндегі *ушул* сөзі» деп дәлелдейді [2, б.259]. Ғалымдар мұны екі компоненттен тұрады деп көрсетеді. А.М. Щербак бұл күрделі есімдікті «анафорическая форма» деп қарап, *ош* және *бу* есімдіктерінің бірігуінен пайда болған деп табады [109, б.132]. Қазіргі таңда *үшбу* есімдігі күрделі сілтеу есімдігі ретінде қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі.

3. Белгісіздік есімдігі. Заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздер ортағасыр жазба ескерткіштерде көптеп кездеседі. *Bir, birev, birnēçe, biri* сияқты белгісіздік есімдіктерінің жасалуына *bir* сөзі ұйытқы болып тұр. Мысалы: *bir künü ḥazret-i resūl-ı ekrem şallallāhu te 'ālā 'aleyhi ve sellem yārānları birle mescid-i mubārek de olturup ērdiler* (92a-92b) – «бір күні Хз.Аллаһ Елшісі (с.а.у.) достарменен қасиетті мешітте отырған еді»; *üç kündenin soñ bir tağğa yēttiler* (93a/8) – «үш күннен соң бір тауға жетті»; *bir çınār-bağ köründi* (93b/4) – «бір шынар бағы көрінді»; *yine birev kēldi* (173a/8) – «тағы да біреу келді»; *cemşīd şāh birnēçe söz sordı* (162b/4) – «Жәмшід шах бірнеше сұрақ қойды»; *birnēçe kündenin soñ* (136a/9) – «бірнеше күннен соң»; *yine biri kēldi anı hem helāk qıldılar* (219b/4) – «сосын біреу келді, оны да өлтірді»; *yine biri kēldi anı bendge tarttılar* (139b/4) – «сосын біреу келді, оны арқанға тартты»; *birin başını basıp birin qolını basıp çādırni üstige çiqıp* (183a/4) – «біреудің басын басып, біреудің қолын басып, шатырдың үстіне шығып»; *birin ejderhā şüretinde birini dev şüretinde qılıp* (185a/10) – «біреуін айдаһар кейпінде, біреуін дию кейпінде

қылып»; *biri felenk biri qāflān biri tağ biri taş biri ebir minip* (194a/9-11) – «бірі жолбарыс, бірі алабарыс, бірі тау, бірі бұлт мінді»;

Bir есімдігі сан есім *bir* сөзінен пайда болып, сөйлемде өзінің бірлік ұғымының үстіне ол заттың сапалық жағының белгісіздік мағынасын аңғарту қызметін атқарады. Кейіннен бұл сандық ұғымына қарағанда, белгісіздік мағына басым болды. Мағына жағынан оған ұқсас *kim érse* сөз тіркесі *біреу, әлдекім* мағынасын білдіреді. Мысалы: *kim érse bir yigit* (119a/5).

Қазақ тіліндегі алғашқы дауыссыз дыбысы түсіп қалыптасқан *әр* белгісіздік есімдігі парсы тілінен енген *her* сөзінен туындаған: *elik kèz her barmaqı* (223b/10) – «әр саусағы елу есе»; *her qolı şāh-ı cenārdek* (224a/1) – «әр қолы шынардың бұтағындай»; *her cum 'a kèçesi* (232b/6) – «әр жұма кешінде»; *her urğanda* (250b/7) – «әр ұрғанда». Қолжазба тілінде бұл есімдіктің бірнеше (*kim her kim, her kim her, her ne, her biri, her qaysıları, herkèz*, т.б.) варианттары кездеседі. Мысалы: *kim her kim andın çıqarsa* (228a/1) – «әркім одан шықса»; *her ne qılığ yarmın* (228a/3) – «не қылсаңдар да, жармын»; *her biri bir şehirde pādīşāh érdi* (232b/11) – «әрбіреуі бір-бір қалаға патша еді»; *her qaysıları her tarafdın tigip qırdılar* (116b/2) – «әрқайсылары әр жақтан қырды»; *herkèz müslümān bolmas* (245b/1) – «әркім мұсылман болмас»; *her kim aytsa qutulur* (226a/5) – «әркім айтса, құтылар»; *her kim her tarafge kètti* (142a/2) – «әркім жан-жаққа кетті».

Қолжазба мәтінінде *hiçkim* болымсыздық шылауы кейде белгісіздік есімдіктің орнына қолданылады. Мысалы: *mendın keyin hiçkim kèlgey mi muni fetğ qılğay mi dèdiler* (143a/5) – «менен кейін ешкім (біреу) келеді ме мұны жеңеді деді».

4. Болымсыздық есімдіктері. Болымсыз мағынаны білдіретін болымсыз есімдіктер өзге категорияларға тән сөздерден пайда болды. Белгісіздік есімдіктерден ең көп тараған *hiç* сөзі парсы тілінен келді. Өзі болымсыз мәнін білдіретін бұл есімдік өзінен кейін міндетті түрді *-ma/-me* болымсыз жұрнақты, *yoq* есім сөзін немесе *èrmes* болымсыздық мағынадағы көмекші сөзді қажет етеді. Мысалы: *hiç pāyāni yoq* (144a/9), *hiç eşeri qalmadı* (112a/10), *hiç kim meni aldında mundağ sözni aytqan èrmes* (182b/2). Болымсыздық есімдік қолдануының үш түрлі варианты кездеседі: *hiç* – «еш»: *andın hiç nāme nişān yoqtur* (221b/9), *hiç kim* – «ешкім»: *meydānğa hiçkim kirmedi* (135a/4), *hiç qaysı* – «еш қайсы, ешкім»: *hiç qaysımız andın gamgīn èrmesmiz* (221b/3-4).

5. Жалпылау есімдіктері. Заттар мен құбылыстарды жалпылай атау үшін кейінгі дәуірлерде пайда болған сөздер. Топтап, жинақтап көрсету тіл білімінде прономинализация деген терминмен де белгілі. Қолжазба тілінде араб және парсы сөздерімен қатар түркі сөздері де жалпылау есімдіктері ретінде көрініс тапқан. Олардың бірі – *barça* «барша, барлығы» есімдігі. Мысалы: *barça kèlip aşl-ı dīn dīn-i muğammed set dèp* (117a/4) – «барлығы келіп, асыл дінді Мұхаммедтің діні деп қабылдап»; *barça leşker birdin uruşqa kirdi* (130b/11) – «барша әскер бірден ұрысқа кірді»; *sen müslümān bol barça saña bolsun dèdiler* (238b/9) – «сен мұсылман бол, барлығы сенікі болсың деді».

Араб және парсы тілінен енген *tamām* – «тамам, барлық», *cümle* – «барлық», *hemme* – «түгел, барлық» деген жалпылау есімдіктердің түрлері кездеседі.

Мысалы: *tamām 'aḏālārı* (145a/ 1) – «бүкіл ағзалары», *tamām ḥalā'iq* (160b/7) – «барша халық», *cümle-i 'ālem* (144b/11) – «бүкіл әлем», *hemme birdin aṭ qoyunlar dēdi* (137b/5) – «барлығын бірден шабуылыңдар», *hemme altun kümüş bolup turur* (146a/4) – «барлығы алтын-күміс[тен] болды», *hemme birdin tögülsün* (175a/4) – «барлығы бірден төгілсін», *hemme mu'minler birdin aldılarıǵa ǵıqtılar* (258a/9) – «түгел мүсылмандар бірден алдына шықты».

6. Сұрау есімдіктерінің қазіргі тұлғалары тарихи тұрғыдан қаралса, сұрау мәнінде қолданылатын есімдіктер негізінен үш түбірдің айналасына топталады. Олар: *kim*, *ne*, *qay*. Қазіргі түркі тілдерінің сұрау есімдіктері осы түбірлер негізінде жасалған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында *qaydın*, *qayda*, *qaḡan*, *neḡün*, *ne*, *kim* сұрау есімдіктері кездеседі. Мысалы: *aṭlarnıñ nēme qaydın kēlip qayda barursızlar* (96b/2) – «аттарың кім, қайдан келіп, қайда барасыңдар», *neḡun til birlen mundaǵ dērsin* (182b/4) – «не үшін тіліңменен бұлай айтасың», *bularnı qaydın aldıñ* (185b/9) – «бұларды қайдан алдың», *seni kim mundaǵ qıldı* (198b/8) – «сені кім мында әкелді», *saqalıñnı qırǵan kişi qayda* (198b/10) – «сақалыңды қырған кісі қайда». Дегенмен, қолжазба мәтінінде кездескен сұраулы есімдіктері кейде сұраулық мәненен гөрі қатыстық мәнді көбірек танытатынын байқауға болады. Мысалы: *qaḡan ḥazret-i 'alī kēlgeyler* (158b/2) – «қашан Хз.Әли келеді»; *ne bolǵan vaq 'anı* (253a/6) – «не болған оқиғаны»; *arada nēce merātib redd ü bedel boldı* (100a/9) – «арада неше рет оқ қайтарылды»; *nēce künler boldı ki* (110a/9) – «неше күн болды»; *ḡer yanıda nēce miñ ejderhā kibi bahādūr sergerdeler olturupdur* (120a/2) – «оң жағында неше мың айдаһар сияқты мықты басшылар отырды»; *her nēḡun hūneriñ bolsa körseykil* (156a/3) – «қандай өнерін болса, көрсет»; *bir sā 'atde qaḡḡa kāfırlernı qırıp taşladılar* (98a/2) – «бір сағатта қанша кәпірді қырып тастады».

7. Өздік есімдігінің бір ғана өз тұлғасы бар. Қолжазба мәтінінде бұл есімдік көбінесе жіктік жалғауларымен қолданылған. Мысалы: *özi otuz filni birbirige baǵlap üstige tahtını qurup temāşāh qılır érdi* (169b/7) – «өзі отыз пілді бір-біріне байлап, үстіне тақ құрып, тамашалады»; *muḡammedni özi kirsun* (178b/1) – «Мұхаммедтің өзі кірсін»; *ḥazret özleri meydānǵa kirdiler* (179b/2) – «Хазіреттің өзі майданға кірді»; *ḥazret-i şāh-ı merdān özleri meydānǵa kirdiler* (199b/7) – «Хз.Шах-и Мардан өздері майданға кірді»; *şır-i ḥudā yalǵuz özleri uruş qılıp dur érdiler* (200a/7) – «Құдай арыстаны жалғыз өзі ұрысты»; *özi şehirge barıp* (211a/1) – «өзі қалаға барып»; *oq yāuımnı kēltürüñler öziüm tenhā barıp 'alīni köreyin* (224a/3) – «қару-жарағымды әкеліңдер, өзім жалғыз барып, Әлиді көрейін»; *ḥazret-i şāh-ı merdānǵa öziñ qut bērgil* (224a/9) – «Хз.Шах-и Марданға өзің құт бергіл»; *öziüm barıp seni körmaqçı érdim* (226b/8) – «өзім барып, сені көрмекші едім»; *tag üstige ǵıqalmay öz şehriǵa kēldi* (243a/1) – «тау үстіне шыға алмай, өз қаласына келді».

Өз есімдігі зат есімдері сияқты септік жалғауларымен бірге қолданылады. Мысалы: *cemşid öziǵe baqsa saqallarıdın dürre cevāhırlernı alıp kētipdur* (186a/10) – «Жәмшид өзіне қараса, сақалдарынан гауһар тастарды алып тастады»; *bu tāc-tahtıñnı öziñ zindān qıurmun* (187b/1) – «бұл тәж-тағын өзіңе зындан қыламын»; *zamāndın soñ öziǵe kēldi* (196b/11) – «уақыттан соң өзіне келді»; *ḥalā'iq özleriǵa kēlseler* (206b/6) – «халық өздеріне келсе»; *öz oqın öziǵa atıp yiberdiler* (225b/7) –

«өз оғын өзіңе атып жіберді»; *hemme öz özini qırıp* (237a/5) – «барлығы өз-өзін қырып».

Үстеу. Басқа сөз таптарынан көнеру нәтижесінде, сөздер мен сөз тіркестерінің ұзақ тарихи қолданылу жолында бастапқы мән ерекшеліктерінің жойылуынан пайда болған грамматикалық категория үстеу болып табылады [12, б.229]. Қолжазба тілінде үстеу сөздер қазіргі қазақ тіліндегі сияқты заттың қимылы мен ісінің әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік, күй-жайларын және сынның белгісін білдіреді. Ескерткіш мәтінінде үстеулердің мынадай топтары қолданылған: мезгіл, мекен, қимыл сыны, мөлшер үстеулері.

а) Мезгіл үстеулер қолжазба мәтінінде қимылдың мезгілін білдіреді:

imdi «енді», «қазір, енді»: *imdi bir kelime söz cemşīd şāhdın ішitіñ* (169b/4) – «енді бір ауыз сөз Жәмшід шахты тыңдаңыз»; *imdi bizni ҳarāb qılғuçı* (183a/9) – «енді бізге шабуылдайды».

keç «кеш»: *kün keç boldı* (134b/9) – «күн кеш болды».

kēçe «түн»: *yarım kēçede ҳazret-i mālik-i ejder таһāret tāze qılıp* (259a/7) – «кештің жартысында Хз.Мәлікаждар тахарат алып».

kēçe күndüz «күндіз түні»: *on beş kēçe ve күndüz leşkerge dem bērdiler* (136a/8) – «он бес күндіз түні әскер дем алды», *kēçe күndüz yol yürdiler* (112b/3) – «күндіз түні жол жүрді», *yēti kēçe күndüzgaca cenk mağlūbe boldı* (201b/7) – «жеті күндіз түні соғыс жалғасты».

erte «ерте, ертемен, таңда»: *erte bilen qaттāri 'l- 'ayn kişi yiberdiler* (99b/4) – «ертемен Қитар-уль Айн кісі жіберді», *ertedin tā күn batғunça* (100b/10) – «таңнан күн батқанша», *ertesі yine maşlahat qıldılar* (135a/2) – «ертеңісін тағы да жиналды», *erte күn çıqışı birlen* (199a/7) – «ерте күн шығысыменен», *erte тағ birlen* (199a/5) – «ерте таңменен».

burun «бұрын», «әуел баста»: *mendin burun hiçkim kēlip ērdi mu* (143a/4) – «менен бұрын ешкім келіп еді ме», *sendin burun rüstем kēlip ērdi* (143a/8) – «сенен бұрын Рүстем келген еді».

ә) Мекен үстеуі қимылдың орнын, бағытын білдіреді:

ilgeri «ілгері»: *sizdin ilgeri bir pehlevān kēldi* (162b/10) – «сізден бұрын бір батыр келді», *şīr-i ҳudā ilgeri barıp* (227a/4) – «Құдай арыстаны ілгері барып».

içgeri, іçinde «ішінде»: *içgeride bir dīv yatupdur* (241a/4) – «ішінде бір дию жатыр», *şalşal körse іçide bir müslümān yoq* (259b/5) – «Салсал қараса, ішінде мұсылман жоқ», *içinde bir 'ayyār bedkār bar еken* (189a/8) – «ішінде бір айлакер бар екен», *leşker-i kāfirni іçinde kirip yaş oғlan şūretide bolup yürür ērdiler* (196a/1) – «кәпір әскерінің ішіне кіріп, жас бала кейпінде болып жүрді», *bir dīv ol күnbezni іçinde cemşīdni azғurur ērdi* (205b/9) – «бір дию сол күмбездің ішінде Жәмшідті азғырған еді».

taşqarı «тысқары, сыртқа»: *bu sözge ҳayrān qaldı taşqarı çıqtı* (121b/8) – «бұл сөзге қайран болып, сыртқа шықты»; *'alī dūldūlni taşqarıға qoyup іçgeri kirdiler* (120a/4) – «Әли Дүлдүлді сыртта қалдырып, ішке кірді»; *zū 'l-fiқārni taşqarıға qoyup zindānға kirdiler* (123b/4) – «Зүлфиқарды сыртқа қойып, зынданға кірді».

yuqarı «жоғары»: *yarmıdın qoysa ot yuqarısı qār* (142b/2) – «жартыдан от болса, жоғары қар»; *künbezni yuqarısığa tikdi* (206b/1) – «күнбездің жоғарғы жағына шықты».

arqası «арты», «арқасы»: *h'āci 'ōmer çüst ü çālāk arqasıdın yükni qoyup zindān içige kirseler* (190a/6) – «Хажы Өмер тез арада арқасына жүгін қойып, зындан ішіне кірсе»; *qaṭṭār-ul 'aynnıñ neyze birlen urdılar ki sīnesidin ötüp arqasıdın çıqtı* (116b/8) – «Қитар-уль Айнды найзаменен ұрып, кеудесінен өтіп, арқасынан шықты»; *'alī anı cāniğa bērmes elbette elbette arqasıdın kēlür* (120b/9) – «Әли оны ешкімге бермес, әлбетте артынан келеді»; *özleri kāfirni arqasıdın bardılar* (243a/10) – «өздері кәпірдің артынан барады».

б) Мөлшер үстеулері қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді:

tezireq «тезірек, шапшаң»: *şemāme nigārğa nāme yiberdi ki tezireq kēlsun ki* (233a/4) – «Шамаме Нигарға тезірек келсін деп хат жіберді». Тез мағынасына келетін парсы тілінен *çüst ü çālāk* үстеуі кездеседі: *hāzret-i ebu'l-mi'acsen yerleridin çüst ü çālāk cāylarıdın turup revāne boldılar* (109a/5) – «Хз.Әбілмәжін орнынан жылдам тұрып кетті». Қолжазба мәтініндегі парсы тілінің *zūd* үстеуі сирек қолданылған: *emlāq zūd öldürgeyler* (141b/6) – «Имлақты тез өлтіріңдер».

birdin «бірден» үстеуі өте көп кездеседі: *hemme birdin kirinler dēdi* (135a/1) – «барлығың бірден кіріңдеп деді»; *barça leşker birdin uruşqa kirdi* (130b/11) – «барша әскер бірден ұрысқа кірді».

bisyār «көп» үстеуі де көп кездеседі: *hāzret-i şāh-ı merdān bularnı körüp bisyār ğamgīn bolup* (236a/3) – «Хз.Шах-и Мардан оларды көріп, көп уайым болды»; *cerāhatlarıdın qan bisyār aqar ērdi* (101b/2) – «жарақаттарынан қан көп ақты».

köp «көп»: *köp sıra perdeler quruldı* (105b/9) – «көп ретімен шатырлар құрылды»; *bizler köp sevdāger ērdük* (110b/6) – «біз көп саудагерміз»; *köp kāfirlerni qurdılar* (129b/9) – «көп кәпірді қырды».

Шылаулар. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында сөйлем мүшелерін және сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру функциясында шылаулар да, шылау мәндес сөздер мен сөз тіркестері де қолданылған. Қазіргі қазақ тілін сияқты, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде де шылаулар өздеріне тән лексикалық, атауыштық мағыналары жоқ, көмекші сөз ретінде қолданылады. Қолжазбада кездесетін шылаулар басқа сөздермен тіркесу қасиеті жағынан да, мағынасы мен синтаксистік қызметтері жағынан да, орналасу тәртібі жағынан да біркелкі емес. Олардың кейбіреулері көмекші, үстеме мағына беріп отырса, кейбіреулері сөйлем сөйлемді байланыстырады [110, б.49].

Қолжазба тілінде қазіргі қазақ тіліндегі жіктелуі бойынша шылаулардың үш түрі де кездеседі: жалғаулықтар, демеуліктер, септеуліктер.

Жалғаулықтар – бірыңғай сөйлем мүшелері мен сөйлемдерді байланыстыру қызметін атқаратын көмекші сөздер [111, б.128]. Оларға *hem*, *yine*, *eger* т.б. шылаулар жатады.

Hem шылауы. Ыңғайластық жалғаулыққа жататын *hem* шылауы қазіргі қазақ әдеби тілінде «да, және, сонымен қатар» мағыналарын білдіреді. Мысалы: *hāzret-i 'alī hem dergāzab bolup andağ zū'l-fiqār urdılar ki* (118a/9) – «Хз.Әли де ашуланып, Зүлфикармен ұрды»; *hāzret-i sa'd-ı vaqqāş hem şilāhlarını kiyip*

meydānga kirip (124b/9)– «Хз.Садуақас та қаруларын киіп, соғыс алаңына кірді»; *qız hem meydānga kirdi* (126a/6)– «қыз да шайқасты»; *cemşīd şāhni müslümān qılsun āhen-rübā hem feth qılsun* (132b/8)– «Жәмшід шахты мұсылман қылсын, сонымен қатар, Ахен-рубаны босатсын»; *hazret-i ‘alī hem bisyār navāzişler qıldılar* (сый сыяпат көрсету) (139a/2)– «Хз. Әлиге әрі көп сый сыяпат көрсетті»; *ol hem şul yerde turup munācāt qılıp bul cevābnı aydı* (143a/9)– «ол да осы жерде тұрып, мінәжат қылып, мына жауабын айтты».

Eger шылауы. *Eger* шылауы көне жазу нұсқаларында да жиі қолданылатын көмекші сөз. «Түркітану әдебиеттердің көпшілігінде *eger*, *əğər* шылаулары жалғаулық қатарында сөз болады. Бірақ бұл шылауда жалғаулық, дәнекерлік функция жоқ. Олай болатын себебі *eger* шылауы әрдайым шартты сабақтас құрмалас сөйлем басында келеді де, оның шарттылық мағынасын күшейте, үстей түседі» [110, б.153]. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында да *eger* шылауы шарттық мағынаны беріп, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемінің басында қолданылады. Мысалы: *eger zindānda bolsalar haber bərgil* (168a/7)– «егер түрмеде болса, хабар бер»; *eger kelse tirik tutqıl öldürme* (196a/7) – «егер келсе, тірі ұста, өлтірме»; *eger senindek pehlevānnı körse mehribānlıq qılsun* (150a/6) – «егер сендей палуанды көрсе, шапағатшы болады».

Eger шылауының сирек кездесетін *meger* түрі кездеседі. Мысалы: *meger şabhāz cādū āteş cādū kəlip bir iş qılmasa özge kişi de çāre yoq dur* (188b-189a) – «егер шахбаз джаду, от джаду бір нәрсе жасамаса, басқа кісінің шарасы жоқ»; *köñilleride aydılar meger māl turur dèp* (192b/9) – «іштен айтты егер ішінде мал болса деп».

Yine шылауы. Қазақ тілінің «және» шылауын баламасы болған бұл жалғаулық түркі туыстас тілдердің басым көпшілігіне ортақ. Қолжазба тілінде *yine* шылауының бірнеше қолдану ерекшеліктері бар:

1) *yine* жалғаулығы сабақтас құрмалас сөйлем құрамына енетін компонент болып қолланылады. Екі жай сөйлемді байланыстырып, екінші жай сөйлемнің басында қолданылады. Мысалы: *yine zü’l-fiqārni niyāmidin sugurup* (144b/6) – «тағы да Зүлфиқарын қынынан суырып»; *yine bir gerd peydā boldı* (146b/8) – «тағы да бір шаң пайда болды»; *yine tabl-ı bāzgeşt urup* (171a/8) – «тағы да жеңіліс дабылын ұрды».

2) сөйлемде «да, де» шылаудың мағынасында қолданылады: *erte yine şemr dègen kâfir meydānga kirdi* (172a/3) – «ертеңгі күні де Шамр деген кәпір майданға кірді».

3) сөйлемде «тағы» мағынасында қолданылады: *şāh-ı h’ārān yine yigirme miñ leşker yiberdi* (126a/4) – (Хауаран шахы тағы да жиырма мың әскерді жіберді); *kâfirler yine üç miñ leşker buyurdi* (135b/3) – «кәпірлер тағы үш мың әскер келді».

Üçün шылауы. Қазіргі әдеби тілінде әрі демеу, әрі жалғаулық қызметінде кездесетін шылаудың түрі. Жиі қолдантылатын шылау болғанмен де, қолжазба тілінде өте сирек қолданылады. Мысалы: *dāl ibn-i zāl mēni seniñ üçün bu yerde țilesim etip qoydı* (239b/5) – «Дал ибн Зал мені сен үшін осы жерге күзетші етіп қойды».

Kim шылауы. «Кім» шылауы – көне жазу нұсқалардан бері қолданып жатқан жалғаулық шылаудың түрі. А.М. Щербак бұл шылаудың шығу тарихы жайлы түркі салыстырмалы-сұраулы есімдіктің синтаксистік оқшаулануымен байланыстырады. Дегенмен, бұл жалғаулықтың парсы тілінен ауысқаны екені белгілі. *Kim* көне түркі тілдері жазу нұсқаларының көпшілігінде өте жиі кездесетін, ең бір өнімді жалғаулық. Бұл – жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын бағындырушы жалғаулық. Қазіргі заманда көптеген түркі тілдерінде өте жиі қолданылса да, қазіргі қазақ әдеби тілінде *әне-ки, міне-ки, кәне-ки, бәлкім* сияқты сөздердің соңындағы қосымша осы жалғаулықтың төркіндес деген болжам бар [110, б.60]. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында да 200-ге жуық қолданылған *kim* шылауы екі жай сөйлемді бір-бірімен сабақтастыра байланыстыратын жалғаулық ретінде қызмет атқарады. Мысалы: *cihāndın bī-ḥaber pehlevānlardur kim anıñ lāyıqı yoq* (96a/9) – «әлемде оған теңі жоқ белгісіз батыр екен»; *na`re tartıp aydı kim mendür men misl-i rüstem-i dāstān* (114b/5), *körseler kim bir aṭ ve qılıç zindān eşiğinde turupdur* (127b/4), *ḥazret-i `alīğa andağ ot saçtı kim cümle-i `ālem yandı* (144b/10) – «Хз. Әлиге соншама от шашты, барша әлем жанды».

Ki шылауы. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде өз қолданысын жоймаған *ki* шылауы *kim* көмекші сөзінің қысқартылған варианты. Мағына жағанынан, сөйлемде қолдану қызметі жағынан бірдей болып келеді. Екі шылау да бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына бөлек жазылып жалғанады. Мысалы: *na`re tartıp aydı ki* (154a/3) – «айқайлап айтты», *çaqırıp aydı ki gülçehreni hümānga bērdim* (156b/1) – «шақырып айтты: Гүлчехрені Хуманға бердім».

Yā/ ve yā шылауы. «я, не, не болмаса, әлде» мағыналарды беретін бұл шылау қазіргі қазақ тілінің грамматикасында талғаулық жалғаулықтарға кіреді. Қолжазба тілінде сөз бен сөзді, сөйлем имен сөйлемді байланыстырады. Мысалы: *`alīni ve yā qulni körseñ tanur mu-sen* (120b/6) – «Әлиді не болмаса құлын көрсең, тани аласың ба»; *`alīniñ qulı mu yā özge mü* (121a/2) – «Әлидің құлы ма не басқа ма»; *`alīni özi hem bu kün yā tañ birle kēlür* (223a/3) – «Әлидің өзі я бүгін я таң ертеңменен келер»; *mēni ḥarīfim mu yā yoq mu* (224a/4) – «маған тең бе әлде жоқ па».

Ve шылауы. Қазақ фольклорлық жырларында актив қолданыста болған «уа» шылауы қазіргі қазақ тіліндегі «және, мен (пен, бен)», «да, де, та, те», «тағы» шылаулардың мағынасын береді. Зерттеу нысаны болған қолжазба мәтінінде де ертедегі жазу нұсқаларында сияқты өте жиі қолданылатын ең өнімді жалғаулық. Ол бірыңғай мүшелер арасында көп кездеседі. Мысалы: *ferzentlerim ḥazret-i imām ḥasan ve imam ḥuseyin* (226a/2) – «перзенттерім Хазірет Имам Хасан және Имам Хүсейн»; *nēçe yılanlar ve ejderhālar faṣīḥ til birlen selām bērdiler* (244b/2) – «қаншама жыландар мен айдаһарлар өз тілдерімен сәлем берді».

Сонымен қатар, *ve* жалғаулығы екі жай сөйлемді салаластыра құрмаластыру қызметін де атқарады. Мысалы: *ammā delīde taṣdīq qılmadı ve köñlide kine tutar ērdi* (238b/2) – «бірақ дәлелдемеді де, көңілінде өшін ұстады».

ne ... ne шылауы. Қазіргі қазақ тілінің «не, немесе» талғаулық жалғауларына жатады. Қолжазба тілінде жиі кездесетін шылаудың бұл түрі төмендегі

мысалдардан көруге болады: *ne aña zafer ve ne muña haṭer* (231b/2) – «не оған жеңіс не мында қатер»; *körseler ne künbez bar ve ne āteş bar* (146a/3) – «қараса не күмбез жоқ не от жоқ»; *ne put qalur ne puthāne ve ne putperest ne āteş-perest ve ne kedeh* (165b/5-6) – «не пұт, не пұтхана, не пұтқа табынушылар, не отқа табынушылар қалады».

Qaçan шылауы. Қазіргі қазақ тілінде аз қолданылатын ұштастырғыш жалғаулықтардың бұл түрі «қашан» мағынасын береді. Мысалы: *qaçan ḥazret-i 'alī kélgeyler dep muntazar érdiler* (159b/3) – «Хз. Әли қашан келеді екен деп күтті».

Yoq érse шылауы. Зерттеп отырған қолжазба тілінде жиі қолданылатын бұл шылауының мағынасы «болмаса, әйтпесе, яки» деген жалғаулық шылаудың мағынасына сай келеді. Мысалы: *cemşīd şāh ... tövbe qılsun yoq érse ḥārzemīnni başıge zindān qılurmin* (182a/8-10) – «Жәмшід шах ... тәубе қылсын, болмаса осы Харземинді басыңы зындан қылдырамын»; *müslümān bolğıl yoq érse bul kēçe kēlip başıñı kēserrin* (185b/3) – «мұсылман бол, әйтпесе, бұл түні келіп басыңды кесемін»; *mēnde bir gürz bar anı kötersen uruş qılurmin yoq érse meydanıñge kirmaq 'ār dur* (226b/11-227a/1) – «менің бір қаруым бар оны көтерсең, шайқасамын, яки майданға кіру мен үшін ар-ұят болар». Аталған сөйлемдер шарттық мағына беріп отырған *yoq érse* тіркесі екі жай сөйлем арасында келіп, оларды бір-бірімен салалаластыра байланыстырып тұр. Т. Қордабаев көне қолжазбаларда, жазба ескеркіштерде жиі қолданылса да, «қазақ тіліне сіңісе алмай, ерте шығып қалды» [110, б.156] деген пікірге қосылуға болады.

Ammā шылауы. Араб тілінен енген жалғаулық шылаудың бұл түрі «бірақ» мағынасын білдіреді. Мысалы: *ammā delīde taşdıq qılmadı ve köñlide kine tutar érdi* (238b/2) – «бірақ істе дәлелдемеді әрі көңілде қина/өш ұстады»; *ammā yüz yétmiş kāfirlerni felīd cānun dūzahqa yiberdi* (122b/6) – «бірақ жүз жетпіс кәпірдің жаман жанын тозаққа жіберді»; *zū'l-fiqārni alıp ḥāzır boldı ammā ḥazret-i ebu'l-mu 'accen avge barıp érdiler* (129b/4), *ammā köpürü üstinde bir qız otururpudur* (144a/10).

Демеулік шылаулардың тобына *beri, mi/mi/mu/mü* шылаулары кездеседі.

Beri шылауы қазақ тілінде *berі* болып айтылады. Оның қолданылу функциясында қазіргі қазақ әдеби тіліндегіден ерекшелігі жоқ. Талданып отырған еңбекте бұл шылау шығыс септігінің жалғауын қолданған зат есімге тіркесіп, оны екінші бір сөзбен байланыстырады және өзіне тіркесіп тұрған сөзбен бірігіп, іс-әрекеттің басталу шегін білдіреді. Мысалы: *yétmiş yıldın beri tāçdār pādīşāhmın* (153a/1) – «жетпіс жылдан бері падишаһпын».

Mi/mi/mu/mü шылаулары сұраулық демеуліктер тобына жатады. Мысалы: *qız hem атаға mundağ cebr sitem qılır mu* (104b/11) – «қыз атаға мұндай жәбір қылар ма», *'alīni ve yā qulni körsen tanur mu-sen* (120b/6) – «Әлиді және құлын көрсең, танысың ба?», *'alīniñ qulı mu yā özge mü* (121a/2) – «Әлидің құлы ма әлде өзге ме?», *ey qaşımşım bu aṭnı bizge satur mu-sen* (122a/3) – «Әй, Қашымшым! Бұл атын бізге сатарсың ба?».

Септеулік шылауларынан *soñ, birle/birlen* шылаулары кездеседі. *Soñ* шылауы қимыл-әрекеттің аяқталуын аңғартатын септеулік шылау. Дегенмен Т. Қордабаев шылаудың бұл түрін демеуліктерге жатқызады: «Соң демеулік

шылауы әрдайым шығыс жалғаулы есімшеден, немесе зат есімнен кейін келіп, соңы меңгеріп, жетектеп тұрады. Соң шылауы өзіне тіркескен сөзбен бірігіп, іс-әрекеттің мезгілдік шегін, оның неден, неменеден кейін болатын я болмайтынын білдіреді» [110, б.52]. Талдап отырған қолжазба мәтінінде *soñ* шылауы өзіне тіркесе айтылып тұрған зат есім, есімдіктермен бірігіп, оларды сөйлемнің мезгіл пысықтауышына айналдырғанын кездестіруге болады:

а) шығыс септігін жалғанған зат есіммен бірге қолданылады. Мысалы: *du 'ā qıldılar du 'ādın soñ aydılar* (111b/2) – «дұға жасады дұғадан соң айтты»; *selāmdın soñ aydılar* (132a/8), *fātihadın soñ sūre-i innā fetahnanı oqur* (206a/10) – «Фатихадан соң Инна фетаһна сүресін оқып»; *sendin soñ medīneda 'arab qabīlesidin bir yigit peydā bolur* (143b/1) – «сенен кейін Мәдинада араб елінен бір жігіт пайда болды».

ә) іс-әрекеттің мезгілін, уақытын білдіру үшін қолданылады: *üç күndin soñ bir tağğa yēttiler* (93a/7) – «үш күннен соң бір тауға жетті»; *on beş kēçe күndüzdin soñ bir kentige yēttiler* (149b/1) – «он бес күн-түннен соң бір қалаға жетті»; *bir sā 'atdın soñ h'āci 'ömer nāmeni hāzret-i 'alī şīr-i hūdāge bērdiler* (180b/11-181a/1) – «бір сағаттан соң Хажы Өмер хатты Хз. Әлиге берді».

б) сілтеу есімдігімен бірге: *ötken vāqı 'alarnı beyān qıldılar andın soñ hāzret-i sa 'd-i vaqqāş yanıge kēldiler* (114a/2-3) – «өткен оқиғаларын оларға баян етті одан соң Хз. Садуақастың жанына келді»; *andın soñ zindān tarafıge bardılar* (123b/2) – «одан соң зындап тарапына барды», *andın soñ bir uluğ ot yaqıp otğa secde qılıp aydı* (126b/2) – «одан кейін үлкен от жағып, отқа сәжде қылып айтты».

в) *soñ* шылауы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонент баяндауышы қызметін атқарып, етістіктің өткен шақтық есімшені тіркеп тұрған түрін де кездестіруге болады. Мысалы: *siz kētkendin soñ bizlerni ve leşkerni helāk ve nābūd qılır* (242a/9) – «сіз кеткеннен соң бізге және әскерге шабуыл жасады»; *'alī kētkendin soñ alğaymın* (247b/10) – «Әли кеткеннен кейін алармын»; *fātihanı tamām qılğandın soñ arqadın bir gerd peydā boldı* (251a/7-8) – «Фатиханы бітіргеннен кейін артынан бір шаң пайда болды».

keyin шылауы қимыл-әрекеттің аяқталуын білдіріп, ертеден келе жатқан септеулік шылаулардың бірі. Ол өз алдынан шығыс септігін қажет етіп, есімдік пен зат есімге тіркесіп қолданылады: *andın keyin hāzret-i sa 'd-i vaqqāşnı suradılar* (113b/7-9) – «одан кейін Хз. Садуақасты сұрады»; *beş күndin keyin bir tağğa yēttiler* (111a/9) – «он бес күннен кейін бір тауға жетті»; *mendin keyin hiçkim kēlgey mu* (143a/4-5) – «менен кейін біреу келеді ме?»; *toqsan oğhdın keyin nebēresi şadād şāh dāl ibn-i zāldın qalğan* (209b/3-4) – «тоқсан ұлдан кейін Дал ибн Залдан қалған немересі Шаддад шах барды».

birle/birlen шылауы. *birle/birlen* шылауы – талданып отырған қолжазбада өте жиі қолданылған септеулік шылауы. Олардың мағыналары мен қызметінде қазіргі қазақ тіліміндегі *мен/бен/пен* форманттарымен ешқандай өзгешелігі байқалынбады. Қолжазба тілінде осы шылайлардың мынандай ерекшеліктері бар:

1) бірыңғай екі мүше арасында қолданылады: *hāzret-i ebu'l-mu 'accen birle hāzret-i sa 'd-i vaqqāş çüst ü çālāk cāylarıdın turıp* (92b/9-11) – «Хз.Әбілмәжінменен Хз. Садуақас тез орнынан тұрып»;

2) «көмегі арқылы» деген мағына беріп қолданылады: *başıge 'amūdkerān birle andağ urdılar ki* (100b/3) – «басын қару-жарағымен бірге ұрғаны сонша»; *kemend birle qal'age kirip* (102b/5) – «арқан арқылы қорғанға кіріп»; *neyze birlen helāk qıldılar* (106a/3) – «найзаменен шабуыл жасады»; *anı qırq zencīr bile bend qılğan érđi* (172a/11) – «оны қырық шынжырменен байлады».

3) атау тұлғадағы сөзбен тіркесіп, коммутативтік (бірлестік, жанастық) мағынаны білдіреді: *meşaqqat birle qaşıp qutuldu ki* (98a/10) – «қиыншылықпенен қашып құтылды»; *düldül ta'zīm (hürmet) tevāzu' bile kēlip ḥazret-i 'alīni mubārek ayağlarını öpti* (123a/2) – «Дүлдүл тағзым мен құрметпенен келіп, Хз. Әлидің қасиетті аяқтарын сүйді».

4) мезгіл үстеуімен тіркесіп, «ертемен» мағынаны білдіреді: *yine érte bilen meydānğa kirdi* (172b/10) – «қайтадан ертемен майданға кірді».

Жоғарыда келтірілген түркі тілінің шылаулардың жасалуы мен қалыптасуы тарихынан дерек беріп, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының қазіргі қазақ әдеби тілімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Қолжазба тілінде ортағасыр түркі тілінің шылауларымен қатар, араб және парсы тілінен енген шылаулары да жиі қолданылады. Олар: *evvelki, tā (ki), nāgāh, gūyā, çerākki, āḥirü'l emr, el-qışsa, ḥuşūşan, bāz, derhāl, līkin* т.б.

Evvelki шылауы араб тілінен енген шылау қазіргі қазақ әдеби тілінде де «әуелгі, әуелі» шылаулардың баламасы: *evvelkidin yüz heşşe quvvet peydā boldı* (181a/5) – әуелі жүз есе қуатты күш пайда болды.

Tā парсы тілінен енген шылау қазақ тілінде дейін мағынасына сәйкес келіп тұр: *tā namāz-ı digerğaça* (192a/7) – «бесін намазына дейін», *tā vaqt-ı seherğaça* (113a/1) – «таң намазына дейін», *tā qiyāmetğaça* (232b/8) – «қияметке дейін». *Tā* шылауымен қатар парсы тілінің *ki* жалғаулық шылауменен қолданылатын сөйлемдер де кездеседі: *tā ki cemşīd şāhnı aldıda dādın bergeymiz* (196a/8-9) – «Жәмшід шахтың алдында дадын бергенімізге дейін»; *tā ki lāt manāt bizlerdin rāzı bolsun* (195b/1-2) – «Лат-манат бізден разы болғанға дейін»; *qoydı tā ki leşkerni eṭrāfiğe kişi kēlmesun dep* (183b/2-3) – «жан-жақтан кісі келмесін деп әскерге дейін қойды».

Nāgāh парсы тілінен келген шылау мәтінде шамалы 70-тен астам қолданылған. Қолжазба тілінде «бірден, кенеттен» мағынаны білдіреді: *nāgāh irāqdın bir gerd peydā boldı* (146b/1-2) – «кенеттен алыстан бір шаң пайда болды»; *nāgāh qulaqlarığa şirfa-ı 'azīm işitildi* (94b/2-3) – «кенеттен құлақтарына қатты дауыс естілді»; *nāgāh qal'adın içkeri kirdiler* (95b/3-4) – «бірден қорғанның ішіне кірді».

Gūyā парсы тілінен келген шылау салыстыру, теңдестіру, ұқсастыру, тәріздес мағыналар береді: *gūyā ki bağ-ı irem turur* (93b/5) – «Жәннаттың бағындай тұрды»; *gūyā ki qiyāmet qāyım boldı* (136b/8) – «Қиямет қайым болғандай»; *gūyā yēti dūzahnu eşigi açıldı* (145a/8) – «Тозақтың жеті есігі ашылғандай»; *gūyā müslümānlar arasıge belā yağdı* (176a/2) – «мұсылмандар арасында бәле жаққан сияқты»; *gūyā kāfirler arasıda āḥir zamān boldı* (241b/7) – «кәпірлер арасында ақыр заман болған сияқты».

Қолжазба ерекшеліктерінің бірі – бірдей мағынаны білдіріп, күшейтпелі мағына беру мақсатында қос шылаудың қолданылуы. Парсы тілінің *gūyā* шылауының түркі тілдеріне тән *-dek/-tek* жұрнағымен және *gibi* шылауымен қатар қолданылды: *gūyā fīl-i mestdek* (173a/4) – «мас піл сияқты»; *gūyā qoyge böri körgendek* (148b/6) – «қойға бөрі көргендей»; *gūyā bir almanı atqandek* (172b/6) – «алманы атқандай»; *gūyā şīr gibi urulap hamle qıldılar* (192a/1), *gūyā tağdek yattı* (227a/3) – «таудай (сияқты) жатты».

Араб тілінен енген шылаулар қатарына *āhirü'l emr, çerākki, el-qışsa, huşūşan, bāz, ba'de zān, derhāl, līkin* шылаулары кездеседі:

– *āhirü'l emr* шылауы «аяғында, соңында» деген мағынаны білдереді: *āhirü'l emr hazret-i sa'd-ı vaqqāş derğazab bolup başıge amūdkerān birle andağ urdılar ki* (100b/1-3) – «аяғында Хз. Садуақас ашуланып қару-жарағымен бірге қатты ұрды»;

– *çerākki* шылауы «себебі, өйткені» деген мағынаны білдіреді: *çerākki qaṭṭārü'l-aynnıñ tört pehlevān nāmdarı bar erdi* (99b/7-8) – «себебі Қатарул Айнның төрт мықты палуандары бар еді»;

– *el-qışsa* шылауы «қысқасы, сонымен, сөйтіп» деген мағынаны білдіреді: *el-qışsa tā namāz-ı digergaça cenk mağlūbe boldı* (101a/10-11) – «сөйтіп бесін намазына дейін соғыс жалғасты»;

– *huşūşan* шылауы «әсіресе» деген мағынаны білдіреді: *huşūşan alarnıñ içinde bir melīke-i āftāb ... olturupdur* (103a/2) – «әсіресе олардың ішінен күн шуағы сияқты ханшайым отырған»;

– *bāz* шылауы «тағы да» деген мағынаны білдіреді: *bāz qanbarnı alıp barıp zindānga taşladı* (121b/1-2) – «Қанбарды тағы да алып, зынданға тастады»;

– *ba'de zān* араб және парсы тілдерінен құрылған шылауы «одан кейін» деген мағынаны білдіреді: *ba'de zān sonra üçevleri qal'a içinde şebāhūn urdılar* (104b/3-4) – «одан кейін үшеуі қала ішін тас-талқанын шығарды»;

– *derhāl* шылауы «дереу, бірден» мағынаны білдіреді: *qız derhāl kelime-i tayibbe ve kelime-i şehādetni aytıp müslümān boldı* (104a/3-4) – «қыз бірден иман келтіріп мұсылман болды»;

– *līkin* шылауы көне мәтіндерде кездесетін араб тіліндегі *lākin* шылауының «парсыланған» түрі [112]. Мәтінде «бірақ» шылауының мағынасын береді: *līkin hazret-i ebu'l-mi'accenniñ säyeleri üy içige tüşüp erdi* (103b/3-4) – «бірақ Хз. Әбілмәжіннің көлеңкесі үйдің ішіне түскен еді».

Етістік. Етістіктердің негізгі белгісі – олардың болымды, болымсыздықты білдіруі, көсемше, есімше тұлғалары, шаққа, райға жіктелуі. Етістіктер ең ескі, ежелгі дәуірдің жазбалар тілінде бар. Белгілі бір категорияның көрінісі болып табылатын морфологиялық тұлғалардың тілдің даму барысында бір күйде қалып қоймағанын ескеру керек.

Ескерткіштер тілінің фактілерін хронологиялық жүйе бойынша қазіргі түркі тілдерінің материалдарымен астастырып қарастырғанда, етістіктердің көпшілік категорияларының тұлғалық өзгеріске түспей сақталғанын, бірақ бірсыпыра семантикалық ауытқуларға ұшырағанын байқауға болады [1, б.140].

Етістіктің шақ категориялары. Шақ категориясы ашық райға тән болып табылады. Етістіктің тұлғалары молдығымен және күрделілігімен ерекшеленеді. Әрбір шақ формасы (өткен шақ, осы шақ, келер шақ) тарихи тұрғыда тұлғалық әрі семантикалық жағынан қалыптасудың жемісі [1, б.239].

«Жами'ат-Тауāрих» ескерткішін зерттеген академик Р. Сыздықова етістік категорияларының қыпшақ тіліне басым екенін айтады: «Основные глагольные категории выступают по нормам кыпчакских языков: показателем прошедшего категорического времени является аффикс *-ды/-ди/-ты/-ти*; прошедшего неочевидного деепричастная форма на *-б/-ыб/-б* + служебный элемент *дур/дур*; настоящее-прошедшего – деепричастная форма на *-а/-е/-й* + личные окончания; прошедшего незаконченного – причастная форма на *-ур/-ур/-р* + *ер-*; давнопрошедшего – причастная форма на *-ган/-ген* + *ер-* или форма на *-б/-ыб/-иб* + *ер-*» [113, б.103].

Қолжазба тілінде өткен шақ бірнеше тұлғалармен берілген. Барлық түркі тілдерінде кездесетін әрі ең көне тұлғалардың бірі – *-du/-di/-tu/-ti* өткен шақ формасы. 3-кестеде берілген мағлұмат бойынша «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында осы қосымшаның түбірге жалғануы дыбыс үндестігі заңына кейде сәйкес, кейде қайшы келетін сөйлемдер кездеседі. Қолжазба тілінде жедел өткен шақтың жекеше, көпше түрінің үш жағы қолданылған.

Кесте 3 – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында кездесетін жедел өткен шақтың қолданылуы

	Жекеше түрі		Көпше түрі
<i>Mēn</i>	<i>bağışladım</i> (123a/7), <i>taşurdum</i> (159a/9), <i>dost tuttum</i> (144a/2)	<i>Biz</i>	<i>öler boldıq</i> (236a/1)
<i>Sēn</i>	<i>kirdiñ</i> (152a/7), <i>ħarāb qıldıñ</i> (130b/8), <i>kuymediñ</i> (155b/1)	<i>Siz</i>	-
<i>Ol</i>	<i>ħavāle qıldı</i> (157b/3), <i>peydā boldı</i> (157a/11), <i>sundı</i> (160b/11)	<i>Alar</i>	<i>maşlahat qıldılar</i> (157a/4), <i>yıqıldılar</i> (157b/10), <i>beyān qıldılar</i> (158a/4), <i>şoradılar ki</i> (95a/8)

Бұрынғы өткен шақ *-miş/miş* жалғаулары арқылы жасалынып, іс-әрекеттің сөз болып отырған уақыттан көп бұрын іске асқанын білдіреді. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде өткен шақтың осы тұлғасы сирек кездескенмен де, кейбір сөйлемдерде кездеседі. Мысалы: *şalşal arqasıdın turmıştı* (242b/10) – «Салсал артынан тырмаланды»; *mālik-i ejder şehir-i çūmda bend-i zindānda ěrmiş* (167b/10) – «Мәлікәждар Чум қаласында зынданда еді».

Өткен шақ формасының *-ğan* есімшелі түрінің шақтық мәнде өнімді қолданылуы XIII-XIV ғасырлардан басталады. Қазіргі түркі тілдерінде (оғыз тобын есептегенде) өткен шақ функцияларындағы тұлға ретінде кеңінен кездеседі. Ортағасыр жазбаларында *-ğan* өткен шағының *turur* және оның қысқарған *-tur* тұлғасымен тіркесіп жұмсалуды ұшырасады [2, б.241]. Талдап отырған қолжазба мәтінінде де өткен шақтың бұл тұлға жиі кездеседі: *āteş-i cādū bağlangan turur* (198b/7), *aña yüz yigirmi dört miñ peygāmberni bitilgen turur* (248a/11), *ol ħazret-i işhāq peygamberdin du ā algandur* (188b/8).

Мұндай құбылыс негізінен III жаққа тән болып келеді. Тілдің тарихи дамуы барысында *-gan* өткен шағының көмекші етістік тіркесінсіз қолданылуы күшейе түсіп, *-gan/ġan+жіктік жалғауы* формасымен беріледі. Мысалы: *'alīni ve qulni kōrgen-mēn* (120b/8), *ḥazret-i muḥammed 'aleyhi's-selāmniḡ qoyup āteṣ-perest bolġan-sēn* (105a/4). *-gan/ġan* + *жедел өткен шақтың тұлғасы* арқылы жасалғанын байқаймыз: *andaġ tolġandı kim ġūyā fīl-i mestdek* (173a/4), *yılandek tolġandı* (187a/4).

Күрделі шақ формасының *ērđi* көмекші етістік тіркесі арқылы жасалатыны жайлы белгілі. Түркітанушылардың *-gen/ġan* + *ēr* көмекші етістігі тұлғасының кездесуі XI-XIV ғасырлардың жазба ескеркіштер тіліне («Бабырнама», «Шежіре-и Теракима», «Шежіре-и түрки») жатқызады. Талдап отырған қолжазба мәтінінде осы тұлға да қолданылды. Мысалы: *zū'l-fiqār birle düldülin körıp müslümān bolġan ērdi* (138b/1), *anı qırq zencīr bile bend qılġan ērdi* (172a/11), *herkēz buldın cāndār yürgen ērmes ērdi* (153a/1-2), *meniḡ qolumdın nūṣ revāne 'ādil dādke kēlgen ērdi* (182a/2-3). Өткен шақтың көрсеткіші *-mıṣ/-mıṣ ērdi* қолжазба мәтінінде кездеспеді.

-ar/-ur ērdi тұлғасы да кездеседі. Мысалы: *bir kēçe күndüz yol yürüdiler nāġāh barur ērdiler* (112b/3), *ḥazret-i 'alī hem her qılıç urgende iki miḡ kāfirni helāk qılur ērdiler* (116a/8-9), *leṣker-i kaffār alamān alamān dep çaqırur ērdiler* (116b/10-11).

X-XII ғасырлардағы көне ұйғыр жазбаларында кездесетін *-dı/-di* + *ērse* қосынды тұлғасы «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде жиі қолданылып, мезгілдік мағынаны береді. Мысалы: *mubārek közleri uyquġa bardı ērse ḥazret-i resūl-ı ekrem ṣallallāhu 'aleyhi ve sellemni tüṣ kördiler* (113a/4-5) – қасиетті көздері ұйқыға барған кезде, Пайғамбарды түсінде көрді; *iki miḡ kāfirni derk-i düzahqa ṣipāriṣ qıldılar ērse bu ḥalni yāranlar iṣetip bisyār ḥōṣvaqt boldılar* (131b/7-9) – екі мың көпірді тозақтың түбіне жіберген кезде, осыны жолдастары естіп таң қалды.

Қолжазба тілінде өткен шақ формасымен сәйкес келіп тұрған *-ıp/-up+yürür+ērđi* күрделі тіркесі де кездеседі: *qal'age kirip temāṣā qılıp yürür ērdiler* (102b/5-6), *düldül... zū'l-fiqārni yerge qoyup özi eṣrafīde otlap yürür ērdi* (127b/9-10), *'acā'ib dīvlerni qırıp yürür ērdiler* (129b/5-6), *avge qızıqıp yürür ērdiler* (157a/10).

Ортағасыр ескерткіштер тілінде алғашқы *-ıp+turur+жіктік жалғау* формасында ұшырасуы XIII-XIV ғасырлардан басталады. «Тефсир», «Оғызнамада», сонымен бірге XVII ғасыр шығармалары «Шежіре-и-тереккима», «Шежіре-и-түркіде», «Кодекс куманикусте» қолданылған [2, б.242]. Талдап отырған қолжазба мәтінінде де бұл тұлға жиі қолданыс табады: *güller açılıp bülbüller sayrap turur* (93b/7-8), *düşmenlerni tutup tururmız* (108a/1), *ferişteler alarnı oqların qaytarıp tururlar* (109b/1), *hemme altun kümüş bolup turur* (146a/4), *qahmās ṣāh taġ üstide qamalıp turur* (221b/3).

turur етістігінің қысқарған *-tur/-dur* тұлғасымен тіркесіп жұмсалуды да ұшырасып, *-ıpdır* тұлғасы да қолданылған. Мысалы: *bizni üstimizge düşmen kēlipdür* (107b/11), *nēçe miḡ ejderhā gibi bahādūr sergerdeler olturupdur* (120a/3), *mahūs olturupdur* (103a/6), *ejderni aġzıġa yaqın barıpdurlar* (112a/1), *cihān-ı 'alem leṣkerge tolupdur* (257b/1), *duṣmān- larnı tutupdur-mēn* (126b/6), *medīneni 'alīsi beṣ yıldın bēri kētip dur* (178b/6).

-ip+turur тұлғасына **ёр-** көмекші етістігі тіркесіп, күрделенген түрі де сирек болса да кездеседі: *qanğa boyalıp turur érди* (149a/2), *temāšāh qılıp hemme hayrān bolup turur érdiler* (151b/2).

Жіктік жалғауларын тікелей қабылдау арқылы қазақ тілінде нақ осы шақ мәнін беретін төрт қалып етістігінің (жатыр, тұр, отыр, жүр) қалыптасу жолын бақылау олардың XII-XIV ғасырлардан бергі кезеңде осы функцияда қолданыла бастағанын көрсетеді. Бұл төрт етістіктің жазбалар тілінде осы шақ мағынасын беруі **-ur** есімшенің тіркесуіне байланысты болған. Тілдің даму процесінде ықшамдалу нәтижесінде қазіргі қалыпқа түскен [2, б.243]. Талданып отырған еңбекте **yürür, turur, olturur, yatur** етістіктері арқылы жиі қолданылады. Мысалы: *av avlap yürür érdiler* (93a/8-9) – «аң аулап жүрген еді»; *qahmās šāh tağ üstide qamalıp turur* (221b/2-3) – «Қаһмас шах тау үстінде қамалып тұр»; *šoḥbet qılıp oltururlar* (246b/3) – «әңгімелесіп отырды»; *hemme leşker şişip yarılıp ölüp yatururlar* (160a/9-10) – «бүкіл әскер ісіп жарылып өліп жатқан»; *bihōş bolup yatururlar* (201b/1) – «ессіз болып жатты».

Ауыспалы осы шақ қолжазба тілінде көбінесе **-ar/-er/-r** + **жіктік жалғау** арқылы берілген. Бұл тұлға әрі келер шақ, әрі әрдайым болып жататын, яғни орындалуы мезгілге қатыссыз іс-қимылды көрсетеді. Қолжазба мәтінінде болымды түрі (*nār nūr-ı āteş öziñ maqsūdumın bérürsin* (126b/5) – «оттың нұры, өзің мақсатымды берерсің»), болымсыз түрі (*seniñ bir tāre müyüñni cihān ḥarāciğa bérmes-men* (122a/8) – «сенің бір тал жүнінді әлемнің байлығына бермеспін»), сұраулы түрі (*bu atñı bizge satur mu-sen* (122a/3) – «бұл жылқыңды бізге сатасың ба?»); *šāh-ı ḥārān aydı medīneni bilür mü-sen* (120b/2) – «Хауаран шахы сұрады Мәдинаны білесің бе?»); *qulñı körseñ tanur mu-sen* (120b/6) – «оның құлын көрсең, тани аларсың ба?») кездеседі.

Көсемшенің **-a/-e** жұрнағын алған етістіктің **-dur** формантын қабылдап, осы шақты білдіреді. Қолжазба тілінде осы тұлғаның тек III жақта жалғануы кездеседі. Мысалы: *kimge ḥudā bérse şul aladur* (229a/2) – «Құдай кімге берсе, сол алады»; *ḥırme ve tīre boladur* (144b/2). Осы шақтың осындай жасалу жолын Р. Сыздықова іс-қимылдың кәмілдігін білдіретін модальдық реңк пайда болғанын айтады [107, б.158]. Қолжазба мәтінінде I, II жақтағы ауыспалы шақ тұлғасына жалғануы кездеспейді.

Қолжазба мәтінінде қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген ауыспалы осы шақтың **-a** + **жіктік жалғау** көрсеткіші де кездеседі: *sizge көр dūnyā bérémin dēdi* (163a/2-3) – «сізге көп байлық беремін».

Ауыспалы осы шақтың **-a turur** + **жіктік жалғау** тұлғасы зерттеп отырған қолжазба тілінде қолданылған. Мысалы: *cemşīdge ḥaber bérдiler ki muşayyeb gāzī kēle turur* (250a/4) – «Жәмшідке Мұсайып қазы келіп тұр деген хабар берді»; *şalşal-ı la ĩn kēle turur* (225a/2-3) – «Салсал келіп тұр». Сонымен қатар, **turur** көмекші етістігі зат есімге жалғанып, осы шақты білдіреді. Мысалы: *bu yérđin şehri üç күnlük yol turur* (150a/9) – «бұл жерден қалаға үш күндік жол бар»; *tört yüz lāt manāt putlarımız bar turur* (151a/2) – «төрт жүз лат манат пұттарымыз бар»; *atım qaşımşım turur* (162b/8) – «есімім Қашымшым».

Іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіретін келер шақ қолжазба тілінде **-ğay/-gey** тұлғасы арқылы жасалып, белгісіз келер шақ мағынасын білдіреді: *mendin keyin hiçkim këlgey tu muni feth qılğay tu dëdiler* (143a/5) – «менен кейін ешкім (біреу) келеді ме мұны жеңеді деді»; *umîd var bolsañ müslümân bolğay* (128a/11-128b/1) – «үмітің бар болса мұсылман боларсың»; *men sizlerdin râzi bolgeyмен* (108a/10) – «мен сіздерден разы боламын»; *cemşîdni miñ päre qılğaymın* (175b/9) – «Жәмшідті мың бөлекке айналдырамын»; *biz hem üstiğa bargaymız* (221a/2) – «біз арттарынан келеміз»; *leşker cem ‘ qılğaymız* (215a/8) – «әскерді жинаймыз».

Келер шақ мәнін білдіретін **-ar/-er** тұлғасы арқылы жасалады: *ortadin çiziq tartarmın* (227b/11) – «ортасынан сызық тартамын»; *qayda barur-sen* (120a/9) – «қайда барарсың»; *seridin soyarmın* (187a/3) – «басынан соямын», *bu tãc-tahtıñni öziña zindân qılurmın* (187b/1) – «бұл тәж-тағыңды өзіңе зындан қылармын»; *anı ziyâret qılğan barurmız* (151a/3) – «оны зиярет қылып барамыз».

Етістіктің рай тұлғалары. Басқа түркі ескерткіштер тіліндегі сияқты «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында да рай тұлғаларының барлық түрлері кездеседі: бұйрық рай, қалау рай, шартты рай.

Бұйрық рай ескерткіш тілінде амалды істеуге түрткі болу, ұсыныс жасау, бұйыру, әмір беру сияқты біршама мағыналары береді. Сонымен қатар оның тілек, қалау мәні де бар. Сондықтан түркітанушылар оны бұйрық-қалау рай немесе бұйрық-тілек рай деп те атайды.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында бұйрық райды етістіктің негізімен тура келетін жекеше II жақ етістік тұлғасы білдіреді, оны нөлдік формула деп атайды [107, б.153]. Мысалы: *pãdişãh aydı qanbarnı alıp keliñler qaşımşım körsün* (120b-121a) – «патша айтты: Қанбарды алып келіндер, Қашымшым көрсін», *sen kãfirlerğa merdligiñni bildürgin dep ħuneriñni körset* (122a/8-10) – «сен кәпірлерге жігіттіңді, өнеріңді көрсет», *elbette arqasıdın keliür anı yaħşı saqlañ* (120b/10-11) – «әлбетте арқасынан келер, оны жақсы сақта».

Бұйрық райдың **-gil/ğil/-qil** жалғаулары туралы М. Қашқари айтқан еді: «бұйрық тұлғасына -ғыл/-қыл/-гіл қосымшаларының жалғануы тыңдаушы біреу болғанда ғана мүмкін. Тыңдаушы екі не одан да көп болса, бұл қосымшаларды жалғауға болмайды» [1, б.145]. Зерттеу нысаны болған қолжазбада да бұл жұрнақтың жекеше II жақта қолданылғанын көруге болады. Мысалы: *ey qanbar sen şul yerde turğil* (111b/3-4) – «Әй, Қанбар! Сен осы жерде тұр», *peyğamber-i ħudã aydılar ey a ‘lî ğam yemegil* (113a/6-7) – «Құдай Елшісі айтты: әй,Әли! Қам жеме!», *cemşîd şah işâret qıldı ki körse zerrin üstünde olturğil dep aydı* (162b/2-4) – «Жәмшід шах белгі берді, көрсе, алтынның үстінде отыр деп айтты», *ayğil lâ ilãha illallãh* (212b/2) – «айт «Лә илләһә ил Аллах».

Кейбір түркітанушылар **-gil/ğil/-qil** қосымшаларының **-gin/-ğin** деген фонетикалық варианттылығын көрсетіп, оларды «категорический императив» деп атайды [107, б.154]. Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері», Ә. Нәжіп Хорезмидің «Мухаббатнаме» еңбектерінде сияқты «Қисса-и Джанкнаме» шығармасында да осы екі варианттылық кездеседі. Мысалы: *sen kãfirlerğa merdligiñni bildürgin* (122a/9) – «сен кәпірлерге жігіттіңді көрсет», *bu künni*

tutulğanın maña bildürgin dediler (202a/10-11) – «бұл күннің тұтылғанын маған білдірт деді». Қолжазбада осы екі вариантының стильдік не мағыналық жағынан ерекшелігі байқалмады.

Бұйрық райдың III жақтағы жекеше түрі **-sun/-sün** қосымшасы арқылы жасалады: *hūdā tabārak ve te‘ālā yarıñız bol-sun* (224b/7-8) – «Құдай Тағала досыңыз болсын», *pehlevānlarını yiber-sun* (99b/6) – «палуандарды жіберсін», *atını kēlip al-sun* (122b/10) – «жылқысын келіп алсын», *qaşımşım munda kēl-sun* (130a/5) – «Қашымшым мында келсін», *cemşīd şāhni müslümān qıl-sun* (132b/8) – «Жәмшід шахты мұсылман қылсын». III жақтың көпше түрі бұл қосымшаның үстіне **-lar/-ler** көптік көрсеткішінің жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *cemşīd şāh ferāgatda bolsunlar hiç endiş qılmasunlar* (184b/9-10) – «Жәмшід шах демалсын, еш уайымдамасын»; *mescidni tāmīğa çıqsunlar meniñ qudretimni tamāşah qılsunlar* (202b/6-7) – «мешіттің төбесіне шықсын(лар), менің құдіретімді тамаша қылсын(лар)».

Бұйрық райдың II жақтағы көпше түрі **-ıñ/iñ** жалғануы арқылы жасалған. Мысалы: *bir kelime söz şalsal şāhniñ oğlıdın işitiñ* (216a/6-7) – «бір ауыз сөзді салсал шахтың ұлынан тыңдаңыз», *kēliñ imdi baña pehlevān boluñ sizge köp dūnyā bēramın* (163a/2-3) – «келіңдер, енді маған батыр болыңдар, сізге көп дүние берермін», *du ‘ā qılıñ men qolum aşıge bolsun müslümān bolayın* (179b/8-9) – «дұға етіңіз, мен мұсылман болайын». Көбінесе бұйрық райдың II жақтағы көпше түріне **-lar/-ler** көптік жалғауымен жиі қолданылады. Мысалы: *sizler barıp fālen tāgde turuñlar* (156b/11) – «сіздер барып, пәленше тауда тұрыңдар», *birdin at qoyuñlar dedi tirik tutup alıñlar* (106b/4-5) – «бірден атқа мініңдер, тірі ұстап алыңдар», *kemend birle tutup alıñlar* (130b/1-2) – «арқанмен ұстап алыңдар», *cemşīd buyurdi ki tutuñlar* (187b/5) – «Жәмшід бұйырды: «Ұстандар». Бұйрық райдың қолданылуы кейбір тұлғада көптік емес, сыпайылық, ізеттілік мәні де бар екені байқалады. Мысалы: *eu yārānlarım sizler bu yerde bir neçe vaqt dem alıñlar* (123a/9), *sizler ferāgatda du ‘ā qılıñlar men hūdādın tileyin dēp* (177a/3-4).

II жақтағы бұйрық райдың **-ıñız/-iñiz** сияқты күрделі аффикспен көрінуі сирек кездеседі. Бұл көптік мағынадан гөрі сыпайылық, қадір-құрмет көрсетушілік мәнде келеді. Мысалы: *siz her ne dēseñiz emr-i ihtiyār qılıñız fermān* (222a/7-8) – «сіз не айтсаңыз, әмір, бұйрық етіңіз», *anı öldürüp ya tirik tutup alıp kēliñizler* (97a/1-2) – «оны өлтіріп, я тірі ұстап алып келіңіздер».

Қалау рай бұйрық раймен грамматикалық та, семантикалық жағынан да тығыз байланысты болып келеді, яғни сөйлемдегі контекстік қолдануында кейде бұйрық рай тұлғасы қалау райлық мәнде қолданылады, қалау рай бұйрық рай мәнін береді [1, б.147]. Қалау рай зерттеп отырған қолжазба мәтінінде қазақ тілінде сияқты сөйлеушінің белгілі бір амалды не әрекетті жүзеге асыруға бағытталған ниетін, ынтасын білдіреді. Етістіктің қалау рай түрін жасау үшін жекеше, көпше түрінің I жағы жұрнақтары арқылы қолданылады.


Шағатай тілін зерттеген түрік ғалымы М. Аргуншахтың пікірі бойынша, қалау рай көбінесе келер шақтың тұлғалары арқылы жасалынады [21, б.202]. Я. Экманн мен А. Бодрогилетидің зерттеулеріне сүйенсек [15, б.172], шағатай

тіліндегі қалау рай *-ay/-ey/-ayın/-eyin/-ayım/-eyim/-alı/-eli/-alım/-elim* сияқты тұлғалар арқылы жасалынады [14, б.116].

I жақтағы жекеше түрі *-ay* жұрнағы арқылы жасалады: *kenîzek bolsa satıp alay* (124a/7-8) – «күң болса сатып алайын»; *men barıp qanbarnı alıp zindāndın ħalāş qılaydılar* (123b/1) – «мен барып, Қамбарды алып зындандан құтқарайын», *anı bir uçını mēn tutay bir uçını sen tut* (227b/9-10) – «оның бір ұшын мен ұстайын, бір ұшыны сен ұста»; *pehlevānñ bendin ħalāş qılay* (104b/2). I жақтағы жекеше түрі *-ayın/-eyin* жұрнағы арқылы да жасалады: *ġarāyiblerni temāşā qılayın dēp taġ üstige çıktılar* (111b/5-6), *ēger rāst bolsa ol qaşımşımñı öldüreyin andın soñ seni çıqarayın* (165b/1-3) – «егер рас болса, Қашымшымды өлтірейін, содан соң сені шығарайын»; *men ħudādın tileyin* (177a/3-4) – «Құдайдан тілейін»; *müslümān bolayın* (179b/9) – «мұсылман болайын». Қолжазба тілінде қалау райдың басқа жұрнақтары (*-alıñ/-eliñ/-alım/-elim*) кездеспеді.

Көпше түрінің I жағы *-alı/-eli* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *hemme birdin aţ qoyalı* (141a/5) – «бәріміз бірден атқа мінейік»; *av avlap köñlüni ħoş qılıp yuralı* (157a/8-9) – «аң аулап, көңілді коштап жүрейік»; *ey pehlevān kēl bir nēçe qısmaq oynalı* (161a/3-4) – «әй, палуан! Кел біраз қыспақ ойнайық»; *bizge leşker bēriñ bu ħizmetniñ biz qılalı* (163b/7) – «бізге әскер беріңіз, бұл істі біз орындайық».

Қолжазбада ортағасыр жазба ескерткіштеріне тән қалау райдың осы тұлғаларынан басқа қазіргі қазақ әдеби тілінің көпше түрі I жағы *-eyik* жұрнағы кездеседі:



biz ħıţāy-ı ħuten barıp kēlip ħudā ħāhlasa cemşīd şāhnı müslümān qılıp ya öldürüp kēleyik (221b/11-222a/1-2) – «біз Ытай-ы хүтенге барып келіп, Құдай қаласа Жәмшід шахты мұсылман қылдырып немесе өлтіріп келейік».

Қалау рай келер шақ мәнін білдіретін *-maqçı* тұлғасы арқылы жасалған мысалдар да кездеседі. Келер шақ пен қалау мағынасын білдіретін бұл тұлға *-maq* етістіктен есім тудырушы жұрнақ пен *-çı* есімнен есім тудырушы жұрнақтан туындаған. Мысалы: *munda bizni feth qılıp elbette ħıţāy-ı ħuten barmaqçıdur* (210a/6) – «мұнда бізді жаулап, әлбетте Ытай-ы хүтенге бармақшы»

Қолжазба мәтінінде шартты рай тұлғасын жасайтын жұрнақ – *-sa/-se*. Кейбір ортағасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін шартты райдың *-sar/-ser* варианты қолжазба мәтінінде кездеспейді.

4-кестеде көрсетілген мәлімет бойынша талдап отырған қолжазба мәтінінде шартты райдың барлық жіктелген тұлғалары кездеседі.

Кесте 4 – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба мәтініндегі шартты райдың жіктелуі

	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	<i>ne aytsam müslümān bolurmin</i> (125b/6)	<i>'alī birlen uruşup ölsek armān yoq erdi</i> (186b/10)

Кесте 4 жалғасы

II	<i>bir bir qorqsañ on on kél yoq</i> (107a/4)	<i>eger anıñ birdin maña alıp bérseñiz</i> (238a/8)
	<i>bu ‘ayyārni tutup bérseñler</i> (188b)	-
III	<i>cumhūr birle talaş qılsa ve her qaysı anı yıqsa qızım melīke-i gülçehreni aña bérir-men</i> (154a/4-7)	<i>yine baqsalar leşker-i şalşal turur</i> (245a/3)

Қолжазба тілінде шартты райдың қолданылу ерекшеліктері:

1) рай категориясының бұл түрі қазіргі тілдердегідей іс-қимылдың орындалатын не орындалмайтын шартын білдіреді. Кейбір сөйлемде *eger/meger* шылауымен қолданылады. Мысалы: *her ne maqşudlarıñız bolsa bérürmen* (96b/9) – «не мақсатыңыз болса, берермін», *eger ‘alīni qulı bolsa ‘alī anı cāniğa bérmes* (120b/8) – «егер Әлидің құлы болса, Әли оны ешкімге бермес», *eger qoysañ ‘alemnī ħarāb qılurlar* (126b/11) – «егер қойсаң, әлемді жоқ қылдырамын»; *eger senindek pehlevānnı körse mehribānlıq qılur* (150a/6) – «егер сендей палуанды көрсе, қонақжайлы болады»; *meger şabhāz cādū āteş cādū kélip bir iş qılmasa özge kişi de çāre yoqdur* (188b-189a) – «егер Шахбаз келіп, бірнәрсе істемесе, өзге адамның шарасы жоқ»;

2) қолжазба тілінде *ēr-* көмекші етістікке шартты райдың жұрнағы жалғанып, шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем құрайды: *tubārek közleri uyquğa bardı érse ħazret-i resūl-ı ekrem şallallāhu ‘aleyhi ve sellemni tüş kördiler* (113a/4-5) – «қасиетті көздері ұйқыға барған кезде, Аллаһ Елшісін (с.а.у.) түсінде көреді». Кейде бірден зат есімге жалғанып келеді: *cuftım érse fātıme-yi zehrá* (226a/1) – «жұбайым болса, Фатима-и Зехра».

3) қолжазба тілінде *-sa/-se* жұрнақтары шарттылық мағынадан гөрі, мезгілдік мағынасы бар сөйлемдер басым. Баяндауышы шартты рай формалы етістіктен болған бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің мезгілін, немесе өзімен мезгілдес болған іс-әрекеттерді білдіреді: *tag üstige çıqsalar miñ ādemni qoyupdur* (249b/7) – «таудың үстіне шықса, мың адам тұр»; *yine hūşleriğa kélip tursalar ne dāl bar ne zāl* (247a/7) – «тағы есін жиса, не дал не зал бар», *āñir ħazret-i şāh-ı merdān körseler bir ħať bar alıp oqusalar anda dērkim* (246b/5) – «ақыры Хз. Шах-и Мардан көрсе, бір хат бар алып оқыса, анда айтылған»;

4) шартты райдың жұрнағы қолдануымен қажеттілік мағынаны білдіретін сөйлемдер де кездесті: *kuhe bulurnı şul fetħ etse kèrèk* (143b/5) – «кристал тауын сол жаулап алу керек»;

5) шартты райдың жұрнағы арқылы жасалған көмекші етістіктер тұрақты сөз тіркестеріне айналып, сөйлемде *andağ bolsa, yoq érse, kim érse* деген шылау қызметін атқарады: *andağ bolsa ebū’l ħakīmni öldürğan sen musın* (226a/7-8) – «олай болса Әбулһәкімді өлтірген сенсің бе»; *müslümān bol yoq érse mulkuñni ħarāb qılurmin* (187b/2-3) – «мұсылман бол, әйтпесе мүлкінді жоқ қыламын»; *müslümān bol yoq érse yine bir kèçe kélip başıñni kèsermin* (186b/6) – «мұсылман бол, әйтпесе тағы бір түні келіп басыңды кесермін»; *kim érse bir yigit şāñīb-i cemāl*

pehlevān (119a/5-6) – «кім болса бір жігіт мықты палуан екен»; *ḥudā ḥāhlasa* (221b/11) – «Құдай қаласа».

Күрделі етістіктер. Іс-әрекетті білдіретін етістіктердің көбісі екі не одан да көп етістіктен құралып, күрделі етістік құрайды. Күрделі етістіктердің бірі араб не парсы тілдерден енген есім сөз болса, оның жанында әрқашан түркі тілінің көмекші етістігі тіркеседі. Оларды етістікті тіркес немесе құранды етістіктер деп атайды. Н. Оралбаева оларды етістіктің «аналитикалық форманттары», яғни аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі етістіктер деп атаса, кейбір қазақ тілі мамандары оларды «арнаулы нағыз көмекшілер» (*qıl-, bol-, ét-, ér-*) және «ауыспалы шала көмекшілер» (*sal-, kör-, tut-, qoy-, qur-, yür-*) деп екіге бөліп қарастырады [107, б.149].

Талданып отырған қолжазба мәтінінде күрделі етістік екі түрлі топқа айырып қарастырдық: бірінші, есім мен көмекші етістіктің араласып келуі арқылы, екінші, тек етістіктер арқылы. Араб және парсы тілдерінен енген есім сөздердің *qıl, sal, ét, ér, qal, bol, bar, ııq, bér* сияқты көмекші етістіктеріне тіркесе айтылуы арқылы жасалады.

Qıl- көмекші етістігі қазіргі қазақ әдеби тілінде «қылу, ету»-ді білдіреді. Қолжазба мәтінінде 500-ден астам қолданылған. Олардың ішінде ең көп кездесетін етістіктер: *rāst qıl-* (93a/1) «расттау», *ḥızmetni qıl-* (93a/1) «қызмет еті», *binā qıl-* (94a/4) «құру, тұрғызу», *ṭahāret tāze qıl-* (94b/1) «таһаратты жаңарту», *edā' qıl-* (94b/4) «құлшылық ету», *üstüvār qıl-* (94b/7) «мықты болу», *bād qıl-* (96a/8) «мас болу», *pest qıl-* (96a/11) «кемсіту», *cem' qıl-* (97a/8) «жинау», *tārāc qıl-* (97b/4) «тонау», *ğayret qıl-* (97b/9) «талпыну», *'arz qıl-* (98a/5) «арыз ету», *nābūd qıl-* (98a/9) «қирату», *ḥavāle qıl-* (99a/6) «лақтыру», *redd qıl-* (100a/8) «қайтару», *taḥsīn ve āferīn qıl-* (101b/10) «таң қалу», *temāşā qıl-* (102a/1) «тамашалау», *kebāb qıl-* (102b/1) «кебаб жасау», *helāk qıl-* (106a/10) «өлтіру», *şükr qıl-* (106b/2) «шүкүр ету», *işāret qıl-* (111a/4) «белгі беру», *beyān qıl-* (114a/1) «баяндау, хабарлау», *seyr qıl-* (160b/5) «көру» т.б.

Ét- көмекші етістігі қазіргі түркі тілдес тілдерінде кездеседі. Қолжазба мәтінінде ең аз қолданылған бұл етістің *ér-* көмекші етістігімен бір қызмет атқарады: *feth ét-* (143a/11) «соғысу», *yaqın ét-* (144a/6) «жақын болу», *seyr ét-* (160b/4) «көру», *fahr ét-* (187a/7) «мақтану», *ṭilesim ét-* (239b/6) «күзетші болу».

Bol- көмекші етістігі кейбір фонетикалық ерекшеліктеріне қарамастан қазіргі түркі тілдес тілдерінің көбінде кездеседі. Қолжазба мәтінінде 600-ге жуық қолданылған. Олардың ішінде ең көп кездесетін етістіктер: *peydā bol-* (144b/9) «пайда болу», *derğazab bol-* (145a/3) «ашуланы», *berāber bol-* (145a/4) «бірге болу», *nābūd bol-* (145b/1) «қирату, жою», *pāre pāre bol-* (145b/10) «тас-талқан ету», *bihūş bol-* (146a/1) «естен тану», *revāne bol-* «жолға шығу» (147a/3), *cem' bol-* (147a/1) «жиналу», *ḥayrān bol-* «қайран болу» (151b/2), *redd ü bedel bol-* «алмасу» (154b/7), *ğayıb bol-* (155b/4) «ғайып болу», *vehm-nāk bol-* (155b/7) «қорқу», *ğarq bol-* (155b/5) «суға бату», т.б.

Ér- көмекші етістігі тарихи тұрғыдан «ету, болу» етістіктерінің қызметін атқарады. Қолжазба мәтінінде 200-ден астам қолданылған. Олардың ішінде ең көп кездесетін етістіктер: *ḥāzır ér-* (180b/10) «дайын болу», *arz ér-* (185a/3) «арыз

ету», *yoq ér-* (186b/10) «жоқ болу», *bar ér-* (187b/10) «бар болу», *bi-dār ér-* (211b/7) «ояну», *serdār ér-* (211b/11) «қолбасшы ету», *qarar ér-* (219a/10) «шешім жасау», т.б.

Bér- көмекші етістігі өз алдына жасырын табыс септігін алған зат есіммен тіркесіп жасалынады. Қолжазба мәтінінде 97 рет қолданылған: *haber bér-* (183a/10) «хабар беру», *berbād bér-* (189a/10) «қирату», *cān bér-* (200a/5) «жан тапсыру», *toy bér-* (205a/9) «той жасау», *sarancām bér-* (209a/4) «түгендеу», *dem bér-* (215b/10) «демалу», *kişiş bér-* (228a/10) «тарту», *selām bér-* (244b/2) «сәлем беру», *taşlay bér-* (247b/9) «тастай салу», т.б.

Qal- етістігі өз алдына кірме есім сөзбен тіркесе отырып, күрделі етістік құрайды. Қолжазба мәтінінде 40-қа жуық есім сөзбен тіркесіп қолданылған: *hayrān qal-* (121b/7) «қайран қалу», *mecāle qal-* (110a/4) «күш қалу», *eşeri qal-* (112a/10) «белгі қалу, із қалдыру», *taḥsīn āferīn qal-* (123a/4-5) «мадақтау, қошымет көрсету», *ta'ccub qal-* (146a/5) «таң қалу», *tāqat qalma-* (154b/11) «шыдам қалмау», *arman qalmasun* (156a/2) «арманы қалмасын, арманы жоқ», *ḥāl qalmadı* (250b/9) «халі қалмады, халі жоқ».

Sal- етістігі өз алдына кірме сөзбен тіркесе отырып, тұрақты сөз тіркесі құрайды. Қолжазба мәтінінде 30-ға жуық есім сөзбен тіркесіп қолданылған. Мысалы: *aṭ sal-* (137a/9) «бас салу» мағынасына келеді, қазіргі қазақ тілінде «ат салысу» тұрақты сөз тіркесі қолданылады; *ot sal-* (145a/8) «от салу» етістігі мәтінде тура мағынасында қолданылып тұр, ал қазіргі қазақ тілінде бұл сөз тіркесі «араздату» мағынасына келеді; *dem sal-* (145b/8) «дем салу», *üstilerige sal-* (149a/9) «үстіне шабуылдау, бас салу», *keftleriğa sal-* (151a/10) «кеудесіне кию», *kemend sal-* (168b/11) «арқан салу, өзіне тарту», *qılıç sal-* (175b/4) «шабуылдау», *zū'l-fiqār sal-* (175a/1) «Зүлфиқармен ұру».

Bar- етістігі өз алдына кірме сөзбен тіркесе отырып, тұрақты сөз тіркесі құрайды. Қолжазба мәтінінде «бару» етістігінің өз мағынасында қолданылады: *alıp bar-* (196b/8-9) «алып бару», *uşıp bar-* (201a/1) «ұшып бару», *uyqığa bar-* (206a/4) «ұйықтау», т.б.

Çiq- етістігі өз алдына кірме сөзбен тіркесе отырып, тұрақты сөз тіркесі құрайды. Қолжазба мәтінінде 70-тен астам рет қолданылған: *qaşıp çiq-* (126b/2) «қашып шығу», *alıp çiq-* (127a/11) «алып шығу», *ötüp çiq-* (148b/10) «өтіп шығу», т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде кездесетін сияқты ортағасыр түркі тілінің көмекші етістіктерінің бірі – *yè-* етістігі. Зат есіммен тіркесе отырып, күрделі етістік құрайтын бұл етістік ауыспалы мағынада қолданылады: *kötek ye-* «таяқ жеу», *te'essüf ye-* «қайғыру», *zaḥm ye-* «зақымдану», *yaralar ye-* «жаралану» [14, б.63]. Қолжазба мәтінінде *yè-* етістігімен жасалынған бірнеше сөз тіркестері кездеседі: *ğam yeme-* (108a/4) «қам жемеу, уайымдамау», *ni'metni ye-* (165a/1) «нығметін жеу, дастарханнан дәм тату».

Талданып отырған еңбекте жоғарыда айтып кеткен нақ осы шақты жасайтын *yürür, turur, olturur, yatur* көмекші етістіктері арқылы күрделі етістік құрайды. Мысалы, *vaqt-i saḥar namāz oqur olturur erdiler* (158b/5-6) – «таң

намазын оқып отырған еді», *ḥayrān bolup turur ʿirdiler* (151b/2) – «қайран болып тұрған еді» деген мысалдарда күрделі етістік төрт сөзден құралған.

Күрделі етістік тіркестердің негізгі сөзі түркілік болып келетін мысалдар да бар. Мысалы: *közüm qıyma-* (186b/5) «көзім қимай», *tüş kör-* (113a/4-5) «түс көру», *yaman köz tikmesun* (150b/10) «жаман көз тимесін», *īmān dā'iresige kirgüz-* (168a/1) «иманға кіргізу», *fataḥ bër-* (256a/7-8) «батықа беру», *av avla-* (93a/9) «аң аулау» (синонимі ретінде қолжазба мәтінінде есім сөзі парсы тілінің *şikār qıl-* (127b/10) күрделі етістігі де қолданылады), *kāfirler arasige ot түш-* (98a/1) «араздату, от түсу».

Күрделі етістіктің келесі бір тобы тәуелдік, септік тұлғаларда тұрып көмекші етістіктермен келген тіркестер құрайды: *yol yür-* (93b/1-2) «жол жүру», *yol bas-* (144a/4-5) «жолға шығу», *qolğa түшт-* (107b/2) «қолға түсу», *qol uzat-* (126a/10-11) «қол ұзату», *qol ayağını bağla-* (196b/8) «қол-аяғын байлау». Осындай күрделі етістіктерді Ә. Нәжіп идиома сипатты тіркестер деп атайды да, олар парсы тілінен калька жолымен жасалғандар деп санайды [107, б.152].

Есімше. Қолжазба тілінде үш түрлі есімшенің аффикстері кездеседі. Олар: 1) *-ar/-er/-ur/-ür*; 2) *-ğan/-gen/-qan*; 3) *-mıš/-miš*.

-ar есімшенің жұрнағы жоғарыда көрсетілгендей, ауыспалы осы шақты, өткен шақты, келер шақты білдіреді. Ортағасыр жазба ескерткіштеріне тән болғандай езулік пен еріндік дауыстыларымен берілуінде белгілі бір қатаң заңдылық жоқ, яғни *-ur/-ür* варианты жалғанатын сөздегі дауыстылардың езулік-еріндік болып келуін талғамайды. Мысалы: *qılur, ʿürür, yiberür, bërürmen*.

Талданып отырған еңбекте есімшенің **-ğan/gen** түрі жиі қолданылады. Бұл – ертедегі жазбалардың қай-қайсысында болса да қолданылған есімшенің ең бір көне түрі. Түркітану әдебиеттерінде ол өткен шақтық есімше деп аталады [1, б.36]. Өткен шақтық есімше ескерткіш тілінде әр түрлі функцияда, әр түрлі тұлғада қолданылған:

1) өткен шақтық есімше қазіргі әдеби тілінде сияқты етістіктің түбіріне жалғанып, сөйлемнің бастауыш қызметін атқарады: *qalğanı alamān alamān dep bedr qaçtılar* (109b/7) – «қалғаны аламан аламан деп қашты»; *qaçqan qutulup turğan tutulup* (175a/11) – «қашқан құтылып, тұрған ұсталынды».

2) сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы болғанда, жатыс септігімен келеді: *her qılıç urğanda iki miñ kāfirniñ murdār cānın cehennemge yiberdiler* (260a/3) – «әр қылыш ұрғанда, екі мың кәпірдің жанын Жаһаннамға жіберді», *ḥazret-i 'alī hem her qılıç urgende iki miñ kāfirni helāk qılur ʿirdiler* (116a/ 8-9) – «Хз. Әли әр қылыш ұрғанда, екі мың кәпірді өлтірді».

3) *-dek* етістіктен есім тудырушы жұрнаққа жалғанып қолданылады: *bir almanı alıp oynağandek* (156a/9) – «алманы алып ойнағандай»; *gūyā qoyge böri körgendek* (148b/6-8) – «қойға бөрі шапқандай».

4) сөйлемнің тиянақты баяндауышы қызметін атқарады: *qolı singan* (163a/10) – «қолы сынған», *başını yarıлған* (163b/1) – «басы жарылған», *hiç kim meni aldımда mundağ sözni aytqan ʿermes* (182b/3) – «ешкім менің алдымда мұндай сөзді айтқан емес».

5) етістіктің түбіріне жалғанып, сөйлемнің анықтауышы болып қолданылады: *müslümān qılğan sen musın* (226b/2) – «мұсылман қылған [адам] сенсің бе», *turğan hālayıqlar* (156b/2) – «тұрған халық», *alğan mälların* (185b/5) – «алған малдарын», *alğan tofraq* (187b/7) – «алған топырақ», *kəlgen leşker* (256a/7) – «келген әскер».

Есімшенің **-mış/-miş** жұрнағы туралы Р. Сыздықова былай дейді: «Бұл жұрнақ **-ğan/gen** жұрнақты түріне синонимі болып көрінгенімен, әрдайым оның орнын баса алмайды, өйткені ол жіктік жалғауларын қабылдамайды және шақтық мағына бермейді» [107, б.168]. Зерттеп отырған еңбекте кездесетін бұл тұлғаның мысалдарын жоғарыда келтірілген.

Көсемше. Қолжазбада көсемшенің бес түрлі тұлғасы орын алады. Олар: 1) *-ip, -ip, -p, -ip, -üip*; 2) *-a, -e*; 3) *-ğaç/-geç*; 4) *-qalı, -geli*; 5) *-gunça*.

Қолжазбада өте жиі қолданылатын көсемше – ***-ip, -ip, -p, -ip, -üip*** жұрнақтары. Бұл көсемше қазіргі қазақ әдеби тілінде бірдей қызметін атқарады: 1) жоғарыда көрсетілгендей, өткен шақты (*-ip+turur/-ip+tur*) білдіреді; 2) бірінен соң бірі болған бірнеше іс-әрекетті байланыстырып, сабақтас құрмалас сөйлем құрайды: *saħar turup tahāret tāze qılıp iki rek‘at namāz oqıp ħudāğa munācāt qılıp yine közleri uyqıǵa bardı* (206a/1-4) – «таңда тұрып, тахаратты жаңартып, екі ракаат намаз оқып, Құдайға мінәжат қылып, көздері тағы да ұйқыға барды».

Көсемшенің ***-a, -e*** жұрнағы дара түрде де, күрделі етістік құрамында да қолданылған. Оның ауыспалы осы шақ мәнін білдіріп, ***-a/-e+-dur, -a + жіктік жалғау, -a turur*** сияқты формада кездеседі. Кейбір сөйлемдерде бөлек көрсетіліп жазылады. Мысалы: *qıra başladılar* (201a/08) – «қирата бастады». Тағы бір мысалда көсемшенің бұл тұлғасы дауысты дыбыстан басталған етістікпен тіркесіп, келгенде түсіп қалады. Мысалы: *buzalmadılar* (205b/11) – «бұза алмады», *tağ üstige çıqalмай öz şehriǵa keldi* (243a/1-2) – «тау үстіне шыға алмай өз қаласына келді»».

Қолжазбада жиі болмағанымен ***-ğalı/-qalı/-keli/-geli*** жұрнақты көсемше ұшырады. Сөйлемде негізгі әрекеттің мақсатын және мезгілін білдіру мағынасында қолданылды: *öldürǵalı közüim qıymay kettim* (186b/5) – «өлтіргелі (едім) көзім қимай кеттім», *kim meydānǵa kirip uruşǵalı* (125b/1) – «кім майданға кіріп ұрысқалы (тұр)», *ħummār-ı zayıfım degen kāfir medīneni fetħ etkeli keliip dur* (178a/9-10) – «Хұмар зайфым деген кәпір Мәдинаны жаулағалы тұр», *cemşidni başın kesiip keliip* (192b/4) – «Жәмшідтің басын кескелі тұр», *şalşal-ı la‘ın yamān bedgerdār kāfir turur sizni körgeli* (224b/8) – «Салсал лайн сізді көргелі тұр».

Қолжазбада кездескен көсемшенің бір түрі – ***-ğaç/-geç*** жұрнағы. Кейбір ғалымдар мұны өткен шақтың есімше жасайтын жұрнақ десе, бірсыпыра ғалымдар бұл форма арқылы көсемше жасалады дегенді айтады [105, б.243]. Академик Т. Қордабаевтың пікірінше, бұл формалы етістік қазақ жазбаларында ХІХ ғасырдың соңына дейін қолданылды [1, б.34]. Қолжазба мәтінінде бұл формалы етістік жиі кездеседі: *cemşid şāh nāmeni körgеç vehm-nāk bolup* (136a/4-5) – «Жәмшід хатты көріп қорқып»; *mende ħüner qalмаdı degeç* (156a/5) – «менің өнерім қалмады деп».

Қолжазбада *-gunça/-günçe/-ğunça/-qunça* формалы етістік жиі кездеседі. Қазіргі түркі тілдердің көбінде мұндай формалы етістіктер бар. А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков сияқты түркітанушылар көсемше қатарында қарастырған *-gunça* аффиксті тұлғасы мезгіл пысықтауыш қызметін атқарады [105, б.244]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде *-ғанша/-генше* формалы етістік арқылы беріледі. Мысалы: *şāh-ı merdān kēlgünçe munda bolmaq kerek* (153a/6) – «Шах-и мардан келгенше мында болу керек»; *tā kün batqunça on iki miñ leşkerni qırdılar* (157b/8) – «күн батқанша он екі мың әскерді қырды»; *‘alīni öldürmağunça bular tursun* (230a/10) – «Әлиді өтлірмейінше олар тұрсын»; *tañ atqunça birbirin qırıp* (237a/3) – «таң атқанша бір-бірін қырып».

Одағай.

Сөз таптарының бірі болған одағай қолжазба мәтінінде кездеседі. Одағай – адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар, толық мағынасы болмайтын сөздер. Олар жұртшылыққа әбден түсінікті болып қалыптасқандықтан, жай ғана дыбыстардың қатарынан шығып, белгілі сөзге айналған [100, б.154].

Қазақ тілінде негізгі одағайларға *ау, на, ей, әй, е, уа, уау, уай, я, пай, ә, о, оһо, ой, ие, аһа, ау, беу* деген сөздер жатады. Олардан «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында келесідей одағайлар кездеседі: *еу, уā, vāу, hāу hāу, alamān alamān*, т.б.

Қолжазба мәтініндегі *еу* және *уā* сөздері қазақ тіліндегі «әй, уа» мағыналарында келіп, қаратпа сөздің қызметін атқарып отыр: *еу rüstem* (243a/10), *еу perverdegārim* (144a/11), *еу ferzentim* (147b/4), *еу nāzeninler* (150b/9), *еу şāhibqırān* (150b/10), *yā settār yā gaffār yā qahhār yā cebbār* (115a/6), *yā mālīk-i ejder* (168b/4), *yā resūl-ı allāh* (214b/6), *yā ‘alī* (227b/8), т.б.

Қазақ тіліндегі «уай, ойбай» мағынасында қолданылған *vāу* сөзі өкініш, ауру мағыналарын білдіреді: *cemşīd vāу közüm деп yüzi birlen yıqıldı* (118a/2) – «Жәмшід «ойбай көзім» деп жүзіменен жығылды»;

Қайталама қос сөзден құрылған *hāу hāу* «һай» одағай сөзі өкінішті білдіреді: *qaṭārü’l ‘ayn qızını körüp aydı ki hāу hāу еу behīyā qız hem атаға mundağ cebr sitem qılır mu* (104b/9) – «Қитар-уль Айн қызы көріп айтты: Әй, қыз! Әкеге мұндай жәбір қылады ма?»; *cemşīd şāh hoş keyif bolup na ‘re tartıp aydı ki hāyhāу kim bolğan ta ‘reke-i meydānға kirip cumhūr birle talaş qılsa ve her qaysı anı yıqsa qızım melīke-i gülçehreni aña bērir-men dēdi* (154a/1-7) – «Жәмшід шах хош көңіл болып, айқайлап айтты: «Әй! Кім майданға кіріп, Жүмһүрменен күрессе, қайсысы оны жықса, қызым Гүлчехрені оған берермін» деді».

Қолжазба мәтінінде көңіл күй одағайлары шаттану, таңырқау, ренжу, өкіну, қуану мәнінде қолданылатын бірнеше одағайлар орын алды.

Қорқу мағынасында қолданылған *alamān* сөзі қайталама қос сөз ретінде беріліп тұр. Мысалы: *alamān alamān деп bedr qaçtılar* (109b/7) – «аламан аламан деп қашты»; *leşker-i kaffār alamān alamān деп қақırur ērdiler* (116b/10) – «кәпір әскері аламан аламан деп шақырды»; *on iki miñ leşkerni qırdılar qalğanı alamān alamān деп һазрет-i mālīk-i ejderniñ ayağlarıға yıqıldılar* (157b/8-10) – «он екі мың әскерді қырды, қалғаны аламан аламан деп Хз.Мәлікәждардің аяқтарына

жығылды»; *hemme alamān alamān dep müslümān boldılar* (249b/9-10) – «барлығы аламан аламан деп мұсылман болды» т.б.

С. Аманжолов «аламан» сөзін айқай-шу, тасыр-тұсыр мағынаны білдіретін айта келе: «ол екі түбірден біріккен күрделі сөз. Бірінші компоненті «ал» етістігі, екінші компоненті «ман» тұлғасы арқылы жасалады. Бұл алғашқы кезде адам, күзет, қарауыл, жасақ мағынаны білдірген. Кейін бұл мәнінен айырылып, қосымшаға айналып кеткен. Екі сөздің арасындағы *-a-* әрпі – көсемшенің тұлғасы» [114, б.53-54] деп пікірін білдірді.

Түйін

2-тарауды қорытындылай келе, мынадай түйін жасауға болады:

1. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде қыпшақ тілдерінің фонетика-морфологиялық заңдылықтары да көрініс тапқан. Шығарма ортағасыр жазба мұраларының бәріне ортақ өз дәуірінің әдеби тіл нормалары және орфографиясымен жазылған. Орфографиялық белгісіне қазақ сөздерінің сингармониялық заңға байланысты фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-жұрнақтарды бір вариантта жазу, әріптердің өзгеруі не қосылып жазылуы, не түсіп қалуы, араб және парсы сөздерін түпнұсқасы сияқты жазу, т.б. ерекшеліктер кездеседі.

Шығарма тіліндегі дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері: тоғыз дауысты дыбыстың болуы, дауысты дыбыстардың ерін үндестігінің әлсіздігі – қыпшақ тобындағы тілдерді басқа түркі тілдерінен ерекшелендіретін де осы белгілер.

2. Қолжазба тіліндегі сөзжасамына тоқталатын болсақ, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында көптеген сөздер сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған. Сөзжасамға зерттеу жасау барысында, жұрнақтарды сөз түрлендіруші және сөз тудырушы деп екі топқа жіктедік. Сөз тудырушы жұрнақтарды зерттеу нәтижесінде, есімдік жұрнақтары (*-lıq/-lik/-luq/-lük; -çı/-çi; -çılıq; -ğı/-gi; -qa/-ge; -hāne, -q/-k/-aq/-ek, -dek/-tek, -sız/-siz, -daki/-taki* жұрнақтары) және етістік жұрнақтары жұрнақтар (*-la/-le, lan/-len, -qar/ger, -laş/leş, -ar/-er, -a/-e, -ıq*) деп бөліп қарастырдық. Барлық жұрнақтардың қыпшақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, талдап отырған ескерткіште қазіргі қазақ тілінде орын алып тұрған ырықсыз етістен басқа етістің барлық түрлері (*-dır/-dir/-dür/-t;-n,-l;-iş,-iş* тұлғалары) көрініс тапқан. Сөз түрлендіруші жұрнақтардан көптік, септік және тәуелдік жалғаулары кейбір фонетикалық өзгерістерді санамағанда ортағасыр жазба мұраларының тілдік ерекшеліктеріне сәйкес келіп тұр. Мысалы, көптік жалғау көбінесе *-lar/-ler* тұлғасы арқылы жасалынады. Тәуелдік жалғауы жекеше түрдің 3-жағы мен көпше түрдің 3-жағынан тыс кездері көбінесе езулік-еріндік үндестігіне бағынбайды. Ал септік жалғаулардың қолданылуында тұрақтылық жоқ, яғни ілік, барыс, табыс септіктері бірін-бірі орын алмастырады. Бұл ортағасыр түркі жазба тілінің өзіндік ерекшелігі ретінде қабылдауға болады.

3. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында қазіргі қазақ тілінің грамматикасы тәріздес, сөз табының барлық түрі кездеседі. Атап айтқанда: зат есім (*aş, altun*); сын есім (*qızıq, yaman*); сан есімнің есептік (*on iki miñ, üç*), реттік (*ikinci, üçüncü*),

топтық (*yüz yüz, miñ miñ*), жинақтық (*birev, ikev*), болжалдық (*yëti sekiz*) түрлері; есімдіктің жеті түрі: жіктеу (*mën, sën*), сілтеу (*bu, ol, anda/andağ, şul, uşul, hembu*), жалпылау (*barça, tamām, cümle, hemme*), белгісіздік (*bir, birev, birneçe, biri*), болымсыздық (*hiç, hiçkim, hiç qaysı*), өздік (*özi, öziñ, öz özini, özleri*), сұрау (*kim, ne, qay, qaydın, qayda, qaçan, neçün*) есімдіктері; үстеу сөз табының мезгіл (*imdi, keç, kēçe, kēçe kündüz, érte, burun*), мекен (*ilgeri, içgeri, taşqarı, yuqarı, arqası*), мөлшер (*tezireq, birdin, bisyār, köp*) үстеулері; шылаудың жалғаулық (*hem, eger, meger, yine, kim, ki, yā/ ve yā, ve ne ... ne, qaçan, yoq érse, ammā*), демеулік (*üçün, beri, mı/mi/mu/mü*), септеулік (*soñ, birle/birlen, keyin*) шылаулары мен олардың араб-парсы тілдерінен баламалары (*evvelki, tā, nāgāh, gūyā, āñirü'l emr, çerākki, el-qışsa, ħuşūsan, bāz, ba'de zān, derhāl, likin*); етістіктердің дара және күрделі (түркі тілінің *qıl, sal, èt, èr, qal, bol, bar, çiq, bër* көмекші етістіктеріне тіркесу арқылы) түрлері мен одағай (*ey, yā, vāy, hāy hāy, alamān alamān,*) кездеседі.

Етістіктің шақ категориялары қыпшақ тіліне басым екенін көрсетеді. Қолжазба тілінде өткен шақ бірнеше тұлғалармен берілген. Мысалы: – *-di/-di/-ti/-ti, -mış/miş, -ğan turur, -gan/ğan+жіктік жалғауы, -gan/ğan+жедел өткен шақтың тұлғасы, -gen/ğan + èr* көмекші етістігі, *-ar/-ur érdi, ip+yürür+érdi, -ip+turur+жіктік жалғау және оның күрделенген түрі -ipdir, -ip turur érdi*, формалары арқылы жасалады. Қолжазба тілінде нақ осы шақ көсемше + *yürür, turur, oturur, yatur* етістіктері арқылы жасалса, ауыспалы осы шақ *-ar/-er/-r + жіктік жалғау, -a/-e+-dur, -a+жіктік жалғау, -a turur+жіктік жалғау* көрсеткіштері арқылы берілген. Келер шақ қолжазба тілінде *-ğay/-gey* және *-ar/-er* тұлғалары арқылы жасалады.

Етістіктің рай категорияларының барлық түрлері кездеседі. Олар: бұйрық рай (жекеше II жақ етістік тұлғасы, *ğil/ğil/-qıl* жалғаулары мен оның *-gin/-ğın* фонетикалық вариантылығы, III жақтағы жекеше түрі *-sun/-sün* қосымшасы, II жақтағы көпше түрі *-ıñ/iñ* жалғануы, II жақтағы бұйрық райдың *-ıñız/-iñiz*), қалау рай (*-ay/-ey/-ayın/-eyin/-ayım/-eyim/-eyik/-alı/-eli/-alım/-elim/-maqçı*), шартты рай (*-sa/-se*) сияқты түрлері қолданылған.

Қолжазба тілінде үш түрлі есімшенің аффикстері (*-ar/-er/-ur/-ür; -ğan/-gen/-qan; -mış/-miş*) мен көсемшенің бес түрлі тұлғасы (*ip, -ip, -p, -up, -ür; -a, -e; -ğaç/-geç; -qalı, -geli; -gunça*) кездеседі.

«Қисса-и Джанкнаме» шығармасының морфологиясы оғыз тіліне қарағанда қыпшақ тіліне тән сипатқа ие, грамматикалық формалары мен олардың қолданысы қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылған ортағасырлық ескерткіштерімен ұқсастықтар байқалады. Тіл категориясы негізінен қазіргі қазақ әдеби тілі мен оның диалектілеріне жақын.

3 «ҚИССА-И ДЖАНКНАМЕ-И РИСАЛЕ-И ШАХ-И МАРДАН» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Кез келген ғылым, білім салаларындағы ғылыми жаңалықтардың ашылуы статистикалық мәліметтерсіз мүмкін болмайды. Сондықтан қайсібір нәрсенің болмыс-бітімін, яғни сапасын айқындау оның санына да байланысты. Статистикалық мәліметтердің тілдік зерттеулер үшін маңызды екендігін тілші ғалымдар дәл айтқан. Сандық мәліметтерді ғылыми зерттеулердің әдіс-тәсілі ретінде ғана пайдаланып қоймай, тіл білімінің арнайы жеке саласы ретінде қалыптастырған. Тіл білімінің бұл саласы лингвостатистика, статоллингвистика, лексикостатистика, квантативтік лингвистика, қолданбалы лингвистика т.б. атаулармен белгілі [115, б.3].

Лингвостатистика – тілдегі құбылыстарды математика ғылымының сандық заңдылықтарына сүйене отырып, статистикалық әдістермен қарастыратын тіл білімінің саласы. Жалпы лингвостатистика ғылыми бағыт ретінде тілдегі лингвистикалық бірліктердің құрылымдық сипаттарын, қолданылу көріністерін дәл, нақты ғылым деп табылатын тілді зерттеудің әдіс-тәсілдерін қолдану негізінде тануға, пысықтауға тырысу мақсатында келіп туды [116]. Стилистикадағы ең тиімді зерттеу әдістерінің бірі болып табылатын лингвистикалық статистика туыстас және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғасыртырмалы құрылымдық-статистикалық зерттеуге мүмкіндік береді [117, б.95].

Қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеулерде статистикалық әдіс жиі қолданылғанмен, лингвостатистика мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар саны көп емес.

Лингвостатистика әр түрлі тілдік құбылыстарды, тілдік қабаттарды, тілдің лексикасы мен грамматикалық формаларының, категорияларының дамуының әр түрлі тарихи кезеңдерін анықтауда өте қажет әдістерінің бірі. Тілдің тарихын зерттеуде тіл дамуының белгілі бір кезеңдеріне тән ерекшеліктерді танытатын, статистикалық, сандық көрсеткіштер арқылы белгілі бір тұжырым жасайтын зерттеу еңбектерінің маңызы ерекше [11, б.74].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінің лексикалық құрамы өте алуан түрлі. Қолжазба тілінде ортағасыр түркі тілімен қатар, араб және парсы тілдерінің ықпалы едәуір зор. Сондықтан мәтінде қолданылған лексикалық құрамын анықтау үшін үш тілдің нақты сандық өлшемін беру керек. Ортағасыр ескерткіштердің тілін зерттеген ғалымдардың лингвостатистикалық әдістерін пайдалана отырып, «Қисса-и Джанкнаменің» тілдік қабаттары, яғни түркілік, араб және парсы қабаттары сандық өлшемімен көрсетіледі. Аталған тілдердің қолжазба лексикасына тигізген әсерінің арасалмағын айқындауға негіз болады. Әрине бір ғана жазба ескерткіштің нысанасы арқылы сол дәуірдің тіл байлығын көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бірақ қолжазба лексикасын зерделеу арқылы, оның қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екенін анықтауға болады.

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының транслитерациясын жасаған кезде, мәтіндегі сөз қолданыс саны шамамен 17000-ға жуық екені анықталды.

Қолжазбаның лексикалық минимумын анықтау үшін лексикалық бірліктерді кейбір шарттарға сай іріктелінді. Олар:

1) Лексикалық бірліктердің құрамынан ономастикалық атаулар (антропонимдер мен топонимикалық атаулары) алынып тасталған;

2) Түркі, араб, парсы тілдерінің бір мағыналы, көп мағыналығы, синонимдік қос сөздеріне қарамастан, тізімге алынды, дегенмен қайталама қос сөздері мен автордың өзі қайталаған сөздерінің бір сыңары ғана алынды;

3) Жекелеген сөздер жұрнақ пен жалғаулардан бөлек алынып, түбір күйінде берілген. Мысалы, *ayda, aydek, ayın, ayılıq* деп жеке-жеке бермей, *ay* сөзі алынған.

Қолжазба тіліндегі лексикасының статистикасын беру үшін статистикалық бақылау әдісі бойынша бас жиынтық түгелдей не таңдау әдісімен зерттеліне алады. Бас жиынтықтың бірліктерін санауға мүмкіндік болғанда, *жаппай бақылау әдісі* қолданылады. Бас жиынтық үлкен көлемді болып, жаппай тексеруді жүргізуге мүмкіндік болмайтын жағдайларда *жалпылама көрсеткіш беретін таңдама тәсілдері* қарастырылады. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы үлкен көлемді (338 бет) еңбек болғанмен, жаппай бақылау әдісі пайдаланылды.

Статистикалық есеп жүргізу – өте күрделі үдеріс. Мысалы, араб-парсы тілдерінен кірме элементтерін дәл танып анықтау үшін қолжазбаның түпнұсқасымен тікелей жұмыс істеуімен қатар, сөздердің түпнұсқасындағы жазылу тұлғасын білу шарт. Мәтіннің ішінде бір сөздің әр түрлі формада жазылуы бірқатар қиындықтар келтірді. Олар бірде сол тілдің түпнұсқасындай сақтап жазылса, бірде көшіруші «түркішеленіп», өзгертіп жазды.

Қолжазбаның түркі, араб және парсы тілдерінен енген сөздердің алатын үлес-салмағын анықтап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің қолданылуынан өзгешелігін анықтауда Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тілін зерттеген ғалымдардың қолданған әдісіне сүйендік [43, б.11], яғни үш тілдің пайыздық көрсеткішін есептеп шығаруға тырыстық.

Бұл жұмыста сандық есептеуді көлемді түрде алып, қолжазба тілінің сөз қолдану ерекшелігін нақтылы көрсету үшін араб, парсы сөздерін бөлек алып, санақ жүргізілді. Шығарманың біраз пайызын ономастикалық атаулар құрайтындықтан олар бөлек алынды. Зерттеу қорытындысы 5-кестеде көрсетілді.

Кесте 5 – Қолжазба тілінің араб, парсы, моңғол сөздері мен ономастикалық атаулардың сандық көрсеткіші

түркі сөздері	араб сөздері	парсы сөздері	Моңғол сөздері	Ономастикалық атаулар
433	525	469	3	81
28,5 %	34,5 %	30,8 %	0,2 %	5,3 %

Жасалынған есептеу бойынша, қолжазба лексикасын түркі сөздері – 28,5 пайызға жуық, араб сөздері 34,5 пайызды, парсы сөздері 30,8 пайызды құрайды.

Зерттеу нысаны болған қолжазбада кездесетін кірме сөздеріне сандық есептеу жүргізу арқылы ол дәуірдің араб және парсы сөздерінен қолданудағы өзіндік ерекшелігін білуге мүмкіндік береді. 6-кестеде берілген ақпарат бойынша

кірме сөздердің қазіргі қазақ тілінде актив сөздері мен мүлдем қолданыста болмаған сөздердің пайыздық көрсеткіші берілді.

Кесте 6 – Қолжазба мәтініндегі араб және парсы сөздерінің сандық көрсеткіші мен оның қазақ тіліне қолданысы

Араб сөздері 525		Парсы сөздері 469	
қазіргі қазақ тілінде қолданылатын араб сөздері	Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын араб сөздері	қазіргі қазақ тілінде қолданылатын парсы сөздері	қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын парсы сөздері
199	326	107	362
37,9 %	62 %	22,8 %	77,1 %

Бұл сандық көрсеткіштен қазіргі қазақ тілінде қолданылатын араб және парсы сөздерінен гөрі қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын араб және парсы сөздерінің көп мөлшерде жұмсалғаны байқалады. Бұл ортағасыр түркі жазба әдебиеті ерекшелігінің бірі деуге болады.

Белгілі бір мәтінде бір рет қолданылатын сирек сөздердің сөздік қоры шамамен 30%-ды құрайтыны, бұл сөздердің 2-3 рет қолданылатын сөздерге қарағанда әлдеқайда көп екені, сөздіктің байлығы дәл сирек сөздерде жатқаны анықталды [117, б.97]. Зерттеп отырған қолжазба мәтінінде ең жиі кездесетін сөздер мәтіннің көп бөлігін қамтиды

3.1 Қолжазба тілінің түркі сөздері

Соңғы жылдары тіл білімінде оның жана бір сапасы болып қапыптаса бастаған лингвистикалық статистиканың қарастыратын мәселенің ішінде жиілік сөздіктер тақырыбы негізгі орын алады [115, б.5]. Белгілі бір зерттеуге алынған мәтін көлеміндегі сөз не сөз тіркестерінің қатаң әліпби тәртібімен беріліп қолданылуы, сондай-ақ грамматикалық тұлғалары мен оның тіркестерінің қолдану жиілігі көрсетіліп берілген жиілік сөздіктің бір түрі – әліпбилі-жиілік сөздік болып табылады. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының мәтінінде кездесетін түркі, араб және парсы сөздеріне әліпбилі-жиілік сөздіктері жасалынды. Соның ішінде түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі зерттеуіміздің қосымшасы ретінде беріліп отыр (Қосымша F).

Әліпбилі-жиілік сөздіктің басты міндеттері мынадай:

- Қолжазба мәтініндегі түркі қабатындағы лексикалық топтарды оңай ажыратуға, ондағы керек сөздерді (өз тұлғаларды) қиындықсыз тез тауып алу;
- Қолжазба мәтінінің стильдік сапасын таңдау;
- шығарма тілінің лексикалық байлығы мен оны жазған автордың сөз қолданылуындағы тілдік ерекшеліктері мен шеберлігін тану;
- морфологиялық дублеттердің (ferāgat–ferāgatda–ferāgatçılık), фонетикалық дублеттердің (сөйтп-сүйтп, қазір-кәзір; кәне-кәні-қані) қай нұсқаларының жиі, қай нұсқаларының сирек қолданылатындығын білу арқылы олардың орнықтылығын анықтау;

- жарыса қолданылатын сөздердің қай нұсқаларының әдеби норманың талабынан шығатындығын анықтау.

Қолжазба мәтініне жасалынған әліпбилі-жиілік сөздік көмегімен түркі сөздерінің семантикалық-тақырыптық топтары жасалынып, әрбір сөздің жиілік көрсеткіші анықталды.

Жазба ескерткіштердің ортағасыр түркі тілдер арасында қандай топқа жақын келетіндігін қолжазба тілінің лексикалық құрамын, грамматикалық құрылымын белгілі, дәстүрлі жүйемен талдап, соның нәтижесінде айту керек. Демек, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінің түркілік қабатын қыпшақ тілі мен оғыз тіліне ажыратып алудың қажеті де, мәні де зор. Осыған орай, академик Р. Сыздықова «Хикметтер» лексикасының түркілік қабатын зерттегенде, бірнеше қиындық туғандығын айтып өтті. Оның бірі – «ертеректегі ескерткіштердің тіліндегі қыпшақтық, оғыздық белгілерді анықтаудың түркологияда толық жүргізіліп болмағаны және оның аса күрделі мәселе» [107, б.71]. Э.В. Севортян, Э. Нәжіп сияқты түркітанушылар ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік сөздерді теріп алу қажет, содан кейін қыпшақ тілдерінің, оғыз тілдерінің сөздері деп ажырату, яғни оғыз және қыпшақ тілдерінің ерекшеліктерін табу керектігін айтты [27, б.55].

Оғыз және қыпшақ тілдеріне бөліп, ерекшеліктерін көрсету қазіргі түркі тілдеріне қатысын анықтауға мүмкіндік береді. Э.В. Севортян айтқандай, лексикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтардың дәлелі жеткіліксіз. Сондықтан мәтіннің фонетикалық және морфологиялық белгілерін тауып көрсетілуі тиіс [28, б.5].

Жалпы «Қисса-и Джанкнаменің» лексикалық құрамына келгенде, мұнда оның түркілік қабатының көбісі қыпшақтық сөздер екендігін айтуға болады. Мәтінде кездесетін оғыз және қыпшақ ерекшеліктерін жеке-жеке қарастыруға тырыстық.

а) Қолжазба мәтіндегі оғыз тілінің ерекшеліктері:

Оғыз тілінің ерекшелігінің бірі – сөздің соңында **ğ, g** дыбыстары жазылған сөздер кездеседі. Қазіргі қазақ тілінде бұл дыбыстар түсіп қалған немесе **й, у** дауыссыз дыбыстарына ауысқан. Мысалы, *kiçik* «кіші», *tirik* «тірі», *türlük* «түрлі» *andağ, andak* «андай».

Академик Р. Сыздықованың «Хикметтер» ескерткіш лексикасының түркілік қабатын зерттегенде, «ортағасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің хатқа түскен нұсқаларының *ğ-қ, г-к, б-п, ш-ч, ү-ә* алмасуларымен келген сөздергі қарап, ескерткіш тілін тек ұйғыр-қарлұқтық немесе тек оғыз-қыпшақтық деп танудың шартты екендігін зерттеушілер айтып келген болатын. Оның үстіне *б/п, к/г, ч/дж* дауыссыздары араб жазуында бір таңбамен (әріппен) жазылатындықтан, оларды транскрипциялаудың да шартты екендігін де түркітанушы ғалымдар айтып кетті» [107, б.73], – деп жазған.

tofrag сөзі **ğ** дыбысымен жазылуы да кездеседі. Керісінше *atlıq* (150b/2) сөзінің тек **q** дыбысымен беріліп, **ğ** дыбысымен варианты кездеспейді. Бұл қолжазбаның ортағасырдан бері бірнеше рет көшірілген себебін Р. Сыздықова айтып кетеді: «Сан алуан көшірушілер әр түрлі тілдік ортаның өкілдері

болуымен қатар, өз кезеңіндегі жазу дағдысына қарай кейбір тұлғаларды өзгеше таңбалап отыруы мүмкін. Сондай-ақ түркі жазба дүниесінің көшірмелерін жасау тәжірибесінде емле біркелкілігін дұрыс сақтап отыру да қатаң ұсталмағанын ескеру керек» [107, б.73].

Қолжазба мәтінінде кейбір алмасуларының оғыз тіліне тән дыбыстық варианты орын алады:

– **b<m** алмасуларының оғыз тіліне тән **b** дыбыстық варианты орын алады: *barmaq, boyun, burun*, т.б.

– **ş<ç** алмасуларының оғыз тіліне тән **ç** дыбыстық варианты кездеседі: *ança, barça, birneçe, çadır, çap, taşqarı, çaqıl-, çaqır-, çāre, çık-/çiq-, elçi, quçağ* т.б.

– **p<b** және **ç<c** сәйкестілігенде кездеседі: *cevāb, çarlay*, т.б.

– **s<ş** алмасуларының оғыз тіліне тән **ş** дыбыстық варианты орын алады: *aş, baş, başla-, bēş, boşat-, eşik, iş, kişi, koşul-, kümüş, piş-, quş, şol*, т.б.

Қолжазба тілінің түркі қабатына *bayrāq* «жалау, туу», *sancāq* (105b/8) «ту, байрақ», *beyüklär* (243a/3) «үлкендер» сөздері ерекше орын алады.

ә) Қолжазба мәтініндегі қыпшақ тілінің ерекшеліктері:

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазба мәтініндегі қыпшақтық сипаттың бір көрінісі – кейбір сөздердің оғыз тілінің **g, d** дыбыстарынан басталатын варианттары емес, қыпшақ тіліне тән **k, t** дыбыстарынан басталатын сөздер кездеседі: *kün, künbez, küç, köz, köter, köylek, könil, til, tağ, tüye*, т.б. сөздерінің оғыз тілінің параллелдері жоқ. Дегенмен осы дыбыстардың араласып келуі, яғни оғыз тіліндегі *durur* ^{دورور} сөзінің *tur* ^{تور} варианттылығы кездеседі.

Қыпшақ тілінің *bol-* көмекші етістігі жиі кездеседі, ал оғыз тіліндегі *ol-* етістігі мүлдем қолданылмады: *peydā boldı, zaḥmdār boldılar, 'ışq boldı*, т.б.

Қыпшақ тілінің *qıl-, ér-/ét-* көмекші етістіктерінен басқа ешқандай эквивалент қолданылмады: *temāşā qılıp, nikāh qılıp, şükr qıldılar, uyqıda êrdiler, fetḥ étse kerek*, т.б.

Жеке лексикалық бірліктердің генетикалық тегіне келгенде, екі түркі тілдерінің лексикалық қатарлары қолданылғанын байқауға болады. Жіктік есімдігінің жекеше түрі қыпшақ тіліндегі *mén* және оғыз тіліндегі *bén* екі варианты қолданылады. Қыпшақ тұлғасы көбірек кездеседі.

Қыпшақ тілінің тұлғасы *-dek/-tek* жұрнақтары көп кездескенмен де, «сияқты» мағынаны білдіретін оғыз тобының *kibi* шылауының аз қолданылғанын көруге болады. Мысалы: *çep yanıda neçe miñ ejderhā kibi bahādūr sergerdeler olturupdur* (120a/2) – «сол жағында неше мың айдаһар тәріздес батырлар мен әскер басшылары отырыпты».

Қолжазба жазылған дәуірдің ортағасырларда сияқты «белгілі бір тұрақты орфографиялық ережелер қолданысы мен оларды қатаң ұстанып отыру тәжірибесі болмаған» деген академик Р. Сыздықованың пікіріне қосыламыз.

Қорыта келгенде, «Қисса-и Джанкнамедегі» түркі сөздерінің диалектілік ерекшеліктеріне қарап, қолжазба лексикасының түркі қабатында қыпшақ тілінің оғыз тіліне қарағанда басым екенін аңғаруға болады.

Түркі сөздерінің семантикалық-тақырыптық топтары

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының лексикасы ортағасыр жазба мұралары сияқты өмірдің барлық салаларын қамтиды. Дегенмен қолжазбаның атауы өзіп айтып отырғандай, көбінесе қолжазба жалпы лексикасы дінге, адамдардың атақ-дәрежесіне, соғыс қимылдары мен қару-жарақ атауларына байланысты сөздерден қамтиды. Тіл біліміндегі зерттеу еңбектерінде қалыптасқан әдіске сүйене отырып, қолжазбаның сөздік құрамын лексика-семантикалық топтарға бөліп, әр топта түркі тектес ортақ сөздер мен араб және парсы тілдерінің сөздері деп жеке-жеке атап өттік. Мұның басты себебі – сол дәуірдің жазушылары тілді жаңа сөздермен байыту мақсатында синонимдерді көп қолданған болатын. «Қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсы сөздері» атты еңбегінде профессор Б. Жұбатова өзінің еңбегінде «Мұндай құбылыс – бөгде тіл элементтерінің ана тілдегі баламаларымен қатар, жарыса қолданылуы кірме сөздердің екінші бір тілге енуі үдерісінің алғашқы сатысына болатыны тіл білімінде дәлелденген. Қаламгер таныс емес элементтерді төл сөздермен қатар қолданып, олардың мағынасын ашу үшін синонимін жаза отырып, сөздің оқырманға әсер ету күшін молайтады» деген пікірі дәлел бола алады [11, б.62].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы дін үшін соғысқа, жауынгерлікке байланысты тақырыпқа жазылған шығарма болса да, өмірдің кейбір салаларына қатысты сөз қоры қамтылғанын айтуға болады. Оның лексикасын топ-топқа бөліп салыстырғанда сөздік қорының жалпы мөлшерін және оның қандай мағынада қолданылғандығын аңғаруға болады. Түркі сөздерінің семантикалық-тақырыптық топтары адамның дене мүшелеріне, туысқа, құрал-сайман мен қару-жараққа, жануарлар әлеміне, тұрмысқа, қимыл әрекеттерге байланысты сөздерді жатқызуға болады.

1. **Адамның дене мүшелеріне байланысты лексика немесе сомантизмдер** көбінесе түркі тілінде берілді: *baş* «бас», *köz* «көз», *qaş* «қас», *qulaq* «құлақ», *saqal* «сақал», *saç* «шаш», *tırnaq* «тырнақ», *tize* «тізе», *ayağ* «аяқ», *boğaz* «тамақ», *til* «тіл», *qol* «қол», *elik* «қол», *arqa* «арқа», *boyun* «мойын», *qucağ* «құшақ», *qan* «қан», *teni* «тәні, дене», *barmaq* «пармақ» т.б.

Адамның табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше. Олардың ішінде фразеологизм жасауда көз, жүрек, қол, бас, ауыз, бет, қан, іш, тіл лексемалары жиірек қолданылады [118, б.76].

Бас сомантизмі. *baş* сөзі *ш* әрпінің дыбысталуымен қазіргі түркі тілдерінің көбінде (әзірбайжан, алтай, башқұрт, қырғыз, құмық, татар, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр, т.б.) қолданылады. *Ш* дыбысы оғыз тілдеріне тән болса, *с* дыбысы қыпшақ тілдеріне тән фонетикалық белгі болып табылады. Тарихи тұрғыдан *с~ш* дыбыстарының сәйкестігі дәлелденген. Осындай сәйкестілік *qaş*, *saç* сөздерінде кездеседі.

Зерттеу нысаны болған қолжазбада «бас» мағынасына келетін көбінесе *baş* сөзі қолданғанмен, кейбір мысалдардан парсы тілінің *sar* синонимін байқауға болады.

Қолжазбада *baş* сөзімен *baş bol-* «бас болу», *mubārek ayağlarıға baş qoy-* «қасиетті аяқтарына бас ию», *başını kès-* «басын кесу», *başlarıға al-* «бастарына

алу», *başımge köter-* «басына, төбеге көтеру», *başığa siper tut-* «басына қалқан ұстау», *başığa tig-* «басына тігу», *başı üzül-* «басы үзілу», *başığa ur-* «басынан ұру», *başdın аyağı* «бастан аяғына», *baş qız-* «басы қызу», *sevdāger başı* «саудагердің басшысы» т.б. сияқты көптеген фразеологизмдер мен метафоралардың қолданылуын көруге болады.

hazret-i sa'd-ı vaqqāş neyzesini qolınıdın tartıp alıp başığa andağ urdular ki başını tenidın cudā boldı (99a/7-10) – «Хазірет Садуақас найзасын қолынан тартып алып, басыңа ұрғаны соншалықты басы денесінен айрылды»; *hazret-i resūl-ı ekrem şallallāhu 'aleyhi ve sellem leşker cem' qılıp mālīk-i ejderni baş qılıp fātīha bērip yiberdiler* (133a/1-2) – «Хз. Аллаһ елшісі с.а.у. жиналып, Мәлікаждарды бас қылып, батикасын беріп жіберді»; *şāhip-qırānnıñ tubārek аyağlarığa baş qoyup aydı* (103b/7-8) – «батырдың қасиетті аяқтарына бас қойып айтты»; *kāfirlerini başını kēstiler* (104b/5-6) – «кәпірлердің басын кесті»; *tā 'ömrüm barça keşşlerin başımge köterip yürür ērdim* (143b/7-8) – «өмірімнің аяғына дейін аяқ-киімдерін басына көтеріп жүрер едім»; *şarāb sundı hazret-i ebu'l-mu'accen içmedi andın soñ kāfirniñ özi içip baş qızıp aydı* (161a/1-2) – «шарап ұсынды Хз.Әбілмәжін ішпеді, содан кейін кәпірдің өзі ішіп басы қызып айтты»; *hazret-i ebu'l-mu'accen derğazab bolup bir muşt urdular başı üzülüp yerge түştі* (161a/5-7) – «Хз. Әбілмәжін ашуланып жұдырықпен ұрды да (кәпірдің) басы үзіліп жерге түсті»; *ey sevdāger başı sizni pādīşāh çarlaydur*(119b/4-6) – «уа саудагер басшысы! Сізді патша шақырып жатыр».

Көз сомантизмі. *köz* сөзі қазіргі түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз, өзбек, татар, ұйғыр тілдерімен сәйкес келеді. Оғыз тілдерінде *göz* деп қолданылады.

Қолжазбада «көзбен» байланысты тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Мысалы: *közleri түş-* «көзі түсу, байқау, аңғару»; *köz tikmesun* «көз тимесін», *közdin ğayıb bol-* «көзден ғайып болу, жоғалып кету»; *köz қыума-* «көзі қимау»; *közni қанға tol-* «көзі қанға толу, ашулану, ызалану», т.б.

hazret-i 'alī andağ ğamgīn boldılar tubārek közleri uyquğa bardı (113a/2-3) – «Хз.Әли уайымдағаны сонша қасиетті көздері ұйқыға барды»; *gerdinleride ğul qol аyağlarıda bağluq körgen zamān közleridın qatра qatра yaşları aqa bērdi* (121a/4-7) – «мойындағы шынжыр, қол-аяқтары байланғанын көрген кезде көздерінен тамшылап жас аға берді»; *mālīk-i ejderniñ közleri bir qızge түştі ki* (150b/4-5) – «Мәлікәждардың көздері бір қызға түсті»; *mundāğ şahāralarda yaman köz tikmesun* (150b/9-10) – «мұндай шөл жерде жаман көз тимесін»; *hazret-i mālīk-i ejder 'amūdını qolıdın tartıp alıp havāge andağ attılar ki közdin ğayıb bolup kētti* (155b/2-5) – «Хз. Мәлікаждар қаруын қолынан алып ауаға лақтырғаны сонша, көзден ғайып болып кетті»; *öldürğalı közüm қыумау kēttim müslümān bol yoq ērse yine bir kēçe kēlip başıñni kēsermin* (186b/5-7) – «өлтіруге көзім қимамай кеттім мұсылман бол әйтпесе тағы бір түні келіп басыңды кесіп аламын»; *şalşalını közni қанға tolup şamāme nigār bilen qol tutuşup şāh-ı merdānnı leşkeriğa tob boldı* (237a/7-10) – «Салсалдың көзі қанға толып Шамаме нигармен бірге Шах-и Марданның әскеріне шабуыл жасады».

qaş «қас», *saqal* «сақал», *küfürkin* «кірпік», *til* «тіл», *qulaq* «құлақ» атты бас-бет аймағы атаулары тура мағынасында қолданылған: *h'āci 'ömer ism-i a'zīm oqur şahbāz cādūni ihtiyārını alıp saqal burunlarını tiraşlap qaş küfürkin zīrnīq birlen tögüp yüzün yüz türlü renk birle boyadı* (198a/5-10) – «Хажы Өмер 'Азим дұғасын оқып шахбаз джадуның кәрілігіні алып сақал-мұрнын қырып, қас-кірпігін қырып, жүзін жүз түрлі түске бояды».

Тіл сомантизмі. *til* «тіл» сөзі түркі тілдеріндегі алтай, қарақалпақ, құмық, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде еш өзгеріссіз *til* болып кездеседі. Оғыз тілдеріне тән *ð* дыбысымен айтылады (түрік тілінде *dil*). Тіл сөзі мағынасы да, тұлғасы да еш өзгеріссіз жеткен сөз болып табылады: *hiç kim meni aldım da mundağ sözni aytqan ёrmes sen neçun til birlen mundağ dersin cāniñge raħmiñ kёлmedi mi* (182b/2-5) – «ешкім менің алдымда мұндай сөзді айтат емес сен не үшін [өз] тіліңменен мұндайды айтасың жаныңды аямадың ба».

Құлақ сомантизмі. *qulaq* «құлақ» сөзі кейбір фонетикалық өзгерістермен қазіргі түркі тілдерінің көбісінде қолданылады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *qulaq* сөзі *qulqaq*, *qulyaq*, *qulxaq* деп қолданылған. Мысалы, Білге қаған ескерткішінде *qulqaqin ёşidmädük bodunim* – «құлағымен естімеген менің халқым» [38, б.465]. Қолжазба мәтінінде тура мағынасында қолданады: *ħudāni fermāni bilen bir ferişte kёлip mubārek qulaqlarıға aydılar* (234a/9-10) – «Құдайдың бұйрығыменен періште келіп қасиетті құлағына айтты».

boğaz «тамақ» сөзі қазіргі оғыз тобына жататын тілдерде қолданыста бар. Қолжазба тілінде «қорқу» мағынасында *cānları boğazlarıға yётti* (239a/4) – «жандары тамағына дейін жетті» фразеологизмі қолданылды. Махмұд Қашқаридің сөздігінде «тамақ» сөзін *boғaz* деп беріп, мынандай мысал келтіреді: *suv boғazda tüglündi* – «су тамақта тұрып қалды» [38, б.109].

tırnaq «тырнақ» сөзі мағынасы мен тұлғасы еш өзгеріссіз сақталған қазіргі түркі тілдерінің ішінде тек қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр тілдерімен сәйкес келеді. *saç tırnaqlarını alıp öz serāperdeleriға bardılar* (169a/1-2) – «шаш тырнақтарын алып демалуға кетті».

tize «тізе» сөзі қазіргі түркі тілдерінің ішінде құмық, ноғай, өзбек, ұйғыр қазақ, қарақалпақ тілдерінде қолданыста бар. Қолжазба мәтінінде келесідей мысалда көрініс табады: *'amüdnüñ zarbıdın düldül tizesiғаça yerge battı* (118a/7-8) – «қарудың ұрғанынан Дүлдүл тізесіне дейін жерге батты».

qol (қол) сөзі кейбір әріптердің фонетикалық өзгерістерге қарамастан қазіргі түркі тілдерімен (өзбек тілінде *қул*; алтай, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, ұйғыр – *қол*; түрік тілінде – *кол*) сәйкес келеді. «Қисса-и Джанкнамеде» «қол» сөзімен байланысты *qolidin tart-* «қолдан тарту», *qolға tüş-* «қолға түсу», *qol ayağlarını baғla-* «қол-аяқтарын байлау», *qol uzat-* «қол ұзату», *qoli sin-* «қолы сыну», *qolını tişla-* «қолын тістеу» (кейде *barmaqın tişle-* (119b/11) сөз тіркесімен қолданылады), *qoli qurudu* «қолы құрыды», *qol uçige al-* «қол ұшына алу», *qol tutuş-* «қол ұстасу» сияқты сөз тіркестері қолданылды. «Қол» сөзімен қолданылған кейбір сөз тіркесі мағынасы жағынан қазіргі қазақ тілімен сәйкес келеді: *qoluңdın ne kёлse anı qılğıl* (225a/8-9) – «қолыңнан не келсе соны істе»; *anıñ sizlerniñ qollarıñızge helāk qılurmen* (108a/5-6) – «оны сіздің қолыңызға өлтіріп

әкелемін». Сонымен қатар, түркі тіліне тән *qol* сөзімен қатар парсы тілінің *dest* сөзі де кездеседі: *muni destdin ne put qalur ne put-hāne* (165b/4-5) – «оның қолынан не пұт қалады не пұтхана».

Мойын сомантизмі. *Boyun* сөзі оғыз тобына жататын түркі тілдерінде қолданылады. Қолжазба мәтінінде тура және ауыспалы мағынасындағы қолданысы бар: *ḥazret-i 'alīga 'alīga yétmiş seksen kemend birdin boyunlariğa tüştü* (131a/2-4) – «Хз. Әлиге жетпіс-сексен арқанды мойынға лақтырды». «Өлтіру, мойнын ұзу» мағынасында қолданылған фразеологизм де кездестіруге болады: *qaşımşımni atı yétmiş kişini nābūd qıldı ve bir neçe ādemlerni boynını üzdi* (121b/4-6) – «Қашымшымның аты жетпіс кісіні талқандап, бірнеше адамдардың мойнын үзді».

Қолжазба авторы соғыс қимылдарын суреттеген кезде дене мүшелеріне байланысты атаулардың қолданғанын байқауға болады: *ḥazret-i 'alī derğazab bolup bir zūr (küş) urdılar belleriğa aldılar ikinçi zūr urdılar başlariğa aldılar üçünçi zūr urdılar qol uçığa alıp yerge urdılar* (118b/4-9) – «Хз. Әли ашуланып, қатты айқайлап, беліне дейін алды, екінші рет айқай салғанда бастарыңы көтерді, ал үшінші рет айқай салғанда қол ұшына алып жерге лақтырды»; *kāfirler yaman bolup qaçqan qutulup turğan tutulup andağ qırğın boldı kim köz körmekke qulaq işitmekke elik tutmakke ayağ yürmekke mecāle qalmadı* (175a/11-175b/1-3) – «кәпірдер жаман болып, қашқан құтылып, тұрған ұсталып, қырылғаны соншалықты көз көруге, құлақ естуге, қол ұстауға, аяқ жүруге күші қалмады»; *simābdek titrep kağazdek qaltırap yaşındek ılıtırap közi kördek yüzü perdek saqālı ḥumārdek aynesini aydek bolup zār zār çün ebr-i nevbahārdek yığlap aydı* (188a/4-9) деген сөйлемде автор Жәмшідтің жүзін, көзін, сақалын сипаттағанда теңеу сөздерін қолданған; *şalşal oqun közlep kişiş bērip yiberdi ḥazret-i 'alī şīr-i ḥudā iki barmaqları birlen tutup aldılar* (225b/3-9) – «Салсал оғын көздеп атып жіберді Хз. Әли Құдайдың арыстаны екі саусақпен ұстап алды».

Қорыта келгенде, адамның дене мүшелеріне байланысты лексикасы түркі тілдерімен берілген болса да, олардың парсы не араб тілдеріндегі синонимдердің баламасы қолданылды. Мысалы, *baş – sar* (п) «бас», *arqa – puşt* (п) «арқа», *qol – dest* (п) «қол», *qan – ḥūn* (п) «қан», *quçağ – āğūş* (п) «құшақ», *ayağ – pāy* (п) «аяқ», *boyun – gerzeli* (п) «мойын». Кірме сөздерден *parmaq* (п) «пармақ, саусақ», *zehre* (п) «зәре, өт», *qadam* (а) «қадам», *a'zā* (а) «ағза» т.б. сияқты қазақ әдеби тілінде қолданылатын лексикалық бірліктер кездессе, *üstüh'ān* (п) «сүйек», *ciger* (п) «бауыр», *cigergāh* (п) «кеуде», *behr* (п) «кеуде», *köksi* (п) «кеуде», *ketf* (п) «жауырын», *dil* (п) «жүрек», *muşt* (п) «жұдырық», *leb* (а) «ерін» т.б. қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын сөздер де бар.

2. Туыстық атау, яғни туысқандықты, жақындықты білдіретін сөздер: *ata* «әке», *baba* «ата», *ini* «іні», *qız* «қыз», *oğlan* «ұл бала», *oğlı* «ұл», *yigit* «жігіт», *māmā* «қарт әйел», *nebere* «немере», т.б.

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасыда «әке» мағынасындағы сөзді *ata* деп көрсеткен. Мысалы: *qaṭārū'l 'ayn qızını körüp aydı ki hāy hāy ey behīyā qız hem atağa mundağ cebr sitem qılır mi dēp çıqardı* (104b/8-11) – «Қатар-уль 'айын

қызық көріп айтты ей қыз әкесіне осындай қастандық жасайды ма деп [дауыс] шығарды».

Қазіргі түркі тілдерінен ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, құмық, ноғай, башқұрт, татар, әзірбайжан тілдерінде мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келеді. «Ата» сөзі «әке» мағынасында қыпшақ, оғыз, қарлұқ тобындағы басым көпшілік тілдеріне ортақ тіл бірлігі болып табылады. Қазақстанның кейбір аймақтарында ортағасырлық мағынасындағы «ата» сөзі әлі қолданыста бар.

Көне жазба ескерткіштерінде *ata* сөзі бірінші мағынада «әке» деп берілген: *oʻul toʻsa qilqı aʻaqa janur* – «ұл туса, іс-әрекеті (қылық) әкесіне тартады»; *ata tonı oʻulqa jarasa atasın tilämäs* – «әке киімі ұлына жарасса, әкесіне мұқтаж болмас» [38, б.65].

Ерте заманғы және қазіргі түркілерде «әке» деген сөзді атауға арнайы сөз жоқ. Атау мақсатында *ama*, *baba*, *aba* деп қолданылды. Әр түркі тілдерінің ерекшеліктері мен дыбыстық сәйкестіктеріне сай, яғни *t-t*, *d-d*, *k-k*, *b-b*, *p-p* қазақ тілінде тәте, көке, түрікмендерде: *кака*, *даде* және т.б. [118, б.148].

«Ата» мағынасындағы *baba* сөзінің қолданылуы «Қисса-и Джанкнамеде» кездеседі. Бірақ тек қандас туыстық мағынасында ғана емес, үлкен жастағы адамның құрметіне, немесе кәсібіне қарай жұмсалды: *sizlerni munda kelgenlerinizi baba-uy bagban korgan iken* (95a/2-3) – «сіздерді мында келгендеріңізді бақташы көрген екен»; *alī alıp aydılar ey baba meni qaydin bildiñ anda baba aydı ki iki yüz yıl boldı dāl ibn zāl meni seniñ üçün bu yerde tilesim etip qoydı* (239b/2-6) – «Әли [сәлемін] алып айтты уа ата мені қайдан білдің сол жерде ата айтты екі жүз жыл болды залдың ұлы дал [патшасы] мені сен үшін осы жерге күзетші етіп қойды»; *şir-i ħudā ħazret-i peygāmbir-i ħudādın icāzet tilep fātiha alıp düldülge minip baba-uy qanbarnı alıp yolğa revāne boldılar* (111a/4-7) – «Құдайдың арыстаны Хз. Пайғамбардан рұқсат алып, батикасын алып, Дүлдүлге мініп, Қанбар атаны алып жолға шығады».

Көне жазба ескерткіштерінде *baba* сөзі бірінші мағынада «әке» мағынасында берілген: *ançulaju amrar erti sizni tözüğü anasın babasın oylanı sēvārçä* – «олардың барлығы баласы анасын, әкесін жақсы көргендей сізді жақсы көрді» [38, б.76].

«Қисса-и Джанкнаме» шығармасында «ұл, ұл бала» мағынасында *oğlan / oğlı* сөздері жиі кездеседі. Бұл сөз қазіргі таңда түркі тілдерінен ішінде оғыз тобына жататын тілдерінде қолданыста бар.

Көне түркі тілінің сөздігінде *oylan* сөзі екі мағынада болады: 1) ұл бала: *kiçig oylan erdim bēdütti meni* – «кішкентай бала едім, ол мені өсірді»; 2) ұл: *sabimın tükäti eşigdil ulaju ini jėgünim oylanım* – «менің сөзімді мұқият тыңдаңдар, менің іні-жиендерім, ұлдарым» [38, б.363].

Зерттеу нысаны болған қолжазбада бұл сөздің екі мағынасы да қолданылады: *leşker-i kāfirni içinde kirip yaş oğlan şūretide bolup yürür irdiler* (196a/1-3) – «кәпір әскерінің ішіне кіріп, жас ұл бала кейпінде болып жүрді»; *ħıṭāy-ı ħuten pādīşāhi şalsal turur anıñ toqsan oğlı bar turur* (209a/11-209b/1) – «Салсал атты Қытай падишаһы бар оның тоқсан ұлы бар».

Іні – бірге туған ер адамдардың жас жағынан кішісі болатын туыстық қарым-қатынас. Орхон жазбаларында қолданған бұл туыстық атау сөзі Күлтегін ескерткішінде келесідей сөйлемдерде қолданылады: *anta kesrā inisi qayan bolmiş ērinç* – «осыдан кейін інілері қаған болған екен» [38, б.210].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында «іні» сөзі тура мағынасында беріліп тұр: *şāh-ı h'ārān cemşīd şāhnu inisi ērdi* (135b/9-10) – «Хауаран шаһы Жәмшід шаһтың інісі еді».

Парсы тілінен енген туыстық атаулар да қолжазбада кездеседі: Мысалы: *yine toqsan oğlıdın keyin neberesi şadād şāh dāl ibn zāldın qalğan şamāme nigār turur* (209b/3-5) – «тоқсан ұлдан кейін [басқа] Зал ұлы Далдан қалған Шадад шаһтың немересі Шамаме нигар бар». Осы сөйлемде *nebere* сөзі парсы тілінен *نيره* аударғанда «ата-ананың ұлы мен қызынан туған бала» [119] деген мағынаны білдіреді.

Māmā сөзі парсы тілінен «1. Кіндік шеше, сүт ана; 2. апа, ана, шеше; 3. Ауыс, емшек» [120, б.246] мағыналарымен қатар «қарт әйел» мағынасын білдіреді. Қолжазба мәтінінде *māmā* сөзі қандық туыс атау ретінде емес, жалпы мағынада бірнеше рет қолданылғанын көруге болады. Мысалы: *barıp bir māmānuñ üyge mehmān boldılar māmā suradı ey pehlevān qaydın kēlip qayda barursın dēdi ḥazret-i mālīk-i ejder aydılar köp sevdāger irdük ādem-lerimizni qurt qırdı men kuç birle qutulup kēldim māmā köp mehrībānlıqlar qıldı* (149b/ 2-8) – «барып бір қарт әйелдің үйіне қонақ болды қарт әйел сұрады ей палуан қайдан келіп қайда барасың деді хазірет мәлік аждар айтты көп сауда жасаған едік адамдарымды құрт қырды мен әрең құтылып келдім қарт әйел көп жақсылап қонақ күтті».

Туыстық атаулардан ең көп қолданылған *qız* сөзі қолжазба мәтінінде туыстықтан басқа мағынада келеді. Мысалы: *qaṭārū'l 'ayn qızını körüp aydı ki* (104b/8) сөйлемінде «әкесінің қызын» меңзеп тұрса, тағы бір мысалда көрікті қыз кейпінде келген сиқыршы періні меңзейді. Мысалы: *köfürü üstinde bir qız oltururdur kim āf-tāb-ı cihān-tāb ḥusne cemālīge ḥīre ve tīre boladur ḥazret-i şāh-ı merdān köfürükke minip qız birle cenk qılır boldılar* (144a/11-144b/1-4) – «көпірдің үстінде әдемі көрікті бір қыз отырған Хз. Шаһ-и Мардан көпірге шығып қызбен бірге шайқаса бастады».

Көне түркі сөздігінде: *oɣul sēkiziniç orduluɣ qiz törtünç orduluɣ bolur* – «ұл бала сегізінші сарайға, қыз бала – төртінші сарайға тиесілі»; *jaliñuş qizima ... adirilu bardim* – «жалғыз қызымнан айрылдым» [38, б.449].

3. Құрал-сайман, қару-жарақ атаулары. Қолжазба тілінде қару-жарақ атауларынан көбінесе кірме сөздері болғанмен де, едәуір көлемін түркі сөздері де қамтиды: *qılıç* «қылыш», *neuze* «найза», *oq* «оқ, жебе», *yaу* «екі ұшының арасына арқалық созылған, доға тәрізді иілген және икемді жебе ату құрылғысы», *yarağ* «қару-жарақ», *baldağ* «балдақ», *qamçı* «қамшы», *qurğaş* «қорғасыннан жасалған оқ, қару-жарақ», *sadāq* «садақ», *temür-sih* «темір зат», *tig* «оқ» т.б.

Қылыш – шауып түсуге ыңғайлы, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, тұтқалы имек қару. Тарта сермегенде сырғи тілетін имек қылыш терең жарақат салады [121]. Ортағасырлық жазба мұраларда *qılıç* деп көрсетілген.

Қазіргі түркі тілдерінде негізінен *qiliç* деп соңғы әрпі *ç* әрпімен татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінде қолданылғанын көруге болады. Жалпы, қылыш деген ортақ атау ортағасыр кезеңінен біреу сақталған. Алайда «ж~ч», «ж~ш», «ч~с» дыбыстарына сәйкестік. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ топтарындағы тілдерге ортақ тән құбылыс болып тұр [118, б.143].

qiliç сөзі байырғы заманнан келе жатқан сөз. XIII ғасырдағы Оғыз-нама ескерткішінде *qiliç* сөзімен бірге басқа да қару-жарақтар атаулары қолданылған: *zida birlä ja oq birlä taqı qiliç birlä qalqan birlä atladı* – «ол найза, садақ пен жебе алып, қылыш пен қалқанмен жолға шықты» [38, б.442].

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында *qiliç* сөзі *qiliç haväle qil-, qiliç ur-* сияқты сөз тіркесі арқылы жасалынады. Мысалы: *muşayyeb ğāzī derqahr bolup andağ qiliç urdılar kim her urğanda yētmış kāfirni helāk qılır ērdiler* (250b/4-7) – «Мұсайып қазы ашуланып қылышпен ұрғаны сонша әр ұрғанда жетпіс кәпірді жойып жіберетін еді»; *yüz miñ rahşīn mergen hażret-i şāh-ı merdānğa qiliç haväle qıldılar* (246a/3-4) – «жүз мың мерген Хз.Шах-и Марданға қылыш лақтырды».

Садақ – жебе атуға арналып, ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып жасаған қол қаруы. Қарапайым садақты тобылғы, үйенкі т.б. қатты ағаш шыбықтарын доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі садақтың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады [121].

Моңғол тілінен енген *sadāq* сөзі қолжазба тілінде келесідей мысалда қолданылады: *bir tarafdın sadāq sadāq altı miñ kişi ... leşker cem ' boldı* (105b/3) – «бір тараптан садақ садақ боп алты мың әскер жиналды».

Қолжазба мәтінінде қолданылған қару-жарақ атауларының бірі – *oq yau* садақ пен жебенің мағынасында келіп, қос сөз ретінде қолданылады. Мысалы: *hażret-i sa 'd-ı vaqqāşniñ oq yauların on iki pehlevān-ı büzrik köterip alıp bardılar* (101b/6-9) – «Хз. Садуақастың оқ-садақтарын он екі мың мықты палуан көтеріп кетті»; *dilefrüz oq yaunı körüp ğāyibāne hażret-i sa 'd-ı vaqqāşğa işq boldı* (102a/4-5) – «Диляфруз оқ-садағын көріп сырттай Хз. Садуақасқа ғашық болады»; *kāfirler hem oq yau qollarıda tır-i bārān qıldılar ferishteler alarnı oqların qaytarıp tururlar* (109a/ 9-11) – «кәпірлер оқ-садақтары қолында, оқтан жаңбыр жауғандай атса періштелер олардың оқтарын қайтарып тұрды».

Садақтың бір түрі болған «жай» садағы екі ұшының арасына арқалық созылған, доға тәрізді иілген және икемді жебе ату құрылғысы, кірмесіне жебе салып тартатын көне дәуір қаруы деп атайды [121]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде *sadaq* сөзі қазақ, татар халқында көне сөз ретінде қолданылған болса, садақтың жай (*yau*) деген түрі сөзі қазақ, хакас, түрікмен, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінде сақталған. Қыпшақ, оғыз топтарына кіретін тілдердің бәрінде де фонетикалық өзгерістер болмаса, жалпы ортақ түркілік атау сақталған [118, б.142].

Балдақ – қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина [121]. Зерттеу нысаны болған қолжазбада *baldağ* сөзі тек Хз. Әлидің Салсалмен шайқасқан қаруы ретінде қолданылды. Мысалы: *şīr-i ħudā ilgeri barıp ħudā-yī te 'ālā yād ēdip bismillāh allāhu ekber dep baldağdın tutup tartıp mubārek başlarıdın*

üç merātebe aylanturup havāge atıp yiberdiler (227a/3-8) – «Құдайдың арыстаны алдыға барып, Құдай Тағалаға жалбарынып, «Бисмиллә Аллаһу Әкбар» деп балдағын ұстап мүбәрек басынан үш рет айналдырып, аспанға лақтырып жіберді».

Қамшы – көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әр түрлі нұсқада түйіп, өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасалған құрал, ертұрманның бір құрамы [122]. Зерттеу нысаны болған қолжазбада *qamçı* сөзі келесідей мысалдарда қолданылады: *yètmış miñ cādū tayyār boldı biri felenk biri qāflān biri tağ biri taş biri ebir minip yilandın qamçı qılıp qīs lā qīs dèp hevāge uçıp ħārzemīnge kèldiler* (194b/1-3) – «жетпіс мың сиқыршылардың бірі ала барыс, бірі жолбарыс, бірі тау, бірі тас, бірі бұлтқа мініп, жыланнан қамшы жасап аспанға ұшып, Харземинге ұшып келді».

М. Қашқаридің сөздігінде «аттың қамшысы» мағынасында *at qamčīšī* деп қолданылған [38, б.415]. Қазіргі түркі тілдерінің көбінде көнерген сөз ретінде қолданылған.

tiğ сөзі «өткір пышақ, оқ» мағынасында келіп, қолжазба мәтінінде соғыс қимылдарын суреттегенде қолданылады: *ikisi birbirige neyze ħavāle qıldı yigirmi otuz tiğ redd ü bedel boldı* (191a/8-10) – «екеуі бір-біріне найза лақтырып, отыз оқ атып қайтарды»; *şalışal hem tiğ urdı redd ü bedel boldı* (231a/11) – «Салсал да оқ лақтырды, [ол да] қайтарылды».

4. Табиғатпен байланысты атаулар. Бұл атаулар қатарына *qar* «қар», *taş* «тас», *teñiz* «теңіз», *tağ* «тау», *tofrağ* «шаң, топырақ» т.б. жатқызуға болады. Олардың қолданылуы қолжазба мәтінінде адамның екпінді әрекеттерінен туындаған ашушандықты күшті жеткізу үшін қолданылған. Мысалы: *emīr muşayyeb ġāzī dèp andağ gürkni oynatıp turdılar kim heybatlarıdın tağ taş titredi* (170b/9-11) – «Әмір Мұсайыб қазы өз қаруын ойнатып тұрғаны соншалық қорқыныштан тау мен тас тітіреді». Сонымен қатар *taş tofrağ* сияқты қос сөзі мәтінде сирек болса да кездеседі: *şalışal yèrdin turup tamām aşıl taş tofraqlarını deryāge taşlay bèrdi* (247b/8-9) – «Салсал жерден тұрып, асыл тас-топырақтарын теңізге тастай салды».

Қолжазба мәтінінде *alma* «алма» сөзі салыстыру, теңдестіру, ұқсастыру тәріздес мағыналар беретін *-dek* жұрнағы арқылы жалғанады: *gūyā bir almanı atqandek, bir almanı alıp oynağandek, her qolı şāĥ-ı cenārdek, yüzü za frāndek sarğaydı, gül-i izār*, т.б.


Қолжазбада кездесетін *ay* «ай», *kün* «күн», *yulduz* «жұлдыз» т.б. сияқты аспан денелерімен байланысты космоним атаулары кейде ауыспалы мағынасында беріліп тұр. Мысалы: *müslümānlar havādaki yulduz kibi tururlar* (176b/2) – «мұсылмандар аспандағы жұлдыз сияқты [тізіліп] тұрды»; *ay kün tutuldı cihān-ı alem qarangi boldı* (202a/3-4) – «ай мен күн тұтылды да барлық әлем қараңғы болды».

5. Зоонимдер. Жануарлар әлеміне байланысты лексика құс атауларынан, жабайы жануарлардан, үй жануарлардан да кездеседі: *quş* «құс», *qanat* «қанат», *quyruğ* «құйрық» сияқты құс аттары мен олардың дене мүшелері; *av* «аң, ау», *yılan* «жылан», *böri* «бөрі, қасқыр» т.б. сияқты жабайы жануарлары; *at* «ат,

жылқы», *qoy* «қой», *qulan* «Орта Азияда шыққан жабайы ат түрі, құлан», *tive* «түйе» т.б. үй жануарлары; *qurt* «құрт» сияқты жәндіктің атаулары кездеседі. Мысалы: *gūyā qoyge bōri körgendek* (148b/7) – «қойды бөрі көргендей»; *māllarnı alıp tivelerge yüklep hıṭāy-ı hıṭen kēlip* (248b/5) – «малдарын алып түйеге жүктеп Қытайға келіп»; *gerd içidin sansız qurtlar çıqtı* (148b/3) – «шаң ішінен сансыз құрт шықты».

Құлан – тақтұяқтылар тобына жататын есек тәріздес жабайы жылқы. XX ғасырдың басына дейін Орталық Азияда мекендеген. Қазіргі таңда құланның саны дүниежүзінде жылдан-жылға азаюына байланысты қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген [133]. Құлан туралы қолжазба мәтінінде батырлардың аулайтын аңы ретінде сипатталады: *falān tağ èteginde qulān köbdur* (157a/7) – «пәлен тау етегінде құлан көп»; *bir qulānnı kebāb qılıp yep ṭahāret tāze qılıp namāz-ı huftenni oqur* (102b/1) – «құланды кебап қылып жеп, тахаратын жаңартып, құптан намазын оқыды».

6. Қимыл әрекеттерге байланысты сөздер. Қолжазбаның түркі қабатының ең мол лексиканы етістік құрайды. Жалпы қолжазбадағы етістіктердің барлығы түркі сөздері деп айтуға болады. Олар: *oḥṣa-* «ұқсау», *ṣiṣ-* «ісу», *aṭlan-* «аттану», *av-* «аулау», *bul-* «табу», *tüket-* «пайдалану», *sun-* «ұсыну», *sura-/ sor-* «сұрау», *tap-/ tapın-* «табыну», *yetig-* «жету», *yetkür-* «жеткізу», *yıgla-* «жылау», *yumla-* «жұмылу», *ümid üz-* «үміт үзу» т.б.

aṭlan-  сөзі зерттеп отырған қолжазба тілінде «аттанды», «атқа мінді» мағыналарын береді. Мысалы: *értesi kāfirler derqahar bolup aṭlandılar ve mu'minler aṭlandılar* (259b/7-9) – «келесі күні кәпірлер ашуланып, атқа мінді және мұсылмандар аттанды»; *ḥazret-i ṣāh-i merdān hem aṭlanıp meydānğa yürüyüş qıldılar* (190b/11-191a/1) – «Хз. Шах-и Мардан да атқа мініп, соғыс алаңына кетті». М. Қашқари еңбегінде де бұл сөз кездеседі: *ēr atlandı* «адам атқа мінді». Бұл сөздің басқа мағында да қолданылғанын көруге болады: *ol tağqa atlandı* «ол тауға шықты» [38, б.302].

«Атқа мініп, шабуыл жасау» мағынасында келетін *at qoy-*, *aṭ sekret-* сөз тіркестері қолданылған. *kāfirlerdin on iki miñ kāfir birdin at qoydı bu ṭarafdın ṣāhdüz ḥazret-i ebu'l-mu'accen ḥazret-i sa'd-ı vaqqāṣ bular hem at qoydılar* (218b/1-3) – «кәпірлерден он екі мың кәпір бірден атқа мінді, бұл жақтан Шахдүз, Хз.Әбілмәжін, Хз. Садуақас олар да атқа мінді»; *nevāfil dēgen pehlevān aṭ sekretip meydānğa kirdi* (114b/3) – «Невафил деген палуан атқа мініп шайқас алаңына кірді».

Қазіргі қазақ әдеби тілінде жиі қолданылатын күрделі етістіктердің бірі – *ümid üz-* «үміт үзу» фразеологизмі: *müslümānlar bu leşkerni körüp cānlarıdın ümid üzdiler birbirleriğa vedā'laşıp ān ḥazretni körmey öler boldıq dēp fağān qılıp yıglaşur ērdiler* (235b/9-11-236a/1-2) – «мұсылмандар бұл әскерді көріп жандарынан үміт үзді, бір-бірімен қоштасып Ан-хазретті көрмей өлетін болдық деп айқайлап жылаған еді».

oḥṣa- сөзі зерттеу нысаны болған қолжазбада «ұқсау» мағынасына сәйкес: *gerd içidin bi-nihāyet mūr-cāq çıqtı uluğluğı hu közge oḥṣar* (159b/9-11). Құдатғу

Білік ескерткішінде бұл сөз «ұқсас, тәріздес» мағынасымен қолданылған: *anıñ oǵşayı joq azu mēñzägi* – «оған ұқсас ешкім жоқ» [38, б.347]. Қазіргі түркі тілдерінде (түрікмен (*oǵşa-*), татар (*ohşa-*), қазақ (*uqsa-*), өзбек диалектінде (*quşa-*), т.б) бұл сөз фонетикалық өзгеріске ұшырап, қолданылады [123, б.419].

işer- етістігі қазіргі қазақ тілінің «шешу» етістігіне сәйкес келеді: *müslümān bolǵanıñ yoq qolunıñ niçün işermin* (125b/4-5) – «мұсылман болғаның жоқ қолыңды не үшін шешемін». Қазіргі түркі тілдерінің көбінде «шешу» сөзі ешқандай фонетикалық өзгеріске ұшырамай, сол қалпында қолданылады.

Кірме сөздерден құралған күрделі етістіктер *bol-*, *qıl-*, *ér-*, *bér-* көмекші етістіктері арқылы жасалынады: *der-lerze bol-* «дірілдеу, қалтырау», *derǵazab bol-* «ашулану», *revāne bol-* «жолға шығу, бару», *naẓar qıl-* «қарау», *helāk qıl-* «жою, өлтіру», *şikāyet qıl-* «шағымдану», *dādın bér-* «әділетті болу, дадын беру», *arzır ér-* «арзымау», *cān bér-* «жан тапсыру», т.б.

Ескерткіш лексикасындағы түркі сөздерінің 70-80% ішінара фонетикалық өзгерістерге ұшырап қазіргі түркі тілдерінде кездеседі. Бұл сөздердің қай диалектіге жататынын толық ашу өте қиын, бірақ қажетті жұмыс. Бұл мәселе бойынша Э.Н. Нәжіп былай айтқан: «Для того, чтобы более точно определить диалектную принадлежность того или иного слова памятника необходимо изучать большое количество исторических памятников и современных языков с их диалектами и говорами, необходимо провести дополнительное и весьма кропотливое исследование по каждому слову» [12, б.34].

Қорыта келгенде, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасындағы түркі қабатын құрайтын сөздердің көбі өзбек, ұйғыр, түрік, түрікмен, азербайжан, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ тілдеріне ортақ күйінде кездеседі.

Зерттеу бойынша «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының тіліндегі түркі сөздерінің басым бөлігі ешқандай тұлғалық, мағыналық өзгеріссіз қазіргі қазақ тілінде ұшырасады. Мысалы, *şır-i ħudā ilgeri barıp ħudā-yī te ‘ālā yād edip bismillāh allāhu ekber dēp baldaǵıdın tutup tartıp mubārek başlarıdın üç merātebe aylanturup havāge atıp yiberdiler* (227a/3-8) – «Құдайдың арыстаны алдыға барып, Құдай Тағалаға жалбарынып, «Бисмиллә Аллаһу Әкбар» деп балдағын ұстап мүбәрек басынан үш рет айландырып, аспанға лақтырып жіберді», *pādişāh aydı qanbarnı alıp keliñler qaşımşım körsün ‘aliniñ qulı tu yā özge mü yā özge bolmasun degeç zindānbān zindāndın alıp keldi gerdinleride ğul qol ayaǵlarında baǵluq körgen zamān közleridin qaτρα qaτρα yaşları aqa bērdi* (120b/11-121a/1-7) – «Патша айтты: «Қанбарды алып келіңдер! Қашымшым көрсін! Әлидің құлы ма я басқасы ма я басқасы болмасын деді, зынданбан зынданнан алып келді, мойындағы шынжыр, қол-аяқтары байланғанын көрген кезде көздерінен тамшылап жас аға берді». Осы сөйлемдердегі *ħudā-yī te ‘ālā yād edip, başlarıdın üç merātebe aylanturup, közleridin yaşları aqa bērdi* сөз тіркестері қазіргі қазақ тілінде сияқты мағынасы жағынан қолданылып тұрғаны анық. Шығарма лексикасынан едәуір орын алатын мұндай қыпшақ элементтерін қолжазбаға жасалған морфологиялық зерттеулерінен де табуға болады.

3.2 Қолжазба тілінің араб және парсы сөздері

Араб тілі көптеген халықтардың тілдеріне, әсіресе сөздік саласында үлкен әсер етті, арабтардың жаулап алулары мен Ислам дінінің таралуына байланысты оның маңызы арта түсті. Бұл кезеңде Таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тіл рөлін атқарды. Дәл осындай қызметті сәл кейінірек ескі әдеби дәстүрдің тасымалдаушысы ретінде парсы тілі де атқарды. Осыған байланысты олардың Шығыс халықтарының әлеуметтік және мәдени өміріндегі рөлі Еуропадағы латын және француз тілдерінің рөлімен жиі салыстырылады [124, б.115].

Қолжазбадағы араб және парсы сөздерін лексика-семантикалық ерекшеліктерін көрсету үшін отандық ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп [125], мағынасы өзгеріске түспеген, мағынасы кейбір өзгерістерге ұшыраған және қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын араб және парсы сөздер деп, үш топқа бөліп қарастырдық.

Бірінші топ – мағынасы өзгеріске түспеген сөздер. Қолжазбада қолданған мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы сол күйінде сақталған араб және парсы сөздері жетерлік. Араб тілінен енген сөздер көбінесе абстракті ұғымда сөздер (*'ādil* «әділ», *'afu* «ғафу», *aḥbār* «хабар», *'ālem* «әлем», *alvān* «алуан», *amān* «аман», *'aql* «ақыл», *'ār* «ар», *'arṣ* «арыз», *'ayūṣ* «жақсы», *cum'a* «жұма», *dūnyā* «дүние», *ni'met* «нығмет», *nūr* «нұр», *qadam* «қадам», *reyḥān* «райхан», *delālet* «дәлел», *medrese* «медресе», *mekān* «мекен», *murād* «мұрат, мақсат», *muṣṭ* «жұдырық», *neheng* «қолтырауын», *quvvet* «қуат» т.б.) мен діни терминдердерге байланысты сөздер (*āḥiret* «ақырет», *āzān* «азан», *cenāze* «жаназ», *du'ā* «дұға», *nikāḥ* «неке», *ni'met* «нығмет», *qabr* «қабір», *qiyāmet* «қиямет», *qudret* «құдірет», *qurān* «Құран», *parmaq* «пармақ», *pehlevān* «палуан», *ṣari'at* «шариғат», *ṣandūq* «сандық», *siḥir* «сиқыр», *zulümāt* «зұлымдық» т.б.) жатады.

Amān (ар. امان) сөзі қазіргі қазақ тілінде: 1) қауіпсіздік, тыныштық; 2) аяушылық, есіркеу, рақымдылық; 3) сау, есен мағыналарында қолданады. Мысалы: *Басы аманның малы түгел* (мақал) [126]. Одан басқа қазақ әдеби тілінде «түгел, бүтін, шығынсыз» және «кұр, бос, сау, қатысы жоқ» мағыналарын білдіреді. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында келесі сөйлемдерде қолданыс табар: *anı seniñ zārb-ı destiñdin amān saqladı* (113a/7-9) – «ол сенің жұдырығыңның ұрғанынан аман қалды»; *erte tañ birlen bir kişini amān qoytat* (119a/5-6) – «ертең таң атпай бір адамды да сау қалдырмаймын».

Парсы тілінен енген сөздер қазіргі қазақ әдеби тілінде көбінесе күнделікті, тұрмыстық зат атауларына (*āsmān* «аспан», *bāzār* «базар», *namāz-ı beşin* «бесін», *cenār* «шынар», *çerāğ* «шырақ», *dānā* «дана», *dāstān* «дастан», *destūrḥān* «дастархан», *dīv* «дию», *duşmān* «дұшпан», *dūzah* «тозақ», *ferište* «періште», *ferzent* «перзент», *gevher* «гауһар», *hemyān* «әмиян», *kör* «көр, соқыр», *köşe* «көше, бұрыш» *qaharmān* «қаһарман», *kāse* «кәсе», *nān* «нан», *nişāne* «нысана», *peydā* «пайда», *sevdāger* «саудагер», т.б.) жұмсалған. «Мұның себебін түркі халықтарының көп жылдар бойы парсылармен көршілес отырып, тікелей қарым-қатынас жасауымен байланыстырамыз» [125, б.13].

Парсы тілінің *sāye* сөзі қазіргі қазақ тілінде «көлеңке» мағынасында да келеді, тіпті қазақ қыздарының есімдерінде де қолданылып жүр. Мысалы: *ḥazret-i ebu'l-tu'accenniñ sāyeleri üy içige tüşür êrdi* (103b/3-4) – «Хз. Әбілмәжіннің көлеңкелері үйдің ішіне түсті».

Дастархан (пар. دستارخان) – тамақ жеу үшін жаятын орамал, тағам жаймасы [126, б.134]. «Қарға батыр» жырынан бір үзіндіден мысал келтіруге болады:

*Дастархан төрге келді тамақ жайлап,
Бұрқырап сары самаурын келді қайнап.*

Қолжазба мәтінінде «дастархан» сөзі *destūrḥān* сөзі қолданылады: *ṭa'āmları gūn-ā gūn ve destūrḥānlar hemme muḥāye' tururpur* (94a/3-9) – тағамдары мен дастархандардың бәрі дайын тұр.

Дұшпан (пар. дошмән, дұшпан, дұсман) – жау, қас, дос емес мағынасына келеді. Фонетикалық өзгерісті ескере отырып, қазіргі қазақ тілінде тұлғасы да, мағынасы жағынан еш өзгеріссіз қолданылады. Мысалы:

*Қараңғылық дұспаным,
Доланбай дұшпан серпілмес,
Надандық кектес тұс жауым* (І.Жансүгіров).

Қолжазба мәтінінде қолданысын келесі мысалдан келтірілген: *duṣmānlarnı tuturpur-mēn maḥa ne buyuḥur-sēn dēdi* (126b/ 5-7) – «дұшпандарды ұстап тұрмын маған не бұйырасың деді».

Парсы тілінің *āsmān* сөзінде де *p-m* сәйкестілігі байқалынып, қолжазба мәтінінде көбінесе *āsmānğa at-* «аспанға лақтыру», *āsmān kūrķüre-* «аспан күркіреу», *āsmān ġulġulede bol-* «аспан жарқылдау», *āsmān yıqıl-* «аспан жығылу» сияқты етістіктерімен қолданылады: *āsmān aydı ki maḥa ruḥṣat bergil bu leṣkerni menıñ pāre qılġaymın dēdi* (179a/7-9) – «аспан айтты маған рұқсат бер бұл әскерді мен тас-талқан шығарайын»; *bir qal'a āsmān birle berāber turur* (93b/2-3) – «аспан тәріздес қамал тұр». Бірінші сөйлемде автор табиғаттың күшін кейіптеу әдісін қолданса, екінші сөйлемінде биіктікті меңзеп, теңейді.

Екінші топ – мағынасы кейбір өзгеріске ұшыраған сөздер. Олардың қатарына *bāqī*, *belā*, *fātiḥa*, *sernigūn*, *qal'a*, *'ayıb* т.б. сөздерді жатқызуға болады.

Араб тілінде (باقی) «мәңгілік, тұрақты» мағынасын беретін *bāqī* сөзі, зерттеп отырған қолжазбада «көпшілікті, топтықты» мағынасында келіп тұр. Мысалы: *bāqī leṣker birbirıġa yaruṣtılar andaġ cenk maġlūbe boldı ki ġūyā āḥir zamān boldı tā namāz digerġaça yüz miñ kāfirni qurdılar* (216b/5-8) – «барлық әскер бір-біріне жабысып, ақыр заман болғандай шайқасты, бесін намазына дейін жүз мың әскерді қырды»; *bāqī leṣker alāmān alāmān dēp feryād qıldı* (220a/7-8) – «барлық әскер шуылдап көмек сұрады».

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде *belā* сөзі араб тілінде (بلاء) «бақытсыздық, қырсық» деген мағына білдірсе [120], қазіргі қазақ тілінде көбінесе «пәле», «дау-жанжал», «шатақ» деген ауыспалы мағыналарда да

қолданылады [121]. Мысалы: *gerd içidin iki yüz miñ kişi keldi müslümānlarğa andağ qılıç urdı kim gūyā müslümānlar arasıge belā yağdı* (175b/11-176a/1-2) – «тозаң ішінен екі жүз мың кісі келді, мұсылмандарға қылыш ұрғаны сонша мұсылмандардың арасында пәле жақты».

Парсы тілі сөздігінде *sernigūn* сөзі «төңкерілген, теріс» мағыналарды береді. Шығармада ауыспалы мағынасында қолданылған: *ol ʔarafdın bir kāfir kirdi bir ʔarbeleride sernigūn qıldılar* (233a/10-11-233b/1) – «ол жақтан бір кәпір кірді, бір ұрғаннан тас-талқанын шығарды».

Қолжазба тілінде *fātiha* сөзі араб тілінен аударғанда «беташар, кіріспе, батика; Құран Кәрімнің 1-сүресі» [127] деген түсініктеме береді. Қолжазба мәтінінде қазақ тілінде қалыптасқан «бата беру, батика беру» мағынасында кездеседі: *ḥazret-i resūl-ı ekrem ʔallāhu ‘aleyhi ve sellem leşker cem ‘ qılıp mālīk-i ejderni baş qılıp fātiha bērip yiberdiler* (132b/11-133a/1-2) – «Хз. Аллах елшісі с.а.у. әскерді жинап, Мәлікәждарды басшы қылып, батикасын беріп жіберді».

qal ‘a сөзі араб тілінен (قلعه) «қамал» сөзінің төл түрі болып табылады [120]. Қолжазба мәтінінде әрі «қамал», әрі «қала» мағынасында қолданылған: *nevādir qal ‘asığa barıp kemend birle qal ‘age kirip temāşā qılıp yūrūr ērdiler* (102b/4-6) – «Науадир қаласыға барып, арқанменен қалаға кіріп тамашалап жүрді».

şūret сөзі араб тілінен аударғанда «сыртқы түрі, пішін» деген мағына берсе, қазіргі қазақ әдеби тілінде «кейіп» мағынаға өзгерген: *ḥ‘ācı ‘ōmer ... ruhbān şūretinde bulup kēldiler ruhbān dēgen āhen-rübāda tört yüz lāt manātniñ şeyḥi bar ērdi ḥ‘ācı ‘ōmerniñ şūretide bolup gerdleriğa bir putni asıp qolığa tesbīḥ alıp leşker-i kāfirge revāne boldılar* (183b/4-11-184a/1-2) – «Хажы Өмер рухбан кейпінде тауып келді, рухбан деген Ахен-рубуда төрт жүз лат манаттың шейхі бар еді, Хажы Өмер кейпінде болып қару-жарағына бір пұтты асып, қолына тасбих алып кәпірдің әскеріне [қарай] кетті».

Қолжазбада *qalam* сөзі кездеседі. Араб тілінде «стиль, жазу түрі, қолтаңба», «қауырсын», парсы тілінде «жазу жазатын құрал» деген мағыналарын білдіретін [124] бұл сөз қолжазба мәтінінде *qıl-* көмекші етістігімен тіркесіп, «тік тұрғызу» мағынасында келеді: *āḥir ḥazret-i şāh-ı merdān ve şīr-i yazdān qaşd qıldılar kim ‘alemdārni qalam qıldılar na ‘re-i cigergāhlarıdın tartıp cemşīdni miñ pāre qılğaymın dēp aydılar* (175b/5-9) – «ақырында Хз. Шах-и Мардан соғысқа ниеттеніп, жалауларын тік тұрғызып, кеудесінен айқай шығарып, Жәмшідті мың бөлшекке бөлемін деп айтты»; *üçüncü na ‘re tarttılar kim ‘alemdārni qalam qılıp cemşīd üstige tögüldiler* (203b/7-9) – «үшінші рет айқай тартып, жалауларын тік тұрғызып, Жәмшідке қарсы шықты».

‘ayıb сөзі араб тілінде «ұялту, бетіне басу», «кемшілік, мін» мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде «кінәлау» (айыптау), «кінәсінің, теріс қылығының өтеуі, жазасы» (айыбын көтеру, айыбын өтеу), «жазықты, жазалы адамның ақшалай не заттай төлемі» (айып төлеу, ат-шапан айып) ұғымдарында да қолданылады [124]. Зерттеп отырған қолжазба мәтінінде тура мағынасында қолданылды: *eger ḥarīfim bolmasa anı meydānge barmaq ‘ayıb dur* (224a/5-6) – «егер теңім болмаса шайқасқа бару [мен үшін] ұят».

Үшінші топ – қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін, қолданылмайтын араб және парсы сөздері. Қолжазба тілінде араб тіліне қатысты көптеген сөздер кездеседі: *rā'īş* «пара алушы», *'alem* «жалау», *'āmm* «ел», *'amūd* «шоқпардың бір түрі», *'aqd* «некелесу», *'ayār* «ақылды», *bātil* «бос, өтірік», *bey'at* «ант», *helāk* «өлу, жоқ болу», *madhūş* «естен талдыратын дәрі», *maḥāl* «орын», *rā'īş* «пара алушы», *sa'ādet* «бақыт», *şem'* «иіс, нұр», *şena* «мадақ», *şerif* «қасиетті, құтты», *şevq* «күштарлық», *ta'yin* «нақтылау», *vaḥid* «жалғыз», *yemin* «оң», *zafer* «жеңіс», *zārb* «соққы», *za'if* «арық», *zīr-u-zīber* «тас талқан», *ziyāde* «көп» т.б.

Мысалы, *ḥār zemīnde cemşīd şāh dēgen kāfirni āhen-rübā dēgen tağda bir dīv helāk qılıp turur ya'ni din-i bātlge delālet qıur erdi* (132b/1-5) деген сөйлемде *helāk qıl-* күрделі етістігі «ұстап отыр, жаулау», *din-i bātl* сөз тіркесі «жалған дін» деген мағыналарын білдіреді.

Парсы тіліне қатысты мына сөздер жиі ұшырайды: *ārām* «демалыс», *āftāb* «күн», *āgūş* «құшақ», *kemend* «арқан», *köşte* «өлік», *kūh* «тау», *kūse* «үлкен дабыл», *külāh* «бас киім түрі», *libās* «көйлек», *lūh* «мәтін, жазба», *leşker* «әскер», *mehmān* «қонақ», *merğzār* «батпақты жер», *meu* «шарап», *mūr* «құмырсқа», *nām-dār* «құрметті, қадірлі», *na're* «айқай», *nevbahār* «көктем», *nevbet* «кезек», *nilgün* «ашық көк түс», *niyām* «қылыштың қабы», *pāre* «бөлшек», *pāsban* «түнгі қарауыл» *pergāle* «бөлшек», *rūzin* «тесік», *rekāb* «ер-тоқым», *şeb* «түн», *şedā* «дыбыс», *serā-perde* «сұлтан шатыры», *sīne* «кеуде», *sipāriş* «тапсырыс», *sitem* «қастандық», *şūriş* «қарсылық», *tācdāri* «билік», *ñilesim* «күзетші» т.б.

bir uçını ḥazret-i şāh-ı merdān tuttılar şalşal aydı yā'alī nevbet sende şīr-i ḥudā nevbetni kāfirğa bērdiler (228a/4-7) – «бір ұшын Хз. Шах-и Мардан ұстады, Салсал айтты: «Уа, Әли! Кезек сенікі!» Құдай арыстаны кезегін кәпірге берді»; *kemend birle tüşüp rüzinedin qaradılar kördiler ki bir neçe nāzenīnler libāshāy-ı günāgün keyip olturupdur* (103a/1-2) – «арқанменен түсіп тесіктен қарады. Бірнеше жас қыздар түрлі көйлектерін киіп отыр екен».

Араб және парсы тілдерінде қос сөздердің қолданылуы

Түркі тілінде күрделі сөздер мәселесі зерттеушілердің пікірінше, әлі де жан-жақты қарастырылмаған. Қолжазба тіліндегі қос сөздер ерекше орын алып, өзгеше мәнге ие. Автор қос сөздерді орынды қолдана отырып, заттарға жан бітіріп, кейіпкердің көңіл-күйін ерекше реңк береді. Іс-қимылға қолданылған қос сөздер іс-әрекетті барынша әсірелеп, астарындағы психологиялық элементтерді оқырман ойына бірден салады. Бейнелеуіш, еліктеуіш сөздердің қайталануы, түбір сөздердің алдынан күшейткіш буын қосарлануы арқылы жасалған қос сөздер қалыпты шарықтау шегіне жеткізе бейнеленді.

Араб және парсы қос сөздердің қолданылуы жайында Л.З. Рүстемов былай дейді: «Қос сөздер жасауда араб және парсы кірме сөздері де едәуір рөл атқаратынын әдеби тілінің бүкіл тарихы дәлелдеп отыр, араб және парсы элементтерінің қатысуымен жасалған қос сөздердің құрамдас компоненттері: арабша-арабша, арабша-парсыша, түркіше-арабша, түркіше-парсыша болып жеке сыңарлары осылайша жұптасып келуі мүмкін. Сөзден сөз тудырудың бұл тәсілі – тілімізде тіпті ерте заманда шығып, әбден қалыптасып орныққан әрі көне, аса құнарлы тәсіл» [127, б.56].

Ортағасыр ескерткіштерінің тілінде бір мағыналы сөздердің қосарланып келуі жиі кездеседі. Мұның басты себептерінің бірі – тыңдарманға бір кірме сөздің түсінікті болу үшін және сөз мағынасын аша түсу үшін екінші синоним компоненті қолданылған. Оның үстіне өз заманындағы түркі, араб және парсы тілдерін жақсы меңгерген ортағасыр авторлары, біріншіден, әдеби тілдік ноомаға бағынса, екіншіден, мәтін көркемдігін молайтып, оған ерекше байлық беруде араб және парсы сөздерін қатарластыру – кітаби ақындардың шеберлігінің бір қыры болып танылған [43, б.185].

1. Қолжазба тілінде кездесетін синонимдік қос сөздер қатарына *qadd ü qāmeti*, *redd ü bedel*, *zīr-u-zīber*, *çüst ü çālāk*, *hāzırbāş vāqıfbāş* т.б. сөздерді жатқызуға болады.

qadd ü qāmeti қос сөзі араб тілінен аударғанда *qadd* және *qāmet* сөздері «бой» деп аударылып, көбінесе батырлардың сыртқы көрінісін сипаттағанда қолданылады. Мысалы: *samadūn dēgen kāfir öz aṭıǵa ṭabl-ı cenk qaқыp meydānǵa kirdi qadd ü qāmeti yüz kez behr-ı sīnesi èllik kez èrdi* (140a-140b) – «Самадүн деген кәпір өз атына соғыс дабылын қағып, майданға кірді, бойы жүз есе кеудесі елу есе еді»; *qadd ü qāmeti qırq kez bir senīsi yigirme kez saqallarıǵa la'le cevāher ötkizgen ve birneçe şandalnişin pehlevānlar olturupdurlar* (152b-152a) – «[оның] бойы қырық есе, кеудесі жиырма есе сақалдарына гауһар тасты киген палуандар отыр екен». Сонымен қатар, *qadd ü qāmeti* қос сөзі «бойынан тік тұру» мағынасын беріп тұрған сөйлемдерде кездеседі: *hāzret-i sa'd-ı vaqqāş çüst ü çālāk cāylarıdın turıp qadd ü qāmet rāst qıldı* (92b-93a) – «Хз. Садуақас тез орындарынан тік тұрды».

redd ü bedel қос сөзі араб тілінен *redd* сөзі «қабылдамау, қайтару», *bedel* сөзі «қарсы» аударылып, «оқ жаудару, қайтару» мағынада келеді. Мысалы: *üçüncüde hem redd qıldılar arada neçe merātib redd ü bedel boldı* (100a/8-9) – «үшінші рет қайтарды, арасында неше рет бір-біріне оқ қайтарды»; *el-qışsa arada yètmış sekiz tıǵ redd ü bedel boldı* (118b/1-3) – «әл-қисса арасында бір-біріне жетпіс сегіз оқ жаудырды».

zīr-u-zīber qıl- қос сөзі «тас-талқан ету, астан кестен шығару» деген мағынаны білдіріп, мәтінде бірнеше рет қайталаынады. Мысалы: *bir sā'atde on iki miñ kāfirlerni zīr-u-zīber qıldılar* (109b/5-6) – «бір сағатта он екі мың кәпірді астан кестен шығарды»; *hār zemīnni zīr-u-zīber qılıp cemşīdni bederǵa qılǵan sen musın* (226a/9-10) – «Хар земинді тас-талқан етіп, Жәмшідті қуған сенсің бе?».

ḥamd şenā' қос сөзі араб тілінен аударғанда «мақтау мен мадақтау» мағынасын білдіреді. Мысалы: *bul kèçe şükr ḥamd şenā birle boldılar* (139a/3-4) сөйлемінде *ḥamd şenā'*-мен қатар *şükr* сөзі қолданылуы Алланың ұлылығы мен шексіз рақымы мен мейірімінің алдында құлдың Жаратушысына шүкіршілігін білдіреді.

taḥsīn āferīn қос сөзі «қоштау, құптау» мағынаны білдіріп, арабша-парсыша құрамдас компонентіне мысал бола алады. Мысалы: *h'ārān ḥalqı bularnı sevdāger bilip ... mişl-i qadd ü qāmetlerin körüp taḥsīn āferīn qıldılar* (119a/3-9) – «Хауаран халқы оларды саудагер деп танып, ...бойларын көріп, қоштап таң қалды».

Қолжазба тілінде жиі кездесетін қос сөздердің бірі – *çüst ü çālāk*. Парсы тілінен енген бұл қос сөз «тез , шапшаң» мағына білдіреді. Мысалы: *hāzret-i 'alī dūldūlni sürüp çüst ü çālāk üstige barıp zū'l-fiqār birle andağ urdılar kim iki nīme berāber boldı* (174b/5-7) – «Хз. Әли Дүлдүлді алып, тез арада үстіге мініп, Зүлфикарменен қатты ұрып, екіге бөлді»; *h'ācı 'ömer çüst ü çālāk arqasıdın yūknı qoyup zindān içige kirse...* (190a/6-7) – «Хажы Өмер тез арқасына жүкті қойып, зынданның ішіне кірсе..».

Қолжазба тілінде жиі кездесетін *tāc tahtı* парсы тілінен енген қос сөз қазіргі қазақ тілінде «тәж бен тақ» мағынамын білдіреді. Мысалы: *cemşīd alarnı körüp tāc tahtıdın bizār bolup sāyil zemīnge beder qaçtı* (204a/6-8) – «Жәмшід оларды көріп, тақ пен тәжден бас тартып, Сейілземинге қашты»; *yoq ersen bu tāc-ı tāhtıñni öziñe zindān qılır* (165b/8) – олай болмаса бұл тақ пен тәжді өзіңе түрме қыламын; *medīneni 'alīsi kēlip tāc tahtımnı alıp cudā qıldı* (207b/10) – «Мәдинаның Әлісі келіп, тақ пен тәжімді алып кетті».

gerd-i ğubār парсы тілінен енген қос сөзі «тас-талқан, шаң-тозаң» мағынасын білдіреді. Мысалы: *cihānnı gerd-i ğubār tutup mūr melaḥdek deryā 'aẓīmdek zelzele birlen şalsalğa qoşıldı* (235b/5-9) – «жержүзін шаң-топаң болып, құрт-құмырсқадай, жер сілкінісіндей Салсалға қосылды».

hāzırbāş vāqıfbāş араб тілінен енген қос сөзі *hāzır* «дайын» мен *vāqıf* «тұру» деген мағына беретін сөздеріне *-bāş* есімнен есім тудырушы түркі тілінің жұрнағы арқылы жасалынады. Қолжазба мәтінінде «дайын тұру» мағынасында қолданылған бұл қос сөз өте жиі кездеседі. Мысалы: *kēçesi bular hem hāzırbāş vāqıfbāş birle boldılar* (217b/1-2) – «олар түнде сақ болып, дайын тұрды».

2. Қолжазба тілінде синонимдік қос сөздермен қатар сөзге не іс-қимылға күшейткіш әсер беру мақсатында қолданылған қайталама қос сөздері де кездеседі. Олар: *bayrāq bayrāq, tob tob, zār zār, gerd gerd, qīs lā qīs, hey darīg şad darīg, qaṭra qaṭra, alamān alamān* т.б.

bayrāq bayrāq пен *tob tob* қайталама қос сөздері кейде бірге, кейде бөлек қолданылып, көпшіліктің мәнін күшейту үшін қолданылған. Мысалы: *cemşīd aydı hemme birdin aṭ qoyuñlar degeç bayrāq bayrāq her ṭarafdın aṭ qoydılar* (191b/8-10) – «Жәмшід барлықтарын бірден атқа мініңдер деп айтты, [әскер] жалау-жалау болып әр жақтан атқа мінді»; *şamāme niger hem kēldi bayrāq bayrāq tob tob cihānnı gerd-i ğubār tutup mūr melaḥdek deryā 'aẓīmdek zelzele birlen şalsalğa qoşıldı* (235b/5-9) – «Шамаме Нигар келіп, жалау-жалау, топ-топ болып жержүзін шаң-топаң болып, құрт-құмырсқадай, жер сілкінісіндей Салсалға қосылды».

zār zār қайталама қос сөзі жиі кездеседі. Қолжазба тілінде *zār zār çün ebr-u nevbahār yıĝla-* фразеологиммен бірге тіркесіп, қолжазба мәтінінде бес реттен астам қолданылған. Парсы тілінен аударғанда «көктемнің бұлтындай зар зар жылау» мағынасында қолданылады. Мысалы: *hāzret-i resūl-ı ekrem şallallāhu 'aleyhi ve sellemni yād qılıp zār zār çün ebr-i nevbahār yıĝlap turup ērdiler* (108b/5-8) – «Хз. Аллаһ елшісін с.а.у. еске алып, көктемнің бұлтындай зар зар жылады»; *şalsal işetip yūğürüp kēldi hāzret-i şāh-ı merdānnı ayaĝlarıĝa yıqıldı aydı yā 'alī tövbe qıldım aztahi del tövbe qıldım dep zār zār çün ebr-ü nevbahār yıĝladı* (245a/5-10) –

«Салсал естіп, жүгіріп келіп, Хз. Шах-и Марданның аяқтарына жығылды да: «Уа, Әли! Тәубе қылдым! Шын жүректен тәубе қылдым» деп зар зар жылады».

Қолжазба мәтінінде жиі кездесетін *gerd gerd* қайталама қос сөзі парсы тілінен аударғанда «шаң, тозаң» деп аударылады. Мәтінде жалғыз қолданған *gerd* сөзі алыстан келе жатқан топ әскерді сипаттау үшін қолданылса, оның қайталанған қос сөзі «тас талқан ету» мағынасын білдіреді. Мысалы: *qahmās šāh gerd gerd boldı murdār cānını mālīk-i dūzahqa šipāriš qıldı* (251b/6-7) – «Қаһмас шах тас талқан болып, жаны тозаққа кетті»; *hazret-i sa 'd-i vaqqāš dergāzab bolup başıge 'amūdkerān birle andağ urdılar ki miśl-i surmedek gerd gerd boldı* (100b/1-3) – «Хз. Садуақас ашыланып, басын өз қаруыменен ұрғаны сонша сүрме сияқты тас-талқан болды».

qaṭra qaṭra қайталама қос сөзі парсы тілінен аударғанда «тамшы» деп аударылады. Мысалы: *közleridin qaṭra qaṭra yaşları aqabērdi* (121a/6-7) – «көздерінен тамшылап, тамшылап жас аға берді».

alamān alamān қайталама қос сөзі көңіл күй одағай қызметін атқарады. Бұл сөздің шығу тегі туралы С. Аманжолов пікірін айтты [114, б.53-54]. Қолжазба мәтінінде жеті реттен астам қолданылған қос сөз қорқу мағынасын береді. Мысалы: *alamān alamān dēp bedr qaçtılar* (109b/7) – «аламан аламан деп қашты»; *on iki miñ leşkerni qırdılar qalğanı alamān alamān dēp hazret-i mālīk-i ejderniñ ayağlarığa yıqıldılar* (157b/8-10) – «он екі мың әскерді қырды, қалғандары аламан аламан деп Хз. Мәлікаждардың аяқтарына жығылды», т.б.

hey darīg šad darīg қайталама қос сөзі парсы тілінен аударғанда «өкінішті-ақ, әттең» мағынасына келеді. Бұл қайталама қос сөзіне жағымсыз эмоцияны білдіретіндер көңіл-күй одағай қызметін атқарады. Мысалы: *gülçehre körüp aydı hey darīg šad darīg hūmān müslümān ēken* (158b/6-7) – «Гүлчехре көріп айтты: Өкінішті-ақ! Хуман мұсылман екен»; *cemşīd aydı hey darīg šad darīg 'alī birlen uruşup ölsek armān yoq ērdi* (186b/8-10) – «Жәмшід айтты: Өкінішті-ақ! Әлименен шайқасып өлсек арманым жоқ». Қолжазба тілінде оның *darīg šad-ı hezārdarīg* өзгеше түрі де кездеседі: *medīneni 'alīsi kēlip tāc tahtımnı alıp cudā qıldı šad-darīg šad-ı hezārdarīg bu dūnyāge her kez kēlmegey ērdim* (207b/11-208a/1) – «Мәдинаның Әлиі келіп тақ пен тәжімді алып кетті, «Әттең! Бұл дүниеге мүлдем келмегенімде ғой».

Қолжазба мәтінінде ашу сезімін білдіретін одағай ретінде парсы тіліндегі *qīs lā qīs* қайталама қос сөзі жиі кездеседі. Мысалы: *kim bolğay meniñ berāyimde turğay qīs lā qīs dēp andağ na're tarttı* (114b/7-8) – «кім екен менің жанымда тұрған, қис ла қис деп қатты айқай салды»; *biri pelenk biri qāflān biri tağ biri taş biri ebir minip yılandın qamçı qılıp qīs lā qīs dēp hevāge uçup hārzemīnge kēldiler* (194a/11-194b/1-2) – «бірі алабарыс, бірі жолбарыс, бірі тау, бірі тас, бірі бұлтқа мініп, жыланнан қамшы жасап, қис ла қис деп ауаға ұшты».

bihaq mālīm bihaq boldı қайталама қос сөзден жасалынған фразеологизм қолжазба мәтінінде соғысу әрекеттерін сипаттайды. Қолжазба мәтінінде келесідей мысалдарда көрініс табады: *hazret-i sa 'd-i vaqqāš dergāzab bolup gürz-i kerāni havāle qıldılar başığa tigip bihaq mālīm bihaq boldı yine biri kēldi anı hem*

helāk qıldılar (214a/4-8); *mālik-i ejder neyzesini qolidın alıp bir ‘amūd urdılar kim bihaq mālīm bihaq boldı murdār cānı cehennemge ketti* (230a/1-2).

3. Қолжазба тілінде тұрақты, бейнелі сөз тіркестері біраз кездеседі. Дегенмен қазіргі қазақ тілінде олардың көбі қолданылмайды. «Мұндай тұрақты сөздердің қолдануының өзіндік себептері болған сияқты: 1) түркілік баламаның болмағандығынан; 2) түркілік балама бола тұрса да өзінің сөзін нақтылау үшін; 3) тіл шеберлігін көрсету үшін қолданылған» [125, б.15]

Әдеби шығармаларында қолданылатын көне көркемдік техникалардың бірі – метафора. Метафора [грек. *metaphora*] деп сөздің не сөйлемнің ауыспалы, бейнелі мағынада қолдану тәсілін айтады. Ақын, жазушылар түстері жағынан бір-біріне жақын, ұқсас заттарды бірінің орнына екіншісін ауыстырып қолданады [128, б.89]. Автордың түркі, араб және парсы тілдерінде берілген метафоралардың қолданылуы шығармаға ерекше әсер беретінін көруге болады.

çaqmāq çaqılıp сөз тіркесінде түркі тілдеріне ортақ *çaqmāq* сөзі қазақ тіліндегі «шақпақ» сөзіне сәйкес келіп, бір-біріне шағып, от шығару үшін пайдаланылатын тас, оттықты айтады. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» «шақпақ шағу» сөз тіркесі «күн жарқылдау, найзағай ойнау» деген мағынаны білдіріп [129], қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылады. Мысалы:

*Шақпақ жағып жібердім, қуға түсті,
Тұтандырып алуым болды күшті.
Қызыл өңеш болғанда азар жанып,
Соған шейін асырап, ішім пысты* (Ш.Құдайбердиев).

Қолжазба мәтінінде «найзағай ойнау» мағынаны білдіріп, келесі сөйлемде көрініс табады: *üç miñ leşker bir tarafđın üç yüz ‘alem-i nişāne üç yüz miñ kişi yēr titrep āsmān kürküreb yulduz yarqırap çaqmāq çaqılıp ot yaqılıp sanāçqa qılıp yolğa revāne boldılar* (207b/1-5) – «үш жүз мың әскер бір жақтан үш жүз жалау үш жүз мың кісі жер тітіркеніп, аспан күркіреп, жұлдыз жарқырап, найзағай ойнап, от жағылып жолға шықты».

köştedin pöšte qıl- сөз тіркесінде парсы тілінен *köšte* сөзі «өлік», *pöšte* «төбе» деп аударылады. Қолжазба мәтінінде бірнеше рет қолданылған бұл метафора соғыс қимылдарында «өліктен төбе қылу, жасау» мағынасына сәйкес болып тұр. Мысалы: *yüz miñ kāfirni köştedin pöšte qıldılar* (218b/7-8) – «жүз мың кәпірді өлтірді»; *öz özini qırıp köştedin pöšte qılıpdur* (237a/5-6) – «бір-бірін қырып, өліктен төбе жасап тұр»; *hāzret-i ‘alī şīr-i hūdā h‘ācı ‘ömer ikevlen qılıç urdılar kim sansız köştedin pöšte qıldılar* (200b/1-2) – «Хз. Әли Құдай арыстаны мен Хажы Әмер екеуі қылыш ұрып, өліктерден төбе қылды».

aliflām qıl- сөз тіркесіндегі *aliflām* сөзі араб әліппесінің алғашқы *alif* және *lām* әрпілерінен жасалынып, қолжазба мәтінінде ауыспалы бейнелі мағынада қолданылады. Араб әліппенің ерекше қолдану тәсілдерінде өзіндік шығыс философиясы бар. Қолжазба мәтінінде «тік тұру, дұрыс тұру» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *cemşīd serāperdesige barıp körseler yétmiş miñ cān dest aliflām qılıp turur* (181b/3) – «Жәмшідтің шатырына барып қараса, жетпіс мың қолы тік

тұрып тұр».

Қолжазба мәтінінде 50-ден астам қолданылған тұрақты сөз тіркесі – *na're tart-* тіркесі. Бұл тұрақты сөз тіркесінің *na're* сөзі араб тілінен (نعره) аударғанда қатты айқай, толқуды білдіреді. Қолжазба мәтінінде *na're* сөзі *tart-*, *ur-* етістігімен тіркесіп, бір мағынаны білдіреді. Кейде *na're-i cigergāhıdın tart-* «кедесінен айқай тарту» тіркесі арқылы беріледі. Мысалы: *ḥazret-i 'alī na're urup zū'l-fiqārni sugurup ḥamle qıldılar* (131a/1-2) – «Хз. Әли айқай салып, зүлфикарын сұғырып, шабуылдады»; *leşkerin ortasıge barıp na're tartıp qılıç urdılar* (259b/1) – «әскердің ортасына барып, айқай салып, қылыштады»; *ḥazret-i şāh-ı merdān hem dergāzab bolup na're-i cigergāhıdın tarttılar on miñ dīv cān bērdi* (145a/9-11) – «Хз. Шах-и Мардан әрі ашуланып, кеудесінен айқай салды да, он мың дию жан берді».

Араб және парсы тілдерінің семантикалық-тақырыптық топтары.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, шығармашылық қызмет атқарған қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар өз заманындағы филологиялық-теологиялық интеллигенция өкілдері болды. Бұл интеллигенттік топ үшін парсы тілі және қасиетті Құран тілі – араб тілі ана тілінен кейінгі орындағы маңызды тіл болып есептелінді. Сондықтан олар өз қисса-дастандарында араб, парсы лексикасын әдеттегіден мол пайдаланған [11, б.56].

Жинақталған тақырыптық топтардың ішінде діни лексика мен соғыс кимылдарына байланысты сөздер көбірек кездеседі.

1) Діни лексика – теонимдер.

Қолжазба тілінің діни лексикасы араб сөздерімен қатар, парсы сөздерімен де беріледі. Діни лексиканың өзін іштей Аллаһтың көркем аттары (эпитеттері), пайғамбарлардың, періштелердің есімдері, діни дұғалар және діни рәсімдерге байланысты лексика деп төрт топқа бөлуге болады.

1. Аллаһ Тағаланың эпитеттері: *allāh, ḥudā-yı te'ālā, ḥaq-ı te'ālā, ḥalil allāh, ḥaq subḥānu te'ālā, 'azīm, vaḥīd-i kullī ḥāl, qāhir-i zū'l-celāl, dānā kullī ḥāl, settār, ḡaffār, qahhār, cebbār*, т.б.

Қолжазба мәтінінде сахабалардың қияншылыққа тап болған кезде, не жеңіске жеткен кезде қуанышты уақыттарында Аллаһқа мадақ айту дәстүрі көрінеді. Мысалы: *ey vaḥīd-i kullī ḥāl ve ey qāhir-i zū'l-celāl ve ey dānā kullī ḥāl öziñ bizge puşt-i penāhsın yā settār yā ḡaffār yā qahhār yā cebbār naşrat bir küç-i puşt-i penāhım sensin* (115a/3-7) – «барлық жағдайларда жалғыз! Жәнуші! Ұлылыққа Ие! Өзің бізге панасың! Уа, Айыпты жабушы! Уа, Аса кешірімді! Уа, Жаппар Ие!»; *ḥazret-i ebu'l-mu'accen hem qılıç sugurup na're-i cigergāhıdın tartıp ḥalil allāh allāhu ekber dēp өзlerini deryā-yı leşkerge urdılar* (100b/6-9) – «Хз.Әбілмәжін де қылышын суырып, кеудесінен айқайлап, Халил Аллаһ, Аллаһу Әкбар деп өздері әскерге шабуылдады».

2. Пайғамбарлар, періштерлер есімдері: *ḥazret-i muḥammed, ḥazret-i ādem, ḥazret-i ishāq, ḥazret-i cebrā'il, ḥazret-i asrāfīl*, т.б.

Қолжазба мәтінінде Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) сөз қозғағанда бірнеше эпитеттері қолданылады: *ḥazret-i muḥammed muştafā* حضرت محمد صلی, *ḥazret-i resūl-ı ekrem* حضرت رسول اکرم, *ḥazret-i peygāmbēr-i ḥudā* حضرت پیغمبر خدا, *sulṭān-ı enbiyā'*, т.б.

Қолжазба мәтінінде кездескен Хз. Адам, Хз. Ысхақ сияқты пайғамбарлар есімдерінің қолданылуы шығарманың кейіпкері Хажы Өмермен тығыз байланысты: *anı 'auyāri h'āci 'ömer dërler ol hâzret-i ishâq peygamberdin du 'ā alğandur* (183b/7-8) – «ол айлакерді Хажы Өмер деп атайды, ол Хз.Ысхақ пайғамбардан дұға алған»; *h'āci 'ömer bir mahrem şüretide boldılar hâzret-i âdem atanı qabrlерidın alğan tofraq bar êrdi cemşîdni közige urdılar* (187b/6-9) – «Өмер патша жақындарының кейпінде болды, Хз. Адам атаның қабірлерінен алған топырағы бар еді, Жәмшідтің көзіне шашты».

Пайғамбарлар есімдерімен қатар уаһи жеткізуші Жәбірейіл (а.с.) мен сұр үрлеуші Исафил (а.с.) періште есімдері жиі кездеседі.

3. Діни рәсімдерге байланысты лексикаға *künāh* «күнә», *mescid* «мешіт», *imān* «иман, сенім», *bāğ-ı irem* «жәннат бақшасы», *minbar* «мінбер», *qiyāmet qāyım* «Қиямет қайым», *āhîr-ü'z-zamān* «ақыр заман», *āhîret* «ақырей», *rek'at* «ракаат», *şari'at* «шариғат», *secde* «сәжде», *kelime-i şehādet* «Кәлима шәһадат», *ümmet* «үмбет», *munācāt* «Аллаһқа жалбарыну, намаз оқу, мінәжәт ету», *tarikāt* «тариқат», *namāz* «намаз» сөздері жатады. Бес уақыт намаздың барлығы болмаса да, *namaz-ı bāmdād* «таңғы намаз», *şabāh namazı* «таңғы намаз», *vaqt-i seher namāz* «таңғы намаз», *namaz-ı bişin* «бесін намазы», *namaz-ı diger* «намаздыгер намазы», *namaz-ı dügāne* «екі ракаат намаз», *namaz-ı huften* «күптан намазы» т.б. сияқты түрлері де кездеседі.

Діни атаулардан адамдар үшін *peygāMBER* «пайғамбар», *resül-i allāh* «Аллаһ Елшісі», *şahabe* «сахаба», *imām* «имам», *müslümān/mü'min* «мүмін, мүсылман», *misāfir* «қонақ, жолаушы, саяхатшы», *muhācir* «туған жерін тастап, басқа елге қоныстанған адам», *şehid* «шехид, Аллаһ және дін жолында соғысып өлген адам», *munāfiq* «екі жүзді адам», *kāfir* «кәпір», *harāc* «мүсылман емес халық» т.б. лексика кездеседі.

4. Діни дұғалар мен салауаттар: *allāh te 'ālā 'aleyhi esma 'in, allāhu 'alem bi aş-şavāb, allāh-u ekber, allāh-u te 'ālā 'alēyi esma 'in, 'aleyhi 's-selām, lā illahā il allāh, la illāhā il allāh muhammed-dur resül-i allāh, asselāmu 'aleyküm, rażıya 'llāhu 'anhu*, т.б. Салауат пайғамбарға жарылқау, құрмет, құттықтау, дұға тілеу мағынасында арнайы жасалатын құлшылық түрі [122] болғандықтан, қолжазбаның мәтінінде пайғамбарлар мен періште есімдерімен қатар жүреді.

Сахабалардың беймәлім жерлерге сапарға шыққан кездерінде Құран Кәрімнің аяттары мен дұғалары оқитынын белгілі. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында да шығарма кейіпкерлерінің қиын жағдайда Құран Кәрімнің «Ясин» (36-сүре) мен «Аль-Фатх» (48-сүре) сүрелерінің қасиеттері баяндалады. Мысалы: *her çend zü'l-fiqār urdılar kār qılmadı āhîr sūre-i yāsîniñ yēti mertebe oqur dem saldılar* (145b/5-10) – «бірнеше рет Зүлфиқармен ұрып, жеңе алмады, соңында Ясин сүресін жеті рет оқып, дем салды»; *hâzret-i cebrā'ıl 'aleyhi 's-selām kēlip aydılar yā 'alī sūre-i innā fatahnanı oqur bir def' bağlap atqıl bu künbez feth bolur* (206a/5-7) – «Хз. Жәбрейіл алейхисселәм келіп айтты: Иа, Әли! Инна фатахна сүресін оқып, оққа байлап ат! Күнбез құлайды».

2) Қоғамдық-саяси лексика мен атақ-дәрежеге байланысты атаулар

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында кездескен *meclis* «мәжіліс», *memleket* «мемлекет», *nāme* «хат», *pāyitaht* «астана», *‘āmm* «ел, халық», *ḥalā’iq* «халайық» т.б. қоғамдық-саяси лексика бірліктерді атауға болады.

Қолжазба тілінде лауазым мен атақ-дәрежеге байланысты лексикалық бірліктер мол. Сондықтан оны іштей лексикалық-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастырдық:

а) жоғары лауазымға байланысты сөздер. Ең жоғары лауазым парсы тілінде *pādišāh* сөзі «ұлы әмірші, падишаһ, патша» мағынасын береді. Қолжазбада патшаға әр түрлі сипаттармен қаратып айтылған. Мысалы: *šāh-ı ‘ālem* «әлем шахы», *pādišāh-ı ‘ālem* «әлем падишахы», *šāh-ı cihān perverā* «жер жүзінің шахы» т.б.

Қолжазбада «ел, жұрт билеуші» мағынасындағы парсы тілінің *šāh* сөзі жалқы есімдермен тіркесіп келетін еркін тіркес ретінде қолданылған: *šāh-ı merdān* «жігіттердің шахы», *fīrūzšāh* «Фируз шах», *cemšīd šāh* «Жәмшід шах», *šāh-ı emlāq* «Емлақ шахы», *qahmās šāh* «Қаһмас шах», *šāh-ı ḥ‘ārān* «Хуваран шах», *šāh-ı šāhdūz* «Шахдуз шах» т.б.

Ертедегі Орхон-Енисей жазбаларынан бізге жеткен *ḥān* титулы тек жалпылама мағынада қолданылады: *eṭrāfīde neṣe miṅ ḥānlar* (162a/9) – «жан-жағында неше мың хандар»; *hāy hāy ḥānımız kēldiler* (184a/3) – «уа, уа ханымыз келді»; *‘acā’īb pādišāh turur yūz miṅ ḥān anıḡ ḥızmetinde* (151b/6) – «таңғажайып падишах тұр, жүз мың хан оның қызметінде».

ә) орта лауазымға байланысты сөздер. Шығыс елдеріндегі *sultān* «сұлтан», *vezir* «әскери және әкімшілік өкілеттігі бар ең жоғары лауазымды мемлекеттік қызметші, уәзір», *beyikler/akāber* «үлкендер, ұлылар», *umerā* «әмірлер, мырзалар», *ḥukemā* «әкім, сотшы, дана, ғалым», т.б. жалпы мағынада берілген жергілікті билеушілердің лауазымдары қолжазба мәтінінде бірнеше рет кездеседі. Мысалы: *pādišāh turur cihān tahtı aḡa lāyıq érür oḡ ṭarafida bir neṣe ḥanlar ve soḡ ṭarafida bir neṣe servšifāt sultānlar ve erkān devlet sergerdeler ve ortada tuḡannī hoş elḥānlar* (96a/1-3), *pādišāh bu sözge ḥayrān qaldı taşqarı çıqtı tamām-ı umerā -ve fuželā ekābir ve ḥukemālar temāšāh qılsalar* (121b/7-9).

Аталған лауазымдардан басқа хандықта әр түрлі қызмет атқарған *bābā-yı baḡbān* «бақшы», *mir āḥūr* «сарай қорасының әміршісі, жауапты адамы», *ustā* «ұста», *üstād* «ұстаз, оқытушы», *tuḡanni* «әдемі дауысты әнші», *sāzandi* «сазшы», *münşi* «жазушы», *sevdāger* «саудагер», *rāvi, rāviyān- ı aḥbār* «хадистерді жеткізуші, қисса мен әңгімелерді баяндаушы» сияқты қызметшілердің атаулары кездеседі. Сонымен қатар, *ḥātūn* «әйел», *nāzenin* «жас қыздар» мағынасында берілген сөздер белгілі бір ыңғайда лауазым ретінде де қолданылған. Қолжазбада «ханшайым» мағынасында патшалардың қыздарын *melike* лауазымы жалқы есімдермен тіркесіп келген. Мысалы: *melike-i dilefrūz, melike-i gülçehre*, т.б.

б) әскери-шен лауазымды сөздер: *‘alemdār* «жалауды көтеріп жүретін кісі», *piyāde* «жаяу әскер тобы», *pāsban* «түнгі қарауыл», *qaravıl* «жаяу не атты күзетші әскер», *serdār* «қолбасшы, бас қолбасшы», *sergerde* «басшы, соғысқа өз еркімен қатысқан әскер тобының басшыларына берілген атау», *çendāvıl* «әскер артынан

келетін топ; күзетші», *zindānbān* «зындан күзетшісі», т.б. Мысалы: *eu pehlevānlar mēni ḥ'āci 'ōmer alıp kētti dēgeç pāsbanlar birdin şanduqqa yaruştılar* (193a/1-3) – ей палуандар, мені Хажы Өмер алып кетті дегенде түнгі қарауылдар бірден сандыққа жүгірді; *pādişāh aydı qanbarnı alıp kēliñler ...zindānbān zindāndın alıp kēldi* (120b/11-121a/1-3) – «падишах атты Қанбарды алып келіндер... зындан күзертшісі зынданнан алып келді»; *çep yanında neçe miñ ejderhā kibi bahādūr sergerdeler olturupdur* (120a/1-3) – «оң жағында бірнеше мың айдаһардай батыр басшылар отыр екен»; *iki tarafdın iki leşker çendāvīl qoyup ḥāzırbāş vāqıfbāş dēp yūrür ērdiler* (181a/6-8) – «екі жақтан екі әскерді күзетші қойып, дайын тұрындар деп жүрді».

Қазіргі қазақ тілінде моңғол тілінен енген «қарауыл» сөзінің соғыс саласында қолданылатын бірнеше мағынасы бар: 1) жасақ, шағын әскері бөлімше; 2) атыс құралының ұшында болатын нысанына бағдарлайтын көздеу құралы; 3) күзетші, сақшы. Қарауыл сөзі жорыққа шыққан әскердің ең алдында жүретін, көрген-білгенін хабарлап отыратын шағын әскери күзетші, жасақ ұғымын білдірген [118, б.231]. Қолжазба мәтінінде «қарауыл» сөзі бір рет қолданылған: *iki tarafdın qaravıl qoyup mürşebler ḥāzırbāş vāqıfbāş dēp yūrür ērdiler* (169b-170a) – «екі жаққа күзетшіні қойып, әскер сақ болып, дайын тұрды».

Әскер – соғыстағы басты тұлға, синонимдері мен әскери дәрежесін көрсететін терминдер, әскери қызметтері де жиі кездеседі. Қолжазба мәтінінде жиі кездесетін *leşker* сөзі парсы тілінен аударғанда «әскер» мағынасын береді. Оған синоним ретінде *qūşūn* мен *çerik* сөздері де сирек болса да ұштасады. Мысалы: *şāh-ı ḥ'ārān yigirme miñ leşker yiberdi* (125a/3) – «Хауаран шахы жиырма мың әскер жіберді»; *cemşīd şāhni qūşūniçe barıp körseler leşker bi-nihāyet turur* (181a/10) – «Жәмшид шахты әскер бөлімшесіне барып, қараса сансыз әскер тұрды»; *kāfirler me'yūs bolup ne yerge barurın bilmey ḥayrān bolup turgende tört yüz miñ çerik kēlip koşuldu* (256b/11-257a/1) – «кәпірлер үмітсіз болып, қашатын жерді таба алмай тұрғанда, төрт жүз мың әскер келіп қосылды».

в) Жақындықты білдіретін сөздер: *yāran* «дос, көмекші», *yar* «жар, сүйікті», *hamrāh* «жолдас», *anşār* «достар», т.б. Қолжазбаның басты кейіпкерлері батырлар болғандықтан, басқа түркі жазба ескерткіштерінде сияқты түркі, араб, парсы тілдерінің синонимдік-лексикалық бірліктері кездеседі. Мысалы: *yigit* «жігіт» түркі сөзімен *pehlevān* «палуан», *qaharmān* «қаһарман», *merd* «жігіт, батыр, қаһарман», *bahādūr* «жігіт, батыр» араб және парсы сөздері қатар қолданылады. Осыған ұқсас төменгі лауазымды топтарға қатысты «құл» мағынасында қолданылған түркі тілінің *qul* сөзімен қатар *fuqarā* «кедейлер», *keniz* «құл», *kenizek* «күн» кірме сөздері ұштасады.

3) Соғыс қимылдарына байланысты лексика

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының негізгі мазмұны мен идеясы дін үшін шайқасу, сахабалардың ерлігін көрсету, Ислам дінін тарату сияқты идеяны ұстанғандықтан, оның лексикасының үлкен бір бөлігін соғыс қимылдары мен қару-жарақ атаулары құрайды. Соғыс қимылдарына байланысты *'amūdbāzlıq qıldılar* «соғысу», *nā-būd bol-/qıl-* «күйрету, қирату, жою», *zīr-u-zīber qıl-* «тас талқан ету», *ḥamle qıldılar* «шабуыл жасау», *uruş qıl-* «ұрысу, шайқасу», *redd-ü-*

bedel bol- «оқ жаудыру, қайтару», *ma 'reke-i meydān qıldılar* «ұрыс, шайқас алаңы» сияқты күрделі етістіктері кездеседі. Қолжазба мәтініндегі күрделі етістіктер араб-парсы тілінен енген есім сөзіне түркі тілінің көмекші етістігі жалғану арқылы жасалынады.

Қолжазба мәтінінде «оқтан жаңбыр жаудыру» мағынасында келген *tir-i bārān* метафорасы бірнеше рет қолданылады. Мысалы: *dār üstinde iki bāglāqlıq (байлаулы) ādem kördiler kāfirler hem oq yau qollarıda tır-i bārān qıldılar ferishteler alarnı oqların qaytarıp tururlar* (109a/7-11–109b/1) – «дарға екі байланған адам [тұр екен], кәпірлердің оқ-садақтары қолдарында болғанын көрді, оқтан жаңбыр жаудырды, періштелер олардың оқтарын қайтарып тұрды».

Түркі тілдес халықтарға ортақ ұрмалы музыкалық аспабының бірі – дабыл. Дауысы зор болғандықтан дабылды ертеде соғыстарда жауынгерлік дайындықта болуға, ел шетіне жау келгенін хабарлауға, жауға аттанар жасақты жиюға қолданған дауысы зор шығатын ұрмалы саз аспаптарын қолданған. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде дабыл батырлардың бес қаруына қоса алып жүретін аспабы ретінде көрсетіледі [130]. Дабылға ұқсас аспаптар көптеген халықтарда сақталған. Мысалы: әзербайжандарда – *табль*, қырғыздарда – *дообул*, өзбектерде – *даул*, армяндарда – *доол*, арабтарда – *тэвл*. Қолжазба тілінде осындай соғыс дабылдың бірнеше қызметінде қолданылған. Мысалы: *kāfirlerniñ leşkeri her tarafdın tabl-ı cenk qaqip meydān-ı ārāste pīrāste qıldılar* (133a/11-133b/1) сөйлемінде кездесетін *tabl-ı cenk* сөз тіркесі «соғыс дабылын», яғни соғыстың басталуын білдіреді. Бұл сөз тіркесі қарама-қарсы мағынада қолданылған *tabl-ı āsāyış* сөз тіркесі «тыныштық дабылы» мағынасында берілген: *tabl-ı āsāyış qaqip leşkerler cāy cāyına qarar aldılar* (99b/1-4). Сонымен қатар, *tabl-ı bāzgeşt* «өкініш дабылы, жеңіліс дабылы», *tabl-ı şādiyā* «қуаныш дабылы», *kūse* «үлкен дабыл», *tanbūr çenk* «ұзын мойын, шелді, дөңгелек ішекті аспап», *argün çenk* сияқты бірнеше түрі кездеседі. Мысалы: *birbir yétmiş kāfir nāmdārni bendke tarttilar ol kün tabl-ı bāzgeşt urup qayttılar* (134a/6-8) – «жетпіс кәпір батырларын байлап тастады, сол күні жеңіліс дабылын қағып қайтты»; *cemşīd şāh hōş vaqt bolup tabl-ı şādiyāni urdı ki zemīn-i zamān ve mekīn-i mekān derlerze boldı* (195b/3-5) – «Жәмшід шах рахаттанып, қуаныш дабылын қақтырды да, жер жүзі қалтырып кетті». Дабыл аспабымен бірге қолжазба мәтінінде басқа да музыкалық аспаптары кездеседі.

4) Қару-жарақ атауларына байланысты лексика

Түркі қабатына кіретін қару-жарақ атауларымен қатар, қолжазба мәтінінде кірме сөздердің синонимдік бірліктері кездеседі.

Араб тілінен енген сөздердің қатарына *'amūd* «шоқпардың бір түрі», *'amūdkerān* «шоқпардың үлкен түрі», *hançar* «қанжар», *fellaḥmān* «айырсадақ, зақпы», т.б. сөздерді жатқызуға болады. Мысалы: *h'āci 'ömer birlen şamāme nigār bir bülend tağ üstige çıqip fellaḥmān atar ērdiler her fellaḥmān atkende on kāfirni birdin sernigün qılır ērdiler* (243b/11) – «Хажы Өмер Шамаме Нигарменен биік таудың үстіне шығып, айыр садақпен атты, әр айыр садақпен оқ атқанда он кәпірді бірден құлатты»; *sekiz yüz bātmān 'amūdkerānnı ḥazret-i 'alīğa andağ urdı kim 'amūdniñ zārbıdın düldül tizesiğaça yerge battı* (118a/6-8) – «сегіз жүз батпан

шоқпарды Хз.Әлиге ұрды да, шоқпардың соққысынан Дүлдүл тізесіне дейін жерге батты».

Қанжар – қазақ халқының ХХ ғасырға дейін қолданып келген басты қаруының бірі. Түркі тіліне «қанжар» атауы араб тілінен ауысқан. Жауынгерлік құрал ретінде кесу қаруының бұл түрі көшпелі халықтарда б.з. дейінгі I мыңжылдықтан қолданыла бастады. Сақтар қолданған басы түзу, екі жүзді, қысқа, кесу-сұғу арқылы зақым салатын қару түрі «акинак» деп аталған. Кейін бұл қарудан ұзын басты, екі жүзді семсерлер дамып шықты да, бастары қысқа кесу қарулары – қанжар мен пышақ көшпелі жауынгер үшін соғыста көмекші қаруларға, ал тұрмыста күнделікті қолданатын қару түріне айналды. Сондықтан ортағасырлардағы түркілердің қанжарлары сол кездегі ұзын семсерлердің формасын кішкене түрде қайталады. [130]. Қолжазба мәтінінде қанжар Хажы Өмердің қаруы ретінде қолданылған: *h'āci 'ömer belidin hancarın sügurup şanduqqa urup taşlap beder këttiler* (193a/4) – «Хажы Өмер белінен қанжарын суырып, сандықты ұрып тастап қашты»; *semşidni arqasıge hancar tört barmaq ötüp dur* (193a/8) – «Жәмшідтің арқасын төрт пармақтай қанжар өтті».

Парсы тілінен енген сөздердің қатарына «шешпер» мағынасында келген *gürz* атты қару мен оның *gürz-i kerāni* «темірден, қоладан, мыстан немесе жезден жасалған ауыр сойыл, шешпер, атыс қаруын ойлап тапқанға дейін соғыс қаруы ретінде қолданылған» түрі, *lenger* «кеме темірі», *kemend* «алыстағы адамды немесе затты өзіне тартып, жақындату үшін лақтырылған ілмек арқан», *tīr-āndāz* «оқ, қару», *şemşīr* «семсер», *tāziyāne* «қамшы» т.б. Мысалы: *şīr-i hudā dergāzab bolup düldülge bir tāziyāne urdılar hudāniñ fermāni birlen düldül havāge quşdek uçup bardı* (201a/11) – «Құдайдың арыстаны ашуланып, Дүлдүлге қамшы ұрып, Құдайдың бұйрығымен Дүлдүл аспанға құстай ұшып кетті»; *kāfirler... neçe miñ tīr-āndāzlarnı qoyup hāzurbāş vāqıfbāş birle boldılar* (219a/9-11) – «кәпірлер... бірнеше мың оқ-садақтарын қойып, дайын тұрды».

Семсер (пар. шәмшир شمشیر) – екі жағында да өткір жүзі бар, болаттан жасалған қылыш тәрізді қару [119]. Қазақ батырлардың басты қаруының бірі болғанын келесі жырдың үзіндісінен байқауға болады:

*Дулатқа салды күдерді,
Ажалды бермек шідерді,
Хан орданың ішінде
Тартып алып семсерді,
Үш-төрт бұлған жіберді («Бөгенбай батыр»).*

Қолжазба мәтінінде «семсер» *şemşīr-i ābdār* «өткір семсер» және *şemşīrbāzlıq* «семсермен өнер көрсеті» мағынасында келетін сөз тіркестерімен қолданылған. Мысалы: *şāhdūz şemşīr-i ābdār bilen ferqāsarīga andağ urdılar kim dū taqşīm berāber boldı* (213a/11) – «Шахдуз өткір семсерменен бастың қақ төбесіне ұрып, [басы] екіге бөлініп кетті»; *hāzret-i şāh-ı merdān... şemşīrbāzlıq qıldılar murād hāşıl bolmadı* (229b/4) – «Хз. Шах-и Мардан... семсермен өнерін көрсетті, мақсатқа жетпеді».

Қолжазбада *lenger töktiler* фразеологизмі «оқ жіберу, ұру» мағынасында қолданылып тұр: *şalsal-ı la 'ın hem bir lenger tökti başlarığa keldi iki lenger tökti belleriğa keldi* (235a/8-10) – «Салсал ла'йн бір ұрғанда, бастарына тиді, екінші ұрғанда, белдеріне келді».

5) Табиғатпен байланысты атаулар

Табиғатпен байланысты атаулар қатарына араб тілінен енген *zelzele* «жер сілкінісі», *mevc* «толқын», *şahāra* «шөл, дала» және парсы тілінен *bārān* «жаңбыр», *bād* «жел», *çeşme* «бұлақ», *ıqlım* «табиғат, климат», *nevbahār* «көктем», *ğār* «үңгір, ін» т.б. сөздер кездеседі.

Табиғатпен байланысты түркі сөздерімен қатар кірме сөздердің синонимдері жиі ұшырасады. Мысалы, *qar* «қар» сөзінің парсы тілінен *berf* синонимі, *teñiz* «теңіз» сөзінің *deryā* синонимі, «шаң, топырақ» мағынасына келетін *tofrağ* сөзінің араб тілінен *ğubār* және парсы тілінің *gerd* синонимдерін жатқызуға болады.

Қолжазбада кездесетін табиғатқа байланысты көптеген сөздер мен сөз тіркестері тура номинативтік мағынада, ауыспалы күшейткіш мағынада қолданылған. Қолжазба тілінде түркі тілінің *tağ taş titre-* сөз тіркесі сияқты *yēr zelzelede āsmān gulğulede* сияқты тұрақты сөз тіркестері тікелей табиғат құбылысы ретінде емес, әскердің екпінді әрекеттері қызуқандылықтан туындайтын ерекше күшті жеткізуде жұмсалуға бағытталғанын байқауға болады: *yēr zelzelede āsmān gulğulede felek çarh urup āftāb barq urup ay celve qılıp yol yüirdiler* (222b/3-5) – «жер дірілдеп, аспан күркіреп, жер жүзі қалтырап, күн жарқырап, ай кербезденіп жол жүрді».

Қай әдеби жанрында болсын, қай ұлт әдебиетінде болсын, кез келген шығарма өзінің сөз қоры арқылы шығарманың құндылығы айқындалады. Метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет сияқты бейнелеу құралдары «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында кеңінен қолданылды. Әсіресе қолжазба тілінде құбылыстың белгісін, қасиетін, сапасын көрсету мақсатында қолданылған теңеу мен метафоралар табиғат тақырыбымен тығыз байланысты. Мысалы, автор «теңіздің толқыны» мағынасындағы *deryā-yı mevc*, «құрт-құмырсқа» мағынасындағы *mūr melaḥ* сөз тіркесі арқылы саны шексіз әскермен теңеп тұр: *iki miñ leşker deryā-yı 'azīmdək mevc urup meydān tüzdiler* (171a/10-11) – «екі мың әскер теңіздің үлкен толқынындай ұрып, соғыс алаңын құрды», *şalsal-ı la 'ın oğlanları çār eṭrāfdın keldi şamāme niger hem keldi bayrāq bayrāq tob tob cihānnı gerd-i ğubār tutup mūr melaḥ deryā-yı 'azīmdək zelzele birlen şalsalğa qoşuldı* (235b/3-9) – «Салсал ла'йнің ұлдары шар тараптан келді, Шамаме Нигар да келді, жалау-жалау, топ-топ боп құрт-құмырсқадай, үлкен теңіздей Салсалға қосылды». Аталған мысалдарда шығарма авторы саны үлкен әскердің келгенін астарлап, фразеологизмдер арқылы суреттеп жатыр.

Қолжазбада табиғатқа байланысты *berf bārān* тұрақты сөз тіркесі қолданылған: *ḥazret-i şāh-ı merdān ve şīr-i yazdān içkeri kirseler bir dīv bar hemme berf bārān anıñ demindin çıkar* (241b/2-5) – «Хз. Шах-и Мардан ішке кірсе, бір дию бар екен, оның демінен қар мен жаңбыр шығып тұр».

Қолжазбада кездесетін түркі тіліндегі (*ay, kün, yulduz*) космонимдерден басқа парсы тілінен *āsmān* «аспан», *āftāb* «күн», *simāb* «Балпан» т.б. аспан денелерімен байланысты лексикалық бірліктерде ауыспалы мағынада кездеседі. Қолжазба мәтінінде *āsmān* сөзі биіктікті білдірсе, жарқыраған күннің нұрын қыздың әдемілігімен теңейді. Мысалы: *bir qal 'a āsmān birle berāber turur* (93b/3) – аспандай биік қақпан тұр екен; *közleri bir qızge tüşti ki āftāb-ı cehāntāb hüzne cemālige hire ve tīre bolur érди* (150b/5-6) – «көздері күндей сұлу бір қызға түсті»; *simābdek titre-* (188a/4) – «Балпан жұлдызындай дірілдеу».

Қолжазба тілінде кездесетін өсімдік атауларында кірме сөздердің ішінен парсы тілінің басымдылығын байқауға болады: *meuve* «жеміс-жидек», *diraht* «ағаш», *süsen* «күнжіт атты өсімдіктің түрі», т.б. Олардың көбісі қазіргі әдеби қазақ тілінде қолданылып жүр: *şāh-ı cenār* «шынар ағашының бұтағы», *reyhān* «райхан», *la 'le* «лилия тұқымдасына жататын ұзын жапырақтары бар көпжылдық азиялық пиязды өсімдік», *gül* «раушан гүлі», *semen* «жасмин», *za 'frān* «шафран», т.б. Мысалы: *gūyā ki bağ-ı irem turur derhāl bağ içige kirdiler körseler ki güller açılıp bülbüller sayrap turur* (93b/5-8) – «Жаннат бағындай тұр бірден бақ ішіне кіріп қараса, гүлдер ашылып, бұлбұлдар сайрап тұр екен»; *gül-i 'izār perīçereler* (153b/ 6) – «жақтары раушангүлдей жас қыздар»; *derhāl zevq birle atlarıdın tüşüp süsen semen lāle reyhānga atlarını qoyup yubardılar* (94a/1) – «бірден зауқымменен аттарынан түсіп, күнжіт, жасмин, лилия, райхан [өсіп жатқан жерге] аттарын қойып кетті»; *dirahtlerniñ tübinde yüz miñ alvān meyveler pişip yatıpdur* (94a/11) – «ағаштың түбінде жүз мың алуан түрлі жемістер пісіп жатыр».

Жануарлар әлеміне байланысты құс, жабайы және үй жануарларының атаулары кездеседі. Мысалы, түркі тілінің *quş* «құс» сөзімен қатар *kerkes* «лашын құс», *zāğ* «құс түрі», *qumrı* «көгершіндер тобына жататын сұр түсті кішкентай құс», *rūstān* «құс түрі», *tūti* «тоты құс», *per* «құс қауырсыны» сияқты құс түрлері кездеседі. Түркі тілінің *av* «ау, аң», *yılan* «жылан», *keyik* «жабайы киік», *böri* «бөрі, қасқыр» сөздерінен басқа жабайы жануарлардың түрлері кірме сөздерімен берілген: араб тілінен *qāflān* «жолбарыс», парсы тілінен *pelenk* «алабарыс», *neheng* «қолтырауын», *nerre-i şir* «еркек арыстан», т.б. Мысалы: *biri pelenk biri qāflān biri tağ biri taş biri ebir minip yılandın qamçı qılıp qīs lā qīs dep hevāge uçup hārzemīnge keldiler* (194a-194b) – «бірі алабарыс, бірі жолбарыс, бірі тау, бірі тас, бірі бұлтқа мініп, жыланнан қамшы жасап, қис ла қис деп ауаға ұшты». Үй жануарлардан түркі тілінің *at* «ат», *qoy* «қой», *qulan* «құлан», *tive* «түйе» сөздерінен басқа және оған синоним ретінде қолданылған кірме сөздері бар: *asb-ı hāşse* «ат, жылқы», *merkeb* «жүк таситын есек», *oştare* «түйе», *mūy* «қылшық, шаш» (п), *rekāb* (п) «жылқы құралдары», *rahtı* (а) «ер-тоқым жинағы» атаулары кездеседі. Сонымен қатар, жануарлардан түркі тілінің *qurt* «құрт» сөзінен басқа парсы тілінің *mūr* «құмырсқа», *melaḥ* «шегіртке» сияқты жәндіктердің атаулары да кездеседі. Жоғарыда айтып өткендей, әскердің көптігін күшейту мақсатында *mūr melaḥ* сөз тіркесі қолданылады: *mūr-melaḥ san bar alarda san yoq* (133a/9) – құрт-құмырсқада сан бар оларда сан жоқ.

Қолжазба мәтінінде соғыстағы батырлардың көңіл-күйі мен іс-әрекеттерін жануалармен теңеп сипаттайды. Мысалы: *iki pehlevān miṣl-i nerre-i ṣīrdek bir birdin cudā boldılar* (173b/7-9) – «екі палуан еркек арыстандай бір-бірінен айрылды»; *gūyā qoyge bōri kōrgendek* (148b/7) – «бөрі қойды көргендей».

б) Тұрмыстық атаулар қолжазба мәтінінде түркі тіліндегі сөздерге қарағанда араб және парсы тілінен енген лексика едәуір кездеседі. Тұрмыстық атауларға киім, зергерлік, құрылыс, музыкалық аспаптар, тағам аттарына байланысты лексиканы жатқызып, жинақтауға болады.

Шаруашылықта, күнделікті тұрмыста *kāse* (п) «кесе», *ṣandūq* (п) «сандық», *kilim* (п) «кілем», *kōrfe* (п) «көрпе», *mulk* (а) «мүлік», *dīvār* (п) «есік», т.б. лексика қолданылған. Мысалы: *cemṣīd bir ṣandūq içige penhān bolup érđi* (192b/5) – Жәмшід сандықтың ішіне жасырынған еді; *kilimhāy-ı ebriṣem ... ve kōrfehāy-ı hūṭāy her ṭarafge salingen* (94a/4-5) – «жібек кілемдер ... мен қытай көрпелері әр жаққа салынған».

Киімге байланысты *kefṣ* «аяқкиім», *kemer* «белге оранатын белдік түрі», *kōylek* «көйлек, дененің үстіңгі бөлігін жауып тұратын, ерлер күртеше, кеудеше астына киетін киім», *külāh* «сарбаздар мен барлық деңгейдегі адамдар киетін, әдетте төбесі үшкірленген, біркелкі киіз бас киім», *fūta* «жібектен тігілген, дененің төменгі бөлігін жабу үшін киетін алжапқыштың бір түрі, белдік», *hemyān* «дорба, сөмке, әмиян», *cubbe* «көйлектің үстіне киетін, ұзын жеңді түймелері ашылған киім», *ridā* «көйлектің үстіне киетін киім», *libās-ı ṣeb* «түнде киетін киім», *libāshā* «киім-кишек», түркі тілінің *yaqa* «жаға» сөзімен қатар *geribān* «жаға», *pūṣi* «сарбаздар басын орап алатын тақия түрі, орамал», т.б. сияқты лексика қолданылған. Мысалы: *bir zamāndın soṅ turup ser-āsīme bolup kōylek ve iṣtānların taṣlay bērdiler* (236b/7-8) – «бір уақыттан кейін абдырап, көйлек пен іштондарын тастай салды»; *saṅa bu aṭnı on hemyān zerni saṅa baḡıṣladım dēdi* (123a/6-7) – «саған бұл жылқына он әмиян алтын бағыштадым деді»; *ḥazret-i muḥammed muṣṭafa ṣallallāhu ‘aleyhi ve sellemni tūṣ kōrdiler mubārek ridālarını ḥazret-i mālik-i ejderniṅ üstilerige saldılar derhāl ṣiḥḥat taptılar* (149a/8) – «Хз. Мұхаммедті (с.а.у.) түс көріп, қасиетті шапанын Хз. Мәлікәждардың үстіне қойды, бірден сауығып кетті».

Зергерлік пен асыл тастарға байланысты *la ‘le* «бұйра темір сақина», *la ‘le cevāher*, *altun* және *zerr* «алтын», түркі тілінің *kümüṣ* «күміс», *ṭilā* «күміс бұйымдарды алтындау үшін қолданылатын сұйық алтын», *zincīr* «темір сақиналармен байланған бау, зінжір, шынжыр», *yāqūt* «асыл тас, кристалданған алюминий оксиді», *gevher* «гауһар, алмас, інжу-маржан», *gōhre* «гауһар тас», т.б. лексика жатады.

Құрылыс пен материалдарға байланысты түркі тілінің *üy* «үй», *ṣadır* «шатыр», *quduq* «құдық» сөздерінен басқа араб және парсы тілінен *serāperde* «сұлтан шатыры, отағы, пердесі», *sarāy* «сарай», *bārgāh* «сұлтан сарайы», *bāzār* «базар», *kaḡaz* «қағаз», *ṭūṭiyā* «сүрме тәріздес көзге жағылатын ұнтақ», *surme* «сүрме», *ebriṣem* «жібек», *ḥalqa* «бір жерді ұстауға немесе бекітуге арналған металл» т.б. лексика жатады.

Музыкаға байланысты *naqqāre* «нақаре», *kūse* «күссе», *dūtār* «дутар», *sītār* «ситар», *rubāb* «рубаб», *surnay* «сырнай», *kernay* «кернай», *şūr* «Исрафил періште ұстап тұрған алып керней» т.б. аспаптардың түрлері кездеседі. Мысалы, *ortada tuğannī hoş elhānlar dūtār ve sītār tanbūr çenk ve argün çenk rubāb surnay ve kernay otuz iki saz teşikdin çıkar* (96a/2-6) сөйлемінде патшаның сарайын суреттей отырып, ішінде дутар, ситар, сырнай, кернай сияқты отыз екі саз аспаптарын болғанын бейнелейді.

Кернай (пар. کرناي) қазіргі қазақ тілінде бірнеше мағына білдіреді: 1. ауызбен үрлеп тартатын ұзын музыкалық аспап; 2. пештің, самауырынның мұржасы. Мысалы: *Әй, Көрұғлы хан, емді не мақсатта бізні керней, сырнай бірлә шақырып алдың, – деді* («Үшбу Ғауазханның қиссасы-дүр» шығармасынан) [119].

Рубаб (пар. رباب) – Батыс, Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияда таралған, қазіргі таңда өзбек халқының ұлттық аспабы. Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде «құтбай – қобыз, сырнай, домбыра, скрипка, дутар, рубаб, най, дойра тәрізді ұлт аспаптарының бәрінде де шебер ойнайтын музыкант, тенор үнді әнші, жыршы («Ақын-жыраулар»)» [126] делінген.

Сырнай (пар. سورناي) – ауызбен үрлеп ойнайтын, құрайдан, ағаштан жасалатын музыкалық аспап. Сырнай жасалған затына (саз сырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай), құрылысына (қос сырнай — екі түтікті) байланысты бөлінеді. ХІХ ғасырдың ортасынан қазақ арасына гармоника («гармонь» немесе қағаз сырнай деп те атаған) тарай бастаған [121].

Дутар (пар. دوتار) – өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының шертіп ұрып ойнайтын, екі ішекті музыкалық аспабы. С. Бақбергеновтің «Алтынемел» шығармасынан үзіндіні мысалға келтірейік: *Неше алуан ғажап дыбыстар шығаратын ұзын мойын дутар тарта білген адамға сырнай тарту қиын ба екен?* [131].

Нақаре (пар. نقاره) – барабан, даңғыра, іші қуыс саз аспабы. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігінде қолданылған: *Ұлұғ шаһарларда иарым кече болғанда нақаре қақарлар; Үлкен шаһарларда түн жарымы болғанда даңғыра қағатын еді* [132].

Тағам аттарына байланысты *keş* «майсыз ірімшік», *madhūş* «естен талдыратын дәрі», *meu* (а) және *şarāb* (п) «шарап», *dāri* «дәрі», *nān* «нан», *ta ām*, *ab-ı nahāri*, *meuve*, т.б. лексика берілген. Мысалы: *hazret-i şāh-ı merdānga pīş keş keltürdiler* (204b/10) – «Хз.Шах-и Марданға піскен ірімшік әкелді»; *h'āci 'ömer anı uyquda körüp burnıga dārū-yi madhūş atıp bir kīlimge salıp alıp ketti* (212a/3-4) – «Хажы Өмер оны ұйқыда көріп, мұрнына естен талдыратын дәрі құйып, кілемге орап алып кетті».

8) Басқа тақырыптық топтарға байланысты атаулар

Уақыт өлшеміне, өлшем бірліктеріне және бағытқа байланысты лексика түркі тілінде (*qarangı* «қараңғы», *kündüz* «күндіз», *tañ* «таң») біраз қолданғанымен, көбісі кірме тілдерінде берілген. Соның ішінде араб тілінің лексикасы басым.

Уақыт өлшем тобына *ṣabāh* «таң», *seher* «таң», *ferdā* «ертең», *nehāri* «күндіз»; өлшем бірліктеріне *miqdār* «бір заттың өлшемі, саны», *bātmān* (соғд.) «салмақ бірлігі», *menzil* «екі сарайдың арасы, қалыпты жүрумен бір күндік жол», *qadd ü qāmet* «бой»; бағытқа байланысты *mağreb* «күн батқан жері, батыс», *maşriq* «күн шығатын жер немесе бағыт, күн шығуы, шығыс», түркі тіліндегі *yan* сөзінің синонимі *ṭaraf / eṭrāf / cenāb* «тарап, жақ» сөздері, түркі тіліндегі *oñ* «оң» сөзіне синоним ретінде араб тілінің *yemin* «оң жағы» сөзі, *ṣep* «сол жағы», *ser* «үстіңгі жағы», түркі тіліндегі *tüb* сөзінің синонимі *derk* «түбі», т.б. лексика жатады.

Қолжазба мәтінде түстерге байланысты *nilgün* «көк», *ala* «ала», *ablaq* «ашық ала», *siyāh* «қара», *surḥ* «қызыл», *aq* «ақ», т.б. лексика түркі, араб және парсы тілдерінде берілген.

3.3 Қолжазбаның ономастикалық атаулары

Қазіргі лингвистика ғылымында көркем мәтін түзудің маңызды мәселелерінің бірі көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастыру болып табылады. Шығармаға тілдік-стильдік талдау жасауда көркем мәтіндегі жалқы есімдерді зерттеу ерекше орын алады.

Ономастика – лексика-грамматикалық және стилистикалық категорияның бір түрі, ол көркем шығарманың бейнелі тілінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол әрбір жазушыда, ақында ерекше көзге түсетін, стильдік-семантикалық тұрғыдан таңбаланған экспрессивтік құрал, оның стилінің айқын белгісі ретінде көрінеді.

Қазіргі таңда көркем мәтіндегі, көркем әдебиет тіліндегі жалқы есімдерді зерттеуде ономастиканың стилистика, әдебиет, поэтика, мәтін лингвистикасы, лексикалық семантика, т.б. тоғысында туындайтын жаңа бағыт қалыптасуда. Соның ішінде әдеби ономастика шынайы және ойдан шығарылған ономастика элементтерінің көрінісі бейнеленуін зерттейді. Олардың жиынтығы көркем мәтіннің ономастикалық кеңістігін құрайды [134, б.81].

Қолжазба мәтінде жер, су, адам атаулары көп кездескендіктен әдеби ономастиканың әдіс-тәсілдерін қолдандық. Қолжазбадағы ономастикалық кеңістікті көрсету үшін антропонимикалық және топонимикалық атаулары деп екіге жіктелді. 7-кестеде көрсетілгендей ономастикалық атаулардың басым бөлігін антропонимика атаулары құрайды.

Кесте 7 – Қолжазбадағы кездесетін ономастикалық атаулардың сандық көрсеткіші

Антропонимика атаулар 59 (74 %)		Топонимикалық атаулар 20 (26 %)	
Басты кейіпкер 13 (17,3 %)	Жанама кейіпкерлер 47 (59 %)	Негізгі жер атаулар 9 (11,5 %)	Жанама жер атаулары 11 (14,1 %)

Қолжазба мәтінде жалпы ономастикалық бірліктің саны – 79. Оның ішінде 59 бірлігі антропонимикалық атаулар болса, 20 бірлігі топонимикалық атаулары құрайды.

Қолжазба мәтіндегі антропонимикалық атаулар.

Антропонимикалық лексикалық бірліктерді басты және жанама түрде бөлуге болады. Олардың шығармадағы маңыздылығын айқындау мақсатында жақша ішінде (..) жиілік көрсеткішін белгіледік. Басты кейіпкерлерге Хз. Мұхаммед (116), Хз. Әли және оның лақап аттары (391), Жәмшід (121), Хажы Өмер (75), Хз. Мәлікәждар (73), Салсал (71), Хз. Әбілмәжін (68), Хз. Садуақас (64), Әмір Мұсайып ғазы (38), Хауаран шахы (28), Дүлдүл (27), Қаһмас шах (25), Шамаме Нигар (24) атты жалқы есімдерін жатқызуға болады.

Жанама кейіпкерлерге *baba-yı qanbar* (17), *şahbāz cādū* (17), *qaṭārū'l 'ayn* (16), *cumhūr* (15), *melike-i dilefrüz* (14), *firūzşāh* (13), *melike-i gülcehre* (11), *kerābfil* (11), *ḥazret-i imām hasan* (11), *ḥazret-i ḥüseyn* (11), *mirzā zenhār ḥārezmi* (10), *sarübāl* (10), *'ayyān-ı munecim* (10), *rüstem* (8), *nevādir* (8), *şāh-ı emlāq* (7) *ḥazret-i cebrā'il* (6), *dal ibn-i zāl* (6), *ḥummār-ı zayfīm* (6), *fāṭime-yi zehrā* (6), *ketedāl* (5), *şamar* (3), *semender* (3), *asfandiyār* (2), *feridūn* (2), *şabrank* (2), *helāhel qātīl* (2), *lendhūr* (2), *samandūn* (2), *nevāfil* (2), *şemr* (2), *manāf* (5), *ḥazret-i ādem* (1), *ḥazret-i 'ishāq* (2), *ḥazret-i asrāfil* (1), *ḥazret-i ebū bakir şiddiq* (1), *ḥazret-i 'osmān* (1), *asfandūn* (1), *abū-sa'īd* (1), *ebū'l ḥakīm* (1), *qaydūn* (1), *qaharmān* (1), *meşhare* (1), *şadād şāh* (1), *şumār* (1), *şāruḥ* (1), *şāhdūz* (1) адам аттарын жатқызуға болады.

Антропонимикалық лексикалық бірліктердің мәтіндегі орнын анықтау үшін тарихи және мифтік кейіпкерлер деп екіге бөлуге болады. Тарихи кейіпкерлердің қатарына басты кейіпкері Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) және Оның жанұясы мен сахабалары жатады. Олар: *ḥazret-i 'alī* – Хз. Әли, *fatima* – қызы Фатима, *ḥazret-i imām hasan* – Хз. Хасан, *ḥazret-i huseyn* – Хз. Хусейн, *ḥazret-i mālik-i ejder* – Хз. Мәлікәждар, *ḥ'ācī 'omer* – Хажы Өмер, *ḥazret-i ebū'l mu'accen* – Хз. Әбілмәжін, *ḥazret-i sad-ı vaqqāş* – Хз. Садуақас, *ḥazret-i emīr muşayyeb gāzī* – Хз. Әмір Мұсайып ғазы, *baba-yı qanbar* – Қанбар ата, т.б.

Шығарманың басты кейіпкері Хз. Әли – Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, күйеу баласы, досы, төртінші халиф болғаны Ислам тарихынан белгілі. Қолжазба мәтінде Хз. Әлидің бірнеше эпитеттерін кездестіруге болады. Олар: *şāh-ı merdān* مردان شاه (138) «жігіттердің патшасы», *şīr-i ḥudā* شیر خدا (64) «Құдайдың арыстаны», *şīr-i yazdān* (19) شیر زردان «Аллахтың арыстаны», *ali murtażā* (8) امير مرتاض «таңдалған», *ḥaydar-ı sāhibqurān* (1) حیدر صاحب قرآن «батыр, батыл», *ḥaydar-ı kerrār* (4) حیدر کرار «жауға қайта-қайта шабуыл жасайтын адам» сияқты лақап аттары. Сонымен қатар жаудың арасында өзін *qaşımşım* (14) قاشمشم «Қашымшым» есімімен таныстырады [135, б.54-55]. Мысалы: *ḥaydar-ı kerrār aydılar atım qaşımşım turur berber zemīndin kēlip mağrib zemīnge barurmen dēdiler* (120a/10-11) – Хз. Әли айтты: «Атым Қашымшым, Бербер мекенінен келіп, Мағриб аймағына бара жатырмын». Ал шын есімін айтқанда келесі сөйлемдер арқылы сипаттайды: *menim şākır-ı ān-ı sulṭān enbiyā' cuftım érür fāṭime-yi zehrā qılıcım érür zū'l-fiqār lā fetā ve ferzentlerim ḥazret-i imām hasan ve imām ḥuseyn deşt-i şehīd-i kerbelā ātım érür şīr-i ḥudā 'alī murtaza her kim aytsa qutulur lā illahā il allāh* (131a-131b) – «менмін Пайғамбарлардың сұлтанының қызметкерімін, жұбайым Фатима-и Зехра, қылышым Зүлфиқар, перзенттерім Хз.Имаам Хасан мен Хусейин Кербала

шөлінің шехидтері, есімім – Құдай арыстаны Әли, кім «Лә иллаһа ил Аллах» айтса құталады».

Хз. Әлидің ерлігі мен батырлығы *düldül* (27) «Дүлдүл» атты тұлпары мен *zū'l-fiqār* (42) «Зүлфиқар» қылышымен баяндалады. Хз. Әли туралы қиссалардың (джанкнаме) барлығында оның қылышы мен тұлпарына ерекше мән беріледі. Зерттеп отырған қиссаның мазмұнына қарай Дүлдүлдің ұшу, шайқасу, пайымдау, шешім қабылдау, түсіну сияқты қабілеттеріне автор ерекше назар аударады. Мысалы: *ḥazret-i 'alī ṣīr-i ḥudā düldülni qulağığa aydılar seniñ bir tāre mūyüñni cihān ḥarāciğa birmes-men sen kāfirlerğa merdligiñni bildürgin dep ḥuneriñni körset dep çıqıp kētiler* (122a/5-11) – «Хз. Әли Дүлдүлдің құлағына айтты: «Сенің бір тал шашыңды әлме байлығына бермеспін, сен кәпірлерге жігіттіңді, өнеріңді көрсет» деп шығып кетеді»;

Зүлфиқар (*zū'l-fiqār*) – Ислам тарихындағы аса маңызды шайқастардың бірі болған Хәндак шайқасында Мұхаммед Пайғамбар Хз. Әлиге сыйлаған қылышы. Хз.Әли өмірінің соңына дейін осы қылышты жанынан тастамады [57, б.111]. И. Четин қылышқа байланысты «*La seyf illa Zülfiqar ve la feta illa 'Ali*», яғни «Зүльфиқардай басқа қылыш жоқ, Әлидей басқа батыр жоқ!» мағынаны білдіретін хадисін келтіреді [16, б.424]. Қолжазба мәтінінде Зүлфиқардың ерекше қасиеті көрінеді: *aña yüz yigirmi dört miñ peygāmberni bitilgen turur anı ḥurmetidin zū'l-fiqār kēsmedi* (248a/10-11) – «оның [кеудесінде] жүз жиырма төрт мың пайғамбардың [есімдері] бітілген, олардың құрметіне Зүлфиқар кесе алмады».



Хажы Өмер (*ḥ'ācī 'Omer* أبو جابر) – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасындағы маңызды кейіпкерлердің бірі. Оның шығу тегі белгісіз болғанымен, қисса бойынша ол өзін Мұхаммед пайғамбарға хабар жеткізуші ретінде, сондай-ақ Хз. Ысқақ пайғамбардан батасын алғанын сипаттайды. Мысалы: *ḥ'ācī 'ömer ... aydılar ki tanur musın ḥudāniñ peyki ḥazret-i cebrā'ıl 'alēyhi's-selām tururlar ḥazret-i resūl-ı ḥudāniñ peyki men durmin* (181b/8-11) – «Хажы Өмер айтты: «Білер місің? Құдайдың хабар тасушысы Хз. Жәбрейіл (а.с.) болса, Аллаһ елшісінің хабар жеткізушісі мен болам»; *anı 'auyārı ḥ'ācī 'ömer dērler ol ḥazret-i iṣḥāq peygamberdin du'ā alğandur bu dünyāda anıñ ḥarīfi yoqdur* (188b/5-9) – «оны ақылды Хажы Өмер деп атайды, ол Хз. Ысқақ пайғамбардан дұға алған, бұл әлемде оған теңі жоқ».

Иран елінде бал ашу, хикмет кітаптары, жұлдыздар арқылы өткенді, қазіргіні біліп алып, болашақты болжау, оған араласу – ежелден бері келе жатқан, арнайы оқуды талап ететін ғылым, кәсіп. Керемет сиқыршы ғаярлар мақсатына түрлі тәсіл, айла-амалдар арқылы жетеді: басқа адамның кепіне енеді, дұшпандарына қарсы түрлі дәрі-дәрмек пайдаланады, керек болғанда адамдарды түрлі хайуанаттарға айналдырады. Иран әдебиетінде ғаярлардың, түрлі сиқыршы, балгер-күшнаштардың өнерін дәріптеп мадақтайтын шығармалар да аз болмаған [136, б.322]. Зерттеп отырған қолжазба мәтіні бойынша Хажы Өмерді дінсіздер *'auyār* «ғаяр» (ар. عيار «айлакер, ақылды») деген сипаттама берген. Шығармада Хажы Өмердің таңғажайып ерекше қасиеттерге ие болғаны суреттеледі:


– ұзақ уақыттағы ара қашықтықты бір мезетте өтетін жылдамдық қасиеті: *h'āci 'ömer toquz aylıq yolnı toquz күnde aldılar* (180b/5-6) – «Хажы Өмер тоғыз айлық жолды тоғыз күнде өтті»; *h'āci 'ömer çüst ü çäläk uçar quşdek altı aylıq yolnı altı күnde basıp medīne munavverge barıp Һазрет-i resül 'alēyhi's-selāmni mubārek ayağlarığa baş qoyup nāmeni bērdiler* (253a-253b) – «Хажы Өмер жылдам құстай ұшып, алты айлық жолды алты күнде өтіп, нұрлы Мәдина қаласына барып, Хз. Елшісінің (а.с.) аяқтарына иіліп, хатын берді»;

– басқа адамның кейпіне ену қасиеті: *h'āci 'ömer bāsbān bolup cemşid şāhni qūşünige barıp* (181a/9-10) – «Хажы Өмер басбан болып, Жәмшід шахтың шатырына барды»; *ruhban dēgen āhen-rübāda tört yüz lāt manātın şeyhi bar erdi h'āci 'ömerni şūretide bolup gerdleriğa bir putnı asıp qoliğa tesbīh alıp leşker-i kāfirge revāne boldılar* (183b-184a) – «Рухбан деген Ахен-рубуда төрт жүз пұттың шейхи бар еді, Хажы Өмер оның кейпінде болып, иығына бір пұтты асып, қолына тасбих алып, кәпірдің әскеріне барды»;

– ептілік және тапқырлық қасиеттері: *şāhdüz dēgen pehlevān nāmdār bar erdi ... h'āci 'ömer anı uyquda körüp burnığa dārūy madhūş atıp bir kīlimge salıp alıp kētti* (211b-212a) – «Шахдүз деген палуан бар еді, Хажы Өмер оны ұйықтап [жатқанын] көріп, мұрнына естен талдыратын дәріні құйып, кілемге салып, алып келді».


Мұхаммед пайғамбардың Хз. Әбілмәжін (*Һазрет-i ebu'l mu'accen* ) мен Хз. Садуақас (*Һазрет-i sad-ı vaqqāş* ) есімді екі сахабасы шығарма сюжетінің басынан аяғына дейін кездеседі. Екеуі де шығарманың басында киік етін әкелуге жолға аттанған алғашқы кейіпкерлер еді. Олардың ерлігі бірнеше рет суреттеледі: *Һазрет-i ebu'l-mu'accen hem qılıç suğurup na're-i cigergāhıdın tartıp Һаліл allāh allāhu ekber dēp өзlerini deryā-yı leşkerge urdılar* (100b/6-9); *Һазрет-i sa'd-ı vaqqāş neyzesini qolınudın tartıp alıp başığa andağ urdular ki başını tenidın cudā boldı* (99a/7-10). Дінсіздердің алдында өздерін Хаман және Невадур деген лақап аттарымен таныстырады: *alar aydılar birimizni atımız hāmān ve birimizni atımız nevādur dēgeç* (96b/3-4) – «олар біреуіміздің атымыз Хаман, біреуіміздің атымыз Невадүр деген».

Шығармадағы Садуақас атты кейіпкер – Мұхаммед пайғамбар дүние салғанша оның жанынан еш қалмай, адал қызмет еткен Ислам тарихында танымал болған Сағд ибн Әбу Уаққас есімді Ислам тарихында болған сахаба. Бұдан шығыс сюжеттік әдебиетіндегі есімдер Орта Азия халқының тілдік ерекшеліктеріне қарай өзгеріске ұшырағанын байқауға болады. Ол туралы былай делінген: «Сағд (р.а.) негізінен Ұхұт шайқасында Пайғамбарымыздың ақ батасын алғандықтан, дұғалары қабыл етілген дуалы ауыз сахаба еді. Аллах расулының көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың бірі болған Сағд (р.а.) 270 хадис риуаят етті» [57, б.133-135].

Хазірет Әмір Мұсайып ғазы (*Һазрет-i emīr muşayyeb ғāzī* ) – шығармада сахабалармен бірігіп, дін үшін күрес жүргізген кейіпкер. Есіміндегі *ғазы* сөзі (ар. ғазин غاز) араб тілінен аударғанда бірнеше мағынаны білдіреді: 1) басып алушы, жаулап алушы; 2) соғыста көзге түсіп, ерлігін көрсеткендерге берілетін атақ; 3) Ислам діні үшін күресуші; 4) жауынгер, қаһарман [119]. Бұл

кейіпкердің шығу тегі белгісіз. Шығарма сюжеті бойынша бір шайқаста Әмір Мұсайып ғазы Хз. Әлиден жеңіліп, тұтқынға түседі. Жолда Мелике Диляфруз, Хз. Садуақас және тұтқында болған әмір Мұсайып ғазы үшеуін Қатарул Айн әскері қоршап алып, Хз. Садуақасты қатты жаралайды. Мелике Диляфруз әскермен соғыспақшы болғанда, Әмір Мұсайып ғазы оны босатуын өтінді. Мелике Дилефруз оны мұсылман болу шартымен босатуға келісті: *muşayyeb ġāzi aydı ne aytsam müslümān bolurmin qız aydı ayġıl bu kelime-i şerīfni lā ilallāhā ilallāh muḥammeddur resūl-ı allāh muşayyeb ġāzi lā ilallāhā muḥammeddur resūl-u allāh деп müslümān boldı* (125b/6-10) – «Мұсайып ғазы айтты: «Мұсылман болу үшін не айтуым керек?», қыз айтты: «Келиме шерифті Лә иллаха ил Аллах Мұхаммадур Расулуллах деп айт» деді, Мұсайып ғазы айтып, мұсылман болды».

Қолжазбадағы басқа кейіпкерлер сияқты автор Әмір Мұсайып ғазының шайқастағы өнерін былайша суреттейді: *ḥʿārānnıñ bir pehlevāni bar érđi atı meshare érđi atıġa ṭabl-ı cenk qaqıp yüz bātmān ʿamūdkerānnıñ köterip meydānġa kirdi bu ṭarafdın emīr muşayyeb ġāzi meydānġa kirip ʿamūd ḥavāle qıldılar kāfir başıġa siper tuttu qalqanı pāre pāre boldı emīr muşayyeb ġāzi kāfirni yaqasıdın tutup andaġ yerge urdılar ki barça leşker taḥsīn āfarīn dediler* (133b/2-11) – «Хауаранның бір палуаны бар еді, оның аты Мешхаре еді, атына соғыс дабылын қағып, жүз батпан қару-жарағын көтеріп, соғыс алаңына кірді, мына жақтан Әмір Мұсайып ғазы соғыс алаңына кіріп, қаруын ауаға лақтырып, кәпірдің басына тиді, қалғаны»; *nāġāh emīr muşayyeb ġāzi bisyār ġayretke kirip mişl-i şīr dek ġurullar meydānġa kirdiler kāfir manāf fil-i mest dek urup ʿamūd ḥavāle qıldı* (173a-173b) – «кенеттен Әмір Мұсайып ғазы ашуланып, мас арыстандай ғұрылдап, соғыс майданына кірді де, Манаф кәпірді мас пілдей ұрып, қаруын лақтырды».

Қанбар Ата (*Baba-yı Qanbar* ) есімі қолжазбада Хз. Әлидің адал қызметшісі, шабандозы ретінде баяндалады. Қазақ халқының байырғы наным-сенімінде жылқы түлігінің желеп-жебеушісі, пірі ретінде танымал. Түпкі қазақ мифологиясын зерттеген ғалым С. Қондыбай Қамбар атаны Хз. Әлидің атбегі болған Ганбар атты тарихи тұлғамен байланысты айтылатын аңыздың бар екенін айта келіп, Қамбар атаның қазақ фольклорындағы мифтік болмысын су, жылқы, музыка стихияларымен ұштастыра қарайды [138, б.109].

Қисса бойынша Хз. Әли екі сахабаны іздеуге Дүлдүл мен Қанбар атаны өзімен бірге еріп, жолға шығады. Қанбарды Хауаранның әскері тұтқынға алғандықтан Хз. Әли оны іздеуге бет бұрады: *ḥazret-i ʿalī şīr-i yazdān dīvlerni cenān qırdılar ki hiç eşeri qalmadı qayıp cāylarige tüştiler körseler qanbarnı bir neçe leşker alıp kētipdür* (112a-112b) – «Хз. Әли диюларды өлтіріп, қырып, қайтып, орындарына [таудан] түссе, қараса, Қанбарды бірнеше әскер алып кетіп жатыр».

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында аталған басты кейіпкерлерімен қатар басқа антропонимдердің мәтіндегі орнын жеке-жеке көрсетіп, кесте ретінде берілген болатын [135, б.60].

Қолжазбаның мифологиялық кейіпкерлері.

Хз. Әли бас кейіпкер болып табылатын діни дастандардың сюжеттік желісіне көбіне VII-VIII ғасырлар шамасында Ислам дінін тарату мақсатымен көпдінді ру-тайпалармен, елдермен жүргізген үлкенді-кішілі соғыстар,

жорықтар, бейбіт келісімдер арқау болған. Алайда, жыршылар тарихи нақтылықтан гөрі тақырыбына орай жүйелі түрде көне мифтік, қиял-ғажайып ертегілік, эпикалық сюжеттерді кіріктіріп, сол кезеңнің оқырмандарын, тыңдармандарын қызықтыруды мақсат тұтқан. Сол себептен де кейіпкерлер арасында Жәмшід, Рүстем, Асфандияр, Баһрам, Ферудин т.б. біздің заманымызға дейінгі танымал тұлғаларды жиі ұштастыруға болады [55, б.8].

Қолжазба мәтінінде Хз. Әлимен соғысқан Қатарул Айн, Харан шах, Жәмшід шах, Қаһмас шах, Салсал шах сияқты кейіпкерлердің аттары кездеседі.

Қатарул 'Айн (*qaṭārū'l 'ayn* قطارون) – қолжазба мәтіні бойынша Науадир (Надир) бекінісінің патшасы. Мәтін бойынша Қатарул 'Айн хандар мен сұлтандармен қоршалған өте бай, ауқатты патша. Оның салтанаты келесі сөйлемдермен сипатталады: *qaṭārū'l-'aynıñ bārgāhıǵa kirdiler kördiler ki bir pādīşāh turur cihān tahtı aña lāyıq érür oñ tarafıda bir neçe hanlar ve soñ tarafıda bir neçe servşifāt sultānlar ve erkān devlet sergerdeler ve ortada muǵannī hoş elhānlar düütār ve sītār tanbūr çenk ve argün çenk rubāb surnay ve kernay otuz iki saz teşikdin çıqar* (95b-96a) – «Қатарул 'Айнның сарайына кіріп, қарады, бір патша отыр екен, әлемнің тағы оған лайық, оң жақтан бірнеше хандар, сол жағынан бірнеше сұлтандар мен мемлекет басшылары, ортасында ситар, дутар, сырнай, кернай сияқты отыз екі сазды ойнаған әншілер». Қолжазба мәтіні бойынша, Қатарул 'Айнның қызы болған Мелике Деляфруз Хз. Садуақасқа ғашық болып, мұсылман болады да, әкесінен бас тартады.


Хауаран шах (*šāh-ı h'ārān* شاه خواران - 29) қолжазбада Қашымшым өзінің досы Қанбарды түрмеден босату үшін Хауаран шахқа келіп, онымен танысудан басталады. Ол үш мың падишах пен сарбаздармен қоршалған алтын таққа отырған Хауаран қаласының патшасы әрі Жәмшід шахтың кіші інісі ретінде сипатталған: *šāh-ı h'ārān altun tahtınıñ üstinde üç miñ pādīşāh şandal nişīn oñ tarafıge olturupdur çep yanında neçe miñ ejderhā gibi bahādūr sergerdeler olturupdur* (119b–120a).

Әдеби ономастиканың теорияларына сүйенсек, топонимдердің антропонимдерге трансонимизациялануын байқауға болады. Топонимдердің трансонимизациясы топонимдердің (жер атауларының) адам есімдерін (антропонимдерін) жасау, осылайша әр түрлі топоантропонимдерді жасау үшін қолданылатын үрдісі [137, б.169] негізінде «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасындағы Хауаран патшасының нақты есімі белгісіз болғандықтан Хауаран шах жалқы есімі топоантропоним ретінде беріліп тұр.

Жәмшід шах (*cemşid şāh* جمشيد شاه) – мәтіндегі антагонист кейіпкерлердің бірі. Әйгілі ирандық ақын Фердаусидің «Шахнама» атты шығармасы бойынша Иранның мифологиялық Пишдадия әулетінің төртінші шахы ретінде сипатталады, әрі Рүстем батырдың арғы атасы ретінде баяндалады [139]. Жәмшід туралы аңыздар иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерінде кең тараған. Мысалы, «Қисса Жәмшід» атты дастан қазақ арасында ауызша айтылып, қолжазба күйінде таралды [136, б.93].

Қолжазбаның мазмұны бойынша Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) Хз. Әлиге Жәмшід шахты иманға келтіруді бұйырады: *cemşid şāhıñı müslümān qılsun āhen-*

rübā hem fetḥ qilsun dēp ḥudādın fermān boldı dēdiler (132b/8-10) – «Жәмшід шахты мұсылман қылсын, Ахен рубаны босатсын деп Құдайдың бұйрығы деді»; *cemşidni köñlige ḥudā-yī te ‘ālānı nūrı cīlā bērip bi-şadq dildin imān ‘arz qılıp müslümān boldı* (252a/4-6) – «Жәмшідтің көңілі Құдай Тағаланың нұрымен шын жүректен иман келтірді».


Салсал шах (*şalşal* ) – зерттеп отырған қолжазба мәтіннің, әрі «Салсал-наме» шығармасының басты антагонист кейіпкері. Мәтіннің мазмұнына қарай Салсалдың кейбір ерекшеліктері сипатталады:

– Қытай елінің патшасы: *ḥiṭāy-i hutēn pādīşāhı şalşal turur anıñ toqsan oğlı bar turur her qaysı her şehrde pādīşāh ve ḥākīmdur* (209a/11);

– тоқсан ұлынан Керабфил (*kerābfil*) мен Сарубал (*sarūbāl*) атты ұлдары және Шамама Нигар (*şamāme nigār*) есімді немересін Дал ибн Залдың ұрпағымен байланыстырады: *yine toqsan oğlıdın keyin nebēresi şadād şāh dāl ibn zāldın qalğan şamāme nigār turur* (209b/1-5);

– сыртқы сипатын астарлап сипаттайды: *ḥ’ācı ‘ömer kāfir leşkeriğa bardılar şalşal-ı la ‘inni körseler qadd ü qāmeti yüz kēz behrsinisi èlik kēz her barmaqı felāñni qulağıdek ağızı gārdēk burnı mūrīdek her qolı şāḥ-ı cenārdēk* (223b-224a) – «Хажы Өмер кәпірдің әскеріне барды, Салсалды көрсе, бойы жүз есе, кеудесі елу есе, әр саусағы пілдің құлағындай, аузы үңгірдей, әр қолы шынар ағашының бұтағындай»;

– кеудесінде 124 мың пайғамбардың есімі жазылған: *ol mal ‘ünni üstidin bir sābūd çıqtı aña yüz yigirmi tört miñ peyğāmbērnı bitilgen turur anı ḥurmetidin zū ‘l-fiqār kēsmedi* (248a/8-11) – «ол малғұнның үстінен бір сөз шықты, ол жерде жүз жиырма төрт мың пайғамбардың [есімдерін] бітілген екен, оның құрметіне Зүлфиқар кеспеді».

Рүстем (*Rustem* ) – Иранның аты аңызға айналған батырларының бірі. Ол «Шахнаме» шығармасында ұлы қаһарман ретінде баяндалған. Түрік әдебиетінде Зал ұлы Рүстем ретінде белгілі. «Салсалға» ғылыми пікір жазған С. Қосан былай дейді: «Парсы жеріндегі Әлидің жақтаушылары, яғни шииттердің ортасында туған осынау хикая-аңыздардың негізгі идеясы – Әли мен Рүстемді жақындастыру арқылы, алғашқысының беделін асқақтату, абыройын аспандату, Рүстем ала алмаған, немесе Алла Тағала алуға рұқсат етпеген «биіктерге» Әлиді шығару – Әлидің тарихи-фольклорлық образын айшықтай түседі» [47, б.300]. Қолжазба мәтінде Рүстемнің мынадай ерекшеліктері көрінеді:

– палуан, батыр, билеуші сияқты адамдарды мадақтау үшін Рүстеммен теңеуі: *kāfir tarafigidin nevāfil dēgen pehlevān ... aydı kim mendür men mişl-i rüstem-i dāstān kim bolğay meniñ berāyimde turğay* (114b/3-7) – «кәпірдің жағынан Науафил деген палуан... айтты: «Менмін дастанның Рүстеміндеймін, маған қарсы кім тұра алады»;

– Рүстем мен Хз. Әли арасында байланысын көрсету: *rüstem aydı men ḥazret-i ‘ālīni körsem tā ‘ömrüm barça keşşlerin başımge köterip yürür èrdim* (143b/6-9) – «Рүстем айтты: «Мен Хз.Әлиді көрсем, өмірім бойы аяқкімім басыма көтеріп жүрер едім»; *rüstemni men hem dost tuttım* (144a/1) – «Рүстемді мен дос қылдым»;

Залдың ұлы Дал (*dāl ibn zāl* دال ابن ذال) – қолжазба мәтіні бойынша Зар мекенінің патшасы. Ол Хз. Әлиге Зар елін босату хабарын жеткізу үшін екі жүз жыл күткен екі күзетшіні қалдырған. Күзетшілер сахабаларды көрген кезде: *yā ‘alī ṣīr-i ḥudā men dāl ibn zāl pādiṣāhi tururmin iki yüz yıl boldı şehir-i zarnı seniñ atıña ṭilesum qılıpdurmin* (246b/7-10); *baba aydı ki iki yüz yıl boldı dāl ibn zāl meni seniñ üçün bu yerde ṭilesim etip qoydı* (239b/3-6) – «ата айтты: «Екі жүз жыл болды, Залдың ұлы Дал мені сен үшін бұл жерде күзетші етіп қойды».

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алса, бүкіл Араб түбегінде әр түрлі бірлестіктерге табынатын араб құдайлары болған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында Лат (*lāt*), Манат (*manāt*), Уззе (*‘uzze*), Шабхаз (*ṣabhāz*), Санем (*ṣanem*) сияқты пұттардың атаулары ұшырасады: *ṣalṣal-ı la ‘in yā lāt manāt yā ‘uzze yā ṣanam dep na ‘re tartıp kişiş bērdi* (228a/8-9) – «Салсал лағын: Уа, Лат, Уа, Манат, Уа, Үззе, Уа, Санам деп айқайлап, ұрды»; *meger ṣabhāz cādū āteş cādū kēlip bir iş qılmasa özge kişi de çāre yoq dur* (188b/11-189a/1) – «егер Шабхаздың сиқыршысы, оттың сиқыршысы келіп, бір іс қылмаса, басқа адамнан шара жоқ».

Мифтік бейнелерге байланысты лексикаға *ejderha* «айдаһар», *cin* «жын», *dīv* «дию», *perī* «пері», т.б. бейнелерді жатқызуға болады. Қолжазба мәтінінде мифтік бейнелер бір-бірімен тығыз байланыста болғанын байқауға болады. Шығармада ең көп кездесетін дию бейнесі кейде айдаһарды, не сиқыршы қыздың аққан әр қан тамшысынан диюлар пайда болады: *bir qatra qāndın yüz miñ dīv peydā boldı* (112a/5) – «бір тамшы қаннан жүз мың дию пайда болды»; *ḥazret-i ṣāh-ı merdān hem derğazab bolup na ‘re cigergāhidın tarttılar on miñ dīv cān bērdi* (145a/11) – «Хз. Шах-и Мардан ашуланып, оның айқайынан он мың дию жан берді».

Айдаһар – шығыс аңыздарда жиі кездесетін бейне. Айдаһармен соғысу «Авеста» мен «Шахнаме» дастандарында да, қазақ ертегілерінде де («Айдаһар қатын», «Айдаһар», т.б.) көрініс табады. Қолжазба мәтінінде айдаһар бейнесі бірнеше рет кездеседі:

– айдаһардың Хз. Әлимен соғысуы: *nāgāh bir ejderhā ḥazret-i ‘alī ṣīr-i yazdānnı demi birlen andağ tarttı... ḥaberdār bolsalar ejderni ağızıǵa yaqın barıpdurlar* (111b/7-11) – «бірден айдаһар Хз. Әлиді деміменен тартты... ол есін жиғанда, айдаһардың аузына жақындап бара жатыр екен»;

– патшаға зорлап әкелген Деляфруздың дұғасымен айдаһардың пайда болуы: *qızni pādiṣāhge yiberdiler pādiṣāh qol uzattı derḥāl bir ejderhā peydā boldı* (126a/11) – «қызды патшаға әкелді, патша қол ұзатқанда бірден бір айдаһар пайда болды»;

– айдаһар мен жыландардың Хз. Әлиге сәлем беруі: *anı tutup quduq içige qouıp içkeri kirseler neçe yılanlar ve ejderhālar faṣīḥ til birlen selām bērdiler* (244b/2) – «тасты ұстап, құдықтың ішіне қойып, ішіне кірсе, жыландар мен айдаһарлар өз тілдерімен сәлем берген».

Қолжазбадағы топонимикалық атаулар.

«Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – шамамен VII-VIII ғасырларда Ислам дінін тарату мақсатымен мұсылмандардың басқа халықтармен жүргізген

соғыстарын баяндайтын көркем шығарма. «Салсал» дастанының көшірмесі ретінде соғыс қимылдарының бәрі Иран мен Орта Азия аймағында өтетінін есептеуге болады. Оған мәтінде кездесетін жер-су атаулары дәлел бола алады. Осыған орай «Бабалар сөзінің» 15-томында Ғылыми қосымшаларда айтылғандай: «Жәмшід, Рүстемдерді айтпағанның өзінде, шығармада жиі аталатын Науадир, Хиуаран, Хауарзамин, Сейілзамин, Һажум секілді топонимдік атаулардың түп-төркіні де ежелгі Хорасан, Мары, Мәуаранаһр жеріндегі халықтар мен патшалықтардың тарихынан хабар береді деп ойлаймыз» [47, б.295].

Қолжазбадағы оқиға желісі күрес майданына шыққан аймақтағы 20-ға жуық мекен-жай аттары кездеседі. Оларды жинақтай отырып, басты және жанама топонимикалық атаулар деп екіге бөліп қарастыруды жөн көрдік. Басты топонимикалық атауларына *ḥ'ārān* (29) «Хауаран», *medine* (22) «Мәдина», *kūh-i bulūr* (3) «Бұлұр тауы», *āhen rūbā* (6) «Магнит тауы», *çīm* (9) «Чум», *ḥ'arezm zemīn* (6) «Хорезм жері», *şehir-i zar* (9) «Зар қаласы», *nevādir qal'ası* (4) «Науадир қаласы», *ḥārzemīn* (17) «Харземин» сияқты оқиғалардың өткен жері не қала атауларын жатқызуға болады, ал жанама топонимикалық атауларына жатқызылған *māzindurān* (1) «Мазандуран», *hindūstān* (1) «Үндістан», *çeyhūn* (1) «Жейхун өзені», *masqāb* (1) «Масқаб», *ḥiṭāy-i ḥuṭen* (8) «Қытай елі», *çin maçin* (3) «Қытай елі», *berber zemīn* (3) «Бербер елі», *mağrib zemīn* (1) «Мағриб елі», *dehluu* (1) «Дехлуй», *kūh-i qāf* (1) «Қап тауы», *kerbelā* (3) «Кербала шөлі» сияқты мекен атаулары туралы мәтінде жанама түрде аталған.

VII ғасырда Араб түбегінен таралған Ислам діні Иран және Орталық Азияға қарай кеңейгенін тарихта айтылған. 6-суретте көрсетілгендей, Әмударияның төменгі ағысында орналасқан Хорезм тарихи өлкесі орналасқан.



Сурет 6 – Ислам дінінің Орта Азия территориясына жайылуы [140, б.29].

Қолжазба мәтінінде ең көп айтылған жердің аты Харан (Хауаран) мекені. Қазіргі таңда Харан шөлі (урду тілінен صحرائے خاران) — Пәкістанның оңтүстік-батысындағы Белуджистан провинциясында орналасқан құмды және таулы шөлі

ретінде белгілі. Ол Ежелгі Хорасан аймағының батысында орналасқан. Қолжазба мәтінінде Қанбарды іздеуге жолға шыққан Хз. Әлидің тап болған қаласы ретінде суреттеледі: *on bēš kēçe kündüz yol yürüp h'ārān šehriге барıp түštiler* (119a/1) – «он бес күндіз түні жол жүріп, Харан қаласына келіп түсті».

Хорезм – Өмударияның төменгі ағысында орналасқан тарихи өлке. Хорезм жөніндегі алғашқы деректер Бехистун сына жазуы мен Авестада кездеседі. Ежелгі Хорезмде зороастризм діні үстемдік болғандықтан бірқатар қоныстардан “от храмдарының” орындары табылғаны белгілі [141]. Қолжазба мәтінінде Хорезм қаласын *h'arezm zemīn* خوارزم زمين және *hārzemīn* خوارزمين атты екі түрлі атаумен беріп отыр деген болжамға келдік. Мұндай тұжырымның басты себебі – мәтіннің мазмұнында екі атауына да бөлек мағлұмат берілмеген, яғни оқиға желісі бойынша іс-әрекеттің бір жерде болғанын бейнелейді. Мысалы: *hāzret-i šāh-i merdān leškerni tağ étekide qanbarnı baş qılıp özleri hārzemīnge bardılar* (161b/6) – «Хз. Шах-и Мардан Қанбарды басшы етіп, әскерін таудың етегінде қалдырды да, Харземинге барды»; *šīr-i hūdāniğ šehirге alıp kirdiler puthānelerni buzup āteş keddelerni uçurup ornıge mescīd medrese binā qıldılar šehrini ayın bağlap toy bērdiler mū'minler šād boldılar munāfiqlar ğamgīn boldılar el-qišša šīr-i hūdā hārezm zemīn hālqığa ilm-i šerī'ayatnı beyān qıldılar* (205a-205b) – «Құдай Арыстаны қалаға алып келді, пұтханалар мен отқа табынатын жерлерін бұзып, орнына мешіт құрып, қаланы сәндеп, той берді, мұсылмандар қуанып, екіжүзділер қайғырды, қысқасы Құдай Арыстаны Хорезм халқына шарифат ілімін үйретті».

Қолжазбада кездесетін кейбір топонимикалық атаулар жайлы қазіргі таңда аз мағлұмат берілген. Мысалы, *berber zemīndin kēlip-men atım qaşımşım turur* (162b/7-8) – «Бербер мекенінен келіп тұрмын, атым Қашымшым»; *atım humān turur berber zemīndin kēlip men* (152b/6-7) – «атым Хуман, Бербер мекенінен келіп тұрмын». Осы сөйлемдерде «Бербер мекенін» Мәдина қаласының орнына сахабалар пайдаланған аймақ деп есептеуге болады. Негізінде Бербер халқы арабқа дейінгі ұрпақтарының бірі. Африкада бұрын «хамиттік» деп белгіленген тілдер бүгінде *бербер* (Африканың солтүстік-батыс бөлігінде), *чадик* (Чад пен Нигерияда), *кушит* (солтүстік-шығыс бөлігі) сияқты бірнеше жеке қосалқы отбасыларға бөлінеді [142, б.11].

Қолжазба мәтінінде Қаф, Ахен руба, Бұлұр таулары ерекше атап өтіледі. Ол туралы «Бабалар сөзінде»: «Қап тауы – Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түктес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Аллаһ Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар» [47 б.330] делінген. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында Қап тауы туралы ешқандай мәлімет берілмеген. Манаф деген батыр өзінің ұлылығын таныстырғанда бір рет атап өтеді: *menim pehlevān cihān-*

gīr šāf qolumda ‘ācz érür dīvāne kūh-i qāf (173a/2) – «менмін әлім палуанымын, қаф тауының диюлары менің оң қолымда».

āhen rübā тауы туралы қолжазба мәтінінде бірнеше рет кездеседі. Ол парсы тілінен аударғанда «Магнит тауы» деген мағынаны білдіреді. Қолжазба мәтінінде бұл тау туралы алғаш рет Мұхаммед пайғамбарға Аллаһтан бұйрық келгенде айтылады: *hār zemīnde cemšīd šāh dēgen kāfirni āhen rübā dēgen tağda bir dīv helāk qılıp turur ya ‘ni din-i bātlge delālet qıur érdi āhen-rübā dēgen tağda anı tōrt yüz lāt manāt putı bar érdi anı ma ‘būd dēp tapnurlar cemšīd šāhni müslümān qılsun āhen-rübā hem fetḥ qılsun* (132b/1-9) – «Хар земінде Жәмшід шах деген кәпірді Ахен руба деген тауда бір дию ұстап тұр, яғни шын дінге келуге кедергі болып тұр, Ахен руба деген тауда оның төрт жүз Лат-Манаттың пұттары бар, оған «кұдай» деп табынады, [Хз.Әли] Жәмшід шахты мұсылман етсін, әрі Ахен рубаны босатсын».

kūh-i bulūr сөзі парсы тілінен аударғанда «Кристал тауы» мағынаны білдіреді. Қолжазба мәтінінде бұл тау туралы *bir tağ köründi kim asmān birle berāber yarmıdın qoysa ot yuqarısı qār* (142b/1-3) – «бір тау көрінді, аспанмен шектесетін, өте биік, жартылай от, жоғарыда қар бар»; *derḥāl ğaybdın nidā’ kēldi ki yā ‘alī bu tağnī kūh-i bulur dērler* (143a/7) – «бірден ғайыптан дауыс шығып, «Я, Әли, бұл тауды Бұлұр тауы дейді» деп сипаттайды. Қазіргі таңда Бұлұр тауы солтүстік Иранның Мазандаран аймағында орналасқан. Иранның солтүстігінде орналасқан және солтүстігінде Каспий теңізімен шектесетін 31 облысының бірі болған Мазандаран (парсыша *مازندران*) өлкесі туралы зерттеп отырған қолжазба мәтінінде де сөз қозғалады. Мысалы: *cemšīd šāh derğazab bolup yēdi iqlımge elçi yiberdi çin maçinge hindūstānga sāyil zemīnga mazīndurānga musakābğa tamām-ı ‘ālemge elçi yiberdi* (166b/4) – «Жәмшід шах ашуланып, жеті жаққа елші жіберіп, Қытайға, Үндістанға, басқа жерлерге, Мазандұранға, Мұсақабқа жер шарына елші жіберді».

Жоғарыда келтірген сөйлемдегі Қытай жерін айтып отырған *çin maçin* сөзі қолжазба мәтінінде *hıtāy-ı hıten* бірнеше рет кездеседі. Мысалы: *körfehāy-ı hıtāy* (94a/5) – «қытай көрпелері»; *yigirmi kün yol hıtāy-ı hıten şehriğa bardılar şalsal şāhke nāmeni bērdiler* (210b/3-5) – «жиырма күн жол Қытайдың қаласына барды, Салсал шахқа хатын жеткізді».

çeyhūn сөзі Әмударияның парсы тіліндегі атауы. Орталық Азиядағы өзеннің бірі болған Әмудария мен Сырдария өзендерін ортағасырлық мұсылман жазбаларында жұмақтағы төрт өзеннің бірін «Жейхун» және «Сейхун» деп аталған [141]. Қолжазба мәтінінде Қайдун деген батыр өзін Жейхун жерінен келгенін айтады: *kāfirlerdin qaydūn dēgen meydānga kirdi baqırıp çaqırdı kim mēnim pehlevān del hūn deryā-yı neheng çeyhūn* (214a/1-2) – «кәпірлерден Қайдун деген соғыс алаңына кірді, бақырып, шақырды: «менмін Жейхун өзенінен келген палуанмын».

Түйін

3-тарауды қорытындылай келе, мынадай түйін жасауға болады:

1. Ортағасыр түркі жазба тілінде жазылған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбаның лексикалық құрамы өте алуан түрлі. Мәтіндегі сөз қолданыс саны шамамен 17000-ға жуық екені анықталды. Ең бастысы түркілік, араб және парсы қабаттарын сандық өлшеммен көрсету үшін лингвостатистикалық әдістерін пайдаландық. Оның ішінде қолжазба мәтінінің 338 бетіне жасалынған жаппай бақылау әдісі нәтижесінде қолжазба лексикасын түркі сөздері – 28,5 пайызға жуық, араб сөздері 34,5 пайызға, парсы сөздері 30,8 пайызды құрайды.

Сонымен қатар, қолжазба мәтініндегі араб және парсы сөздерінің сандық көрсеткіші мен араб және парсы сөздерінің қазіргі қазақ тілінде қолдану пайызы анықталды. Зерттеу нәтижесінде 525 бірлікті құрайтын араб сөздерінен қазіргі қазақ тілінде 37,9 пайызы, ал 469 лексикалық бірлікті құрайтын парсы сөздерінен 22,8 пайызы қолданылады.

Жасалынған зерттеу нәтижесінде «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы қазақ әдебиетіндегі қисса жанрының бір көрсеткіші, сонымен қатар «кітаби тіл» деп саналатын ортағасырлық түркі әдеби тілінде жазылған бір үлгісі деп есептейміз, яғни «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – қазақ топырағындағы көрінісі болған, ортағасырлық түркі әдеби тілінде жазылған туынды деуге болады.

2. Қолжазба мәтініндегі түркілік қабаты көрсетіліп, қыпшық және оғыз тілдерінің ерекшеліктері анықталды. Оғыз тіліне тән дауыссыз дыбыстың $b < m$ алмасуы (*barmaq, boyun, burun*, т.б.), $\xi < \zeta$ алмасуы (*çaqır-, çāre, çik-/çiq-, êlçi, qiçağ* т.б.), $p < b$ және $\zeta < c$ сәйкестілігі (*cevāb, çarlay*, т.б.), $s < \xi$ алмасуы (*iş, kişi, koşul-, kümüş, piş, m.б.*) варианттары көрсетілді. Қыпшақ тілінің ерекшеліктерінен k, t дыбыстарынан басталатын (*kün, künbez, küç, köz, köter, köylek, m.б.*) сөздер кездесуі, *bol-* көмекші етістігі, *-dek/-tek* жұрнақтары, т.б. қыпшақ тіліне тән ерекшеліктер қолданылды.

Бірнеше халықтың жырлануы нәтижесінде бұл қолжазба бірнеше тілдердің элементтерін сақтаған. Соның ішінде оғыз, қыпшақ тілінің элементтері де бар, яғни «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы бірнеше тілдердің өзара тоғысқан дерек деп сипаттаймыз.

3. Қолжазба мәтінінде түркі тілінің лексикасын семантикалық-тақырыптық топтарын жіктей отырып, адамның дене мүшелеріне байланысты лексика (*baş, köz, qaş, qulaq, saqal, saç, turnaq, tize, ayağ, boğaz, til, qol, êlik, arqa, boyun, qiçağ, qan, teni, barmaq*, т.б.), туысқандық, жақындықты білдіретін лексика (*ata, baba, ini, qız, oğlan, oğlı, yigit* т.б.), құрал-сайман, қару-жарақ атаулары, *qılıç* «қылыш», *neyze* «найза», *oq* «оқ, жебе», *yay* «жебе ату құрылғысы», *yarağ* «қару-жарақ», *baldağ* «таяқ, қару түрі», *qamçı* «қамшы», *qurğaş* «қорғасыннан жасалған оқ», *sadāq* «садақ», *temūr-sih* «темірден жасалынған найзаның жіңішке түрі», *tig* «оқ», т.б.), табиғатпен байланысты атаулар (*qar, taş, teñiz, tağ, tofrağ, m.б.*), зоонимдер (*quş, qanat, quyrug, av, yılan, böri, at, qoy, merkeb, tive, qurt, m.б.*), тұрмысқа байланысты атаулар (*üyu, çādır, quduq, aş* т.б.), қимыл әрекеттерге байланысты сөздер (*oñsa-* «ұқсау», *şiş-* «ісу», *añlan-* «аттану», *av-* «аулау», *bul-* «табу», *tüket-* «пайдалану», *sun-* «ұсыну», *sura-/ sor-* «сұрау», *tap-/ tapın-* «табыну», *yetig-* «жету», *yetkür-* «жеткізу», *yıgla-* «жылау», *yumla-*, *ümid üz-* «үміт үзу» т.б.) түркі тілінде берілді. Сонымен қатар, *baş qız-* «бас қызу», *közleri tüş-* «көзі түсу, байқау,

аңғару»; *köz qıyma-* «көзі қимау»; *köz tikmesun* «көз тимесін», т.б. фразеологизмдердің қолданылғанын байқауға болады.

Зерттеу бойынша «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының тіліндегі кейбір тұлғалық ерекшеліктерін ескерсек, түркі сөздерінің 80%-ы мағынасы жағынан қазіргі қазақ тілінде ұшырасады. Мысалы, *ḥudā-yī te ‘ālā yād edip, başlarıdın üç merātebe aylanturup, közleridin yaşları aqa bērdi* сөз тіркестері қазіргі қазақ тіліндегі сияқты мағынасы жағынан қолданылып тұрғаны анық. Қыпшақ элементтері ескерткіштің лексикасынан едәуір орын алады, мұндай элементтер оның морфологиясынан да табуға болады.

4. Қолжазба мәтінінде араб тілінің лексикалық бірліктерін жіктей отырып, діни лексика, қоғамдық-саяси лексика мен атақ-дәрежеге байланысты атаулар, уақыт өлшеміне, өлшем бірліктеріне және бағытқа байланысты лексика деген семантикалық-тақырыптық топтарды анықтадық.

Соғыс қимылдары мен қару-жарақ атаулары, табиғатпен байланысты атаулар, тұрмыстық атаулары (оның ішінде киімге, зергерлік пен асыл тастарға, құрылыс пен материалдарға, музыкалық аспаптарға, тағам аттарына байланысты лексика), түс атауы көбінесе парсы тілінде беріледі.

Сонымен қатар қолжазба мәтінінде араб және парсы тілдеріндегі теңеулер, эпитеттер жиі кездеседі.

5. Қолжазбадағы ономастикалық кеңістікті көрсету үшін антропонимикалық және топонимикалық атауларына жеке-жеке тоқталып, қолжазба мәтініндегі сандық көрсеткішпен көрсеттік. Зерттеу нәтижесінде жалпы ономастикалық бірліктің саны – 79, ал оның ішінде 59 бірлігі антропонимикалық атаулары болса, 20 бірлігі топонимикалық атаулары жатады.

Антропонимикалық лексикалық бірліктердің шығармадағы маңыздылығын айқындау мақсатында жиілік көрсеткішін белгіледік. Жиілік көрсеткіші негізінде кейіпкердің басты немесе жанама кейіпкерлерді анықтауға көмектесті. «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы діни сарындағы фольклорлық әдеби туынды болғандықтан, оның ішінде көне мифтік, қиял-ғажайып ертегілік, эпикалық сюжеттер кіріктірілді. Сондықтан зерттеу барысында антропонимдерді ішінара тарихи және мифтік кейіпкерлер деп екіге бөлінді.

Тарихи кейіпкерлердің қатарына басты кейіпкері Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) және Оның жанұясы мен сахабалары жатады. Олар: *ḥazret-i ‘alī, fatima, ḥazret-i imam hasan, ḥazret-i huseyin, ḥazret-i mālik-i ejder, ḥ‘ācī ‘omer, ḥazret-i abu’l mu‘accen, ḥazret-i sad-ı vaqqāş, ḥazret-i emīr muşayyeb ḡāzī, baba-yı qanbar* т.б. Ислам тарихының атақты есімдерімен қатар, шығармада бір-екі рет сөз қозғалған жанама кейіпкерлерінің есімдері де кездеседі: *melīke-i dilefrūz, melīke-i gülçehre, fīrūzşāh, mīrzā zinhār ḥ‘arezmi, ‘ayyān-ı muneccim, ḥummār-ı zayfīm, şemāte nigār, şāruḥ pehlivan, abū-sa ‘īd, vezīr-i serhindūn* т.б. жатқызуға болады. Қолжазба мәтініндегі Қатарул Айн, Харан шаһ, Жәмшід шаһ, Қаһмас шаһ, Салсал шаһ сияқты кейіпкерлердің аттары, «Шахнаманың» батыры Рүстем, жын, пері, айдаһар, сиқыршы әйел (*cin, dīv, perī, ejderha*, т.б.) сияқты мифтік кейіпкерлер кездеседі.

Топонимикалық зерттеулердің нәтижесінде қолжазбадағы оқиғалардың көбісі Иран мен Орталық Азияда орын алады. Топонимдерді жинақтай отырып, басты және жанама топонимикалық атаулар деп екіге бөліп қарастырылды. Басты топонимикалық атаулары *ḥ^vārān*, *medine*, *kūh-i bulūr*, *āhen rūbā*, *çīm*, *ḥ^varezmi*, *şehir-i zar* сияқты оқиғалардың өткен жері не қала атауларын жатқызуға болады. Ал жанама топонимикалық атауларға *māzindurān*, *hindūstān*, *çeyhūn*, *qible*, *ḥiṭāy*, *çin maçin*, т.б. аймақтық жерлерді жатқызуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алматы қаласының тұрғыны А. Невгодтың жеке қорында Ш.261 нөмерімен тіркелген «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының тілдік ерекшеліктеріне және оның сөздік құрамына арналған зерттеуде келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Қисса жанры түркі халықтары әдебиетінде кең тараған. Алғашқы қиссалар мұсылман дінін уағыздайтын шығыс әдебиеті сюжетіне құрылған көлемді, уақиғалы шығармалар еді. Олар түрік, әзербайжан, түрікмен халық әдебиеттерінде «джанкнаме» деген атымен танымал болды. Парсы халқы арасында таралған бұл жанр тек дін үшін күресті суреттейтін тарихи туынды. Түркі әдебиеттерінде «джанкнаме» дін үшін соғыс және қаһармандық оқиғаларын мифологиялық кейіпкерлермен аралас баяндайтын жыр, проза немесе аралас прозамен жазылған. Шетел ғалымдардың берген пікірлеріне қосыла отырып, «джанкнаме – Исламға дейінгі эпостық дәстүр мен Исламнан кейінгі діни атмосфера тоғысқан шығарма, яғни түркі мәдениетінің араб және парсы мәдениеттерімен қосылуы нәтижесінде пайда болған туынды» деген анықтама бере аламыз.

Хз. Әлидің діни-қаһармандық хикаялары түркі халықтардың дүниетанымының өзгеруіне үлкен әсер қалдырды. Олар XIII-XIV ғасырдан бері аудару, өзгеру, көшірілу арқылы түркі халықтарының әдебиетіне еніп, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Түркі дастандарымен тығыз байланысқан «джанкнамелер» түркі тілдес халықтар арасында белгілі. Олар әсіресе әзірбайжан, өзбек, түрікмен халықтарының әдебиеттерінде жиі кездеседі.

2. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басталуы, сабақтасқан оқиғалар желісі мен кейіпкерлердің есімдері, топонимикалық атаулары жағынан түркі халықтары арасында кең тараған «Салсал» («Салсал-наме», «Қисса-и Салсал») дастанының бір үлгісі. Сондықтан зерттеудің нысаны болған қолжазба XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса жанрының тілдік ерекшеліктерін зерттеуге таптырмас дерек ретінде құнды.

«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқаларымен салыстырмалы зерттеулері негізінде, зерттеп отырған қолжазбамен қатар, шетелдік және отандық кітапханалар мен жеке қорлардан алты нұсқасы қарастырылды. Шетелдік нұсқаларынан **ең көнесі** – 25 парақтан (48 бет) тұратын толық емес мәтін 1571 жылы Ибн Жүсіптің қолымен көшірілген, Париж қаласындағы Франция Ұлттық кітапханасында Қолжазбалар қорында «Қосымша түркі әдебиеттер (Supplément Turc)» бөлімінде №1207 нөмерімен тіркелген «*Ḥikāyet-i Şalşāl Gazāvat-ı ‘Alī Kerremallahu Veççeh*» дастаны. **Екінші** нұсқасы – XIX ғасырда А. Шенліктің қолымен көшірілген 173 парақтан (346 бет) тұратын «Салсал-наме» үлгісі Түркия Республикасының Ұлттық кітапханасы Қолжазбалар қорында 06 Mil Yz A 7522/1 нөмерімен тіркелген. **Үшінші** нұсқасы – Қазан қаласындағы М.А.Чиркова балаларының баспаханасында Ш. Хұсайынов балаларының бастыруымен 1906 жылы жарық көрді. Қазіргі таңда «Салсал» атымен Қазан қаласының Ұлттық кітапханасында №1522045-ИТ (индекс: Ә-С18) нөмерімен тіркелген. **Төртінші** нұсқасы – Алматы қаласы, Орталық Ғылыми

кітапханасында №1371 нөмерімен тіркелген, 1951 жылы академик Ә. Марғұлан тапсырған, 94 парақтан (188 беттер) тұратын аяқталмаған «Салсал-наме» дастаны.

«Қисса-и Салсал» кітабы Қазан қаласында 1879, 1883 және 1888 жылдары басылған басылымның жалпы таралымы – 23200 дана. **Бесінші** нұсқасы да 1909 жылы басылған М. Жұмашұлы тарапынан көшіріліп, өз бетінше жырлаған «Қисса-и Салсал» кітабы. Қазіргі таңда Ш.1089 нөмерімен ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақталуда. Бабалар сөзінің 15-томында еш түзетусіз кирилл әрпімен басылды. Дастанның басқа «Салсал-наме» үлгілерінен ерекшеліктерінің бірі – қазақ мәдениетіне сай домбыра, қобыз, бөрі, орыс, т.б. сияқты ұғымдар мен фразеологизмдер мен теңеулердің қолданылуы. **Алтыншы** нұсқасы – Ә. Марғұлан тапсырған «Салсал» дастанымен мазмұндас, зерттеу нысаны болып отырған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасы. Алматы тұрғыны А. Невгодтың Ш. 261 нөмірімен жеке қолжазба қорында сақталған бұл шығарма араб графикасымен (яғни талиқ жазуымен), проза жанрымен, ортағасыр түркі әдеби тілінде жазылған. Шығарма 92а беттен басталып, 260b бетте аяқталған, 169 парақтан (337 бет) тұратын «Салсал-наме» дастанының толық шығармасы.

3. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасына жасалынған палеографиялық және кодикологиялық зерттеулері бойынша келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

– қолжазбаның сыртқы сипаттамасы: қолжазба мұқабасы бедерлі жасыл былғарымен қапталған. Кітаптың мұқабасында үш медальоны (орталық турунж бен екі сартурунж медальоны) орналасқан. Барлығы гүлді ою-өрнектермен безендірілген. Турунж медальонының бірінде *‘Abd-ul mulla a ‘ttar* жазуы бар, ал сартурунж медальонында хижра бойынша 1324 жыл (1906) деп мұқаба жасалу тарихы көрсетілген.

– қолжазбаның ішкі сипаттамасы: қолжазба оқуға ыңғайлы *насталиқ* жазу стилімен жазылды; әр бетінде он бір жолды (шамамен 5-6 сөйлем) қамтиды; *ṣāh* (127b/10), *ḥal* (176b/3), *qız* (140b/9) сияқты кейбір сөздері қайталанып жазылған; шығармада тыныс белгілері қойылмағандықтан, жалқы есімдердің барлығы кіші әріптермен көрсетілді; мәтінде кейбір жерлерден басқа харакаттар қолданылмайды;

– қолжазбасының ішкі мағлұматтары: соңғы он парағы аяқталмаған медициналық мәтін жазылған; қолжазбаның колофоны түркі, араб және парсы тіліндегі тіркестерден құралған; қолжазба Орта Азиядағы Қоқан хандығының территориясында Оңтүстік Қазақстан өңірінде жазылған қолжазба ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

4. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінде қыпшақ тілдерінің фонетика-морфологиялық заңдылықтары да көрініс тапқан. Шығарма ортағасыр жазба мұраларының бәріне ортақ өз дәуірінің әдеби тіл нормалары және орфографиясымен жазылған. Орфографиялық белгісіне қазақ сөздерінің сингармониялық заңға байланысты фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-жұрнақтарды бір вариантта жазу, әріптердің өзгеруі не қосылып

жазылуы, не түсіп қалуы, араб және парсы сөздерін түпнұсқасы сияқты жазу, т.б. ерекшеліктер кездеседі.

Шығарма тіліндегі дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері: тоғыз дауысты дыбыстың болуы, дауысты дыбыстардың ерін үндестігінің әлсіздігі – қыпшақ тобындағы тілдерді басқа түркі тілдерінен ерекшелендіретін де осы белгілер.

5. Зерттеу нысаны болған шығарманың морфологиясы оғыз тіліне қарағанда қыпшақ тіліне тән сипатқа ие, грамматикалық формалары мен олардың қолданысы қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылған ортағасырлық ескерткіштерімен ұқсастықтар байқалады. Тілдік жағынан қазіргі қазақ әдеби тілі мен оның диалектілеріне жақын деуге болады.

Қолжазба тіліндегі сөзжасамына тоқталатын болсақ, «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында көптеген сөздер сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған. Сөзжасамына зерттеу жасау барысында, жұрнақтарды сөз түрлендіруші және сөз тудырушы деп екі топқа жіктедік. Сөз тудырушы жұрнақтарды зерттеу нәтижесінде, есімдік жұрнақтары (-*lıq/-lik/-luq/-lük*; -*çı/-çi*; -*çılıq*; -*ğı/-gi*; -*qa/-ge*; -*hāne*, -*q/-k/-aq/-ek*, -*dek/-tek*, -*sız/-siz*, -*daki/-taki* жұрнақтары) және етістік жұрнақтары (-*la/-le*, *lan/-len*, -*qar/ger*, -*laş/leş*, -*ar/-er*, -*a/-e*, -*ıq*) деп бөліп қарастырдық. Барлық жұрнақтар қыпшақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, талдап отырған ескерткіште қазіргі қазақ тілінде орын алып тұрған ырықсыз етістен басқа етістің барлық түрлері (-*dir/-dir/-dür/-t*; -*n*, -*l*; -*iş*, -*ış* тұлғалары) көрініс тапқан. Сөз түрлендіруші жұрнақтардан көптік, септік және тәуелдік жалғаулары кейбір фонетикалық өзгерістерді санамағанда ортағасыр жазба мұраларының тілдік ерекшеліктеріне сәйкес келіп тұр. Мысалы, көптік жалғау көбінесе -*lar/-ler* тұлғасы арқылы жасалынады. Тәуелдік жалғауы жекеше түрдің 3-жағы мен көпше түрдің 3-жағынан тыс кездері көбінесе езулік-еріндік үндестігіне бағынбайды. Ал септік жалғаулардың қолданылуында тұрақтылық жоқ, яғни ілік, барыс, табыс септіктері бірін-бірі орын алмастырады. Бұл ортағасыр түркі жазба тілінің өзіндік ерекшелігі ретінде қабылданады.

6. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасында қазіргі қазақ тілінің грамматикасы тәріздес, сөз табының барлық түрі кездеседі. Атап айтқанда: зат есім (*aş*, *altun*); сын есім (*qızıq*, *yaman*); сан есімнің есептік (*on iki miñ*, *üç*), реттік (*ikinci*, *üçüncü*), топтық (*yüz yüz*, *miñ miñ*), жинақтық (*birev*, *ikev*), болжалдық (*yëti sekiz*) түрлері; есімдіктің жеті түрі: жіктеу (*mên*, *sên*), сілтеу (*bu*, *ol*, *anda/andağ*, *şul*, *uşul*, *hembu*), жалпылау (*barça*, *tamām*, *cümle*, *hemme*), белгісіздік (*bir*, *birev*, *birneçe*, *biri*), болымсыздық (*hiç*, *hiçkim*, *hiç qaysı*), өздік (*özi*, *öziñ*, *öz özini*, *özleri*), сұрау (*kim*, *ne*, *qay*, *qaydın*, *qayda*, *qaçan*, *neçün*) есімдіктері; үстеу сөз табының мезгіл (*imdi*, *keç*, *kêçe*, *kêçe kündüz*, *ërte*, *burun*), мекен (*ilgeri*, *içgeri*, *taşqarı*, *yuqarı*, *arqası*), мөлшер (*tezireq*, *birdin*, *bisyār*, *köp*) үстеулері; шылаудың жалғаулық (*hem*, *eger*, *meger*, *yine*, *kim*, *ki*, *yā/ ve yā*, *ve ne ... ne*, *qaçan*, *yoq érse*, *ammā*), демеулік (*üçün*, *beri*, *mi/mi/mu/mü*), септеулік (*soñ*, *birle/birlen*, *keyin*) шылаулары мен олардың араб-парсы тілдерінен баламалары (*evvelki*, *tā*, *nāgāh*, *gūyā*, *āñirü'l emr*, *çerākki*, *el-qışsa*, *huşūsan*, *bāz*, *ba'de zān*, *derhāl*, *līkin*); етістіктердің дара және күрделі (түркі тілінің *qıl*, *sal*, *ët*, *ër*, *qal*, *bol*, *bar*, *çiq*, *bër* көмекші етістіктеріне тіркесу арқылы) түрлері мен одағай (*ey*, *yā*, *vāy*, *hāy hāy*, *alamān alamān*,) кездеседі.

Етістіктің шақ категориялары қыпшақ тіліне басым екенін көрсетеді. Қолжазба тілінде өткен шақ бірнеше тұлғалармен берілген. Мысалы: – *-di/-di/-ti/-ti*, *-miş/miş*, *-ğan turur*, *-ğan/ğan*+жіктік жалғауы, *-ğan/ğan*+жедел өткен шақтың тұлғасы, *-gen/ğan* + *êr* көмекші етістігі, *-ar/-ur êrdi*, *ip+yürür+êrdi*, *-ip+turur*+жіктік жалғау және оның күрделенген түрі *-ipdir*, *-ip turur êrdi*, формалары арқылы жасалады. Қолжазба тілінде нақ осы шақ көсемше + *yürür*, *turur*, *olturur*, *yatur* етістіктері арқылы жасалса, ауыспалы осы шақ *-ar/-er/-r* + жіктік жалғау, *-a/-e+-dur*, *-a*+жіктік жалғау, *-a turur*+жіктік жалғау көрсеткіштері арқылы берілген. Келер шақ қолжазба тілінде *-ğay/-gey* және *-ar/-er* тұлғалары арқылы жасалады.

Етістіктің рай категорияларының барлық түрлері кездеседі. Олар: бұйрық рай (жекеше II жақ етістік тұлғасы, *gil/ğil/-qil* жалғаулары мен оның *-gin/-ğın* фонетикалық вариантылығы, III жақтағы жекеше түрі *-sun/-sün* қосымшасы, II жақтағы көпше түрі *-ıj/iñ* жалғануы, II жақтағы бұйрық райдың *-ıjız/-iñiz*), қалау рай (*-ay/-ey/-ayın/-eyin/-ayım/-eyim/-eyik/-alı/-eli/-alım/-elim/-maqçı*), шартты рай (*-sa/-se*) сияқты түрлері қолданылған.

Қолжазба тілінде үш түрлі есімшенің аффикстері (*-ar/-er/-ur/-ür*; *-ğan/-gen/-qan*; *-miş/-miş*) мен көсемшенің бес түрлі тұлғасы (*ip*, *-ip*, *-p*, *-up*, *-ür*; *-a*, *-e*; *-ğaç/-geç*; *-qalı*, *-geli*; *-gunça*) кездеседі.

7. Ортағасыр түркі жазба тілінде жазылған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазба тілінің лексикалық құрамы өте алуан түрлі. Мәтіндегі сөз қолданыс саны шамамен 17000-ға жуық екені анықталды. Ең бастысы түркілік, араб және парсы қабаттарын сандық өлшеммен көрсету үшін лингвостатистикалық әдістерін пайдаландық. Оның ішінде қолжазба мәтінінің 338 бетіне жасалынған жаппай бақылау әдісі нәтижесінде қолжазба лексикасын түркі сөздері – 28,5 пайызға жуық, араб сөздері 34,5 пайызға, парсы сөздері 30,8 пайызды құрайды.

Сонымен қатар, қолжазба мәтініндегі араб және парсы сөздерінің сандық көрсеткіші мен араб және парсы сөздерінің қазіргі қазақ тілінде қолдану пайызы анықталды. Зерттеу нәтижесінде 525 бірлікті құрайтын араб сөздерінен қазіргі қазақ тілінде 37,9 пайызы, ал 469 лексикалық бірлікті құрайтын парсы сөздерінен 22,8 пайызы қолданылады.

Жасалынған зерттеу нәтижесінде «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы қазақ әдебиетіндегі қисса жанрының көрсеткіші, сонымен қатар «кітаби тіл» деп саналатын ортағасырлық түркі әдеби тілінде жазылған бір үлгісі деп есептейміз, яғни «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – қазақ топырағындағы көрінісі болған, ортағасырлық түркі әдеби тілінде жазылған туынды деуге болады.

8. Қолжазба мәтініндегі түркілік қабаты көрсетіліп, қыпшық және оғыз тілдерінің ерекшеліктері анықталды. Оғыз тіліне тән дауыссыз дыбыстың *b < m* алмасуы (*barmaq*, *boyun*, *burun*, т.б.), *ş < ç* алмасуы (*çaqır-*, *çäre*, *çık/-çiq-*, *êlçi*, *quçağ* т.б.), *p < b* және *ç < c* сәйкестілігі (*cevāb*, *çarlay*, т.б.), *s < ş* алмасуы (*iş*, *kişi*, *koşul-*, *kümüş*, *pış*, т.б.) варианттары көрсетілді. Қыпшақ тілінің ерекшеліктерінен *k*, *t* дыбыстарынан басталатын (*kün*, *künbez*, *küç*, *köz*, *köter*, *köylek*, т.б.) сөздер кездесуі, *bol-* көмекші етістігі, *-dek/-tek* жұрнақтары, т.б. қыпшақ тіліне тән ерекшеліктер қолданылды.

